

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

Б. Қ. Момынова
Ж. Б. Саткенова

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МОРФОЛОГИЯСЫ

Oқы құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

УДК 811.512.122 (075.8)

ББК 81.2 Қаз-923

М 67

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
ғылыми кеңесі; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
жанындағы ҚР БжСМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және
жаратылыстану ғылымдары мамандықтары Секция мәжілісі
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 23 мамыр 2014 жыл)*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор *Б. Сагындықұлы*

филология ғылымдарының докторы *А. Жаңабекова*

филология ғылымдарының кандидаты *А. Аманбаева*

Момынова Б. Қ., Саткенова Ж. Б.

М 67 Қазақ тілінің морфологиясы: оқу құралы. – Алматы:
Қазақ университеті, 2014. – 279 б.

ISBN 978-601-04-0897-5

Оқу құралында қазақ тіл біліміндегі конструктивті тұжырымдар, құнды пікірлер, тіл білімінің жетістіктері, тіл біліміндегі осыған дейін ескерілмей келген ақтаңдақ жылдарда айтылған ғылыми пікірлер ес-керілді.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне, ізденушілер мен докторанттарға, қазақ тіл білімін зерттеушілерге арналған.

УДК 811.512.122 (075.8)

ББК 81.2 Қаз-923

ISBN 978-601-04-0897-5

© Момынова Б.Қ., Саткенова Ж.Б., 2014

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Жоғары оқу орындарында пайдаланып жүрген оқулықтар – нормативтік құралдар, бірақ кейбір мәселелерге байланысты олар мазмұны жағынан болсын, формасы жағынан болсын дәл бүгінгі таңдағы грамматикалық теория талаптарына жауап bere алмай жатады. Өйткені олардың жарық көргеніне жарты ғасырдан астам уақыт болды. Осы уақыт ішінде ғылым жаңа теориялық тұжырымдармен толықты. Сондықтан қазақ тіл біліміндегі оң өзгерістердің бәрі дерлік қолданыстағы оқулықтарда толық қамтылған деп айту шындыққа сай болmas еді. Ал тіл біліміндегі позитивті ғылыми көзқарастың қай-қайсымен де студенттің таныс болуы міндетті.

Ұсынылып отырған оқу құралында қазіргі қазақ тілін жеке-жеке конгломераттар жүйесі деп емес, бір-бірімен тығыз байланысты, тілдегі бар сөздердің, сөз формаларының, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің түзілісін тілдік зандылықтар негізінде, органикалық тұтастық ретінде қарастырылу көзделді. Өйткені морфологияның кейбір қын мәселелері синтаксистік, лексикалық негізде түсіндірілсе, морфологиялық тұлғалардың табиғаты, мағынасы толығырақ ашылатын жағдайлар байқалып қалатыны рас. Бұл, бір жағынан, морфологияның тілдің бір грамматикалық деңгейі болуымен, ал грамматикалық деңгейлердің енді бірі синтаксис болуымен байланысты болса керек. Кейбір грамматикалық тұлғалардың мағыналары лексикалық мағынаның көмегімен айқын бола түседі, яғни тіл жүйе, тіл тұтастық деген қағида жайдан-жай туында маса керек.

Қазақ тілінің грамматикасы қазақ тілінің қазіргі синхронды күйін басшылыққа алып сипатталуы тиіс, бірақ синхрония да – динамикалық құбылыс.

Бұғінгі таңда жоғары оқу орындарында морфология пәнін оқыту осыдан он-он бес жыл бұрынғы тілдің морфологиялық құрылышын оқытудан өзгеше. Сондықтан жаңа оқу құралында жарық көрген соңғы академиялық «Қазақ грамматикасының», соңғы жылдары қорғалған докторлық диссертациялардың нәтижелері, кандидаттық диссертациялар мен ғылыми монографиялардағы морфологияға қатысты теориялық көзқарастар қажетіне қарай қамтылды.

Ұсынылып отырған оқу құралы морфологияның нысаны – сөзден басталып, грамматикалық категориялар мен грамматикалық мағыналарға, есім сөздердің грамматикалық ерекшеліктерін саралауға, етістік, үстеу, көмекші сөздердің грамматикалық аспектісін ашуға арналған.

Оқу құралы жоғары оқу орнында бірнеше жыл қатарынан оқылып жүрген дәрістер негізінде және семинар сабактарын өткізуден жинақталған тәжірибелерге сүйеніп жазылды.

KIPIСПЕ

1 913-1915 жылдары жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» «Дыбыс жүйесі мен түрлері», «Сөз жүйесі мен түрлері», «Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты үш тараудан тұратын ұлты қазақ автор жазған қазақ тіл біліміндегі тұнғыш ғылыми еңбек болып саналады. Оған дейін де грамматиканың барлық деңгейін қарастырған П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» еңбегі 1894 жылдары жарыққа шыққаны белгілі. Ал «Қазақ грамматикасы» (Астана, 2002) шығарушылары түркі тілдеріндегі кейінгі зерттеулерге неғұрлым көбірек әсер еткен үш ілгері зерттеуді – А.М. Казембектің «Общая грамматика турецко-татарского языка», О.Н. Бетлингтің «Über die Sprache der Jakuten» және «Грамматика алтайского языка» кітаптарын айрықша атайды. Осындағы іргетасы ерте қаланған грамматикалық пәндердің бүгінгі жағдайы қандай? Қындық тузыратын мәселелер оқыту барысында кездесе ме? Теориялық өзгерістерге іргелі пәндердің оқулықтары ілесе алып отыр ма?

Ғылым үнемі даму үстінде болатындықтан әбден қалыптасқан, көп жылдардан негізі қаланып, көптен оқытылып келе жатқан іргелі курстарда кей жағдайларда даулы көзқарастар, пікірталастар туындейды. Ондай мәселелер «Морфология» пәні бойынша да аз емес. Атап айтқанда, морфология пәні бойынша мынадай жағдайларға орай қындықтар қалыптасты деп білеміз:

1. Морфология пәніне арналған оқулықта ғылымда қол жеткізген жаңалықтар толық қамтылмай отыр.
2. Алдағы уақытта морфологияның кейбір күрделі мәселелеріне байланысты ортақ шешімнің жоқтығынан автоматтандырылу

барысында (компьютерлік технологияның дамуына орай, модельдеуге байланысты) теориялық қателіктердің орын алуы қаупі байқалады.

3. Нормативтік грамматика теориялық ізденістерден кенжелеп қалуда.

Осыған дейінгі мектеп бағдарламасы мен жоғары оку орындарының бағдарламаларында грамматикалық форма мен мағынаның сәйкестігі айтылғанымен, айтылуға тиісті болса да, олардың арасындағы сәйкессіздіктер жөнінде пікір қозғалмай келді.

Ал соңғы жылдардағы ғылымның дамуына сай қарастырылғанда сала ретінде жеке бөлініп шықты. Жеке сала болып таныла бастаған сөзжасамның аналитикалық, синтетикалық және лексика-семантикалық тәсілдері осыған дейін жекелеген сөз таптарының грамматикалық сипатын тудырушы амалдар ретінде, мысалы, қосымшалар арқылы туындауы (синтетикалық) және сөздердің қосарлануы, бірігуі, тіркесуі (аналитикалық) жеке сөз таптарының аясында қарастырылды. Яғни, есім сөздерден етістік тудыратын қосымшалар немесе етістіктен зат есім, сан есім, т.б. жасайтын жүрнақтар, есім сөздерден зат есім, сын есім, ұстуу тудыратын жүрнақтар, т.б. сөзтаптарынабайланыстыескерілді. Сонымен бірге сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, ескі мағынасының мұлдем жойылып жаңа мән иеленуі, трансформациялану нәтижелері лексика деңгейінде тіліміздің сөздік қорының лексикалық деңгейде бауы деп танылды, әлі де солай деп саналғанмен, осыған дейінгі морфологияға байланысты принципті түрдегі ұстанымдар (сөз тудырушы жүрнақтарға, сөз таптарының жасалу жолдарына, т.б. қатысты) айқындығын жоғалтқандай әсер тудыра бастады. Бірақ белгілі ғалым С. Исаев: «Бұл тілдік құбылысты белгілі бір сөз тудырушы қосымшалар арқылы бір сөз табынан екінші сөз табы немесе бір сөз табының өз ішінде жаңа мағыналы сол сөз табын тудыру процесі деп айқындал жүр. Сөйтіп, бұл – сөз тудыру немесе сөзжасам проблемаларынан гөрі жеке сөз табын жасау проблемасы болып, сондықтан лексика-семантикалық сипаттан гөрі грамматикалық сипат алып, грамматикалық құбылыстың шенберінде қалып отыр. Соның нәтижесінде грамматикаларда

да, ірі арнайы зерттеулерде де қосымшалар арқылы синтетикалық тәсілмен сөз жасау жекелеген әрбір сөз табының құрамындаған қаралып келеді. ... Ал сөз табы болса, ол – сөздердің грамматикалық сипатына байланысты жіктелетін тобы», – дейді (Исаев, 1998). Ғалым қалай дегенде де сөз таптарының бірден-бір жасалу жолы әрі грамматикалық тұрғыдан тиімді жолы қосымша морфемалармен тікелей байланысты екенін тиянақтап отырғаны байқалады.

Осы жерде жоғары оқу орындарында морфология пәні қалай оқытылуы керектігі туралы сауал өз-өзінен туындайды. Ол бұрынғы өз позициясында қалуы керек пе, болмаса нормативтік грамматикалардың жаңа ұстанымдары жасалуы тиіс пе? Әрине, бұрынғы позициясын нығайта түсуі және терендете түсуі тиіс. Бұл сауалға әдістемелік жұмыстармен шұғылданатын мамандардан гөрі тіл теоретиктерінің жаны көбірек ауырғаны дұрыс болар еді. Сауал морфология пәніне бөлінген сағат санынан бастап, грамматиканың мәселелеріне түгел қатысты. Қосымша морфемаларға, атап айтқанда, сөз тудыруши жұрнақтар, сөз таптарының жасалу жолдары, сөз түрлеріне (күрделі сөздер, олардың жасалу жолдары, т.б.), етіс формаларына, етістіктің аналитикалық түрлеріне (амалдың өту сипаттарына, т.б.), т.б. байланысты. Өйткені кез келген сөз табы морфологиялық деңгейде оқытылады, ал оның жасалу жолдарына соқпай, жекелеген қосымшалардың құрамына тоқталмай өту мүмкін емес. Айталық, күрделі сөздердің о баста еркін синтаксистік қатынастың нәтижесінде пайда болған күрделі құрылымдардың мағыналық өзгеріске ұшырауының нәтижесі ретінде танылатыны белгілі. Бұл күрделі сөздердің жасалу жолдары біршама анық болғанымен, жазылуына, айтылуына қатысты, сөздікте берілуі жөнінде пікірталастар көп. Бұл мәселе де грамматиканы оқыту барысында студент көкейінде аз сауал тудырmasы анық. Осындай кезде нормативтік құрал есебіндегі анықтағыштар мен сөздіктер түзілісінде және теориялық тұжырымдар мен анықтамалар арасында сәйкесіздік байқалып жатады. Айталық, А. Ысқақов күрделі сөздердің табиғатының күрделілігін баса көрсетіп, күрделі сөздер

мен фразалық тіркестердің, күрделі сөздер мен күрделі атаулық тіркестердің бір-бірінен айырымдарын белгілеуге қатты мән берсе, изафеттің бірінші түрі арқылы жасалған күрделі сөздердің синтаксистің иелігінен шығып кеткенін, морфология аясында қарастырылуы керектігін көзінде Н. Сауранбаев та көрсеткен-ді. Дәл осы тұста күрделі сөздің күрделі табиғатын, тілдік құбылыс ретінде түрлі проблемалар тудырып отырғанын ескеріп, олардың мағыналық қырымен қоса морфологиялық сипаты ерекше назарда болуы керектігіне біз де қатты ден қоямыз. Грамматиканың қыны мәселелерінің шешімін табу оңайға түспеген жағдайда өзге салалармен, бұл жерде лексикамен, семантикамен байланысты қарастырып, солардың көмегіне арқа сүйеу жөн.

К. Ахановтың күрделі сөздердің сөйлеу кезінде жасалмайтындығын, олардың дайын лексикалық тұлға екендігі жөнінде айтқан пікірі бар, ғалым мағыналық тұтастыққа қатты мән берген. Ғалым боз торғай, қара торғай мен боз құнан, қара құнан екі түрлі тілдік құбылыс деп біледі (Аханов, 1972). Дұрысында солай, бұлардың алғашқылары дара ұғымды білдіріп тұрган лексикалық тұлға болса, ал екінші қатардағыларын мағыналық тұтастыққа құрылған деу қате түсінік қалыптастырады. Өйткені боз, қараны жиремен, құламен, т.б. түр-түспен алмастыруға мүмкіндік бар. Ал боз торғайды ақ торғай деп, сары торғай деп айтпаймыз, өйткені ол – атаулық (номинативтік) дәрежедегі күрделі сөз, ұғым атауы, таңба. Дегенмен де күрделі сөздерді сөздікке енгізерде, реестр сөз деп тануда жазу емлесін басшылыққа аламыз ба, болмаса синтаксистік, морфологиялық тұтастығына назар аударамыз ба? Критерийі неде, қайда, қандай? Бұл арада семантикалық я лексикалық, мағыналық тұтастық басшылыққа алынуы тиіс. Мағыналық тұтастық атаулық дәрежеге ауысқан күрделі сөздерді реестр сөз деп тануға мүмкіндік тудырады. Бірнеше сөздің тіркесінен жасалғанымен, бір мағынаны білдіретін сөздер, атаулық тіркестер арқылы (ашық хат, жабық мәжіліс, т.б.) лексикалық қорымыз байып отырғанын, олардың күн сайын саны молайып бара жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Әдеби тілдің даму бағыты да, аударма да соған мензейді. Бұл жерде де түбір сөз-

дердің тіркесуі алдыңғы қатарға шығып, морфологиялық сипатын ерекшелейді.

Тұркі тілдерінің сөздік құрылымы екі элементтен, яғни түбір (негіз) және аффикстен немесе аффикстердің жиынтығынан тұратындығы туралы көзқарасты аса қатаң ұстанған Н.К. Дмитриев екені белгілі. Бірақ осындай көзқараспен қатар өзге де ұстаным пайда болғанын А. Щербак байлаша түсіндіреді: «Большинство же зарубежных тюркологов, по крайней мере на протяжении последних трех десятилетий, признает наличие в тюркском слове тех же структурных элементов, что и в слове флексивных языков. Так, например, А.Дж. Эмре выделяет temel – theme (основа) и belgi – desinence (окончание) и подразделяет temel на kok (корень) и turem аффиксы словообразования. То же самое делает Г.И. Рамстедт (Stamm + Endung). Ж. Дени и Л. Базен, считающие главнейшей особенностью тюркских языков их «почти исключительную суффиксальность», различают деривативные суффиксы и суффиксы окончания (suffixes de derivation et suffixes de desinense), а также простую основу и производную, из которых первую соотносят с именным или глагольного корня с деривативными суффиксами» (Щербак, 1978). Яғни, тілдегі дериваттық құбылыстар сол кезде-ақ зерттеушілерге ой сала бастаған.

Тұркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің де, сөздерінің морфемалық құрылымы барынша айқын. «В любом тюркском слове наблюдается строгое бинарное распределение входящих в него структурных элементов: слева – корневая морфема (префикссы отсутствуют, небольшое количество их встречается лишь в заимствованных словах), справа – аффиксальные, или суффиксальные морфемы. Фузионные процессы на границе корневых и аффиксальных морфем развиты слабо, хотя отдельных диалектах отмечаются значительные сдвиги в этом отношении» (Щербак, 21-б.).

Қосымшалар сөзге жалғанғанда белгілі бір жалғану тәртібін сақтайды, ал ауытқулар өте аз кездесетіндіктен, олар жүйе жасай алмайды немесе универсалды емес. Дегенмен кейбір қосымшалардың ауытқулары ойландыратынын жасыра алмаймыз. Ай-

талық, аффикстер моносемалы болады дегенімізben, кейде ол тұжырым практикада басқа нәтиже көрсетіп жатады. Кейде осы дара мән тудыруға тиіс аффикс жүрнақтық қызмет атқарып кетеді. Мысалы, -лар көптік жалғауын алайық. Көптік жалғауының жаңа сөз тудыратындығы туралы С. Исаев пікірі қалыптасқан қағидаларды ой түзілісінен тағы да бір өткізіп алу керектігін байқатты, бірақ нормативтік қағидалар да сақталуы керек. Сауал көп, қалай десек те, ізденіс қажет. Мұндай кездерде жүрнақ пен жалғауға берілген анықтама, аффикстердің моносемалығы жөніндегі пікір де біржакты болып көрінеді. Студент көкейінде сауалдар туыннатушы сәттер мұнымен де таусылмайды.

Сөз тудыруши жүрнақтар мен форма тудыруши жүрнақтарды жекелеген тілдік құбылыстар көлемінде қарастырғанда аражігін анықтаудың қыын болатын кездері бар. Айталық, кілемше, көрпеше, жүрекше, ұзынша, т.б. сөздердің құрамындағы -ша, -ше жүрнақтары түбірімен басқа мағыналы жаңа сөз жасап тұр дей аламыз. Ол жөнінде бұрыннан да айтылып жүр (С. Исаев пікірін еске саламыз). Негізгі жүрнақсыз тұрғанда беретін мағынасы мен жүрнақ жалғанғаннан кейінгі білдіретін мағынасы арасында үлкен айырмашылық байқалмайды, өйткені олар өздері жалғанған сөздерге тек мағыналық реңк қана үстеп тұр. Ал осы -ша жаңа сөз тудыратын жүрнақ ретінде белгілі.

Сондай екіұшты пікір тудыратын тілдік элементтердің енді бір тобына қос сөздердің түрлері жатады. Қос сөздерге қатысты С. Исаев пікіріне жүгінсек, ол былай: «...бала-шаға, ыдыс-аяқ, кәрі-жас, т.б. дегендерді жаңа мағыналы туынды сөздердің қатарына жатқызсак, мая-мая, қора-қора, тау-тау немесе үп-үлкен, сап-сары, жап-жас, немесе ат-мат, жігіт-мігіт, шай-пай, т.б. дегендерді толық мәнді жаңа туындылардың қатарына жатқызуға бола ма? Өйткені мая-мая, қора-қора, тау-тау сияқтылар – маядан, қорадан, таудан бөлек жаңа ұғымдар емес, солардың көптігін ғана, ал үп-үлкен, сап-сары, жап-жас үлкеннен, сарыдан, жастан бөлек сындар, түстер емес, сол сындардың күшейтілген түрі ғана», – дейді. А. Щербактың мына пікірі де осыған саяды: «Другой способ выражения грамматических значений – повторение основ,

полное и неполное. Полное повторение наблюдается часто в пределах любой части речи. «hari-hari» совершенно желтый. ...Неполное повторение, с усечением одного из компонентов и присоединением к нему согласного р (В) м, характерно главным образом для прилагательных. Этим способом образуется форма интенсива, выражающая высшую степень насыщенности признака: др.-турк. ar-ak «совершенно белый» (Щербак, 1978, 17-б.).

Сөздердің аса ірі грамматикалық кластары – сөз таптары. Сөздерді сөз таптарына топтастырғанда, оларды лексика-грамматикалық класс ретінде топтап жүр, яғни таза грамматикалық көрсеткішпен топтау оңай болмағаны ғой. Бірақ әр сөз табы басқаларынан грамматикалық тұрғыдан айрықшаланады.

Сөздерді сөз таптарына топтастыруды грамматикалық формалардың құрамы, содан соң белгілі бір сөз табы айқындалады. Фортунатовтың айтуынша, әр сөз табының грамматикалық мағыналарының жиынтығы болады. Мысалы, көк – көктеді, көгерді дегендердегі бәріне ортақ лексикалық мағына көк, ал оларды бір-бірінен айыратын грамматикалық мағына. Немесе көк сөзінен туындағын форманың түріне, санына қарамастан, позициялық жақтан көк негізгі лексикалық мағынаны ұстаушы, тірек сөз. Көктен туындаған сөздерге жалғанған қосымшалар – белгілі бір сөз таптарының қосымшалары. Ал сөз таптары үшін грамматикалық көрсеткіштер басты фактор болып саналады.

Позициялық жақтан сөз таптарына таптастырғанда орыс тіл білімінде мынадай сөз таптары аталып жүр: 1) етістік; 2) зат есім; 3) сын есім; 4) сан есім; 5) ұстеу; 6) аналитикалық сын есімдер. Зат есімнің, сан есімнің, сын есімнің, ұстеудің есімдік түрлері болатындығы арнайы көрсетілген. Есімдік жеке сөз табы ретінде қарастырылмайды. Мысалы, есімдіктен болған зат есімдерге мен, сен, кім, әлдекім, т.б. жатқызылса, есімдіктен болған сын есімге әлдеқандай, сондай, т.б. сөздер жатқызылған. Біз арнайы сөз табы деп қарастырып жүрген кейбір сөз таптары өзге бір сөз таптарының жасалу жолдарына айналып кеткен. Мұндай көзқарастардың

бір ұшығын Ә. Төлеуовтің кейбір пікірлерінен байқайтынымыз рас, өйткені зерттеуші есімдіктердің зат немесе сын текті болатынына арнайы тоқталады.

Сын есімдер қатыстық және сапалық сын есімдер деп екі үлкен топқа бөлінеді.

Сын есімнің басты грамматикалық категориясы – шырай категориясы. Айталық, шырай категориясы жөнінде қазақ тілі оқулықтарында, атап айтқанда, А. Ысқақовтың кітабында былай беріледі: «Сын есімнің шырайы деп аталатын категорияның мазмұны да, формасы да әлденеше заттың (әр түрлі я біркелкі белгілерін емес) бір түрлі я біркелкі белгілерінің өзара айырмашылықтарын, демек, сол біркелкі белгілердің бір-бірінен артық, я кем екендігін анықтау арқылы туады. Екінші сөзben айтқанда, біреуі ақ, біреуі қызыл, біреуі қара, біреуі сары, біреуі қоңыр, біреуі көк түсті нәрселерді немесе біреуі үлкен, біреуі кіші, біреуі тік, біреуі сопақ, біреуі текше нәрселерді салыстырудан шырай категориясы тумайды. Шырай категориясы я бірыңғай ақ, я бірыңғай қызыл, я бірыңғай қара, я бірыңғай сары, я бірыңғай қоңыр, көк түсті әлденеше (кемі екі) заттардың реңдеріндегі ерекшеліктерден немесе бірыңғай үлкен я бірыңғай кіші делініп танылған әлденеше заттардың көлем аумақтарындағы артық, я кемдік дәрежелерін өзара салыстыру арқылы туады» (Ысқақов, 1991, 188-б.).

Шырай категориясының грамматикалық формаларын сапалық та, қатыстық та сын есімдер қабылдай береді деген пікір – қалыптасқан пікір. Шынында да, сапалық сын есімдерді сын есім деп аталатын сөз табының негізгі ұйтқысы санаған А. Ысқақов: «Біріншіден, сапалық сындарға тән сөздердің бәріне де ұлғайту, кішірейту жүрнақтары және екіншіден, оларға сындық белгіні күшайте я өсіре тұсу үшін қолданылатын ұстеме буындар жамалады; үшіншіден, олар атрибуттық семантикалық ерекшелігіне қарай адвербиалдық қызмет атқарады», – дейді (Ысқақов, 1991, 168-б.). Айталық, қызыл, сары, көк, үлкен, т.б. сын есімдерді түрлендіріп байқасақ, қызыл – қызылдау – қызылырақ – қып-қызыл, өте қызыл, т.б. түрлене береді.

Сапалық сын есімдердің ең басты ерекшелігі ретінде шырай формаларымен түрлене алатын қасиетін атауға болады. Сапалық сын есімдердің бұл қасиеті туралы М.В. Панов белай дейді: «Только качественные прилагательные имеют степени сравнения (тонкий – тоньше, квалифицированный – более квалифицированный). Сондай-ақ тағы да басты ерекшеліктерінің қатарына сынның мына төмендегідей сипаттары жатқызылған: «Только от качественных прилагательных образуются другие качественные прилагательные с суффиксами – -оват, -еньк, -ущ, выражающими степень качества (слабый – слабоватый – слабенький, толстый – толстущий)». Только от качественных прилагательных образуются отвлеченные существительные (красный – краснота, желтый – желтизна, зеленый – зелень, синий – синева, фиолетовый – фиолетовость; с нулевым суффиксом: синий – синь)» (Позиционная морфология русского языка. – М., 1999. – 132-б.). Ерекшелігі сапалық сын есімдер ғана сөйлемде бастауыштың қызметін атқара алады: Адасқанның алды жөн, арты соқпак; Білекті бірді жығар; Жайдың бәрі жадағай емес (Мысалдар С. Исаевтан алынды). Бұл айтылғандар – сапалық сын есімдердің морфологиялық белгілері. Ал синтаксистік түрғыдан тек сапалық сын есімдер ғана өте, аса, тым, айтарлықтай қүшейтпелі мәнді сөздермен тіркесіп келіп, сапалық белгіні тудырады. Сонымен бірге сапалық сын есімдерді қатыстық сын есімдерден айырып тұратын лексикалық белгі бар, ол – тек сапалық сын есімдердің ғана антонимдері болатындығы: қысқа – ұзын, сұйық – қою, ақырын – қатты, қорқақ – батыр, т.б. Сапалық сын есімдер заттық мағынаны негіз немесе тіреу етпейді, заттық мағынаны кеңейтеді, өзгеше мән қосып, семантикалық жақтан ығыстырып шығарып, сындық мағына тудырады.

Ал қатыстық сын есім болу үшін сын есімдердің бойында сапалық сын есімдердің белгілері мүлде болмауы тиіс. Қатыстық сын есімдер заттың белгісін өзге бір затқа қатысы арқылы байқататыны белгілі. Ағаш күрек – ағаштан жасалған күрек, т.б.

Қатыстық сын есімдер, есімдер мен етістіктерден жасалып, сындық ұғымдарды білдіргенімен, дәл сапалық сын есімдердей

түрлену парадигмасын жасай алмайды. Айталық, шоқпардай (кекіл) – шоқпарырақ деу, әрине, қисынсыз. Немесе күзгі күнді – күзгірек, күзгілеу, күзірек, өте күзгі деу дұрыс болмайды. Осындай сәттерде ғалым С. Исаевтың шырай категориясы тек сапалық сын есімдерге ғана тән деген пікірімен келісуге тұра келеді.

Сапалық сын есімдерді қатыстық сын есімдерден аражігін ажырату қыынға түсетін жағдайлар болады. Сапалық сын есімдер мәтін ішіне қатыстыққа ауыса бермейді, ал керісінше, қатыстық сын есімдер сапалық сын есімге ауысуға дайын тұрады. Бұл тура-лы В.Н. Сидоровтың көп бұрын айтылған пікірін келтіре кетелік: «Не всегда легко провести четкую грань между прилагательными качественными и относительными, так как относительные прилагательные, употребляясь в переносном значении, могут переходить в качественные. Например, в словосочетаниях молочный суп (то есть суп из молока или на молоке) и хлебная корка (то есть корка хлеба) прилагательные относительные. Те же прилагательные в словосочетаниях молочный скот (то есть имеющий свойство давать много молока) и хлебная область (то есть в которой рождается много хлеба, плодородная) из-за переносного употребления имеют качественное значение. Поэтому можно сказать: У них скот более молочный (или даже молочнее), чем у нас...» (Аванесов Р.И. и Сидоров В.Н. Очерк грамматики русского литературного языка. – М., 1945. – 129-б.). Яғни, қатыстық сын есімдер өзгеруге бейім, өздері туындаған сөздермен қарым-қатынасы көп қырлы, сондықтан қарым-қатынас әлсіреген тұста қатыстық сын есімдер сапалыққа айналып кете алады. Сонда орыс тіліндегі относительный деген сөзді қатыстық деп қана емес, шартты (қатыстығының өзі шартты түрде ғана) деп түсінген дұрыс. Есімдер мен етістіктер түгелдей қатыстық сын есім жасауға қатыспайды, яғни бірде-бір сын есім тудырмайтын есімдер мен етістіктер болады, яғни бұл сөздерде әртүрлі сөздерді мағыналық жақтан үйлестіріп, теңестіретіндегі тіркесімділік жоқ деген сөз. Сын есім шырайларына қатысты осындай мәселелер сөз болғанда, окулықтағы тұжырымдарды айтып қана қою керек

пе әлде осындай қын мәселелерді өмтихан сұрақтарына енгізген жөн бе? Әрине, семинарларда талдауын талдағанмен, өмтихан сұрақтары оқулық материалдары негізінде құрастырылуы тиісті дейтін қағида барлығын да естен шығара алмаймыз.

Сын есімдердің заттың белгісін білдіруі олардың грамматикалық рөлі болып табылады. Сын есімдердің осы рөлін кейбір жағдайларда орындалмайтынын байқауға болады. Олар затты атай бастайды, яғни зат есімнің функциясын атқарып кетеді. Мысалы, қызыл балық, көгілдір экран мысалдарын алайық. Бұл мысалдарда зат пен оның ең басты бір белгісі аталып тұр, бұларды бөліп-бөліп айтудың қажеті шамалы. Көгілдір экран дегенде көз алдымызға көк түс пен экран жеке-жеке елестемейді, сын есім бұл жерде нақты затты атап, нақтылық мағына тудырып тұр.

Морфологияның қын мәселелерін сөз еткенде, сөздің мағыналық жағын үнемі естен шығармаған абзal. Өйткені сөздің ұғымдық-аффектілік мазмұнының немесе мағынасының атқарар қызметі тұтастықпен ерекшеленеді, ол бөліп-жаруга көнбейді. Бұл турасында академик А. Щербактың: «Несомненно прав был А.М. Пешковский, когда писал, что звуковая сторона слова, «несмотря на весь химизм сцепления отдельных звуков между собой», поддается дроблению на звуки, слоги и трудно, никак нельзя согласиться с ним, когда он утверждает, что расщепление содержания слова на отдельные части, соответствующие звуковым отрезкам, все же возможно и что эти «части» реально существуют в нашей мысли. Расчленить содержательный аспект можно только условно, и такое расчленение всегда будет регулироваться морфологическим составом словоформы», – дегенін де естен шығармаған жөн (Щербак, 1978, 23-б.). Біздің ойымызша, мағына, сөз семантикасы күрделі сөздерге қатысты қындықтардың да шешімін табуға көмектеседі.

Сан есімдердің реттік және есептік түрлерінің грамматикалық белгілері бір-біріне мұлде ұқсамайды, сонда олардың басын бір сөз табына не біріктіріп тұр? Біріктіріп тұрған фактор – қатарласып келу мүмкіндігінің молдығы (С. Исаев, т.б.).

Айталық, екі десек міндettі түрде реттік екінші сұранып тұрады, тіпті бір мың тоғыз жүз елу жеті десек, бір мың тоғыз жүз елу жетінші деп айтуға болады. Өзге сөз таптарында жоқ көптеген бірліктердің осылайша қатарласып келуі, сан есімге ғана тән десек, қателеспейміз. Есептік сан есімдер де, реттік сан есімдер де шексіздікке ұмтылады. Екі түр сан есімнің парадигмасын құрайды. Сан есімдер зат есімдермен тіркескенде сан есімдерге көптік жалғау жалғанбайды: он адам, жүз адам, т.б. Десек те, кей жағдайда көптік жалғаудың сұранып тұруы кездеседі. Міне, ұсынылып отырған оқу құралында осы мәселелерге көніл бөлінеді.

Морфологиялық парадигма және сөз таптарының бөлінісі туралы

Ұсынылып отырған бұл кітаптың есімдерге арналған тараулыры «Қазақ тілі морфологиясы. Есімдер» (Алматы: Арыс, 2007) деген жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне, магистранттарына, ізденушілеріне арналған оқу құралы ретінде жазылған, кейіннен толықтырылды, қалған тараулыры сол еңбектің жалғасы болып табылады. Сондықтан оқу құралында етістік, ұстеу, одағай және көмекші сөздер бір-бірімен байланыстағы тілдің заңдылығына бағынатын органикалық тұтастықпен ұштасып жатқан грамматикалық категориялар түрінде қарастырылды. Сонымен бірге кітаптағы материалдар қазақ тілінің қазіргі синхронды күйіне қарай жаңа ғылыми көзқарастар негізінде берілгенмен, осыған дейін грамматикалық оқулықтарда, танымал оқу құралдарында қамтылмаған XX ғасырдың басынан бергі қазақ зиялышарының ғылыми ойлашының жинақталуы арқылы сипатталады. Себебі дәл осы уақыт аралығындағы ғылыми пікірлер біз қолданып жүрген оқулықтарда толық және жүйелі түрде кездеспейді, оның саяси себептерге байланысты екені белгілі. Сондықтан осы оқу құралында талданатын сөз таптары мен сөз түрлері жайлы ғылыми ой-пікірлер хронологиялық тәртіппен салыстырылып берілді, соған орай түйіндер жасалды.

Аудиторияда кез келген сөз табын өткенде алдымен сөз табына тән грамматикалық категориялар туралы ғылыми түсінік қалыптасуын көздеу керек. Өйткені грамматикалық категориялар – тілдің грамматикалық құрылышы туралы негізгі ұғымдар, яғни грамматиканың негізгі ұғымдары. Мазмұнына қарай оларды екіге бөлуге болады: жалпыграffматикалық және жекеграмматикалық (Момынова Б. Қазақ тілінің морфологиясы. Есімдер. – Алматы: Арыс, 2007, 29-б.). Жалпыграffматикалық категорияларға сөз таптары, сөйлем мүшелері, т.б. категориилары жатса, жекеграмматикалық категорииларға септік, көптік, жақ, шақ, т.б. категориилар, яғни әр сөз табына тән категориилар жатады.

Грамматикалық категориилар парадигмасының компоненттері, граммемалар, жалқықолданыстығымен («однофункциональность») ерекшеленеді және олардың бір ғана категориалды мағынасы болады. Бұл тілде қалыптасқан грамматикалық формалардың жалқы немесе жалғыз ғана мағынаны білдіretіндігін көрсетеді. Соған орай грамматикалық мағынаның категориалдық түрі қалыптасады. Ал лексема парадигмасының компоненттері, сөз формалары, керісінше, көп қолданысты («многофункциональность»), соған байланысты сөз формалары бірнеше грамматикалық формалардың қылышы нүктесі болып саналады. Бірақ бұл әр тілдер семьясында әртүрлі болып келеді.

Білім алушылар грамматикалық категориилар парадигмасы мен сөз таптары парадигмасының өзара қатынасы туралы толық түсінік алуы тиіс.

Аталған екі парадигма да тіл жүйесінің парадигматикалық иерархиялық қатынастағы абстрактілі-грамматикалық деңгейіне жатады. Бұл деңгейлерді жан-жақты зерттеген морфолог А.В. Бондарко «сөз таптары парадигмасы» деген терминді қолданбағанмен, «сөз таптарын сипаттайтын морфологиялық категориилардың кешені» деген күрделі терминмен атайды.

Грамматиканы зерттеуші О.П. Суник сөз таптары ұғымын сөз ұғымына қарағанда әлдеқайда тар мәнді деп санайды (Суник О.П. Общая теория частей речи. – М., 1966. – 42-б.). Өйткені сөз таптары грамматикалық құрылыштың бір бірлігі ғана, яки сөзді

грамматикалық құрылыштың бірлігі деп қарауға мүмкіндік туғызатын бір аспектің ғана. Кез келген сөз табы сөздерді жалпы-грамматикалық мағынасына қарай ғана сөз табы деген ұғымға біріктіреді. Тіпті жалпы алғандағы сөз таптары деген ұғымның өзі сөздің бүкіл құрылымдық-семантикалық және функционалды қатарын («разрядын») бірден көрсете алмайды, сондықтан сөз бен сөз таптары тепе-тең бола алмайды. Әртүрлі сөздер бір сөз табына топтастырылғанмен де, әртүрлі сөздер болып қала береді. Сондықтан сөз табы дегеніміз – сөздің ең маңызды жалпыграмматикалық мағынасын көрсететін категория ғана. Жалпыграмматикалық категорияларға сөз таптары, сөйлем мүшелерінің категориялары, т.б. жатса, жекеграмматикалық категорияларға септік, көптік, жақ, шақ, т.б. категориялары жататыны сондықтан.

Сөз таптары дегеніміз – категориалды жалпы грамматикалық мағынасы бар сөздер класы. Тіпті бір-біріне қарама-қарсы мағыналы сөздер, айталық, күн мен түн, ақ пен қара, қараңғы мен жарық, т.б. бір грамматикалық разрядпен бір сөз табының аясына енеді. Ал осылардан туындаитын, бір қарағанда ұқсас сөздер күндік (ақы) пен түндік (сапар), актық (тары) пен қаралық (ойын), қараңғылық (сәт) пен жарықтық (сәт) сын есімдер (синтаксистік функциясына қарай ғана) болып кетеді. Күн, түн, жарық, т.б. сөздерді зат есімдерге жатқыздыртып тұрған сөздердің заттығы немесе субстанционалдығы болса, күндік, түндік, т.б. сын есім ретінде көрсетіп тұрған осы сөздердің атрибутивтілігі екені белгілі, тағы сол сияқты сөздер қимыл мен әрекетті білдірсе, олардың процессуалдығы немесе динамикалығы сияқты семантикасы олардың қай сөз табына жататынын нақтылайды.

А.А. Шахматов сөз таптарының семасиологиялық негіздерінде лексикалық немесе семантикалық мағына жатыр деп түсінідіреді. Сондықтан да ол сөз таптарын лексика-грамматикалық категория деп таниды, себебі оның пікірінше, сөздерді сөз таптарына біріктіретін сөздердің лексикалық негізгі мағыналары болып табылады.

А.А. Шахматовтың бұл пікірін толық мойындағанмен, В.В. Виноградов грамматикаланған категориялардың, зат яки заттық категория, сапа мен сапалық, заттың қимылын, күй-қалпын білдіретін психологиялық тұрғыдан барынша абстрактіленген категориялардың болатынын, олардың мағынасын грамматикалық мағына ретінде қабылдайтынын айтады.

Н.С. Поспелов сөз таптарын «лексика-грамматикалық категорияға» жатқыза отырып, заттық, сын-сапалық, т.б. категорияларды үзілді-кесілді таза грамматикалық категорияға жатқызады. Сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық разрядтары деп, ал олардың жалпыланған лексикалық мағыналарын абстрактіленген грамматикалық заттық, сапалық, т.б. мағыналарға ауысудың нәтижесіне жатқызады. Дегенмен максимальды түрде жалпыланған лексикалық мағыналар абстрактіленген грамматикалық мағыналарға ауысса, осыған сәйкес сөздердің түрлену формасы да грамматикалық болса, неліктен сөз таптарын лексика-грамматикалық деп атайдынын түсіндіре алмайды. Ғалымдардың бірқатары грамматикалық мағынаны сөздің негізгі мағынасына қосымша мағына деп түсінеді (Савченко А.Н. Части речи и категории мышления. – М., 1980).

Грамматикадағы логикалық бағытқа байланысты сөз таптарын ерекше лингвистикалық грамматикалық мағыналы категорияға жатқызып жүрген ғалымдар сөз таптарын грамматикалық категория дей келіп, оларды сипаттағанданда сөз таптарының бір ізге түспеген, қайшылыққа толы дәстүрлі жүйеленуін негізге алады. Яғни, зат есім, сын есім, етістік сияқты сөз таптарымен қатар тұтас түрленуі жоқ, ішінара түрленетін есімдіктерді де, мұлде басқа негізdemелермен жеке сөз табына жатқызылып жүрген, біртұтас түрлену категориялары жоқ одағай, еліктеуіш сөздерді де, үстеулерді де (бұл арада аналогия ретінде қазақ тілінің грамматикалық сипаты алынып отыр – Б.М.) сөз таптарына жатқызады. А.М. Пешковский сөз таптары категориясына тоқталған кезде сөздерді сөз таптарына топтастырудың өзі «лингвистикадағы алогизм» деп біледі.

Сөз таптары психологиялық та, логикалық та категорияларға жатпайды, себебі психология да, логика да, философия да жеке категориялық құндылықтарды түсіндіргендег ұғым ретінде сөз таптарына сүйенбейді, сондықтан бұлар тек қана грамматикалық, яғни лингвистикалық ұғымдар болып табылады.

«Сөз таптары бір-бірімен деривациялық байланысқа түсуі мүмкін. Деривативтік байланыстар әр басқа сөз таптарының лексемаларын бір-бірімен өзара байланыстыра алады. Мұндай кезде сөзжасамдық транспозиция процесі өтеді және негізгі сөз табының морфологиялық категориялары туындаушы сөз табына ауыспайды. Мысал ретінде айтқанда, заттанған сын есім сын есімнің категорияларымен түрленбейді.

Морфологиялық транспозицияға тән болып саналатын сөз табының аралық деривативтік қатынастары бір сөздің формаларын байланыстырса, онда кейбір морфологиялық категориялар туынды формада сақталады. Л.В. Бортэ бір сөз табынан жасалған лексемалардың деривативтік тізбегін ерекше лексика-грамматикалық парадигма деп жеке қарастырады. Дегенмен морфологиялық және лексика-грамматикалық парадигматикалардың арақатынасы («соотношение») аз зерттелген, жүйеленбegen» (Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы: Арыс, 2010).

Қазақ тіліндегі сөздер семантикалық және морфологиялық белгілеріне қарай, атаушы сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер деген үш топқа бөлінеді.

Грамматикалық табиғаты аса күрделі атаушы сөздерге жатын етістік туралы студенттерге дәріс оқығанда ғалымдардың тұжырымды, түйінді ойлары назардан тыс қалмайды, бірақ оку құралында студенттердің қабылдауына, түсінуіне лайық форма мен мазмұнды қолдану, ыңғайлы жол іздеу қарастырылды.

Қазақ тіл білімінде Ы. Маманов, А. Ысқақов, А. Қалыбаева, Н. Оралбай, С. Исаев, т.б. ғалымдар, ал белгілі түрколог А.М. Щербак сөз таптарының ішінде етістікті 40-тан астам түркі тілдерінің материалдары бойынша салыстыра отырып, әр қырынан зерттеді. Сондықтан оку құралында аты аталған ға-

лымдардың еңбектерінен алынған дәйексөздер беріледі, осы ғалымдардың ұстанымдары негізге алынады.

Оқу құралында үстеу, одағай және көмекші сөздердің грамматикалық табиғатын жеткізуде етістікті түсіндіру бағытындағы принциптер басшылыққа алынды.

Қорыта келгенде, сөз таптары мен морфологияның басқа да мәселелері жөніндегі ойлар оқу құралында әрі қарай дамытылады.

Ескертулер, ерекше назар аударуға тиіс сөйлемдер қарамен, кейде курсивпен, алмысалдар курсивпентерілді. Пайдаланылатын әдебиеттердің тізімі сонында көрсетілді.

*Багдан Момышова,
филология ғылымдарының докторы,
профессор*

§1

МОРФОЛОГИЯНЫҢ БАСТЫ ҰҒЫМДАРЫ, НЫСАНЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

Морфология пәні. Морфология гректің *morphos* – форма, *logos* – ілім, сөзбе-сөз аударғанда түр (форма) туралы ғылым немесе түрді (форманы), сөз таптарын зерттейтін ғылым деген түсінікті білдіреді. Ал морфологиялық талдау сөзді түбірге, қосымшаларға белу, сонымен бірге әрбір қосымшаның тудырып тұрған грамматикалық мәнін, атын білуді талап етеді. Бұл жерде өсімдік морфологиясы, тірі ағзалардың морфологиясы, жер бедерінің (рельефинің) морфологиясы сияқты ұғымдар басым түсіп жатады. Ал лингвистикада бұл терминнің білдірер ұғымы басқа. Лингвистикалық морфологияның зерттейтін пәні – сөз түрлерін, дұрысын айтқанда, сөз формаларын, нақты айтқанда, сөзді зерттейтін ғылым. Сондықтан морфологияның зерттеу нысаны – сөз. Бірақ морфология сөз формаларының шеңберінен шығып, кей жағдайларда олардың мағынасын да, тіркесімдерін де қарастырады. Айталық, А. Ысқақовтың оқулығында сөздің морфологиялық аспектісі лексикалық аспектімен аралас сипатталады, сөздің кейбір синтаксистік байланыс түрлері мен мағыналық өзгерістері қарастырылады.

Морфология – тіл білімінің саласы. Морфология пәнінің нысаны ғылыми әдебиетте әртүрлі болып көрсетіліп жүр. Айталық, тар шеңберде морфология пәнінің нысаны парадигматика, яғни сөз формаларының жүйесі (парадигмалар) және олардың классификациясы деп түсіндіріледі. Ал кең мәнісіндегі морфология парадигматика, оған қоса сөздердің ортақ белгілеріне қарай топтастырылған грамматикалық қатарлары (разрядтары) мен грам-

матикалық категорияларын зерттейді. Осы екі нысанның ішінен морфологияның, әрине, кең ұғымы алынуы тиіс.

Ғылыми еңбектерде морфологияның негізгі нысаны және ең кіші бөлшегі морфема делінеді. Морфема лексикалық және грамматикалық мағынаны білдіреді. Яғни, өзге бір сөздерге негіз болатын бөлшек те, оған әртүрлі мән, мағына үстейтін бөлшек те тіл білімінде морфема деп аталады. Лингвистикалық морфология осы екеуін де талдайды.

Демек, морфология сөздің барлық релеванттық аспектілерін зерттейтін лингвистиканың бір бөлімі болып табылады.

Морфологияның басты ұғымдарына сөз, сөз формасы, грамматикалық мағына, грамматикалық амалдар, грамматикалық категориилар, сөз таптары, т.б. жатады.

§ 1.1. Сөз – тіл білімінің нысаны

Сөз – күрделі тілдік категория. Өйткені сөз зерттеу нысаны болмайтын тіл білімінің саласы жоқ. Оның мағынасын, дыбыстылудын, шығу төркінін, даму, өзгеру тарихын, жасалу, түрлену жолдарын, сондай-ақ сөз бойындағы өзгерістер мен процестерді тіл ғылымының түрлі салалары қарастырып, зерттейді. Лингвистикалық морфологияның жеке-дара нысаны – сөз.

Ғалым А. Ибатов сөз туралы ғылыми пікірлерді алты бағытта топтастырады:

1. Сөйлемнің ең шек минимумы (пределный минимум предложения).
2. Синтаксистің минимальды единицасы.
3. Сөйлеудің минимальды единицасы.
4. Өз бойында фонетикалық, семантикалық және грамматикалық белгілерді біріктіре алатын единицасы.
5. Шындықтың элементін көрсетін единицасы.
6. Сөйлеудің бірбүтін және дербес элементі (Ибатов, 1983, 32-б.).

Академик Н.Т. Сауранбаевтың сөз туралы пікірі: «Сөйлемдегі ойдың бөлшегі болатын белгілі ұғымның дыбыстық көрінісін сөз

дейміз» (Сауранбаев, 1953, 56-б.) болса, А. Ысқақов сөз туралы екі бірдей тұжырым жасайды:

1) сөздер адамның сезімі арқылы қабылданған заттардың, олардың әр алуан қасиеттерінің, сапаларының, әрекеттерінің бейнесі;

2) белгілі бір ұғымның атауы (белгісі я таңбасы) ретінде қолданылатын дыбыстық комплексті сөз дейміз» (Ысқақов, 1991, 7-б.).

Ойдың материалдық көрінісі – сөз. Анықтамаларда сөздердің жеке (дара) түрінің қасиеттері басты назарда болады да, күрделі түрінің ерекшеліктері қамтылмайды. Сондықтан анықтама берерде оның жеке және күрделі түрінің қасиеттері қатар ескерілуі керек. Айталық, сөз шегі туралы айтылғанда, күрделі сөз шегі ескерілмеген. Өйткені кем дегенде екі лексемадан құрылған күрделі сөздердің дара сөздерден шегі бөлек. Сондықтан шекті басты критерий етіп алу дұрыс болмайды. Сөздің басты қасиеті ретінде оның мағыналық тұластығы, соған сәйкес түрлену тұластығы алынуы тиіс. Яғни, дара сөз болса да, күрделі сөз болса да оның бір ғана мағынасы болуы тиіс әрі ол бірбүтін тұлға ретінде түрлене алуы керек. Ал ғалым А. Ибатов осы тұластықтардың қатарына синтаксистік тұластықты, яғни сөздің сөйлемдегі атқаратын қызметін де қосады (Ибатов, 1983, 20-б.).

Сөздің функционалдығы оның синтаксистік тұластығынан көрінеді. Осы функционалдығы сөздерге бір нәрсені, затты, ұғымды атауына мүмкіндік береді. Атау сөздің ономасиологиялық қасиетін білдіреді. Сөздердің ономасиологиялық (атаулық) қасиеті оны тіл жүйесіндегі басты тілдік тұлғаға айналдырады. Жеке (негізгі және туынды) және күрделі (қос, біріккен, құранды) сөздерге қойылатын талаптар осы деңгейдің шенберінде қарастырылуы тиіс.

Осы айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады:

Сөз дегеніміз – лексикалық, морфологиялық және синтаксистік тұластықтағы лексика-грамматикалық бірбүтін бірлік (единица).

Сөздің екі түрлі басты мағынасын ажырату жөн. Ол үшін мына фразаны алайық: Мен орнымен тұра бастаған кезде, анау екеуі де орындарынан тұрып, маған жақындағы.

Осы фразада неше сөз барын екі түрлі жолмен анықтауға болады:

1. Бұл сөйлемде (фразада) 11 сөз бар: Мен, орын, тұр, баста, кез, анау, екеу, орын, тұр, маған, жақында.

2. Мен, орын, тұр, кезде, анау, екеуі, жақындады – 7 сөз бар. Себебі мен және маған – бір сөздің екі түрлі формасы, орнынан мен орындарынан да бір ғана орын сөзінің екі түрлі формасы, тұрып пен тұра тұр етістігінің формалары, ал де сөз емес, жалғаулық шылау.

Бір ғана фразаның құрамын неге әртүрлі етіп көрсетуге болады? Себебі бірінші жауапта сөзді нақты мәтіндік бірлік ретінде алып отырмыз, бұл жердегі сөздерді сөз формалары деуге болады.

Ал екінші жауапта сөз абстрактілі негіз ретінде алынып отыр. Бұл жердегі сөздің мағынасында бірнеше нақты элементтер қамтылады. Мәтіндегі жекелеген сөздердің (мысалы, орын) бір ортақ семантикалық өзегі (ядросы) бар. Бұларды ғылыми еңбектерде лексикографиялық бірліктер немесе лексемалар деп атайды. Лексема бірнеше сөзформадан (мысалы, тұра бастады сияқты), тіпті сөз тіркестерінен жасалатын аналитикалық формалардан да құрала береді.

Ойды жеткізудің ең кіші тілдік бірлігі – сөйлем, ал сөйлемнен кіші тілдік бірліктер сөз де, сөз тіркесі де ойды жеткізе алмайды, тек жеке немесе күрделі ұғымды ғана білдіріп, тұтас ойдың бір бөлшегі болады.

Сөйлем сөздерден, сөздер тіркесінен құралады, ойды жеткізу сөйлем құрамындағы сөздердің бір-бірімен грамматикалық қарым-қатынасқа түсуінің нәтижесінде іске асады.

Мысалы:

Көлеңке басын ұзартып,

Алысты көзден жасырса (Абай) дегенде сөздер бір-бірімен грамматикалық жақтан байланысып, ойды анық жеткізу мүмкіндігі туындаған. Егер сөздер грамматикалық қатынасқа түспесе, ой жеткізудің мүмкіндігі жойылып, олардың қай-қайсысы да бөлек-бөлек тұрган, жеке-дара сөздер болып шығар еді: Көлеңке, бас, ұзар, алыс, көз, жасыр.

Сөздердің фонетикалық, фонологиялық, лексикалық, стилистикалық ерекшеліктері бар. Сол ерекшеліктердің ішінде сөздің

морфологиялық сипаты оның морфологиялық тұстастығы мен бүтіндігінен көрінеді. Осы белгілері сөздердің морфологиялық құрылымын тұзеді.

Сөздің морфологиялық құрылымы – сөздің мәтінде қандай формада тұrsa, сол күйінде сөз болып танылатын түрі. Яғни, сөздің лексика-грамматикалық (түбір мен негіз) ғана емес, оның грамматикалық бөліктері, сөз формалары (жалғау, функционалды-грамматикалық, сөз түрлендіруші жүрнек) да қамтылады. Сөз мәнмәтінде (контексте) қандай грамматикалық формада тұrsa, сол күйінде морфологиялық талдауға түсуге тиіс. Мысалы: құлақ-қа, далаға, жолда, қимылдарда, т.б.

Сөздің морфологиялық құрамы сөздің қандай морфемалық бөлшектерден құралатындығына байланысты анықталады. Сөздердің морфологиялық құрамы негізгі еki элементтен тұрады: түбір (негіз) тұлға мен аффикстер. Яғни, сөздердің морфологиялық құрамын анықтау негізгі морфемалар мен қосымша морфемалардың түрі мен сипатын талдаудан тұрады.

Сөздің құрылымы негізгі және қосымша морфемалардың сөз құрамындағы орын тәртібі мен реттелген жүйесінен тұрады.

Сөйлемдегі ең кіші мағыналық бөлшек – сөз, өйткені морфемада, дыбыс та мағынаны білдіре алмайды. Айталық, а немесе б, сондай-ақ да, те десек, ойды жеткізу мүмкін емес.

Ескерту: Бірақ бұл жерде түбір сөздердің де морфема (түбір морфема) деп аталатынын ескерте кеткен жөн.

Қысқаша айтқанда, сөздердің осындай қасиеттері оны тіл білімінің барлық саласының да зерттеу нысаны етеді, өйткені сөз – дыбыстан да, фонемадан да, сөз тіркесі мен сөйлемнен де бөлек, мағынасы бар ерекше тілдік бірлік.

§ 1.1.1. Сөздің грамматикалық мағынасы

Кез келген сөз оның сыртқы қабыршағы (жамылышы – А. Ысқақов бойынша) саналатын дыбыстар кешенінен тұрады. Осы дыбыстар комплексі немесе сөз бір ұғымды білдіріп, атауға

айналады. Сонда ең кіші тілдік бөлшек (единица) дыбыс болып көрінгенімен, жеке-жеке дыбыстардың білдірер мағынасы болмайды. Егер бала – б, а, л, а десек, әрине, мағынасы бар, ал бұл дыбыстардың орнын ауыстырып лаба, алаб десек, мән-мағынасыз, бей-берекет (хаосты) орналасқан, білдірер дербес мағынасы, лексикалық та, грамматикалық мәні жоқ дыбыстар болып шығады. Тек дыбыстық жамылышы бар дыбыстар кешені сөзге айналғанда ғана мәнге ие болады. Яғни, дыбыстардың бар қасиеті сөз құрамында қолданылуы барысында ғана айқындалады. Дыбыстар мен оның жүйесін, артикуляциялық ерекшеліктерін тілдің фонетика саласы зерттейтіндіктен, сөзді фонетика да қарастырады.

Лексикология сөздің шығу төркінін анықтайды, мағынасын ашады, қолданыс кезіндегі стилистикалық ерекшеліктерін қарастырады. Мысалы, Жер сөзінің лексикалық ерекшеліктеріне тоқталып көрелік. Жер сөзінің беретін мағынасы – планета, күн жүйесіндегі планеталардың бірі. Осы мағына оның жеке, сөйлемнен тыс, сөйлеу процесіне қатыспай тұрып, контекссіз-ақ білдіретін лексикалық дербес немесе ішкі, нақты, тұра мағынасы. Сонымен бірге сөздердің ауыспалы, келтірінді мағыналары болады: «Жер зат. 1. Өз осінен және күннен айналатын, өзінде тіршілік бар планета; 2. Сол планетаның ұстіңгі қабаты, сыртқы қыртысы; 3. Бір елдің, облыстың меншікті жері; территориясы; 4. Мекен, жай, орын; 5. Ауысп. Ел, жұрт, ауыл, өскен орта; 6. Ауысп. Мезет, кез, уақыт, мезгіл; 7. Рет, жөн, ыңғай» (ҚТТС, 4-т., 90-91-б.). Осы келтірілген мысалдардан жерге байланысты әр ұғымның мағыналық көлемі мен мазмұны болатындығы көрініп тұр.

Сөздің ұғымдық көлемі белгілі бір құбылыстардың жинақталуы, топталуы арқылы кеңейіп я болмаса тарылып отырады. Ал мазмұны осы құбылыстардың айтарлықтай ерекше белгілерінің шоғырлануы нәтижесінде пайда болады. Сөз мағынасы жалпыланған сайын оның семантикалық компоненттері азая береді. Керісінше, ұғымдық көлемі кішірейген сайын мазмұны кеңі түседі, яғни сема (мағына) жамала түседі. Сөздің абстрактілік деңгейі төмендеген сайын мазмұны байи береді. Бірақ сөздің лексикалық мағыналарының санына қарамастан, сөйлем ішінде ол тек бір ғана

мағынасында жұмсалады. Яғни, лексиканың түрлі ерекшеліктері де сөз арқылы танылады деп білеміз. Сөздің мағыналық қасиеті мен семантикалық ерекшеліктерін тереңірек түсіну барысында морфологияның лексикологиямен байланысы айқындалады.

Ал бір ғана сөздің қолданысында бірнеше грамматикалық мағына болуы әбден мүмкін. Ғашықтың тілі – тілсіз тіл дегенде тіл сөзінің сөйлемдегі лексикалық мағынасы (адамның дене мүшесі, соматикалық атау) өзгеріссіз қалып отырса, керісінше, осы бір ғана сөзге үш түрлі грамматикалық мағына тән болып тұр:

- 1-тіл – атау тұлғалы зат есім;
- 2-тілсіз – болымсыздық мағынасындағы зат есім;

3-тілі – тәуелділіктің 3-жағы, жекеше түрі. Яғни, бір ғана лексикалық мағына негізінде сөз әлденеше грамматикалық мағынамен түрлене алатыны көрінеді және осы келтірілген грамматикалық қосымшалар тек тіл сөзіне ғана жалғанып, грамматикалық мағына тудырады деп шектеу қоя алмаймыз. Өйткені олар өзге де сандаған сөздерге, мысалы, бас-тың, бас-сыз, жол-сыз, жол-дың, құс-тың, құс-сыз (орман), т.б. жалғанады. Грамматикалық мағына тек бір ғана мәнде жұмсалатын лексикалық мағынаға қарағанда жалқы емес, жалпы. Сөздің кез келген өзге ауыспалы мағыналары контекст арқылы айқындалады, қай мағынада жұмсалып тұрғаны сөйлем ішінде анық байқалады.

Грамматикалық мағына жалпы мағынаға жатады, ал грамматикалық мағынаны тудырушы қосымшалар сөз бен сөздің арасын байланыстырып, сөйлем құрайды. Сөйлемдер ойды жеткізу үшін, яғни сөйлеу кезінде құрастырылады.

Бұдан шығатын қорытынды: сөздердің сөйлеу процесіне де-йінгі білдіретін тұра мағынасы лексикалық мағына деп аталады, ал грамматикалық мағыналар сөйлеу кезінде пайда болады.

§ 1.1.2. Сөз және оның морфологиялық құрылымы

Дыбыс – тілдің мағыналы бірлігі емес, ол ең кіші фонетикалық бірлік, өйткені жеке дыбыстардың, дыбыстар тіркесінің мағынасы болмайды. Керісінше, жоғарыда келтірілген мысал-

дардағы жер, тіл сөздері – заттың атауы, жекеше түрде, атау септігінде тұрған зат есімдер. Осы атау септік, жекеше тұлғасы, заттық мәні жер сөзінің грамматикалық мағыналары болып табылады. Бұл белгілер жер сөзінің бойында грамматикалық белгілердің пайда болғанын көрсетеді. Ал морфология сөздің нақты лексикалық дербес мағынасын емес, осы лексикалық мағына негізінде пайда болатын, жалпы, ортақ қасиеттері арқылы топтастырылған сөздердің грамматикалық белгілерін зерттейді. Өйткені лексикалық қордағы сөздер, сөздердің тобы жалпыланып барып, белгілі бір грамматикалық мәндерде жұмсалады, сол мәндердің басын біріктіретін ортақ грамматикалық қасиеттері (синтаксистік, морфологиялық) арқылы сөздердің грамматикалық категориялары пайда болады. Ортақ морфологиялық белгілері болуы арқылы сөздер сөз таптарына топтастырылады, жіктеліске түседі. Осылайша, сөздердің морфологиялық құрылымы түзіледі. Яғни, морфологияның нысанына айналуы үшін сөз белгілі бір грамматикалық мағынаны иеленіп, сөйлеу процесінде белгілі бір қызмет атқаруы тиіс. Мысалы:

Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар.
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.
Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.

(Абай)

Бұл шумақтағы негізгі ой – сөз туралы. Осы шумақтың жекелеген әр тармағындағы, соның ішінде Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма? жолындағы сөздердің әрқайсысының білдіріп тұрған өз алдына жеке лексикалық мағыналары бар. Бірінің білдіретін мағынасын екіншісі білдіре алмайды. Бірақ осы сөздердің сөйлеу процесіне қатысып, белгілі бір қызмет атқаруы нәтижесінде сөйлем құралып, ойды жеткізуге мүмкіндік туып тұр. Сөздердің сөйлеу процесіндегі атқарып тұрған қызметтері сөздердің сөйлем ішінде бір-бірімен байланысуынан, яғни қосымшалардың қолданысынан байқалады. Мысалы, ұғар етістігі (тұбірі – ұқ, ар – келер шақ көсемше) өзімен байланысқа түсетін тілдік бірліктің табыс септігінде тұруын (сөзді) керек етеді. Ал сөзді – зат есім, табыс

септігінде тұруы арқылы тұра объектілік мағынаны береді. Осы – сілтеу есімдігі, күнде – жатыс септіктегі зат есім, кісі – жалпы есім, атау тұлғасында, бар – көмекші сөз (модаль), ма – сұраулық шылауы. Қосымшалар осы текстес ондаған сөзге жалғана алады. Грамматикалық мағыналардың жеке бір сөзден көрінетін лексикалық мағынадан өзгеше болатыны осыдан байқалады.

Сөздердің лексикалық мағынасының жалпылануы нәтижесінде грамматикалық мағыналар пайда болады. Бірақ алдымен лексикалық мағына, содан кейін лексикалық мағынаның негізінде грамматикалық мағына пайда болады.

Ескерту: Грамматикалық мағына кейде ешқандай қосымшасыз, сөйлем ішіндегі сөздердің бір-біріне қатысы арқылы да жасала береді.

Айталық, жер, су, аспан, адам, қала, дала, бала сөздерінің лексикалық мағыналары түрлі-түрлі, соған қарамастан, олардың ортақ грамматикалық белгілері арқылы қалыптасқан грамматикалық мағыналары осы сөздердің бір ыңғайда топтастыруға мүмкіндік туғызып тұр. Ол белгілер:

- заттың атын білдіруі;
- атау септігінде тұруы;
- жекеше тұрде келуі.

Бұл аталған грамматикалық мағыналардың тек келтірілген сөздер ғана емес, өзге де сандаған сөздердің құрамында кездесуі грамматикалық мағынаның ортақ, жалпылама екенін білдіреді. Сондай-ақ сөздердің қимыл, іс-әрекетті атауы, сындық, сандық, т.б. мағыналары болуы лексикалық қордағы сөздердің сөз таптарына топтастыруға мүмкіндік береді, оларда да жалпылық қасиет бар. Осы қасиеттерінің бәрі де сөздердің грамматикалық құрылымын айқындауды.

Сөздің морфологиялық құрылымы морфемадан басталады. Морфема туралы ұғым негізгі морфема мен қосымша (аффикс) морфемалардың бір-бірінен ажыратып алудан басталады.

Сөз түбір және қосымша морфемаларға бөлінеді. Бірақ сөздер кейде негізгі түбір тұлғалы (түбір морфема) түрінде, енді бірде негізгі түбір мен қосымша морфемалы түрінде келеді.

I. СӨЗ = негізгі морфема = ешқандай қосымшасыз тек таза түбірден жасалған;

II. СӨЗ = негіз + қосымша морфеманың қосындысынан тұрады.

Яғни, сөз әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түбірден және түбір мен сөз тудыруши морфемалардан тұрады. Сөз құрамы жағынан түрлі-түрлі болады. Олар бір морфемадан, екі морфемадан, үш немесе төрт морфемадан құрала береді.

Сөз құрамындағы әрбір морфеманың мағынасы бар. Морфемалардың білдіретін мағынасы да, қызметі де әртүрлі болып келеді. Соған орай морфемалар лексикалық мағынаны және грамматикалық мағынаны білдіретін морфемалар болып бөлінеді. Мысалы, қала-шық-тар-ға. Осындағы қала – негізгі морфема, өзіне тән лексикалық мағынасы бар, шық-тар-ға – 3 түрлі қосымша немесе аффикстік морфемалар.

Сонымен, сөз дегеніміз – сөйлем құрауға негіз болатын мағыналы бөлшек, тілдік жүйедегі грамматикалық мағыналардың түзілуіне үйтқы болатын тілдік бірлік.

§ 1.2. Түбір туралы түсінік

Түбір морфема – сөз мағынасының негізгі ұйытқысы, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, тұлғалық та, мағыналық та дербестігі бар тілдік бірлік.

Бірақ түбірдің немесе туынды негіздің сыртқы пішініне (тұрпатына) қарап, олардың қай сөз табына жататындығын тап басып айту мүмкін емес. Мысалы, ат (жылқы) және ат (мылтық ат) пен ат (адамның аты). Бұлардың қай сөз табына жататындығын тек мәнмәтінге (контекске) қарап айырып, қолданыстағы күйіндеғана қандай мағына білдіретінін нақты айта аламыз.

Түбір морфемасыз қосымша морфеманың бірде-бірі, тіпті бірнешеуі қосылып ешқандай мағынаны білдіре алмайды. Сондыктан түбір морфема ең негізгі, басты морфема саналады.

Түбір морфема жеке-дара тұрып та сөз бола алады әрі бұл оның басты қасиеті. Түбір морфеманың сөз түрінде қолданылатын

кездері мұнымен шектелмейді, олар қосымша морфеманы қосып алып та, қайталанып та, басқа бір түбір морфемамен қосарланып та, өзге сөзбен тіркесіп келіп те сөз ретінде жүмсалады.

Түбір морфеманың сөз ретінде қолданылуы (А. Ибатов кестесі негізінде)


қосымша морфемамен	қайталануы арқылы	өзге бір морфемамен қосарлануы	өзге бір морфемамен бірге	өзге бір морфемамен тіркесуі
Жастық Карттық Достық	Тау-тау Қап-қап Мая-мая	Тау-тас Орман-тоғай Дос-дұшпан	Қолғап Есек-жем Қарақұс	Қырғи қабак Ақ құба Қызыл ала

Ескерту: Бірақ кейбір сөздердің білдіретін мағыналарына (жаңа сөз немесе жаңа мағына тууына орай) байланысты кейбір ғалымдардың өзгеше көзқарастары қалыптасқан. Сондай пікір тудыратын тілдік элементтердің бір тобына қос сөздердің түрлері жатады: «бала-шага, ыдыс-аяқ, кәрі-жас, т.б. дегендерді жаңа мағыналы туынды сөздердің қатарына жатқызысақ, мая-мая, қора-қора, тау-тау немесе үп-үлкен, сап-сары, жап-жас, немесе ат-мат, жігіт-мігіт, шай-пай, т.б. дегендерді толық мәнді жаңа туындылардың қатарына жатқызуға бола ма? Өйткені мая-мая, қора-қора, тау-тау сияқтылар – маядан, қорадан, таудан бөлек жаңа ұғымдар емес, солардың көптігін гана, ал үп-үлкен, сап-сары, жап-жаста үлкеннен, сарыдан, жастан бөлек сындар, түстер емес, сол сындардың күшеттілген түрі гана» (Исаев, 1998).

Түбір морфема – сөздердің түрлі лексика-грамматикалық топтарына өзек болатын ортақ морфема.

Мысалы, бас сөзін алайық.

К. Аханов негіз берін түбірдің айырмашылығы сөздердің лексика-грамматикалық топтарына байланысты деп беледі. Жоғарыда айтқандай, түбір бірнеше сөздер тобына ортақ болса, негіз белгілі бір лексика-грамматикалық топтың формаларына ортақ. Мысалы, тек етістікке, я болмаса тек зат есімдерге, т.б. (Аханов, 1980, 24-б.). Негіздің қызметі сөздердің түрленуі кезінде айқын білінеді.



Ескерту: Негіз таза түбірден де болады. Мұндаидай жағдайда түбір мен негіз, негіз бен сөз, сөз бен түбір бір-біріне үқсас келеді.

Түбір мен сөздің және негіздің мағынасы мен формасы жағынан сәйкес келуі етістіктің бүйрық райының 2-жак формасы етістіктің әрі түбірі, әрі негізі, әрі дербес сөз түрінде келуінен көрінеді. Сондай-ақ атау септігінің арнайы көрсеткіші жоқ болғандықтан, атау тұлғалы сөздерді дәл осы қалыпта (түбір, негіз, сөз) қабылдаймыз.

Түбір морфема мен қосымша морфеманың ажырамастай кірігуінің нәтижесі – өлі түбірлер. Олардың саны тірі түбірлерге қарағанда өте аз.

К. Ахановтың көрсетуінше, бұлардың өлі түбір екендігін айғақтайтын фактор – ең кем дегенде екі сөздің құрамында келуі және сол арқылы бір-бірімен салыстыратында мүмкіндіктің болуы және бұл түбірлер арқылы жаңа сөздердің жасалмауы. Айталақ, той мен тоқ (то-дан жаңа сөз туындауды), өксі мен өкір (өк-тен жаңа сөз жасалмайды), т.б.

Ескерту: Бұлар тарихи тұрғыдан туынды сөздер болып табылады. Бірақ қазіргі кезде оларды түбірлер деп білеміз.

Негізгі түбір тұлғалы сөздер: от, ал, ер, жүр, ес, қол, т.б. (Моисеев А.П. О грамматической категории // Вестник ЛГУ. – № 2. – 1956) түрінде болады, бұларды жалаң негізгі түбір сөздер дейміз. Бұл құбылысты, яғни түбір морфеманың жекедара тұрып сөз болуын К. Аханов бір ғана түбірден құралған жалаң негіз (непроизводная основа) деп атайды (Аханов, 1980, 21-б.).

Ал қосымшалы туынды негіз сөздер: қыл-ық, ер-лік, аш-ыл, т.б. (Дмитриев Н.К. Стой тюркских языков. – М., 1962) түрінде болады. Бірақ осы екі түрлі (Моисеев А.П. О грамматической категории // Вестник ЛГУ. – № 2. – 1956; Дмитриев Н.К. Стой тюркских языков. – М., 1962) тұлғалардың екеуі де жеке сөздер. Туынды негізден (производная основа) жасалатын сөздер де бар. Жалаң түбірден құралған сөздер түбір сөздер деп аталады, ал туынды негізден немесе түбір мен жұрнақтың қосындысынан туынды сөздер пайда болады (Аханов, 1980, 21-б.).

Сөздер тек жалаң және туынды болып қана қоймайды, өйткені сөздер негізгі морфемаларға жалғанатын қосымша (жалғау, жұрнақ) морфемалардан ғана құралмайды. Сөздердің біріккен, қосарланған күрделі түрлері бар (kestеде көрсетілген). Ол сөздер кем дегенде екі сөзден құралады да, құрамы жағынан негізгі және қосымша морфемаға бөліп қарауды қажет етпейді. Мысалы: бір-аз, қол-ғап, есек-жем, ай-балта, т.б. Бұл келтірілген мысалдардан қосымшаларды іздеудің қажеті жоқ. Себебі олардың құрамына енген сөздердің санына қарамастан бірбүтін тұлға, бірбүтін морфема әрі құрамындағы сөздер мағыналық, тұлғалық, синтаксистік жағынан бірбүтіндікке жеткен күрделі сөзді құраушы морфемалар ғана болып табылады. Яғни, мұндай жағдайда сөз былайша жасалады:

Сөз – негізгі морфема	+	Негізгі морфема	Сөз
бір	+	аз	біраз
қол	+	қап	қолғап
ай	+	балта	айбалта
есек	+	жем	есекжем

Ескерту: Негізгі морфемаларға қосылып жаңадан лексикалық тұлға жасауши, жаңа мағыналы сөз, жаңа лексикалық бірлікті – жаңа сөзді тудыратын қосымша морфемалар негізгі морфемалармен тұтасып, бір-бүтін тұлғага айналып кетеді (Ибатов, 1983).

Сондай-ақ сөз тудырушы жүрнақ жаңа сөз жасау барысында негізгі морфема дәрежесіне көтеріледі. Өйткені осы морфеманың жалғануы арқылы жасалған жаңа сөздер әрі қарай өздері де жаңа сөздер тудырады, грамматикалық мағына үстейтін қосымша морфемаларды қабылдайды, түрленеді. Сол кезде олар туынды негізге айналады, яғни жеке лексикалық единица, мағыналық және тұлғалық тұтастыры бар негіз морфема ретінде қызмет етеді.

Мысалы: БАС – басшы = басшылық;

бастық = бастықтық, т.б.

БАС – баста = бастау, бастаушылық, т.б.

Тұбір морфемалардың саны қосымша морфемалардан әлдеқайда көп. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» 70 мындаған тұбір бар екенін білеміз, ал соларға ұйытқы болып тұрған тұбір морфеманың саны белгісіз (Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. – Алматы, 1992) Ал Ә. Қайдар қазақ тілінде байырғы бір буынды 352 тұбір морфема бар деп көрсетеді (Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата, 1986).

§ 1.3. Қосымша морфемалар

Морфологиялық талдау сөзді морфемаларға бөлу, ажырату деңгенді білдіреді. Қосымша морфемалар – тұлғалық та, мағыналық та дербестігі жоқ, тұбір морфемаларға қосылып айтылғандағанда


белгілі бір лексика-грамматикалық мағынаға ие болатын қосымша тұлғалар. Фонема, буын сияқты тілдік единицаларда мағына болмайды, ал морфемада не лексикалық, не грамматикалық мағына бар. Мысалы: -лық, -ша, -ым, -ға, -да, -т, -қыз, т.б.

Түркологиялық әдебиетте қосымша аффикс terminiмен беріледі әрі олар іштей жіктеліске түсірілмей кең мағынада қолданылғанда, аффикс terminiң аясына қазақ тіл білімінде жіктеліп айтылатын жалғау, жұрнақ мәні де еніп кетеді. Мысалы: аффиксы множественного числа, аффикс падежа, аффикс принадлежности, аффикс сказуемости, аффиксы залога, аффиксы степени сравнения, аффиксы глагольного словообразования, т.б.

Қазақ тілі грамматикаларында қосымшаның өзін мағыналық, қызметтік ерекшеліктеріне орай бірнеше түрге бөледі: септік жалғаулары, сөз тудыруши жұрнақтар, етіс жұрнақтары, т.б. Қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық (морфемалық) құрылышы жүйесіндегі түрлі қосымшалардың орны олардың атауынан байкалып тұрады.

Сөздердің құрамындағы қосымша морфемалар жұрнақ және жалғау деп аталатын екі топқа жіктеледі.

Қосымша морфеманың бір түрі – жалғаулар.



Таза грамматикалық қосымшалар деп аталатын бұл қосымшалар реляциялық мағына тудырады. Жалғаулар өздері жалғанатын сөздерге көптік, септік, тәуелдік және жіктік сияқты таза грамматикалық мағыналар үстейді, өздері жалғанған сөзді басқа сөздермен байланысқа түсіріп, сөз бен сөзді жалғастыруши, байланыстыруши қызмет атқарады, олар түбірге тәуелді болады

және бірнеше фонетикалық вариантпен келеді. Мысалы, -лар – көптік жалғау, ал фонетикалық варианттары -дар, -дер, -тар, -тер. Қосымшалардың осы варианттары алломорфтар деп аталады.

Қосымша морфеманың енді бір түріне жүрнақтар жатады.

Жалпы алғанда қазақ тіліндегі қосымшалар сөз тудыруши, сөз түрлендіруші, сөз бен сөзді байланыстырып, жалғастыруышылық қызмет атқарады.

Қосымша морфеманың ең бірінші және басты лексика-грамматикалық белгісі – мағыналық және тұлғалық дербестігінің жоқтығы. Сондықтан да қосымшаларды бір-бірінен ажыратқанда олардың жаңа сөз тудырып, әдеби тілді, сөздік қорды байытуы, болмаса түбір сөзге қосымша грамматикалық мағынағана үстейтіндігі есепке алынады.

Егер қосымша сөздің лексикалық мағынасын өзгертпей, белгілі бір категория шеңберінде грамматикалық мағына үстесе, сөйтіп белгілі сөз табының грамматикалық формасын тудырса, сол сөз табына енетін сөздердің тобына тұтас жалғана алса, грамматикалық категорияның тұлғалық көрсеткіші болса, онда форма тудыруши жүрнақ болады.

Сөз тудыруши жүрнақтар өзі жалғанған сөзді жаңа бір лексикалық тұлғаға (бала-сыз, қат-та, қобыз-шы, ит-ше, құс-ша) айналдырса, сөз түрлендіруші жүрнақтар өзі жалғанған сөзіне жаңа грамматикалық тұлға береді, функционалды үстеме мағына (ойна-п (көсемше), айыр-а (көсемше), екі-ниші (реттік)) қосады. Сөз тудыруши жүрнақтың жалғануы арқылы жасалған туынды сөздердің әрқайсысы дербес лексикалық единицаға айналып, сөздіктерде реестр сөз ретінде қаралады. Мысалы: қолдау, қолдаушылық, қолданушылық, қолданыстық, т.б.

Сөз түрлендіруші (функционалды-грамматикалық) жүрнақтар жаңа лексикалық единица жасамайды, олардың өзі жалғанған сөзге үстейтін мағынасы сөздің сөйлемде қолданылу мақсатына сай, тек форма тудырады: бар – бармақ, бармақшы, барғалы, барса, барғай, т.б. Бұлардың негізгі мағынасы бар етістігінің мағынасынан ешқандай да алшақтамаған. Бұлар тек есімше, көсемше, рай формалары деп саналады әрі жеке реестр сөз дәрежесін иемдене алмайды.

Ескерту: Бұл жерде етіс формаларын тудыруши жүрнақтар арқылы жасалған етістіктердің реестр сөз ретінде сөздіктерде жеке берілетінін бөле-жара айтуымыз керек. Бірақ олар да жоғарыда келтірілген рай, жақ, шақ формалары секілді өзінің негізгі мағынасынан бөлек жаңа бір сөз тудырмайды. Мысалы, барғыздыр, барғыздырт, барғыздыртқызы, т.б.

Форма тудыруши жүрнақтар әртүрлі сөз таптарында кездеседі. Мысалы, сын есімге форма тудыруши жүрнақтар жалғануының нәтижесінде сынның түрлі формалары (түрлері) жасалады: көк – көкшіл – көкшілтім – көкшілдеу, т.б. Осы туынды мағыналарына сай кейбір сөз тудыруши жүрнақтар лексикологияның да, грамматиканың да нысаны болса, форма тудыруши жүрнақтар тек морфологияның нысаны бола алады.

Ескерту: Сөз тудыруши жүрнақтар мен форма тудыруши жүрнақтарды жекелеген тілдік құбылыстар көлемінде қарастырғанда, олардың қызметі мен нәтижесінің өзге өң алатыны бар. Айталақ, кілемше, көрпеше, ұзынша, т.б. сөздердің құрамындағы -ша, -ше жүр-нақтары түбірімен басқа мағыналы жаңа сөз жасамайды. Бірақ -ша, -ше-нің сөз тудыруы құсса, балаша, қасқырша, т.б. сөздердің құрамында нақты көрінеді.

Ал келтірілген мысалдарда (кілемше, ұзынша, т.б.) негізгі жүрнақсыз тұрғанда беретін мағынасы мен жүрнақ жалғанғаннан кейінгі білдіретін мағынасы арасында үлкен айырмашылық байқалмайды, өйткені олар өздері жалғанған сөздерге тек мағыналық реңк қана үстеп тұр. Яғни, бұл жағдайда аталмыш қосымшалар сөз тудыруши морфема болып саналмайды.

Сөз тудыруши, сөз түрлендіруші және сөз жалғастыруши (ғалым Ә. Ибатовтың термині), яғни таза грамматикалық мағына тудыруши қосымша морфемалардың бірінің орнына бірі қолданылып, түрлі қызметтер атқаруы олардың сөйлемдегі қолданыстық мақсатына орай болады.

§ 1.3.1. Жұрнақ пен жалғаулардың салыстырмалы ерекшеліктері

1. Қосымша морфемалардың ең басты лексика-грамматикалық белгісі – мағыналық және тұлғалық дербестігінің болмауы.

2. Жалғаулардың қолданыс жиілігі жұрнақтарға қарағанда жоғары. Жалғаулар белгілі бір сөз табына жататын сөздердің бәріне талғамай жалғана беретін болса, жұрнақтар өздері жалғанатын сөздерді талғайды. Мысалы, етістіктердің бәрі де жіктеледі, яғни жіктік жалғауымен түрленеді, ал зат есімдер септеледі, көптеледі, тәуелденеді, сонымен бірге осы жалғаулар заттанған (субстантивтенген) басқа сөз таптарына да жалғана береді.

3. Жұрнақтар кез келген сөзге талғамай жалғана алмайды. Мысалы, -шы, -ші жұрнағы кәсіпті, мамандықты атайтын зат есімдерді, атауларды тудырып, сөз талғайды. Етістіктен туынды зат есімдер тудыратын -ыш, -іш қосымшалары да етістік атаулының бәріне талғаусыз жалғанбайды. Тек адамның ішкі сезімін, эмоциясын білдіретін етістіктерге жалғанады: сүйін-іш, күйін-іш, т.б.

4. Сөз тудыруши қосымшалардың негізгі ерекшелігі – сөздің лексикалық мағынасын өзгерте алатын қасиетінің болуы. Жұрнақтың жалғануы нәтижесінде пайда болған туынды сөздер бір-бүтін лексикалық единицаға айналады, жаңа сөз жасалады.

5. Жалғаулар мен түбірлердің мағыналары (бірі – лексикалық, бірі – грамматикалық) бір-бірімен жымдасып, бір-бірінен ажырағысыз күйде кірігіп кетпейді, сондықтан жалғаулардың қосалқы тілдік элемент екені байқалып тұрады, т.б.

§ 1.3.2. Қосымша морфемалардың мағыналық қарым-қатынастары

Сөздердің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынаста болатыны секілді тілдегі аффикстер де бір-біріне синонимдес, омонимдес, антонимдес болады.

Тілдің дамуының нәтижесінде қалыптасқан жүрнақтарға тән синонимдік, омонимдік қасиеттер қазақ тілінің төл жүрнақтары мен кірме жүрнақтарды салыстырғанда анық сезіледі. Сол сияқты қосымша морфемаларда көпмағыналық (полисемантизм) болады.

Омонимдес қосымшалар (аффикстер). Бір тұбірден кемінде екі сөз тудыратын, дыбысталуы бірдей болғанымен мағынасы мен қызметі басқа-басқа аффикстер омонимдес аффикстер деп аталады. Оларға етістіктен есім сөз тудыратын -қ (-ық, -ік) және етістіктен етістік тудыратын -қ (-ық, -ік) аффиксін жатқызуға болады:

Қызық (сын есім: кітап қызық) және қызық (кітап оқуға қызық, қызықты етістігі); жаңғырық (зат есім) және жаңғырық (жаңғырықты – етістік).

-с (-ыс, -іс) жүрнағы: айтыс (зат есім) және айтыс (айтыс-ты – етістік);

-т (-ыт, -іт): құмарт (етістік: -т арқылы есім сөзден етістік жасалып тұр) және бөгет (-т арқылы етістіктен зат есім жасалып тұр);

-н (-ын, -ін): мақтан (мақта-н – етістіктен зат есім жасалып тұр) және мақтан (мақтанды – етістік), сондай-ақ омоним жүрнақтарға -қы (-кі), -ғы (-гі), -ғыш (-гіш), -қыш (-гіш) жүрнақтарын жатқызамыз.

А. Ысқақов омонимдес жүрнақтарға -лас (-лес, -дас, -дес, -тас, -тес), -ыр (-ір, -ар, -ер), -дық (-дік, -лық, -лік), т.б. жатқызады.

Ескерту: Бір ғана аффикстің өзіне-өзі омоним болуы мүмкін емес, омонимдес аффикстер екі немесе одан да көп әртүрлі аффикстердің дыбысталуы жағынан ғана бірдейлігі, ал олардың шығу тегі (мысалы, етістіктен есім тудыруы немесе есімнен етістік жасалуы) мен қызметі (әртүрлі сөз табы) әр басқа болады.

Ал көп мағыналы аффикстер әр басқа аффикстер емес, бір ғана аффикстің екі немесе одан да көп грамматикалық мағына білдіруін айтамыз. Жолдасымыз дегендегі -мыз әрі тәуелділіктің 1-жағы, әрі көптік мағынаны білдіреді.

Синонимдес жүрнақтар. Ұқсас мағыналы жаңа сөз тудыратын әртүрлі жүрнақтар синонимдес жүрнақтар деп аталады. Қазақ тіліндегі синонимдес жүрнақтарға: -қыш, -ғыш, -кіш, -гіш; -шак,

-шек; -қақ, -кек; -қыр, -ғыр, -кір, -гір жатады. Аталмыш жүрнақтар тудыратын жаңа мағыналы сөздер бір-біріне мағыналас болып келеді: білгір – білгіш, ұялшақ – ұялғыш, жүргіш – жүргек, т.б.

-кер, -гер жүрнағы -шы, -ші жүрнағымен синонимдес: суреткер – суретші, себепкер – себепші, қызметкер – қызметші, табыскер – табысшы, сәuletші – сәuletкер, саясатшы – саясаткер, т.б.; -кеш, -геш пен -шы, -ші: арбакеш – арбашы, түйекеш – түйеші, т.б.

-шы, -ші-ге қарағанда, -кер, -гер кірме жүрнақтары құнарсыз жүрнақтар болып есептеледі. Себебі зат есім жүрнақтарының құрамына кіретін кірме жүрнақтардың иран типтілеріне -кер, -гер, -паз, -стан, -хана жатады. Бұлар – тегі жағынан өздері шыққан төл тілдерінде толық мәнді дербес сөздер. Жалғамалы тілдер тобына енетін қазақ тілі үшін үндестікке сай бір жүрнақты туынды түбір де, екі не одан да көп (төртке дейін) жүрнақ қосылып жасалатын туынды түбір болғанмен, соның ішінде -кер, -паз, -кор, -стан жүрнақтары үндестік заңына бағынбай тілдегі санаулы түбірлерге ғана үстеледі.

Кейбір жүрнақтар арқылы жасалған сөздердің мағыналары синонимдес болғанымен, олар мағыналық жақтан еш уақытта бір-біріне тең болмайды. Мұндай жүрнақтарға А. Ысқақов: -ша (-ше) мен -шақ (-шек, -шік), мысалы: тоқтыша – тоқтышақ, өзенше – өзеншік, көлше – көлшік, көрпеше – көрпешік, т.б. жатқызады. Сонымен бірге ақши – ақырай және осы -шы + рай жүрнақтарының қосындысынан туындаған ақшырай, сондай-ақ тікши – тікірей – тікшірей; кеки – кекірей – кекшірей, т.б. атайды (Ысқақов, 1991, 34-б.).

§ 1.3.3. Кірме жүрнақтардың ерекшеліктері

-хана иран тілінде «үй» деген мағынаны білдіреді. Бірақ түркі тілдерінде сөзжасам жүрнақтары қатарында қарастырылады және бұлардың (-стан, -хана жүрнақтарының) түркі тілдерінде фонетикалық варианты жоқ.

-хана арқылы қазақ тілінде жасалған туынды зат есімдерді бірнеше топқа жатқызуға болады:

1. Жалпыхалықтық қолданыстағы зат есімдер: *кітапхана, мейрамхана, жетақхана, ұстахана, аурухана, сырхана, масахана, шайхана*, т.б.

2. -хана арқылы ономастикалық қала атаулары әргонимдер туындаиды. Олар орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілден енген терминдердің баламалары ретінде пайда болған зат есімдер: *перзентхана, дәріхана, сәбихана, шарапхана, гаріпхана*, т.б.

3. Бұл топқа бүгін көнерген, мағынасы көмекіленген сөздер жатады. Мысалы: *зікірхана, гибадатхана*, т.б. сөздер.

4. -хана арқылы жасалған зат есімдердің енді бір тобы окказионализм сөздерге табиғаты, шығу төркіні жағынан ұқсас. Олар: *диюхана, қапасхана, жұбапхана*, т.б. Бұлар – көпшілікке етене таңыс емес қолданыстар.

Кейінгі жылдары балама табу мақсатында жаңа сөз тудыруға -хана жүрнағы көп пайдаланылып жүр. -хана көмегімен туындаған көптеген жаңа атаулар әдеби тілдің элементтеріне айналды деуге негіз бар. Олар көркем әдебиетте, ресми тілде, ғылым тілінде еркін қолданылады. Мысалы: *кітапхана, шілдехана, жетақхана, асхана, мейманхана, шайхана, емхана, шеберхана, сырхана, дәріхана, наубайхана*, т.б. Ал *атхана, аспазхана, айуанхана, бажхана, балахана, баспахана, гаріпхана, дәнхана, дәмхана, дәрісхана, елшіхана, етхана, жетімхана, кеселхана, көмірхана, көшетхана, пірхана, қабылхана, қазыхана, қозыхана, қарауылхана, қойхана, құсхана, мейманхана, мұрдехана, ойынхана, перзентхана, тоихана, ұстазхана, тағамхана, дыбысхана, зергерхана, мәйітхана, зертхана, жазхана, мұсәпірхана, наубайхана, төлхана, хатхана*, т.б. жиі қолданылмайды. -хана қосымшасының о бастағы семасында «үй» мағынасы, «баспаның мәні мүлде жоғалмаған, себебі өзі жалғанған сөзге мекен-жайлық мәнді үстейді.

-хана жүрнағының әлі де сөз тудыру қызметі тоқтаған жоқ. Қазір бұл жүрнақ өнімсізден жартылай өнімді жүрнаққа айналған.

Түркі тілдерінің жүйесінен берік орын тепкен **-кер, -гер** жүрнағы – иран тіліндегі етістіктің ықшамдалған түрі. Жуан варианты қазақ тілінде жоқ бұл жүрнақ кірме зат есімдер құрамында ұшырасады. Мысалы: *құныкер, мініскер, себепкер, талапкер* сөздерімен бірге *кандидат* сөзінің баламасы *ұміткер*, *қызметкер* (служащий), *айыпкер* (обвиняемый), *қайраткер* (деятель), *саясаткер* (политик), *кәсіпкер* (ремесленник), т.б. сөздер – кірме лексемалар.

-кер жүрнағы қазақ тілінің сөздеріне ғана емес, жат тілдік кірме элементтерге жалғана алады. Оның өзінде де кәсіп, мамандықты білдіретін түбірлерді таңдап, талғап жалғанады. Айталық, *киногер*, т.б.

-кер жүрнағының терминжасаушы жүрнақ ретіндегі қызметі жанданған. Мысалы: *баспакер, тыңгер, иегер, санаткер, курескер*.

-кер жүрнағы арқылы көркем және публицистикалық шығармаларда окказионализмдер жасалады. Мысалы, *айғақкер, саңлақкер, жобагер, жеңіскер, сәулеткер, құныкер, жалаугер, атомгер, нағыскер, сайыскер, саяткер, іскер, мініскер, мұрагер, майдангер, табыскер, газеткер, бапкер, азаткер, айыпкер, талапкер, ұміткер, суреткер, саясаткер, сахнагер, тыңгер, жалгер*, т.б. Бұл келтірілген мысалдардың ішінде *қылмыскер, бапкер, майдангер, құныкер, сәулеткер, зейнеткер, ұміткер* (кандидат), *талапкер* (abituriент), *тыңгер* (целинник), т.б. сөздері әдеби тілдің бірліктеріне айналса, қалғандары тар қолданыстық шеңбер аясында қалып қойған.

-наме жүрнағы да – кірме жүрнақ. **-наме** жүрнағының жалғануымен жасалған, бұрыннан келе жатқан *махаббатнаме* сөзінің қатарына *өнернама* (творчество), *дәуірнама* (эпопея), *естелікнама* (мемуар), *тұғырнама* (саяси платформа), *жаднама*, т.с.с. сөздер қосылды.

Ал **-стан** жүрнағының активтілігі әлі де өте төмен, бұл жүрнақтың қосылуы арқылы жасалатын сөздер сол санауды қалпында қалып отыр. Айталық: *Қазақстан* (сол сияқты *Өзбекстан*, *Татарстан* сынды мемлекет атаулары) мен *мамырстан, гүлстан*, т.б.

-қор жүрнағы – құнарсыз, кірме жүрнақ. Бұл жүрнақ *пайдакор, өсімқор, жалақор, паракор* сынды аз ғана сөздердің құрамында кездеседі.

1.3.4. Кішірейту, еркелету мәнді жұрнақтар

Кішірейту, еркелету мәнді жұрнақтарды бөліп көрсету жөн. Бұл жұрнақтарды жаңа сөз тудыруши жұрнақтардың қатарына жатқыза алмаймыз. Олар өздері жалғанған сөздің мағынасын мүлде өзгерте алмайды, тек мағыналық реңк үстейді. Сондықтан мұндай жұрнақтар атқаратын қызметі жағынан сөз түрлендіруші жұрнақтарға жақын.

-ша, -ше: *көрпеше, жастықша, жапырақша, көкше, табақша, кітапша, қобдиша*, т.б.

-шак, -шек: *құлыншақ, інішек, түйіншек, тоқтышак*, т.б.

-шиқ, -шік: *үйшік, ойыншиқ, қалашиқ*, т.б.

-ш жұрнағы жалқы есімдерге жалғанып, еркелетуді, әлдекімге мейірленуді білдіреді, бірақ жаңа мағыналы сөз тудырмайды: *Үміт – Үміш, Бота – Боташ*, т.б.

-қан жұрнағы жалғанған сөз кішілікті білдіреді және еркелеткен кезде қолданылады: *балақан, қошақан, ботақан*, т.б.

-қай жұрнағы өзі жалғанған сөзге еркелету мәнін үстейді: *кішкентай, ататай, апатай, агатай, әкетай, шешетай*, т.б.

-ақа, -әке, -еке жалқы есімдерге жалғанғанда сыйлау, құрметтеу мәні пайда болады: *Ахмет – Ақа (Ақаң), Берік – Беке, Сәбит – Сәке*, т.б.; *Ana – (анаеке) – әпеке, агеке, атеке*, т.б.

-жсан жұрнағы да еркелету мәнінде жұмсалады: *балајсан, әкежсан, апајсан, агајсан*, т.б. Бұл жұрнақтар жалқы есімдерге жалғанғанда да осы мәнді үстейді: *Сәулежсан, Қанатжсан, Жібекжсан*, т.б.

§ 1.3.5. Қос функциялы қосымшалар

Қосымшалардың қызметі яки функциясы олардың сөз немесе сөздің түрін жасауымен байланысты анықталады. Қосымшалардың екі түрлі қызмет атқаруын анықтайтын терминдер *қос функциялы қосымшалар*, екі қызмет атқаратын *қосымшалар*, *қос қызметті қосымшалар*, *бифункциялы /қосқызметті/ қосымшалар*, *функциялы қосымшалар* деп әртүрлі терминмен аталып жүр.

Бифункциялы немесе қосфункциялы қосымшалар ұғымы қосымшалардың сөзжасамдық және сөзтүрленімдік қызметтеріне қарай айтылады және осы екі қызметке де олардың икемді болатынын аңғартады. «Сөзжасамдық функция орындаитын аффикстердің сөзтүрленімдік функцияға да икемделіп, қосалқы екінші қызмет атқаруы немесе бұған керісінше, негізінен, сөзтүрленімдік функция орындаитын аффикстердің сөзжасамдық функцияға да қабілеттеніп, екінші қосалқы қызметке енүі бифункциялық болады», – деп көрсетеді Қ. Шаяхметұлы.

Тілдегі бірнеше қосымшалардың қос қызметті қатар атқара алатынын Ы. Маманов та байқап, олардың қатарына -дай, -дей, -лық, -лік, -ша, -ше қосымшаларын жатқызады. Куман тілін зерттеген М.А. Хабичев **-лы, -лі, -сыз, -сіз** қосымшаларын синкретикалық аффикстер деп көрсетеді және олардың сөз де, форма да тудыратынын айтады. С. Исаев тілдегі қосымшаларды қызметіне қарай жіктей келе, қос функция атқаратын қосымшаларды «функциялық қосымшалар» деп бөліп көрсетеді.

Тілдегі -дай, -дей, -тай, -тей, -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік, -ша, -ше, -сыз, -сіз, -қы, -кі, -ғы, -гі, -лы, -лі, -ши, -ші қосымшалары қазақ тілінде сөз тудыруши өнімді қосымшалар ретінде басымырақ танылған. Бірақ олардың басқа қосымша қызметтерді атқаратыны М.А. Мелиоранский, А.Н. Кононов, А.М. Щербак, Э.Р. Тенишев, М.А. Хабичев, Ф. Орзбаева, Е.И. Убрайтова, Ф.А. Ганиев, М.З. Закиев, С. Усманов, В.Г. Гузев, Я.Н. Гулямов, Қ. Шаяхметов, т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Тілдегі **-дай, -дей, -лық, -лік, -ша, -ше, -сыз, -сіз, -қы, -кі, -лы, -лі, -ши, -ші** қосымшалары сөзтүрленім яки форма тудыруши жүрнақтар ретіндегі қызметі жан-жақты зерттелгенмен, олардың осы қызметіне қосымша форма тудыру қызметтері нақты зерттелмеген.

-дай, -дей, -тай, -тей қосымшасы сөз тудыруши қосымша ретінде:

- а) сын есім тудыруши жүрнақ: *балдай, тастай*, т.б.;
- ә) үстеген тудыруши жүрнақ: *жаздай, қыстай*, т.б. қызметтерін аткарады.

-дай, -дей қосымшасы форма тудыруши қосымша қызметтерін атқарғанда:

- а) септеулік шылауларды тудырады;
- ә) септік жалғауы болып түрленеді. Мысалы, *баладаймын*;
- б) модаль сөздерге жалғанып, сөзтүрленімдік қызмет атқарады. Мысалы, *бардай*, *жоқтай*, т.б.;
- в) салыстыру формасын жасап, мысалы, *алтындаій*, қос функцияны атқаратынын байқатады.

Тілдегі **-ша, -ше** қосымшасы сөз таптарының бірі үстеуді тудырады және форма тудыру қызметінде септеулік шылаулар мен салыстыру формасын тудырады.

Ескерту: К. Жұбанов -ша, -ше қосымшасын төңдес септіктің жалғауы деп көрсетеді.

-сыз, -сіз қосымшасы да – екі функцияны атқаратын қосымшалардың бірі. Бұл қосымшаның сөз тудыру қыры сын есім тудырумен байланысты, мысалы, *мұңсыз*, *кулкісіз* т.б., ал форма тудыру қызмет септеулік шылау, септік жалғауымен және болымсыздық немесе жоқтық мән үстеумен байланысты.

Көрсетілген қосымшалардың бәрінің де қызметтері **-дай, -дей, -ша, -ше** қосымшаларымен текстес, яғни қос функциялы болып келеді.

§ 1.3.6. Қазақ тіліндегі префикстермен келетін сөздердің ерекшеліктері

Егер **бей-** көнеден келе жатқан кірме қосымша болса, **аван-, авто-, агро-** префикстері тілімізге орыс тілі арқылы енген біршама жаңа тұлғалар әрі **бей-**ге қарағанда сөз тудыру процесіне барынша жиі қатысатын сөз алды қосымшалар болып табылады. Осы префикстердің сөз тудырудың икемділіктері аталмыш **авто-, агро-, аван-** префикстерімен келетін сөздердің ерекшеліктерімен тығыз байланысты сияқты.

Егер **бей-** жалғанған сөздер әлденені жоққа шығару мағынасын білдірсе, **аван-, авто-, агро-** қосымшалары авангардтық, ғылыми-

техникалық, түрлі саладағы ғылыми жаңалықтарды атайды және осы префикстер арқылы аса жиі қолданылатын сөздер жасалады. Аталған жүрнақтармен келетін сөздердің қазақ тіліне префиксін сақтай отырып аударылуы, осы префиксдердің кез келген қазақ сөзімен тіркесуге икемділігі бұлардың қолданыс жиілігінің артып келе жатуының себебін көрсетеді.

Авто- префиксі (гр. *Autos*) қазақ тіліне өз тұлғасымен және өзі жалғанған сөздің мағынасына көшетін қасиетімен ауысатынын: а) көлік туралы айтылатын (өздігінен жүретін) *автокөлік* және автокөлікпен байланысты *автожуу*, *автобөлшек*, *автопарк*, *автомұрақ*, *автобус*, т.б.; ә) автордың өзінің қолтаңбасын қалдыруы немесе өз бейнесін өзі салуы (*автопортрет*, *автограф*, *автобиография*, *автореферат*, т.б.); б) өздігінен іске қосылатын зат (механизм) (*автоқалам*, *автоқондырығы*), т.б. мысалдар көрсетеді.

Автограф пен *автореферат* құрамындағы авто-ның автор сөзімен түбірлестігі байқалып тұр, бұлардың *автоматический* (өзі жүретін, қозғалатын) деген мағынамен еш байланысы жоқ.

Авиа- префиксімен келетін сөздердің көпшілігі аударылмаған, тұлғасын сақтаған: *авиакомпания*, *авиалайнер*, *авиация*, *авиаконверт*, *авиарейс*, т.б.

Сол сияқты *-агро*, *-аква* префикстерімен келетін *агрокешен*, *агрошаруашылық*, *агроөнеркәсіп кешені* сөздері мен сөз тіркестері бар.

Анти- префиксі өзі жалғанған зат есімге екі түрлі ұғым береді: 1) әлденеге қарсыласу, әлдекіммен күрес; 2) қарама-қарсылық, жоққа шыгару (мысалы, *антитопод*).

Нигилистік ағым ұғымдары осы анти префиксімен жасалады, мысалы: *антидрама*, *антироман*, *антипоэзия*, *антикино*, *антифильм*, *антиискусство*, *антиавтор*, *антимузыка*, т.б.

Қазір *авто-*, *агро-*, *мобиль-*, *анти-*, *архи-* префиксoidтарына қарағанда *макси-*, *мини-*, *космо-* сияқты жаңа және өте жаңа *super-*, *гипер-*, *ультра-* префикстері пайда болды.

Қазақ тілінде *мини-* және *макси-* сөз алды қосыншаларымен жасалған сөздер жеткілікті, ал соңғы жылдары пайда болған *superstudент*, *супермаркет*, *гипермаркет* кірме сөздері *super-*, *гипер-* префикстері арқылы жасалған. Осы соңғы префиксдердің

тіркесуімен жасалған сөздер өте жоғары дәрежедегі, аса үлкен, тым үлкен, орасан мағынасын тудырады.

Орыс тіл білімінде аталмыш префикстер арқылы жасалған сөздер кітаби (книжный) лексика элементтеріне жатады. Бұл лексиканың негізгі қорын терминологиялық, публицистикалық, мемуарлық, қоғамдық-саяси сөздер құрайды. Мысалы, *ультрамиллионер, ультраимпериализм, архиконсерватор, суперавиация, гиперактивті*, т.б. Аталған префикстердің ішінде тілімізге түртүлғасын сақтамай, өзгеріп енген сөз алды қосымша – **сверх-** префиксі. Бұл префиксің орнына қазақ тілінде көбінесе *жоғары, əсіре, орасан, керемет* секілді синонимдес сөздер қолданылады, осы сөздер аталмыш префиксің (сөз емес, сөз алды қосымшаның) баламасының орнына жүреді. *Сверх-* префиксінің баламасы ретінде *əсіре* сөзі жүздеген зат есімдермен тіркесе алды және өзі тіркесетін сөзбен бірге емес, бөлек жазылып, аналитикалық форма тудырады.

Дегенмен сөздің көлеміндегі позициясына қарай сөз алды қосымшаларының агглютинативтік деңгейі аса жоғары, зат есімдердің кез келгенімен тіркесуге икемделіп тұратын бұл префикстер өнімді сөз тудыруши қосымшалар қатарына жатады.

«Қосымша морфемалардың саны, біздің шамалауымызша, барлық вариантарды қоса есептегендеге 1000-ның о жақ, бұл жағында болуға тиіс.

Қазақ тілінде қосымша морфемалар қосымшаға (жұрнақ, жалғауға) балама ретінде қолданылады. Ал қосымшалар болса, негізінен толық мәнді сөздің көмекші сөзге айналып, мағынасының көмексіленуінен жасалады. Оған әлі ізі суи қоймаған *тұрған – тұғын – тын, (-тін), бірлән – менен – мен, (-пен, -бен)* қосымшалары дәлел. Морфология оқулығында: «-екеш, -егеш/ – бұл жұрнақ категориясы ретінде қалыптасып кетпеген, жұрнақ пен көмекші (шылау) сөз категориясы арасында тұрған форма», – дейді А. Ысқақов (Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974. – 169-б.).

10 томдық түсіндірме сөздікте бұл шылау сөз түрінде көгенде (реестрде) тұр (3-т., 285-б.). Сол сияқты оқулықта есімдерден зат

есім тудыратын өнімсіз жүрнақ қатарында аталатын – *кент* (159-б.) қосымшасы да сөздікте *кент* (4-т., 612-б.), *кентті*, *кенттік*, *кентше* болып тұр. Сол сияқты оқулықта айтылатын *-сымақ* (168-б.) жүрнағы да сөздікте (8-т., 471-б.) өз алдына ұстене сөз түрде түсіндірілген. Осы сияқты сөз бен қосымшаның арасында жүргендер де, тіпті не сөз, не қосымша екені белгісіздер де ұшырайды. Бұдан шығатын қорытынды: қосымша морфеманың бәрі бірдей қосымша бола бермейді, мән-мағынасы айқындалмаған тілдік элементтер де кездеседі. Сондықтан қосымша морфемалар дегеннен гөрі, көмекші морфемалар деудің жөні бар сияқты», – деп көрсетеді С. Мырзабеков (Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. – Алматы, 1992. – 4-б.).

§ 1.4. Сөздің құрылымы

«Агглютинативті тілдерде, соның ішінде түркі тілдерінде сөздің құрамында төрт түрлі элемент болады:

- 1) түбір;
- 2) түбір мен сөз тудыруши лексика-грамматикалық аффикстерден құралған бірінші негіз;
- 3) түбір мен сөз тудыруши лексика-грамматикалық және сөз түрлендіруші функционалды-грамматикалық аффикстерден құралған екінші негіз және
- 4) сөзді түрлендіруші аффикстер» (Ә. Ибатов).

Мұндағы 2, 3, 4 – бәрі де түбірге жалғанатын қосымша морфемалардың қызметі нәтижесінің негізінде екі элементтен тұратыны көрінеді.

Түркі тілдерінің сөздік құрылымы екі элементтен, түбір (негіз) және аффикстен немесе аффикстерден тұрады: **төл префикс (болмайды) – түбір + аффикс = түркі (қазақ) сөзі.**

Ал қазақ тіліндегі аффикстер моносемалы, яғни әрбір қосымшаның өзіне ғана тән грамматикалық мағынасы бар. Мысалы, *ата* (түбір), *-лар* (көптік жалғау), *-ы* (тәуелдік жалғау, III жак), *-мыз* (тәуелдік жалғаудың I жағы), *-дың* (ілік септігінің жалғауы).

§ 1.4.1. Түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың ерекшеліктері

1. Кейбір жұрнақтардың тек етістікке, кейбірінің есім сөздерге жалғануына қарап, қосымша морфемалардың белгілі бір зандаулыққа бағынатындығы көрінеді. Олар өздері жалғанатын сөздерге талғап барып жалғанады. Сол секілді түбірлер де талғайды. Қосымша морфемалар тұлға жағынан тұрақсыз (дербестігі жок) болғандықтан, түбірдің ыңғайына бағынады. Егер түбір морфема етістік болса, оған қимылды, іс-әрекетті білдіретін сөздердің ерекшеліктерін аша түсетін қосымшалар жалғанады. Мысалы: *айтыл, айтылды, айтылар, айтылмақ, айтылса, айтасыңдар*, т.б.

2. Қосымша морфема түрлі түбірлерге жалғанған сайын жаңа бір мағына бере алмайды, нешеме түбірге жалғанса да бір қосымша бір ғана мағынаны білдіреді. Мысалы: -*ға* қосымшасы барыс септігінің бағытты білдіретін қосымшасы: *қала-ға, дала-ға, ана-ға, үй-ғе*, т.б. дегенде білдіретін мағынасы біреу ғана, бір ғана сұраққа жауап береді, бірақ әлденеше сөзге жалғана береді.

3. Түбір – дербес тұлға, оған қаншама қосымша жалғанса да өзгермейді, тұлғасын сақтайды. *Бала-лар-ы-на, бала-лар-ы-мыз-дың*. Бұл агглютинативтік тілдердің ерекшелігі болып табылады.

4. Сөз тудыруши жұрнақтар түбір мен туынды негіздерге жалғанғанда сол тұлғаның дыбысталуына қарай жуан я жіңішке болып жалғанады. Мысалы: *мал-шы* (түбір де, қосымша да жуан), *куй-ши* (түбір де, қосымша да жіңішке).

5. Түбірге жалғанатын қосымша морфемалар белгілі бір реттілікке бағынады. Жұрнақ түбірге тікелей, жалғаулар олардан кейін жалғанады.

«Дегенмен бұл зандаулықтардың сөз құрамындағы жаңадан сөз тудыруши және сөз түрлендіруші жұрнақтар мен жалғау морфемалардың қолданылу мақсатына қарай үнемі бір қалыпта, белгілі бір жүйеде айтылып, ешбір өзгеріссіз сол қалпын бұзбай

қала бермейтіні байқалады» (Ибатов, Сөздің морфологиялық құрылымы. – 1988, 41-б.). Яғни, кейде түбірден соң жұрнақ емес, жалғау жалғанатын кездер болады. Қосымшалар сөзге жалғанғанда белгілі бір жалғану тәртібін сақтайды, тәртіптен ауытқулар өте аз кездесетіндіктен, олар жүйе жасамайды. «Сөздердің морфологиялық құрылымы әр түрлі аффикстер үстемеленіп айтылуы арқылы өзгеріп отырады. Қазақ тілінде ондай аффикстердің саны 8-ге дейін, тіпті одан да көп болып кетеді» (Қайдаров, 1962, 120-121-б.).

Түбірге сөз тудыруши жұрнақтардың жалғануы:

1. Бір жұрнақты сөздер:

- а) етістік түбірге: *тұр-у, көр-у, біл-ік, қыл-ық, біл-іс*, т.б.;
- ә) есім түбірге: *ата-лық, жұз-дік, сөз-дік*, т.б.

2. Екі жұрнақты сөздер:

- а) етістік түбірге: *тұр-у-шы, ал-у-шы, бер-у-ші, айт-у-шы, біл-ік-тік, қыл-ық-ты, қыл-ық-сыз, біл-іс-тік*, т.б.;
- ә) есім түбірге: *көңіл-сіз-дік, үйқы-сыз-дық, мұң-сыз-дық*, т.б.

3. Үш жұрнақты сөздер:

- а) етістік түбірге: *біл-ік-сіз-дік, қыл-ық-сыз-дық*, т.б.

Сөз түрлендіруші жұрнақтар етістік түбірлерге жалғанады. Олар да бір, екі, үш жұрнақты болып үстеледі.

Бір жұрнақты: *біл-гіз, ал-ыс, бер-іл, көр-гіз* – етіс жұрнақтары; *бол-ды, кел-ді, тұр-ды* – шақ жұрнақтары; есімше: *ал-ған, бер-ғен, жүр-ғен, көсемше: тұр-ып, көр-іп, айт-ып, көр-е, ал-а*, т.б.

Ал екі және үшке дейінгі сөз түрлендіруші жұрнақтар етістіктің етіс формасында ғана бірінен кейін бірі жалғанады. Етіс формасында ғана жұрнақтар бірінен соң бірі (сөз тудыруши жұрнақ секілді) қабаттасып жалғанады: *біл-гіз-дір-т, айт-тыр-т-қыз, ки-іл-гіз, ки-ін-дір-гіз*, т.б.

Жалғаулар есім сөздерге ғана жалғанады. Олар түбірге тікелей де, тәуелдік жалғауынан кейін де жалғанады. Бұл, әсіресе, септік және тәуелдік жалғауларынан анығырақ байқалады. Соған байланысты септеудің тәуелді және жай септеу түрлері қалыптасқан.

Тәуелді септеу

Тәуелді септеуде септік жалғауларының қосымшалары тәуелденіп түрған тіркестің екінші, яғни соңғы компонентіне жалғанады.

Тәуелді септеу

Атау. Баланың анасы

Ілік. Баланың анасы-**ның**

Барыс. Баланың анасы-**на**

Табыс. Баланың анасы-**н**

Жатыс. Баланың анасы-**нда**

Шығыс. Баланың анасы-**нан**

Көмектес. Баланың анасы-**мен**

Жай септеу

бала

бала -**ның** (-*nīң*, -*дың*, -*дің*)

бала -**га** (-*ге*, -*қа*, -*ке*)

бала -**ны** (-*nī*, -*ды*, -*ді*, -*ты*, -*ти*)

бала -**да** (-*де*, -*та*, -*те*)

бала -**дан** (-*ден*, -*тан*, -*тен*)

бала -**мен**, -**бен**, -**пен**

Тәуелді септеу кезінде септік қосымшаларының алдында -*н* пайда болады.

Тәуелдік жалғаулары сөздің түбіріне жалғанады. Бірақ кейде жалғаулардан кейін жалғанатын кездері болады. Мысалы: *біз-дің* немесе *біз-дер-дің*.

I жақ

апа-м

апа-мыз

II жақ

апа-ң

апалар-ың

апаңыз

апалар-ыңыз

III жақ

апа-сы

апа-сы

Тәуелдіктің III жағының көпше және жекеше түрінің қосымшалары бірдей.

Көптік жалғаулар түбірдің соңғы дыбысының түріне қарай -*лар*, -*лер*, -*дар*, -*дер*, -*тар*, -*тер* түрінде жалғанады (бірде ұн, бірде ұнді, бірде қатаңнан басталады).

Жіктік жалғау – зат есімге де, етістікке де жалғанатын жалғау. Тек зат есімге жалғанғанда тікелей түбірге (*мен мұгаліммін*) үстемеленсе, етістікке жалғанғанда етістікке тән грамматикалық категориялардың жұрнақтарынан соң ғана жалғанады. Мысалы: *бер-ді-м*, *біл-ер-міз*, *айт-ар-сың*, т.б.

§ 1.5. Сөздің лексикалық және грамматикалық құрылымы

Сөздің құрамы лексикалық мағынасы бар тұлғалар бөлігі мен грамматикалық мағынасы бар бөлікке бөлінеді. Бірінші бөлік **лексикалық бөлік** немесе **лексика-грамматикалық бөлік** деп аталады. Бұл бөлікке дербес лексикалық мағынасы бар негізгі түбірлер мен сөзге жаңадан лексикалық мағына беретін сөз тудыруышы жүрнақтар жалғануынан жасалған туынды түбірлер жатады. Ал екінші бөлік **сөз түрлендіруші жүрнақтар** мен **жалғаулардан тұрады**.

Сөз тудыруышы жүрнақтар сөздің бөліп қараған кезде негізгі морфемалардың дәрежесіне көтеріледі. *Күзетшінің* деген сөзді *күзетши*-нің бірінші бөлікке, ал *-нің*-дің екінші бөлікке жатқызамыз. Яғни, алғашқы *күзетши* бөлігі туынды түбір де, *-нің* бөлігі грамматикалық бөлігі саналады. 1-бөлік дербес мағыналы морфема саналатындықтан, *-ши* негіз морфемаға ауысып кетіп отыр.

Бірақ негізгі түбір морфемалар дара және күрделі болады, яғни сөз тудыру тек жүрнақ арқылы ғана жүзеге аспайды, кей жағдайда сөз алғашқы префикс мәндес күшейткіш буындар арқылы да туынрайтынды: *сан-сары*, *ып-ыстық*, *ап-пақ*, т.б. (Бірақ бұл көзқарасты толық мойындау қын. Сөз түрлерін, қосымшалардың түрлерін қараңыз).

Негіз морфемалардың (түбірдің, туынды негіздің) қай сөз табына жататындығына қарай грамматикалық бөлігінің түрленуі қалыптасады. «Сөздің етістік я болмаса есім тұлғалы екендігі осы лексика-грамматикалық 1-бөлікке тәуелді, ал екінші бөлік соған қарай түрленеді. Сөздің морфологиялық структурасы (құрылымы) сөздің екі жікке бөліп, оның алғашқысын сөздің негізгі, яғни сөздің лексика-семантикалық (словообразовательная) бөлігі деп, ал екіншісін сөздің түрлендіруші (безендіруші), яғни грамматикалық (словоизменительная) бөлігі деп қараудан туынрайтынды» (Ибатов, 1983, 51-б.).

Сөз құрылымы мен мағынасы

Сөз лексикалық және грамматикалық мағыналардың бірлігінен тұрады.

Сөз тудыруши жүрнақтар аталмайды, себебі олар түбір негіздің құрамына еніп тұр. Сөйтіп, жүрнақ жалғанған сөз тұлғалық және мағыналық жағынан бірбүтін тұлғаға айналып (негізгі, туынды) кетеді.

§ 1.5.1. Грамматикалық мағына және оның түрлері

Сөйлем құрамында тұрған әрбір сөз бір нақты лексикалық мағынада жұмсалады және біrnеше грамматикалық мағынаны білдіре алады. Грамматикалық мағыналар тұтас бір сөздер тобына тән болып келеді әрі нақты лексикалық мағынаға қарағанда абстрактілік мағынаны білдіреді. Мысалы:

1. *Жүрді, келді, отырды, көрді, білді, айтты*, т.б. сөздерінің әрқайсысының нақты бір қимылды жасау керектігін білдіріп тұрған лексикалық мағынасымен қатар аталмыш сөздердің бәріне де ортақ грамматикалық жалпы мағыналары бар: ол – өткен шақта тұруы немесе болып кеткен іс-қимылды білдіруі, етістік екендігі.

2. *Жүрдім, алдым, көрдім, білдім, отырдым, айттым*, т.б. сөздерінің грамматикалық жалпы мағыналары – етістіктің жіктік түрінің 1-жағында, өткен шақта, жекеше түрде келуі.

3. *Жүр, айт, көр, біл, отыр, кел*, т.б. сөздерінің білдіретін грамматикалық мағыналары алдыңғы мысалдардан басқа. Олар – етістіктің 2-жақ бұйрық райын білдіруі және жекеше түрде келуі.

Грамматикалық мағыналардың берілу тәсілі де әрқилы. Сөздердің жалпы грамматикалық мағыналары сөздерді грамматикалық топтарға бөлуге мүмкіндік береді. Яғни, лексикалық мағына сөздердің бір-бірінің аражігін ашса, грамматикалық мағына оларды жақындастырады. Грамматикалық мағына сөйлеу кезінде сөздердің әртүрлі грамматикалық тұлғалар арқылы түрленуінен және сөздің басқа сөздермен түрлі қарым-қатынасқа түсуінен пайда болады. Сөйлеуден немесе сөйлемнен тыс грамматикалық

мағына болмайды. «Грамматикалық мағына атаулыны жасалу тәсіліне, сөздің грамматикалық сипатын айқындаудағы мәніне қарай жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына және қатыстық грамматикалық мағына деп үш түрге бөлуге болады» (Исаев С., 1998).

1. Жалпы грамматикалық мағына сөз таптарының семантикалық сипатына негізделеді де лексикалық мағынаның жалпылануы нәтижесінде пайда болады. Олар заттың атын, түрін, сыйнын, санын, қымыл мен әрекетті, т.б. білдіреді. Осылайша, жалпы грамматикалық мағына сөздердің сөз таптарына таптастыруға қызмет етеді.

2. Ал сөздердің түбірге үстелетін қосымшалар (форма) арқылы білдіретін мағынасы категориялық грамматикалық мағынаға жатады. Олар септік, көптік, тәуелдік, жіктік және етіс, шырай, есімше, көсемше, рай, шақ түрінде көрінеді.

3. Сөздердің бір-біріне қатысын білдіретін, яғни көмекші сөздермен тіркесуі, орын тәртібі мен интонация және аналитикалық, қатыстық тәсілдер арқылы білдіретін мағынасы қатыстық грамматикалық мағына болып есептеледі. Қатыстық мағына көбіне контекске тәуелді және синтаксистік қызметі оның жасалу принципіне негіз болады (Исаев С., 1998, 18-б.).

Грамматикалық мағынаның үш түріне ортақ қасиет – сөздердің ортақ тұлға-тұрпатын білдіретін мағынасына байланысты туындаитын **жалпыламалық**.

Сөздің нақты лексикалық мағынасы негізінде пайда болатын, лексикалық мағынасымен жарыса қолданылып, сол лексикалық мағынаны айқындаї, саралай отырып, сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде пайда болатын сөздің жалпы мағынасы грамматикалық мағына болып табылады.

§ 1.5.2. Грамматикалық мағыналардың жасалу жолдары

Грамматикалық мағыналардың жасалу жолдары алуан түрлі.

1. Грамматикалық мағыналардың жасалу жолдарының ерекшеліктеріне қарап, оларды екі үлкен топқа бөлуге болады:

а) синтетикалық тәсілмен жасалатын грамматикалық мағыналар сөздерге форма тудырушы жүрнактар, жалғаулар, сөз алды күшейткіш буындары жалғануы арқылы және дауыс ырғағының қатысымен;

ә) аналитикалық тәсілмен жасалатын грамматикалық мағыналар көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі, сөздердің қайталануы, қосарлануы, етістіктердің бір-бірімен тіркесуі арқылы жасалады. Сонымен бірге тіркес құрамындағы сөздердің лексикалық мағынасының солғындауының нәтижесінде көмекшілік қызмет атқаруға көшуі арқылы да грамматикалық мағыналар түзіледі. Мұндай жағдайда грамматикалық формалар аз дегенде екі компоненттен тұрады: сөз (немесе лексикалық мағыналы сөз) және көмекші сөз (я болмаса грамматикалық мағынаны білдіретін сөз). Бұлардың кешенді қолданысы грамматикалық мағыналарды тудырудың бір жолы болып танылады.

2. Грамматикалық мағыналар бір сөздің әртүрлі грамматикалық формалары (қосымшалардың қосылуы) арқылы жасалады.

Ескерту: Кейбір түркологтар жуан-жіңішкелігіне қарай үндескен сөздерді қосарлай келе, оларды салыстырып барып, дауысты дыбыстыардың үндестігі грамматикалық мағына тұғызыудың өте көне әрі қарапайым тәсілі болған дегенді айтады. Бұл құбылысты грамматикалық мағына тұғызыудың қосымшасыз түрі немесе ішкі флексиялық түрі дейді. Мысалы: татар тілінде: ата «отец»// аті «пана», ана «мать»// ани «мама», сол сияқты қазақ тілінде ана «мать»// ене «свекровь», т.б. Яғни, мұндай сингармониялық параллелизмдер род (тек) категориясын, грамматикалық мағынаны білдірген дегенге саяды.

Бірақ бұл универсалды, жалпылама құбылыс емес.

Сөздердің жуан-жіңішке варианты (параллельдері) болуы олардың бірін-бірі жойып жіберуіне әкелмейді, сондықтан олар қатар өмір сүре береді.

3. Сөздердің өте, тым, аса, нағыз, нақ, дәл, т.б. күшейткіш сөздермен тіркесуі нәтижесінде грамматикалық мағына туындаиды. Мысалы: Аса көрікті, тым әдемі, нағыз сұлу дегенде

көрікті, әдемі, сұлу сөздерінің мәні аса, тым, нағыз күшейткіш сөздері арқылы есelenіп тұр. Осы жаңа мән оның грамматикалық мағынасы болып табылады.

4. Грамматикалық мағына күшейткіш буындар арқылы да жасалады. Мысалы: *сан-сары, қып-қызыл, жан-жасыл, қап-қара, аппақ*, т.б. Бұл сөздердің құрамындағы *сан, қып, жан, қап, ап* буындары жеке қолданылмайды, тек сын есімдер құрамында келіп, өздері қосылатын сөздерге күшейткіш мән үстейді.

Ескерту: А. Щербак грамматикалық мағына тудырудың осы тәсілін толық емес сөздердің қайталануынан болады деп түсіндіреді. Негізінен сын есімдердің грамматикалық мағыналары жасалатын процеске жатқызады әрі сын есімнің қысқарып барып, *и* (В) дыбысы (сөздің түбірінің қай дыбысқа біткеніне сай) жалғануы арқылы тұр мен түстің, сыр мен сипаттың интенсивті түрі жасалады дейді.

5. Грамматикалық мағына негізгі сөздерге шылаулардың тіркесуі (селбесуі) арқылы жасалады. *Олар шеше алмаган мәселені шешу сіз үшін өте қыын* (Ә. Әбішев) деген сөйлемдегі үшін шылауы өзінің алдыңғы сөзіне (кімге арналғанын анғартатын, барыс септігіне жақын) қосымша мән беріп, кейінгі сөзben жағастыруышылқ, дәнекерлік қызмет атқарып тұр.

6. Сөздердің қосарлануы, қайталануы арқылы қимылдың дүркіндігін, бір нәрсенің, заттың жалқы емес, көптігін білдіретін грамматикалық мәндер туындейды. *Жук тасуышылар қап-қап бидайды вагондарга тией бастады. Мектепті де бітірдім, алдыма тарам-тарам өмір жолы жатыр.* Осы сөйлемдердегі *қап-қап, тарам-тарам* сөздерінің жеке тұрғандағы (қап, тарам) сөздерінен сыртқы формалары да, грамматикалық ішкі мағыналары жағынан да бір-бірінен айрықшаланып кетеді. *Қап* жалғыз, бір ғана қап деген мәнде жұмсалса, *қап-қап* дегенде қаптың бірнешеу, көп екендігін білдіреді. *Айта-айта жағым талды* дегенде, айту қимылдының әлденеше рет қайталанғанын, яғни қимылдың дүркін-дүркін, әлденеше рет болғанын білдіріп, амалдың өту сипатын көрсетеді.

Толық мағыналы дербес сөздердің қайталануы, кейде қосарлануы арқылы грамматикалық мағынаның туындауы барлық сөз таптарында дерлік байқалады: *бара-бара, келе-кеle, сөйлей-сөйлей* – етістіктіктің есімше формасы; *тay-tay, қызыл-жасыл* – сын есім; *қозы-лақ, әке-шеше* – зат есім (көптік); *асты-устi, ертелi-кеш* – үстене, *бес-бестен, мың-мың* – сан есім, т.б.

7. Әуелгі мағынасынан айырылып, сөйлемде өзінен бұрын тұрған етістік арқылы айтылатын іс-әрекеттің, қимылдың жүзеге асатындығын немесе асуға мүмкіндігі жоқтығын ғана білдіретін қызметке көшken көмекші етістіктер арқылы да грамматикалық мағыналар жасалады. Ондай етістіктер қатарына қурделі және аналитикалық етістіктер жатқызылып жүр. *Соңғы сөзімді дұрыстап айта алмадым да, өкініш өзегімді өртеді. Артыма қарай-қарай бар күшіммен жүргіріп келемін деген сөйлемдердегі алмадым* (қимылдың өтіп кеткенін), *келемін* (қимылдың болып жатқанын) сияқты грамматикалық мағынаның тууына себеп болып тұрған көмекші етістіктер, т.б.

8. Сөздердің сөйлемдегі орын тәртібінің өзгеруі, ауысуы да олардың мағынасына көп әсерін тигізеді. Әсіресе мұндай сөздердің орын тәртібінің өзгеруі олардың синтаксистік қызметтеріне әсер етеді.

9. Дауыс ырғағының қатысуымен грамматикалық мағына жасауға болады. Әсіресе интонацияның, кідірістің (пауза) сөздердің сөйлем ішіндегі атқарып тұрған қызметтерін ажыратуда көмегі көп. Көбінесе бастауыш пен баяндауыш бір сөз табынан болғанда, дауыс интонациясы мен кідіріс жасау олардың арасын ажыратады. Мысалы: *Маржан – студент; Студент Маржан жақсы оқиды.*

10. Грамматикалық мағына дублет сөздердің немесе редупликативті комплекстердің (қосымша дыбыс жамалуы) пайда болуынан туындейдьы. Екі компоненттен тұратын сөздің екінші компонентінің аз ғана фонетикалық өзгеріске түсіуі нәтижесінде мән үстемеленеді. Мысалы: *ет-мет* (әйтеуір ет сияқты), *нан-пан*,

шай-пай, т.б. Әрине, бұл жерде грамматикалық мағынадан гөрі экспрессия басым.

11. Синтаксистік еркін сөз тіркесі негізінде сөздердің қайталауы арқылы да (алғашқы компоненті шығыс септігінде тұрады) грамматикалық мағына түндейді: *көптен көп* (аса көп), *аzdan az* (аса аз), т.б.

12. Грамматикалық мағына нөлдік форма арқылы да жасалады.

§ 1.5.3. Нөлдік форма арқылы грамматикалық мағынаның берілуі

Арнайы грамматикалық мағынасы болғанымен, арнайы көрсеткіші болмайтын ерекше тілдік формалар – нөлдік формалар. Мұндай формалар грамматикалық тұлғасыз да грамматикалық мағынаны білдіреді. Грамматикалық мағынаны білдіретіндіктен, ол форма дәрежесіне көтеріледі. Нөлдік тұлға формасы жағынан сырт қарағанда түбір тұлғамен сәйкес келгенімен, түбір атаулының бәрі де нөлдік формада болмайды. Бірақ түбір тұлғалар грамматикалық формалар жасауға негіз болады. Айталық, қызы, бала, үй, қала, дала, тау деген сөздер – түбір тұлғалар. Олардың лексикалық мағынасы жеке-жеке, әрқайсысы дара лексикалық мағынаны білдіретіндіктен, мағыналары бір-біріне мұлдем ұқсамайды. Бірақ бұлардың басын ұйыстырып тұрған бір грамматикалық мағына бар, ол – заттың атауы болуы. Заттың атын білдіруіне қарай зат есімдер деп аталатын грамматикалық топқа жатады. Сондықтан да бұл сөздер әрі лексикалық мағынаны, әрі грамматикалық мағынаны білдіреді. Бірақ түбір тұлғаның грамматикалық мағынасы оның сөйлеу процесіне қатысуы барысында немесе синтаксистік қарым-қатынасқа түсүінен ғана көрінеді. Нөлдік форма болу үшін ол сөз сөйлемде белгілі бір тұрақты қызмет атқарып, басқа бір сөзben қарым-қатынасқа түсүі, түбір күйінде білдіретін грамматикалық мағынасынан басқадай грамматикалық мағына білдіріп, сөйлемде сөздерді байланыстыруши қызмет атқаруы тиіс. Сол кезде ғана нөлдік

тұлға грамматикалық тұлғаға айналады. Нәлдік тұлғаның білдіретін грамматикалық мағынасы тек сөйлеу кезінде айқындалады.

Тілімізде нөлдік форманың бар екендігін көрсететін бірден-бір тілдік фактор – оның сөйлем ішінде сөз бен сөзді байланыстыруы. Мысалы, *бала* сөзін қатыстырып сөйлем құралық. *Әй, бала, ентікпей тұра тұр, сөз тыңда.* Осы сөйлемдегі *бала* – адамзаттық атау болуы арқылы лексикалық мағынаны білдіреді. Дәл осындай лексикалық мағынаны зат есімдердің адамзаттық түрі де, ғаламзаттық түрі де білдіре береді. Бірақ сөйлемде осы *бала* сөзінің екінші бір жаққа (тарапқа) қаратыла айтылып тұрғаны білінеді немесе *сен бала* деп толық тұрде айтылуға өз-өзінен сұранып тұрады. Осы 2-жақтық мағынасы оның білдіріп тұрған 1-грамматикалық мағынасы да, бір ғана *балаға* қаратыла айтылуы жекеше тұрдегі 2-грамматикалық мағынаны көрсетеді. Сөйтіп, *бала* сөзі ешқандай формасыз (қосымшасыз) грамматикалық мағына беріп тұр. Міне, осы қосымшасыз-ақ білінетін грамматикалық мағыналар *бала* сөзінің нөлдік формасы болып табылады, ол мағына лексикалық мағынаның жалпылануы нәтижесінде пайда болған. *Бала* сөзінің нөлдік форма болып мойындалуы үшін қажетті енді бір шарт – оның сөйлемде атқаратын тұрақты қызметі болуы тиіс. Осы сөйлемдегі *бала* сөзінің атқарып тұрған қызметі – сөйлемнің бастауышы болуы. Ал *тұра тұр* етістігімен тіркесуі – тіркесімділігін көрсетеді.

С. Исаев (1998) нөлдік форманың жасалу жолдарын былайша талдайды:

1. Атау септігінің өз алдына дербес грамматикалық тұлғасы болмаса да, грамматикалық мағынасы мен сөйлемдегі қызметіне қарай атау тұлға болады. Септеу парадигмасында атау септігінің ешқандай формасыздығының (белгісіздігінің) өзі оның парадигмалық бағандағы өзгелерден айрықша белгісі болып табылады. Атау септігінің қосымшасыз тұруы оның өзге септіктермен бірдей деңгейде танылуына, солармен бірдей дәрежеде қарастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, ілік септігінің

-ның қосымшасы мен атау септігінің нөлдігі бірін-біріне қарсы қоя-тын да, бір-бірін грамматикалық жағынан ұқсаттыратын да белгі.

2. Сөйлем ішінде негізгі етістік (қосымшасыз) күйін сақтайтын, қимылды білдіріп тұрған 2-жак бұйрық рай мағынасындағы етістіктер нөлдік форманы білдіреді. *Кел, қасыма отыр* дегендегі *кел-дің* мынадай мағыналары бар:

- а) қимыл атауын білдіретін лексикалық мағынасы;
- ә) 2-жак;
- б) аныны түрінде келген бұйрықтық мағына;
- в) жекеше тұр. Осы соңғы ә, б, в мағыналар ешқандай формасыз (қосымшасыз) келіп, нөлдік тұлға жасап тұр.

3. Жіктік жалғаудың 3-жағы да нөлдік форманы көрсетеді. *Ол – студент* дегенде жіктік мағынаны білдіретін арнайы қосымша болмағанымен, сөйлемде оның студент екендігін білдіретін 3-жақтық, жекеше түрдегі грамматикалық мағына бар.

4. Ілік септігінің қосымшасының түсіріліп айтылуы нәтижесінде де нөлдік форма жасалады. *Жайық өзені, Абай көшесі* дегенде ілік септігінің қосымшасы түсірілген. Бірақ бір-біріне деген тәуелділік мағынасы сақталып тұр. Тіпті осы сияқты тіркестердің синтаксистік қатынасындағы өзгерістердің қалыптастып кеткені соншалық, оларды толық түрінде *Абайдың көшесі, Жайықтың өзені* деп еш уақытта да қолданбаймыз.

Ескерту: *Ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің арасындағы байланыс – берік әрі үзілмейтін байланыс. Ілік септігінің жалғауы түсіріліп айтылғанда екі сөздің арасындағы синтаксистік қарым-қатынастары өзгерістің (изафет) нәтижесінде мағыналық өзгеріс пайда болады. Мағыналық өзгеріс мұндай тіркестердің номинациялық (атауыштық) қасиетін арттырады. Яғни, екі сөз бірігіп бір ғана мағынаны білдіріп, бір заттың, үгымның атауына айналады.*

5. Тәуелдік жалғауының түсіріліп айтылуы нәтижесінде нөлдік форма туады. *Біздің (1) туыстар (2), өзіміздің (1) жігіттер (2)* дегенде 1-жақтың тәуелдік жалғауы (*туыстарымыз*) түсі-

рілген. Тіркестің құрамындағы 1-сөз ілік септігіндегі жіктеу және сілтеу, өздік есімдіктерінен (біздің, сіздің, өзіміздің) болса, екінші сөз тәуелдік жалғаусыз қолданылуы мүмкін. Бірақ ол есімдігімен келген тіркестерде бұлай емес, тәуелдік жалғау сақталады: *оның жігіттері, олардың үйі*.

6. Барыс, шығыс, табыс септіктерінің жалғаулары түсіріліп айтылуы нәтижесінде де нөлдік форма пайда болады. *Қала(ға) барды, бел(ден) асты, тау(дан) асты, ай(дан) асты* (айдан артық мағынасында), *жыл(дан) күтті*, т.б. Бірақ осы аталған септіктердің морфологиялық көрсеткіштері сақталған түрлері де нөлдік формамен жарыса қолданыла береді.

Ескерту: Бой жету, ер жету *тіркестері барыс септігі жалғауының түсірілуі нәтижесінде пайда болған деген болжам бар*.

Корыта айтқанда, нөлдік форма екі түрлі себептен пайда болған: Оның біріншісі, тарихи (диахрондық тұрғыдан) 2-жақ бұйрық рай мағынасының да, жіктік жалғаудың 1-жағының да бір кездерде өзіне тән грамматикалық көрсеткіші болған; екіншісі, ол көрсеткіштер түрлі себептермен, айталық, тілдік элементтердің ықшамдалуы нәтижесінде түсіріліп айтылатын дәрежеге жеткен.

Ескерту: Грамматикалық қосымшалары жасырын тұратын формалар мен грамматикалық мағынасы бар, бірақ қосымшалары жоқ формалардың арасында айырмашылық бар. Сондықтан нөлдік форма мәселесі әлі арнайы зерттеуді қажет етеді.

Сонымен, нөлдік форма дегеніміз – агглютинативті тілдердегі сөйлеу процесінде сөздің формалық көрсеткіші түсін қалғанымен, ол тұлға білдіретін грамматикалық мағынаның сақталып қалуынан және сөздердің өзара арнайы грамматикалық көрсеткіші грамматикалық байланысына негізделіп қалыптасқан, грамматикалық мағынасы сөйлеу кезінде ғана анықталатын форма.

§ 1.6. Грамматикалық категориялар

Грамматикалық категориялар екіге бөлінеді: *морфологиялық* және *синтаксистік*.

Морфологиялық категория оппозициядан, яғни қарама-қарсылықтан тұрады.

Грамматикалық категория түзілуі үшін қажетті шарттар:

1. Грамматикалық мағына мен оны тудыруши грамматикалық форма (көрсеткіш) болуы шарт.

2. Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың (көрсеткіш) арасында сәйкестік болуы шарт. Ондай байланыс жоқ жерде категория туындауы мүмкін емес. Соңдықтан да кез келген грамматикалық мағына мен грамматикалық форма категория түзбейді. Айталық, зат есімге тән грамматикалық мағына мен сын есімге тән грамматикалық формадан категория туындамайды. Категория түзу үшін грамматикалық мағыналар белгілі бір сөздер тобына тән болып, парадигмалық түрлену жүйесін құруы тиіс.

3. Грамматикалық мағыналар парадигма құрайтын болса, онда оның құрамындағы мағыналар бірін-бірі жоққа шығаруы керек немесе бірінің орнына бірі жұмсалмауы тиіс. Сонымен бірге олар бірін-бірі толықтырып отыруы керек. Себебі парадигмалық бағаның өзі бірін-бірі жоққа шығарудан және толықтырудан тұрады.

4. Грамматикалық мағыналар бір-біріне қарама-қайшы болғанымен, бір текстес, кем дегенде екі я одан да көп мәндес мағыналар жиынтығынан тұруы керек. Мысалы, септік жалғауларын алайық. Біз осы септіктердің бір жүйе, парадигма құрайтынын білеміз, яғни олардың беретін мағынасы арқылы заттың бағыты, шыққан жері, ненікі, кімдікі екендігі, қайда жатқанын, кіммен болғандығын, т.б. анықтауға болады. Бірақ осы септіктердің ішінен кез келгенін алып, басқа бір септіктің орнына жұмсай алмаймыз. Ілік септіктің орнына көмектес септігін, шығыс септігінің орнына ілік септігі жалғауын қойып, қолдану мүмкін емес.

Кез келген грамматикалық мағына белгілі бір грамматикалық категорияның құрамында болады. Сондай-ақ кез келген грамматикалық категорияның міндетті түрде екі түрлі форма мада көрінуі шарт. Бір ғана грамматикалық мағына тудырушы форма грамматикалық категория құрай алмайды. Айталық, ілік септігінің жалғаулары *-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің*. Саны көп болғанымен, олар бірінің-бірі фонетикалық вариантары ғана. Бұл жалғаулардың беретін мағынасы санының екіден асып кететіндігіне қарамастан, біреу-ақ. Яғни, ілік септігі жалғауының фонетикалық вариантары көп болғандықтан, ілік септігінің категориясын жасамайды. Сол сияқты тәуелділіктің 1-жақ категориясы, барыс септігінің категориясы, т.б. дегендер болмайды. Грамматикалық жақ категориясы үш түрлі форма түрінде келіп, жалпы жақ атаулыны білдіреді, ал жеке-жеке 1-жақ, 2-жақ, 3-жақ категориясы деген категория жоқ. Сондықтан да кейде бұйрық рай категориясы, 1-жақ категориясы деу дұрыс емес. Сондай-ақ ешқандай грамматикалық форманың қатысынсыз семантикалық тәсілмен грамматикалық мағына берілетін болса, олар да грамматикалық категория болмайды. Өйткені семантикалық тәсіл дәл өзі текtes әрі қарама-қарсы мағыналардың жиынтығынан парадигма құрай алмайды.

Бір текtes грамматикалық мағынаны білдіретін формалардың жиынтығы грамматикалық категорияны құрайды. Грамматикалық категорияға жалпылық тән, бірақ жалпылықтың өзі жеке құбылыстар арқылы, яғни грамматикалық мағыналар арқылы өмір сүреді. Грамматикалық мағына басқа грамматикалық мағыналармен байланысты. Мысалы, барлық септіктер бір-бірімен байланысты, олардың ұқсастығы есім сөздердің басқа сөздерге қатысын білдіруінде.

Кей жағдайларда бір грамматикалық категория әртүрлі формамен айтылады: *Anаны, анасын* – табыс септігінде тұр, бұл қазақ тіліндегі септелудің екі түрінің (жай және тәуелді септеу) қосымшалары арқылы жасалған.

Сонымен, **грамматикалық категория** дегеніміз – грамматикалық мәғыналардың жалпылануынан пайда болатын, бір-бірімен байланысты және бір-біріне қарама-қарсы қойылған екі немесе бірнеше грамматикалық мәғыналардың жиынтығы.

Ескертулер:

1. Кейде сөздің белгілі бір формасында бірнеше грамматикалық категория бола береді: жазғыз – бұйрық р., 2-ж., жекеши түрі, өзгелік етіс.
2. Бір грамматикалық категория парадигмасының әртүрлі формада айтылуы мүмкін: оқушыға, оқушыма, оқушысына – зат есім, барыс септігінің жалғауы.
3. Күшетпелі шырай синтетикалық та (қып-қызыл), аналитикалық тәсіл (өте қызыл) арқылы да жасалғанымен, әр басқа категория емес, бір гана шырай категориясы болып табылады.
4. Грамматикалық категориялар тілдегі сөз топтарынан тыс өмір сүрмейді. Мысалы, зат есімдер септік, жекелік-көптік, тәуелдік категориялары арқылы түрленеді; етістіктердің шақ, жақ, рай, етіс, т.б. категориилары болса, шырай категориясы тек сын есімдерге, оның ішінде негізінен қатыстық сын есімдерге тән болып келеді.
5. Грамматикалық категориялардың қолданыс өрісі де біркелкі емес.

§ 1.6.1. Көптік категориясы (сан-мөлшер категориясы)

Зат есімдер **жеке және көпше** түрде жұмсалады. Яғни, жекелік және көптік ұғымдары алдымен зат есімдерге тән. Сол сияқты есімдер және есім сөздермен тіркестіре айтылатын етістіктер де дәл осы категориямен түрленеді. Түркі (қазак) тілдерінде де сан категориясының жекеше және көпше түрі бар. Жекенің өзі дербес, өз алдына категория. Бірақ жекеше түрдің арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ. Бұл категорияның аталмыш екі түрінен бөлек *екілік* (двойственное число) дейтін түрі де кездеседі, ол санскрит, ежелгі орыс тілдерінде ғана бар.

Ескерту: Көптік категориясы аталаған келген бұл грамматикалық категорияның атауында жекеше түр қамтылмай жүр. Бірақ көптікпен қатар үнемі жекеше түр де айтылады. Ендеше көптік дегеннен гөрі әрі санның аз-көптігін, әрі заттың мөлшерінің аз-көптігін бірақ қамтып

атайтын сан-мөлшер категориясы (С. Исаев пікірі негізінде) *деп айту дұрыс болар еди.*

А. Ысқақов өз еңбегінде көптік категориясы мен көптік жалғауы туралы ұғым-түсініктің бір еместігін айтады. Көптік жалғау де-ген тақырыппен (Ысқақов, 1991, 39-б.) көптік жалғауын категорияға жатқызығанымен, категорияға беріліп жүрген анықтамаларға сәйкестігі анықталмайды. Көптіктің барлық грамматикалық ерекшеліктері тек жекелікпен салыстыра қарастырғанда ашылады.

С. Исаев көптік жалғауының көп жағдайда көптік мәннен ғері стильдік мән үстейтіндігіне арнайы тоқталады. Мысалы, *Құдайларыңды ұмытқан екенсіңдер* (мұнда құдай жалқы есім, бірнеше құдай емес); *Әбдірахмандар есік алдында тұр дегенде* (Әбдірахман жалқы есім, Әбдірахман көп емес) оның жалғыз емес, қасында басқа да адамдар барын білдіріп тұрғанын айтады. Немесе көптік жалғауы:

1. Негізгі көптік мағынасына қоса сан есімге, үстеуге жалғанып, жалпы мөлшерді, болжаулық мағынаны білдіреді: *жасы отыздарда, алпыстарға келіп қалған, алдағы күндері барып қалар, бұрынырақтарда болған*, т.б.

2. Абстракті есімдерге жалғанып салмақ, көлем, мөлшерлік мағынаны да білдіреді: *ойлар, мұңдар*, т.б.

3. Заттың бірнеше адамға ортақтығын білдіреді: *астарыңды алыңдар, шайларыңды ішиңдер*, т.б.

Ескерту: Көптік жалғауы жалғау деп аталағанымен, жалғаулар сияқты сөз байланыстыруышылық қызметте де, форма тудыруышы жүрнақ қызметінде де жүреді. Әсіресе форма тудыруышылық қызметі көптік мән тудырғанда анық байқалады.

Гүлдер жайқалып тұр, құстар сайрады мысалдарында жеке-ше тұрде айтқанда да сөйлемнің мағынасы өзгермейді, сөздердің байланысы да өзгеріске ұшырамайды.

Көптік жалғауының сөз байланыстыруышылық қызметі 1, 2-жак жіктік жалғауымен көптік жалғау қабаттасып келгенде айқын көрінеді:

Біз балалармыз; Сендер келдіңдер; Олардың айтқылары келмейді.

§ 1.6.1.1. Көптік мағына тудыратын амал-тәсілдер

Көптік категориясы көптік мағына тудыратын амал-тәсілдердің жиынтығынан тұрады. *Көптік жалғаулары мен үш түрлі морфологиялық форма көптік мән тудырады:*

1. Көптіктің көне түрі – **-з, -ыз, -із аффиксі**. Бұл көне аффикс *егіз, көз, біз, сіз* сөздерінің құрамында кездеседі. Бұл аффиксті кейде сан-мөлшердің екілік түрінің (двойственное число) көрінісі деп таниды. **-з (-ыз, -із)** – көне заман сарқыншағы, яғни бір кездегі жұпты, егіз ұғымын, екеуді білдірген қосымша болған, қазір өзі жалғанған сөздердің бөлінбейтін бөлшегіне айналған (Исаев, 1998, 41-б.). Тәуелділіктің жекеше түрінің **-м, -ым, -ім** мен ортақ түрінің жалғауы **-мыз, -ымыз, -іміз**-ді бір-бірімен салыстырғанда **-з, -ыз, -із** көптік мағына жасауға қатысады: *Мениң бала-м және біздің бала-мыз*. Осы ыз-ға ұқсас қазақ тіліндегі формалар (*атың-ыз* – ортақ тәуелдеу, *бардың-ыз* – жіктік жалғауының 2-жағы); *оқушы-мыз* – жіктелген зат есімнің көпше түрінің 1-жағы; *оқушы-сыз-дар* – жіктелген зат есімнің көпше түрінің 2-жағы басқа-басқа құбылыстар.

2. Етістіктің ашық райының жедел өткен шақ (*біз барды-қ*), бұйрық райының (*біз бараық*), шартты райға (*біз барсақ*) қосылатын жіктік жалғау **-қ, -к** түрінде келеді. Бұл форма да бір кездерде көптік мағынаны білдірген, қазірде де көптік мән бар.

3. Негізгі көптік мағынаны білдіретін форма **-лар, -лер (-дар, -дер, -тар, -тер)**. Бұлар **көптік жалғаулары** деп аталады.

§ 1.6.1.2. Көптік (сан-мөлшер) категориясының кейбір ерекшелері

1. Егер анықтауыш сан есімдерден немесе қос сөздерден болса, онда анықталатын есім сөздер жекеше қолданыла береді, бірақ көптік мағына береді: *жуз кітап, қора-қора қой, мыңғырған мал*.

2. Жинақтық ұғымда жүмсалатын қос сөздер ешқандай көптік жалғауынсыз көптік мағынаны білдіреді: *мая-мая, тіл-тілде, жер-жерде*, т.б.

3. Көпше түр көбінесе -*лар* арқылы беріледі. Бұл қосымшаның морфологиялық варианты жоқ, тек фонетикалық варианты бар: *-дар, -дер, -тар, -тер*. -*лар*-дың этимологиясы ашылмаған, тек олар жіктеу есімдігінен пайда болған дейтін болжам бар.

4. Басқа да көптеген тілдердегідей түркі тілінде де көптіктің қосарланған көпше түрі ұшырасады. Ондай сөздер көбіне шеттен енген өзі көптік мағынаны білдіретін сөздерге көптік жалғауының жалғануынан пайда болады: парсы тілінде *мұслім* (*мұсылмандар*) – мұсыл-ман – көптікті білдірсе, қазақ тілінде оған *-дар* қосылып барып қана көптік мән береді.

5. Көптік жалғау сөздің түбіріне ең алдымен жалғанады: *жол-даст-тар-ы-мыз-дың*.

§ 1.6.2. Септік категориясы

Септіктер бір есімнің екінші есімге қатысын немесе есімнің етістікке қатысын білдіреді.

Қазақ тілінде атау септіктің өзіндік көрсеткіші жоқ, заттар мен құбылыстардың атаулары тәуелдік жалғауы түрінде, көптік жалғауы түрінде немесе атау септік түрінде қолданылады. Ал басқа септіктердің өзіне тән жалғаулары бар.

Септік жалғаулары (категориясы) зат пен оның іс-әрекеті (қимылы), я зат пен заттың (сынның) арасындағы субъектілік, объектілік, меншіктілік-қатыстық, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық, себеп-мақсаттық сияқты қатынастарды білдіріп, заттық мән үстеп тұратын түрлену тұлғасы (Исаев, 1998, 75-б.).

Септік жалғауларының ерекшеліктері **жай** және **тәуелді септеу** кезінде айқындалады:

1. Тәуелді септеу мен жай септеу кезінде септік қосымшалары форма жағынан өзгеріске түседі. Ал бірізділіктің болмауының тұп-тамыры қалыптасу кезеңдерінің әртүрлі бо-

лүйнда жатыр. Айталық, көмектес және барыс септігі өзге септіктерге қарағанда жасалу тұлғасы, қалыптасу мерзімі, мағынасы жағынан да өзгеше. Көмектес септігі XX ғасырдың басына дейін септік түрінде емес, **септеулік шылау білән, бірлән, мінән, мәнән, менен, мен** түрінде қолданылып келген. Шылаулардан көмектес септігінің қосымшасын айырудың жолы шылаудың (*мен*) орнына *да, де, та, те-ні* қойып айтуға болады, ал көмектес септігінің қосымшасын алып тастауға да, өзгертуге де келмейді.

2. Тәуелді септелу кезінде барыс септігінің қосымшасы 3-жақта (*баласына*) -н арқылы жалғанады. -н – барыс септігінің қосымшасы емес, жатыс септігінде кездесетін *баласында* да солай, тәуелдік жалғауынан кейін келетін -дай, -дей, -ша, -ше жүрнақтарының алдында да -н пайда болады (*баласында*, *адамынша*). Табыс септігі қосымшасының тәуелдік тұлғасынан кейін 3-жақта -н түрінде ғана жалғануы да көніл аудараптық құбылыс, соған қарағанда -н өзге бір тұлғаның қалдығы болса керек.

Түркі, қазак тіліндегі септелудің бір ғана ерекшелігі бар. Ол ерекшелік тәуелді септеуді жай септеумен салыстырғанда көрінеді. Тәуелді септеудің ерекшеліктері барлық септіктерді емес, барыс (*досыма, досына*), табыс (*досын*), жатыс (*досында*) септіктерін қамтиды.

Атау септігі – зат есімнің түбір тұлғасына ұқсас болғанымен, өз алдына бөлек грамматикалық тұлға. Атау септігі септелудің парадигмалық жүйесіндегі түрленуші, нөлдік тұлға.

Ілік септігі меншіктілікті, иеленуді, қатыстықты білдіреді. Ілік септігінің қосымшасы жалғанғанда пайда болатын меншіктілік мағынаның бірнеше түрі бар:

а) туыстық қарым-қатынас және меншіктілік: *әкемнің үйі, менің Отаным, баланың әкесі, әкенің баласы*;

ә) органикалық, табиғи меншіктілік: *сүттің қаймагы, шоқтың шаласы, жусанның иісі, мұнайдың қалдығы*, т.б.;

б) бүтіннің бөлшегі: *екінің бірі, кітаптың жартысы, үйдің жартысы*;

в) сапалық меншіктілік, бір қасиетінің ерекшелігі: *қыздың сұлуы, иттің алғыры, жомарттың жомарты, сараңың сараңы, қызықтың қызығы*, т.б. (Исаев, 1998).

Жасырын жалғаулы ілік септікті қатынастағы сөз тіркестері көбінесе терминдерді, тұрақты тіркестерді жасауға қатысады. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының байланысы нәтижесінде изафеттік құрылым жасалады. Ілік септігі де, тәуелділік жалғауы да ашық көрінетін құрылым **III изафеттік конструкция** деп аталады: *даланың ұлы, ауылдың малы*, т.б. Егер ілік септігі тұлғасынсыз құрылым болса, оны **II изафет** деп атайды: *дала ұлы, ауыл малы*, т.б. Ал ілік және тәуелдік жалғауларының қатысынсыз екі зат есімнің тіркесуі арқылы жасалса, **I изафет конструкциясы** болып табылады: *алтын сағат, қола жүлде, шайы орамал, қол орамал*, т.б.

Ілік септігіндегі сөздерден соң шылау тіркеседі.

С. Исаев **барыс септігі** жанама объекті мен іс-қимылдың бағытын, бағдарын, аяқталар тұсын, қимылдың мақсатын, не үшін жасалғанын (*көруге барды*), сындық қатыстылықты (*малга бай, сөзге шебер*) білдіретінін айтады. Барыс септігінің түсіріліп қолданылатын жағдайлары болады: *Anam кеше қала кетті. Кеше көршиңің қызы Алматы кетті*, т.б. Тарихи түрі: *бой жету – бойға жету, ер жету – ерге жету*, т.б. Барыс септігі тұлғасынсыз жету етістігімен тіркескенде менгеріле байланысып, барыс септігі тұлғасы толық сақталады: *мемлекеттілікке жету, арманына жету, дегеніне жету*. Өзге де етістіктермен тіркескенде барыс септігі толық формасын сақтайды: *шетке кету* (Исаев, 1998). Барыс септікті тұлғалардың көбі адвербиалданып, ұстеуге айналып кеткен деген болжам бар: *алға, артқа, кешке, бас-басына, алды-артына, жатқа, жоққа, күніне, өз алдына*, т.б.

Табыс септігі қимылдың, әрекеттің тұра бағытын көрсетіп, тұра объектінің болуын қажет етеді. Сабакты етістік табыс септігінің қатысы арқылы жасалады. Кейде табыс септігі түсіріліп айтылады: *кітап оқыдым – кітапты оқыдым*. Табыс септікегі сөз берілгенде оны менгеріп тұрған етістік арасына сөз түссе,

табыс септігінің қосымшасы түсірілмейді: *жеміс сатып алым* – *жемісті кеше сатып алым*.

Табыс септігі сөйлемде тұра толықтауыш қызметін атқарады, шылаулармен тіркеспейді.

Жатыс септігі іс-қимылдың болған, болатын орнын, мекенін білдіреді. Жатыс септігі қосымшасына кейде **-ғы, -ті** қосымшасы үстеліп кетеді: *кісідегінің кілті аспанда, ауылдағы әке-шеше*, т.б. Жатыс септігінің жалғауы бар көптеген сөздер үстеуге айналған: *жазда, күзде, ымыртта, аңдаусызда, оқтатекте, қапыда*, т.б.

Көмектес септігінің жалғауы жіктеу, сілтеу есімдіктеріне тікелей жалғана алмайды, **-ны, -ні, -ы, -і** тұлғасының дәнекерлігі арқылы ғана жалғанады: *менімен, сенімен, онымен*, т.б. **-ны, -ні** тұлғасы ілік септігі жалғауының қалдығы саналады.

Көмектес септігін өзге жалғастыруши тұлғалармен алмастыруға келмейді. Қасыммен бірге тіркесіндегі **мен-ді және, демен** ауыстыруға болмайды.

Септік жалғауларымен бірге септеуліктер қабаттаса жұмсалады. Мысалы, *ауылга барамын* – *ауылга дейін барамын*, *үйге барамын* – *үйге қарай барамын*, т.б.

Септік жалғаулары зат есімдерге (*адамның*), есімдіктерге (*сіздің*), сан есімдерге (*бестен үшті алса*), тұйық етістіктерге (*кіруге рұқсат па?*), есімшеге (*сөйлегеннен тыңдағанды ұнатуши еді*) жалғанады.

Ескерту:

1. Қазақ тілінде септік тек зат есімге тән категория саналады, өзге сөздердің септелуі олардың субстантивтенуімен байланысты. Сын есімдер мен есімшелер олардан кейін тұратын зат есімдер түсін қалғандаған субстантивтенеді.

2. Субстантивтенген сын есімге, есімшеге септік жалғауының жалғануы міндетті емес.

3. Есімшелерге септік жалғауы жалғанғанымен, олардың субстантивтенуі шарт емес. Мысалы: *Оқығанға не жетсін. Бұның өзі субстантивтенудің септелуге байланыссыз жүретінін білдіреді*.

§ 1.6.3. Тәуелдік категориясы

Бір заттың екінші бір затқа тәуелді екенін білдіретін жалғаулар **тәуелділік жалғаулары** болып табылады. Сөздердің жіктелу жүйесі, жаққа бөлінуі тәуелдік жалғауы арқылы да көрінеді. Қазақ тілінде тәуелділіктің арнайы аффикстері бар. Тәуелділікті білдіретін грамматикалық мағыналар бірлесіп грамматикалық категория құрайды.

Тәуелдік жалғаулары тәуелділікпен қатар жақтық мағынаны да білдіреді. Жіктік жалғауы да, тәуелдік жалғауы да етістік формаларына жалғанғанда тек жақтық мағынада қолданылады. Тәуелдік жалғауы зат есімге жалғанса меншіктілік, тәуелділікті білдіреді. Етістік тәуелденбейді, себебі қозғалыс, қымыл, іс-әрекетті тек біреудің ғана меншігі етуге болмайды. *Журу, тұру, кұлу, жату*, т.б. қымылдарын адамзат жасайды. Бірақ тәуелдену субстантивтенген қымыл атауларында болады.

Тәуелділік пен жіктіктің айырмашылықтары:

1. Тәуелділік жалғауының ең негізгі білдіретін мағынасы тәуелділік, ал жіктік жалғауы жақтық мағынаны, қымыл-істің, әрекеттің иесін, субъектісін білдіреді.

2. Тәуелдік жалғау көптік жалғаудан кейін тұрады (мысалы: *сенің балаларың, інілерің*), ал жіктік жалғау көптік жалғаудан бұрын тұрады: *барсаңдар, барсаңыздар, келсеңдер*, т.б. Тәуелдік жалғау мен көптік жалғау қатарласа келгенде көптік жалғау байланыстырушылық қызмет атқармайды, өзі жалғанған сөздің көптігін білдіреді.

3. Қымылдың, әрекеттің иесі ілік септігінде келетін қалау рай тұлғасы тәуелдік жалғау арқылы жаққа жіктеледі.

-у тұлғалы тұйық етістікке тәуелдік жалғауы үстеліп, *керек, қажет, мүмкін, тиіс* модаль сөздер тіркескенде, модаль сөздер өзгеріссіз қалады да, баяндауыштар жаққа жіктеледі: *менің баруым қажет, сенің баруың қажет, оның баруы қажет*, т.б. Өйткені -у формасы бұларды қымылдың атауына айналдырады.

§ 1.6.4. Жіктік (жасқ) категориясы

Жақ категориясының өзіне тән аффикстері бар, ол **жіктік жалғау** немесе баяндауыштың жалғауы деп аталады. Жіктік жалғауы қазақ тілінде тек қана етістікке тән емес, есімдер (зат есім, сын есім, сан есімдер баяндауыштық қызметте) де жіктеле береді: *Мен мұғаліммін, сіз ақылдысыз, сіз улкенсіз, сіздер екеусіздер*, т.б. Бірақ есімдер баяндауыш болуы үшін міндетті түрде жіктік жалғауын қабылдауы тиіс, сөйтіп барып бастауышпен жақ, жекеше-көптік тұлғасында қысады.

Шығу төркініне қарай жіктік жалғаулары сөз соңынан келетін есімдіктің энциклопедикалық (дербес екпіннен айырылу) және дыбыстық өзгерістерге түсіп, аффикске айналуының нәтижесі болып табылады. Мысалы, *Біз адам біз – біз адамбыз*, т.б. Қазақ тілінде аудиоспалы осы шақта және бұрынғы өткен шақта **-мын, -мін** ықшамдалып, **-м** түрінде келеді: *барамын – барам. Барам, келем, жүрем*, т.б. сөйлеу тіліне тән.

А. Ысқақов жіктік жалғауларының төрт түрлі ұлгі бойынша жіктелетіндігін көрсетеді:

1-топқа: *отыр, тұр, жұр, жатыр* етістіктері, есімшелер, зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, есімдіктер, ұстеулердің жіктелуі жатады. Бұл топтағы сөздерге жіктік жалғау тікелей әрі үндестік заңы сақталып жалғанады, 3-жақта жіктік жалғауы болмайды.

2-топқа: *-a, -e, -й* формалы және *-n, -ып, -и* формалы көсемшелер жатады. 3-жақта *-ты, -ти* (*-ды, -ди*) жалғауы жалғанатындығы басты ерекшелігі болып табылады.

3-топқа: етістіктің жедел өткен шақ формасы мен шарттырай формасының жіктелуі жатады. Жекеше түр 1, 2-жақ қосымшалары тәуелдік жалғауына ұқсас (*-м, -ң, -ңіз* немесе *айтты-м//әке-м*), 1-жақ көпше түрі алдыңғы топтардың ешқайсысына да ұқсамайды, ерекше (*оқысақ*), 2-жақ көпше түрінде (*-ңдар, -ңыздар*) алдыңғы ұлгілерге қарағанда, өзгешелеу, ал үшінші жақтың арнаулы қосымшасы жоқ.

4-топқа: етістіктің бұйрық рай формасының жіктелуі жатады.
 1-жақта: *-айын, -ейін* (*қарайын, келейін*),
 2-жақта: қосымшасы жоқ (*сен қара, кел*),
 3-жақта: *қарасын, келсін* болып түрленеді (Ысқақов, 1991, 65-б.).

Жақ	1-ұлғі	2-ұлғі	3-ұлғі	4-ұлғі
Мен	тұрмын	тұрамын	тұрдым	тұрайын
	жүрмін	жүремін	жүрдім	жүрейін
Сен	тұрсың	тұрасың	тұрдың	тұр
	жүрсің	жүресің	жүрдің	жүр
Сіз	тұрсыз	тұрасыз	тұрдыңыз	тұрыңыз
	жүрсіз	жүресіз	жүрдіңіз	жүріңіз
Ол	тұр	тұрады	тұр	тұрсын
	жүр	жүреді	жүр	жүрсін
Біз (дер)	тұрмыз	тұрамыз	тұрдық	тұрайық
	жүрміз	жүреміз	жүрдік	жүрейік
Сендер	тұрсындар	тұрасындар	тұрдындар	тұрындар
	жүрсіндер	жүресіндер	жүрдіндер	жүріндер
Сіздер	тұрсыздар	тұрасыздар	тұрдыңыздар	тұрыңыздар
	жүрсіздер	жүресіздер	жүрдіңіздер	жүріңіздер
Олар	тұр	тұрады	тұрды	тұрсын
	жүр	жүреді	жүрді	жүрсін

Ескерту: 2-жақ аныы түрінің диалектілік, ауызекілік формасы *-ғын* (-қын, -гін, -кін) түрінде айтылады: *сен бар-ғын, сен кел-ғін*. Сонымен бірге көпше түрінде 1-жақ қосымшасы *-лық* (-лік) болып қолданылады: *біз оқылық, баралық, көрелік*, т.б.

Бірақ әдеби норма *-йық, -йік* формасы болып табылады (*барайық*).

Жақтық мағына жіктік жалғауларында да, тәуелдік жалғауларында кездеседі: *менің әкем, мен айттым*.

2-жак жекеше, көпше түріндегі жіктік жалғауы да, тәуелдік жалғауы да анайы, сыпайы түрде болады.

Жіктік жалғауларының (категориясының) ерекшеліктері:

Жіктік жалғауының ықшамдалған түрлері болады: *мен көргем, білгем, т.б.*

Жіктік жалғауы болымсыз түрде қолданылғанда болымсыздық формасына жоғарыда айтылған 2, 3, 4-үлгідегі етістіктердің қосыншалары тікелей жалғанады (*тұрма-ған, барма-с, барма-йтын*), оған жіктік жалғауы қосылады: *бармаймын, көрмеймін, бармасам, бармайтынмын, көрмесем, бармайын, көрмейін, бармапын, т.б.*

Болымсыздық формасына *емес* сөзі тіркескенде жіктік жалғауы *емес-ке* жалғанады: *Мен бала емеспін*. Көсемшениң ауыспалы *өкінбеймін, жасымаймын* формасының орнына *өкінбен, жасыман* қолданылады. Ауыспалы осы шақ формасының болымсыздық тұлғасының қысқарапан түрі – *-ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен*.

Болымсыздық формаға *емен* көмекші сөзі тіркесіп жақтық мағына тудырады: *көрген емен, білген емен, т.б.*

Сөйлемнің бастауышы жіктеу есімдігінен болып, ол айтылған жағдайда жіктік жалғауының қолданылмайтын кездері бар: *Мен сен емес, жас күнім жайнап тұрған* (Абай). *Мен сәби, мен ақкөңіл, мен турашыл, т.б.* Бұл есім баяндауштардың жіктік жалғаулары түсіріліп айтылып тұр.

Сөзге ең алдымен көптік жалғау, одан кейін тәуелдік жалғау, одан соң септік жалғанған соң ең ақырында жіктік жалғауы жалғанады: *жұмыстарымыздамыз, үйлеріміздеміз*.

Көптік жалғауы сөзге екі рет жалғанғанда екі түрлі қызмет атқарады: заттың көптігін білдіреді, бастауышпен қысысу қызметін атқарады: *студент-тер-сің-дер*.

Бұйрық райдың жіктелуіндегі ерекшеліктер: Бұйрық райдың формасының үш жағына *-шы, -ші* журнағы жалғанады. Ондайда етістік таза бұйрық мәнінен гөрі тілек, ниет мәнді болады: *мен барайын-шы, келейін-ші, сен бар-шы, сен кел-ші, сіз барыңыз-шы, сіз келиңіз-ші, ол барсын-шы, ол келсін-ші, сендер барыңдар-шы, сіздер барыңыздар-шы, олар барсын-шы*.

-шы, -ші тұлғасы шартты рай тұлғалы етістіктердің жіктелген түрінде де үстеліп, шарттылық мәннен гөрі өкініш, аңсау сияқты мән үстейді: *мен барсам-шы, сен барсаң-шы, ... ол барса-шы, біз барсақ-шы, сендер барсаңдар-шы, ... олар барса-шы* (Исаев, 1998, 130-б.).

Бұл айтылғандардан өзге шырай категориясы, шақ, рай, етіс, т.б. категориялар бар. Сондай-ақ етістіктің салт және сабакты түрлері – етістіктің грамматикалық категориясы. Салт пен сабактылықтың шегін ажыратуда олардың бірінің табыс септігін қажет етіп тұруы (ашық, жасырын түрде) басты критерий болып табылады. Яғни, әрі таза семантикалық, әрі табыс септігі формасы арқылы берілетін тұра объектімен байланыстылығы мен байланыссыздығы арқасында салт және сабактылық категория қатарына енеді. Басқа категорияларға әр сөз табына байланысты бөлімдерде тоқталамыз.

Семинар сабактарында орындалатын жаттығулар

1-жаттығу. *Таза грамматикалық қосымшалар (реляциялық мағына тудыруши қосымшалар) мен лексикалық тұлға жасаушы қосымшаларға (деривациялық мағына тудыруши қосымшалар) мысалдар келтіріп, сөйлемдерге морфологиялық талдау жасаңыздар.*

2-жаттығу. а) *Сөйлемдерден нөлдік форма арқылы берілген грамматикалық мағынаның берілуін тауып, себебін түсіндіріңіздер.*

ә) *Бір грамматикалық категориялардың әртүрлі формада айтылуына мысалдар келтіріп, сатылы талдау жасаңыздар.*

Алғашқы күні осы бала кімге ұқсағанын Ақбала ойламап еді (Ә. Нұрпейісов). Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ (Абай). Қызылтым қанатты ақша бұлттар тізбегі батып бара жатқан күнді қимай мұңайып қалған (О. Бекеев). Әдептілік алды – абайлап сөйлеу (Йүгінеки). Қызара білу, ұяла білу – адам бойындағы ең тамаша адамгершілік қасиет (Ч. Дарвин). Сәт екеумізді тапқан біздің шеше аузынан ақ майды ағызып отырып-ақ, сол жіңішкерген науқастан қаза болған (М.Ә.). Ер жеткесін жеті жыл Құдайменденің жылқысын бақты (Ә. Нұрпейісов). Алыс

кетіп барамын (Ф. Қайырбеков). Әйтсе де елу асқан шал ермек іздең жүрген жоқ (Ф. Мұстафин). Құрақ түбі құм қайран, тайыз екен, аяқтарын созып жіберді (Ф. Мұсірепов). Оба, қорасанмен адам апаты, ала өкпе, қара өкпемен мал апаты болған жерлерді өртеп, келер жылға дейін ол маңайға жоламай көшіп кететін (Ф. Мұсірепов).

3-жаттығу. *Сөйлемдерде берілген сөздердің лексикалық мағынала-рына сипаттама беріп, грамматикалық мағынасын анықтаңыздар.*

Үлгі: Гашықтың тілі – тілсіз тіл.

Тіл сөзінің сөйлемдегі лексикалық мағынасы – адамның дене мүшесі, соматикалық атау.

Тіл сөзінде үш түрлі грамматикалық мағына тән:

- тіл – атау тұлғалы зат есім;
- тілсіз – болымсыздық мағынасындағы зат есім;
- тілі – тәуелділіктің 3-жағы әрі жекеше түрі.

Тамақтан өткеннің бәрі **тамақ**.

Ертеңгі **асты** тастама,

Кешкі **асқа** қарама (Мақал-мәтелдер).

Бір жерде жүрсөң басың қосып,

Бірінің бірің сөйле сөзің тосып (Абай).

Қартаң тартқан адамнан **от азаймақ**,

От азайса, әр істің бәрі тайғақ (Абай).

4-жаттығу. *Сөйлемдерден кірме жүрнақ арқылы жасалған сөздерді тауып, туынды сөзге қандай мән үстеп тұрганын анық-таңыздар.*

Жатақхана – студенттер баспанасы, Қызықты жаңа өмірдің бастамасы (А. Имантаев). Осы отауға жиналған Ойқұдық, Сарбұлақ ауылының қыз-жігіттері аққұба, ашаң жүзді, қалжындал, әзілқой Ақыш жеңешеден қиыла жамырай ән сұрады («Қазақстан әйелдері» журналы). Білімпаз қазақ жастары, Таусылмас елдің дастаны (З. Әбдуәлиев). Алматы Алатаудан алма ақтарып, Шымкент тұр қорғасындаі салмақтанып (Т. Айбергенов). Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң арқалан (Абай).

Ақшаларың жоғың, – деді Базарбай дейтін саудагер орнынан көтеріліңкіреп, – соғымдарыңың терілерін маған сатындар! (С. Мұқанов). Рухани байлыққа да тас аттық. Аудандағы жалғыз кітап дүкенін сатып алғып сырахана жасаттық (М. Шаханов). Арбакеш таудан асып бара жатқанда, күн де ұясына кіріп қалған кез еді (Г. Шойбекова).

5-жаттығу. *Дара мәғыналы (моносемалық), көп мәғыналы (полисемалық), мәғыналас синоним, омоним жүрнақтарға мысалдар келтіріп, сөйлем құраңыздар.*

СОӘЖ тапсырмалары

1. Морфема дегеніміз не? Түбір морфема мен қосымша морфемалардың айырмашылықтарын айқындаңыз.
2. Жүрнақтардың құрамы мен түрлеріне тоқталыңыз. Сөз тудыратын жүрнақтар мен форма тудыратын жүрнақтардың айырмашылықтарын көрсетіңіз.
3. Негізгі грамматикалық ұғымдар, оларды анықтау жолдары қандай? Грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категориялардың айырмашылықтарына тоқталыңыз.
4. Грамматикалық мағына тудырудың жолдары қандай? Негізгі себептерін түсіндіріңіз.
5. Қосымша морфемалардың мәғыналық қарым-қатынастары қандай? Себебін нақты мысалдар арқылы айқындаңыз.
6. Сөздерді топтастырудың принциптері мен негізгі мәселелеріне тоқталыңыз. Сөз таптары және оларды жіктеу туралы негізгі ұстанымдарды айқындаңыз.
7. Қос функциялы қосымшалар деп қандай қосымшаларды айтамыз? Себебін түсіндіріңіз.
8. Қазақ тіліндегі префикстермен келетін сөздердің ерекшеліктері қандай? Нақты мысалдар келтіріп, негізгі ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
9. *Ата-ана.* Берілген сөз қос сөздің қай тобына жатады? Қос сөзді құрамы мен лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сатылы-кешенді талдаңыз.
10. *Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.* Берілген сөйлемді ықшамдау тәсілі арқылы сатылы-кешенді талдаңыз.
11. Нөлдік форма арқылы берілген грамматикалық мағынаның берілуіне мысалдар келтіріп, себебін түсіндіріңіздер.

12. Атаңың баласы болма, адамның баласы бол. Сөйлемнен тәуелді формалы сөздерді тауып, сатылы-кешенді талдаңыз.

Тест тапсырмалары

Морфологияның басты ұғымдары:

- A) сөз, сөз формасы
- B) сөздердің байланысу түрлері, әріп
- C) сөз, сөйлем мүшелері
- D) грамматикалық мағына, грамматикалық амалдар
- E) дыбыс, орфография
- F) аналитикалық тәсіл, буын
- G) сөздердің байланысу тәсілдері, фонема
- H) грамматикалық категориилар, сөз таптары

Етістікке тән грамматикалық категориилар:

- A) көптік категориисы, септік категориисы
- B) шырай категориисы, жіктік категориисы
- C) тәуелдік категориисы, сан-мөлшер категориисы
- D) есімше категориисы, етіс категориисы
- E) көптік жалғаулары, жұрнақтар
- F) шақ категориисы, жақ категориисы
- G) септік категориисы, сөз тудыруши жұрнақтар
- H) рай категориисы, көсемше категориисы

Зат есімге де, етістікке де жалғанатын қосымша морфема:

- A) жіктік жалғаулары
- B) көптік жалғаулары
- C) -мын, -мін
- D) септік жалғаулары
- E) -сың, -сің
- F) тәуелдік жалғаулары
- G) -ша, -ше
- H) -шық, -шік

Грамматикалық категория түзілуі үшін қажетті шарт:

- A) грамматикалық мағына мен оны тудыруши грамматикалық форма (көрсеткіш) болуы шарт

- B) грамматикалық мағына мен формалар синтагмалық қатынас түзуі шарт
- C) сөз тудыруши қосымшалардың болуы шарт
- D) грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың (көрсеткіш) арасында сәйкестік болуы шарт
- E) нөлдік форманың болуы шарт
- F) бірнеше сөз таптарына ортақ болуы шарт
- G) грамматикалық мағына мен формалар парадигмалық қатынас түзуі шарт
- H) грамматикалық мағына мен формалар парадигмалық әрі синтагмалық қатынас түзуі шарт

Грамматикалық мағыналар парадигмасына қажетті шарттар:

- A) құрамындағы мағыналар бірін-бірі жоққа шығаруы керек
- B) құрамындағы мағыналар бірін-бірі жоққа шығармайды
- C) бірінің орнына бірі жұмсалмауы тиіс
- D) бірінің орнына бірі жұмсала алады
- E) парадигмалық түрлену жүйесі бірнеше сөз таптарына ортақ болуы тиіс
- F) парадигмалық түрлену жүйесі тек зат есімдерге тән болуы шарт
- G) парадигмалық түрлену жүйесі тек етістікке тән болуы шарт
- H) парадигмалық бағанның өзі бірін-бірі жоққа шығарудан және толықтырудан тұрады

Септік категориясына тән ерекшелік:

- A) септік жалғаулары синтагмалық қатынас түзе алады
- B) септік категориясы бір жүйе, парадигма құрай алады
- C) жалғаулары бірінің орнына бірі жұмсалуы тиіс
- D) септік жалғауларының мағынасы заттың бағытын, шыққан жерін, ненікі, кімдікі екендігін, қайда жатқанын, кіммен болғандығын анықтай алады.
- E) септік жалғаулары меншіктілік қатынасты білдіреді
- F) септік жалғаулары бірінің орнына бірі жұмсала алмайды
- G) септік категориясы бір жүйе, парадигма құрай алмайды
- H) септік жалғаулары жақтық қатынасқа құрылады

Бір грамматикалық категория парадигмасының әртүрлі формада айтылуы:

- A) -ға, -на, -а
- B) -мен, -бен, -пен
- C) -ыз, -із, -з
- D) -ны, -ды, -н
- E) -нан, -тен, -дан
- F) -лар, -тер, -дер
- G) -да, -де, -нда
- H) -ның, -дің, -тың

Сөздің жасалу жолдары әрқылы болатынына тоқталып өткенбіз. «Сөздер морфологиялық құрамы жағынан бірдей емес, әртүрлі. Сөздердің ішінде жалаң түбір сөздер де (*ат, ас, із, жап, ез, тер*), жүрнақ арқылы жасалған туынды сөздер де (*астық, атақ, ізде, жаппа, езгі, тершең*) бар. Бұл тұлғалармен қатар, екі түбірден біріккен сөздер де (*бүгін, белбеу, алабота, әкел, сексен*), екі түбірден қосарланып жасалған сөздер де (*шыбын-шіркей, бала-шага, көзбе-көз, кімде-кім, қалған-құтқан*), біrnеше түбірдің тіркесуі арқылы жасалған құрама сөздер де (*темір жол, темір қазық, кемпір қосақ, ақ құба, қара көк, он алты, сексен бір, ала кет, ала кел, қызмет ет, еңбек қыл*), біrnеше түбірден қысқарып құралған сөздер де (*ҚазССР, ҚКП, облсовет*) бар» (Ысқақов А. Қазақ тілінің морфологиясы. – 1991, 84-б.).


Сөздерді бұлайша топтастыру сөз тудырушы тәсілдерге байланысты қалыптасқан. Яғни, олардың морфологиялық, я болмаса синтаксистік тәсілдермен жасалғанын көрсетуі.

А. Ысқақов сөздердің морфологиялық және синтаксистік тәсілдердің комбинацияға түсіүі арқылы жасалатындығын айтады. Ондай сөздерге: *ендігіәрі* (ендігіден әрі), *екіншіәрі* (екіншіден әрі), яғни шығыс септіктегі есімдер мен шылаудың тіркесуінен пайда болған сөздерді, септік жалғауының түпкі мағынасынан қол үзуі нәтижесінде пайда болды деп болжап келген *зорға, босқа, бірге үстеу* сөздерін жатқызады, сонымен бірге *кенеттен, тосыннан, ежелден, бірден үстеулерінің дербес сөзге айналуын жеке қарастырады*. Бұлардың түп негізінде бір сөз табынан

екінші бір сөз табына ауысу процесі жатыр, айталық, өзге сын есімі барыс септік тұлғалы зат есімнің адъективтенуі, яғни сын есімге көшуінің нәтижесі саналады. Сол сияқты кейбір сөздер етістіктің, есімдердің прономиналдануынан, яғни есімдікке ауысуынан жасалған. Қазақ тілінде сөздердің бір категориядан екінші бір категорияға ауысуы сөз таптарына қарай әртүрлі терминдермен аталады:

- 1) субстантивтену** – зат есімге айналу (заттану);
- 2) адъективтену** – сын есімге айналу (сындану);
- 3) прономиналдану** – есімдікке айналу (есімдену);
- 4) адвербиалдану** – үстеуге айналу (үстеулену);
- 5) вербалдану** – етістікке айналу (етістікtenу).

Сөздер кұрамына қарай: *жалаң* және *курделі сөздер* деген еki үлкен топқа жіктеледі. Бұлар өз ішінен тағы да сараланады:



Күрделі сөздер деп сыңарлары арасындағы синтаксистік қатынастары жойылып, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік жақтан тұтасып, бір бүтін тұлға (единица) ретінде қалыптасқан сөздерді айтамыз.

Күрделі сөздердің морфологиялық тұтастығының көріністері:

- а) күрделі сөздер түрленеді (көптеледі, септеледі, тәуелденеді, жіктеледі);
- ә) оның сыңарлары әрқайсысы бөлек-бөлек өзгермей, тұтас тұлға ретінде түрленіп, бір грамматикалық мағына білдіріп, бір формаға ие болады;
- б) күрделі сөздің сыңарлары парадигматикалық қатардың же-ке-жеke, дербес мүшесі бола алмайды, бір мүше ретінде енеді.

Дегенмен морфологиялық тұтастық күрделі сөзді ажыратудың шегі бола алмайды. Өйткені *шекара* сөзі (лексикалық единица) мен *алтын сағат* (сөз тіркесі) алып қаралық: екі тұлғаның

түрленуі бірдей, бірақ екеуі – екі деңгейдің бірліктері. Яғни, тұтас тұлғалану күрделі сөзге де, атрибутивті сөз тіркесіне де тән, бірақ күрделі сөздің сөз тіркестерінің матаса (*куннің ыстығы, судың ағысы*), менгеріле (*тауга шығу, қаладан келу*) байланысунан ажыратуға мүмкіндік береді.

Сөздің морфологиялық тұластығымен тығыз байланысты ұғым деп сөздің құрылымдық тұластығы ұғымын айту керек.

Сөздің құрылымдық тұластығының белгілері: күрделі сөздердің сыңарларының орны алмастыруға келмейді, басқаша күйде тіркесе де алмайды, қосарлана да алмайды. Егер басқаша тіркессе, онда мағынасы басқа, өзге бір единица пайда болады, өзгереді, күрделі сөз болмайды. *Құрбақа-ны бақа құр* дей алмаймыз, *бақа-шаян-ды* – *шаян-бақа* деуге келмейді, т.б. Ал еркін тіркес құрамындағы сыңарлардың орындарын алмастыруға әбден болады: *таудай талап* – *талап таудай*, *жібек орамал* – *орамал жібек*, т.б. Сонымен бірге еркін сөз тіркестерінің арасына өзге бір сөздің кірістіріп айтуға болады: *жүйрік ат* – *жүйрік торы ат*, т.б.

Күрделі сөздердің синтаксистік тұластығының белгілері немесе еркін сөз тіркестерінен айырмашылығы:

а) күрделі сөздің бірде-бір сыңары дара күйінде синтаксистік байланысқа түспейді, өз алдына жеке-дара сөйлем мүшесі бола алмайды. Ал еркін тіркес сыңарлары жеке-жеке сөйлем мүшесі бола алады. Өйткені олардың арасындағы байланысу формалары (қабысу, матасу, менгерілу) аңғарылып тұрады;

ә) күрделі сөздің синтаксистік тұластығы оның семантикалық тұластығына негізделеді;

б) синтаксистік немесе еркін сөз тіркестері сөйлеу кезінде жасалса, күрделі сөздер негізінен даяр күйінде сөйлем құрамына енеді.

Ескерту: Күрделі сөздердің ажыратуда фонетикалық белгі критерий бола алмайды. Айталақ, екпінге қарап еркін тіркес пен күрделі сөздің ажырату мүмкін емес: асық жілік (күрделі сөз) және жусан жілік (еркін

тіркес) екпіндері бірдей болса, сингармонизм заңына бағынбайтын күрделі сөздер болады. Мысалы: күнбатыс, күнбагыс, т.б. Алайда екпін арқылы күрделі сөз бен сөз тіркесін ажыратуға да болады: қарға – қара құс, қарышыға – қарақұс тұқымдастарынан (Аханов, Грамматика теориясының негіздері, 1980).

§ 2.1. Күрделі сөз

Сөздің өзіне ғана тән белгілері мен қасиеттері бар және әрбір сөз ақпарат тасымалдаушы шартты белгіге жатады. Яғни, сөз – мағына мен дыбысталудың бірлігі.

Сөз тілде бірнеше қызмет атқарады, атап айтқанда, сөздер заттар мен құбылыстарды, сапа мен белгіні, іс-әрекет пен қимылды т.б. атайды. Сөздің бұл қызметі номинативті қызметіне жатады.

Адамдар арасындағы пікір алмасуды, қарым-қатынасты іске асырып, қатынас құралына айналдыратын да – сөз. Бұл қызметі коммуникативтік қызметке жатады.

Үшінші қызметіне эмоцияны білдіру қызметі жатады, яғни эмотивтік қызметі болып табылады. Бірақ алдыңғы екі қызметі негізгі қызмет түрлеріне жатады және сөздің маңызды қасиеті – мағынасының болуы.

Сөздер грамматикалық түрғыдан құрамына қарай дара және күрделі сөздерге бөлінеді. Бұл турасында С. Исаев: «Сөздер құрамы жағынан дара және күрделі сөздер болып екіге бөлінеді. Бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді дара сөз дейміз. Екі немесе одан да көп түбірден құралған сөзді күрделі сөз дейді. Күрделі сөздер жасалу жолына қарай **біріккен сөздер** (бүгін, жаздығуні, алғысөз), **қос сөздер** (ұлken-кіші, аяқ-табақ), **қысқарған сөздер** (АҚШ, БҰҰ), **тіркесті сөздер** (қара торғай, қара көк) болып бөлінеді. Сөйтіп, күрделі сөздер, бір жағынан, сөз тудырудың белгілі бір жолдары (біріктіру, қосарлау, тіркестіру) арқылы жасалған жаңа сөздер болса, екінші жағынан, күрделі түбір, сөйтіп, түбірдің бір түрі болып табылады» (Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы, 1998).

Ескерту: Басқа ғалымдарда кездеспейтін тіркесті сөздер терминін ұсынған С. Исаев, мұндай сөздердің екі я одан да көп сөздердің тіркесін келіп бір ұғымды білдіретін күрделі сөзге жататынын, мағынасы жасынан біріккен сөздер сияқты бір ұғымның атауы болса да, бөлек жазылатынын ескертеді. Мысалы, *боз торғай*, *сөз таптары*, *қара торы*, т.б.

Соңғы жылдары күрделі атаулардың құрылымдық жүйесі уәждеме, сөзжасамдық уәжділік теориясы тұрғысынан қарастырылады.

Ескерту: Б. Қасым күрделі сөз тұмastaлыққа құрылған бір атау ретінде қызмет етеді, ал әрбір атау пайды болған кезде бір құбылысқа уәжделіп барып жасалады деп санайды. Оларды біріккен, кіріккен атаулар, қосарлы атаулар, қысқарған зат атаулары (қысқарымдар), тіркесті зат атаулары деген түрге бөледі. Оларға құрылымдық, мағыналық тұмastaстық тән деп санайды. Жаңа заттар мен құбылыстардың мазмұнын бұрыннан белгілі дара сөздер жеткізе алмайтын жағдайда күрделі сөздердің мүмкіндігі мол екенін ескертеді және олардың тұрақты тіркестерден ерекше екенін, табигаты жасынан тіркестерден сөзге жақындығын айтады (Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негізі. – Алматы, 2002).

ХХ ғасырдың басында қазақ ғалымдары күрделі сөздер туралы ішінара өз пікірлерін білдіре бастады. А. Байтұрсынов сөз тұлғаларын *түбір сөз*, *тыңды сөз*, *қос сөз*, *қосалқы сөз*, *қосымша* деп белді (Тіл тағылымы. – Алматы, 1991).

Қ. Жұбанов *түбір сөз*, *қосымша*, *кіріккен сөз*, *қиуолы сөз*, *қосар сөз*, *қосалқылы* сөздердің ішінде күрделі деп арнайы атамағанмен, **кіріккен сөздер** мен **қиуолы сөздерді**, **кос сөздерді** күрделі сөздерге жатқызады (Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999).

Қорыта айтқанда, күрделі сөздерді бірбүтін тілдік бірлік ретінде танудың үш түрлі критерийі бар, олар: семантикалық, морфологиялық және синтаксистік тұмastaстық.

Күрделі сөздердің дара сөздерден синонимі болмайды. Мысалы, *бозторғай* – торғайдың аты, оны дара сөзben басқаша атау мүмкін емес. Ал қас *пен көздің арасында* фразеологиялық тір-

кесінің дара сөзден синонимі бар, ол – *тез, жылдам*. *Қас пен көздің арасында* фразеологиялық сөз тіркесі *тез, жылдам* сөздерінің эквиваленті болып тұр.

Фразеологиялық сөз тіркестері түрленгенде әр сыңары же-ке-жеке, әрқалай түрленсе, күрделі сөздер тұтастығын сақтап өзгереді: салы суға кету – *салың суға кетіп, салысы суға кетті, салым суға кетті*; тасбақа – *тасбақага, тасбақамен, тасбақаның (тастың бақаның емес)*, т.б.


§ 2.1.1. Күрделі сөздер және олардың жасалу жолдары

Күрделі сөздер әрқилы жолмен жасалады. Көптеген күрделі сөздер о бастағы тұлғаларын өзгертіп, әрі дыбыстық, әрі мағыналық жақтан қатты өзгеріске ұшырауы мүмкін. Осындай өзгерістердің нәтижесінде мұндай сөздер бір-біріне кірігіп, ықшамдалады: *был – бұл йыл (жыл), секен – сегіз он, тоқсан – тоғыз он, ашудас – ашу тас*, т.б. Байқалып тұрғандай, бұлар бір ғана екпінмен айтылып, қатты өзгерген, бұлардың бір кездерде же-ке-дара сөздер болғанын тек этимологиялық талдау арқылы ғана анықтауға болатын дәрежеге жеткен. Мұндай сөздерді А. Ысқақов *кірікken сөздер*, түркологтар *бірікken сөздер* дейді. Ал К. Аханов *кірікken сөздердің қазіргі кезде кәдімгі жалаң сөздерден* еш айырмасы жоқ деп беледі (Аханов, 1980, 86-б.). Бұлайша түрлі атаулармен айту фонетикалық өзгерістерге ұшырамай айтылатын сөздерді *бірікken* («слитные слова») сөздер қатарына жатқызады. Құрамындағы компоненттері мағыналық және дыбыстық өзгерістерге қатты ұшырамай тұтасқан сөздер *бірікken сөздер*, ал мағыналық жақтан бейлексикаланған, дыбыстық жақтан да қатты өзгерген сөздер *кірікken сөздер* деп саналады.

Қазіргі қазақ тілінің орфографиясы бойынша бөлек жазылып жүрген *тоқ ішек, аңы ішек, су жылан, оқ жылан, бес атар, бет ашар, боз қырау, ит аяқ, көк жөтел, қонақ асы, тоқпан жілік, кәрі жілік, ортан жілік, құлақ бау, тау ешкі* сөздерін К. Аханов күрделі сөздер қатарына жатқызады, оларға синтаксистік тіркес

деп қарамайды. Бұдан шығатын қорытынды біреу: ол – сөздердің графикалық белгісіне, яғни жазылуына қарап күрделі сөздерге жатқызуға болмайды.

Күрделі сөздер әртүрлі сөз табына тән. Мысалы, күрделі сын есімдер қызыл ала, көк ала, қара көк, қара сұр немесе шоқша сақалды, кең маңдайлы (сын+сын); қасқыр ішікті, тұлқи тымақты (зат есім+сын есім); күрделі сан есімдер он бес, жиырма бес, бір мың тоғыз жүз, т.б. және күрделі зат есімдер қайын ене, асық жілік, уық бау, жел бау, т.б., сондай-ақ күрделі етістіктер кіріп шық, сатып ал, айтып кел, ала кел, қызмет қыл, жәрдем ет, сабыр ет, ән сал, көз сал, т.б.



§ 2.1.2. Біріккен және кіріккен сөздер

Кіріккен сөздер деп компоненттерінің я біреуі, я екеуі бірдей әуелгі өз мәғыналарынан айырылып (делексикаланып), тұтасымен басқа бір жалпы мәғина білдіретін және компоненттері фонетикалық (дыбыстары, екпіндері) жағынан әрқылы өзгерістерге ұшырап, бір-бірімен белгілі дәрежеде әрі үндесіп, әрі ықшамдастып құралған күрделі сөздерді айтамыз.

Қ. Жұбанов біріккен сөз деудің орнына **кіріккен** сөз терминін қолданған, аталмыш сөздердің белгілерін былайша атап көрсетеді: «Бірінші, неше сөзден құралған болса да, кіріккен сөздер бір-ақ нәрсені атайдын, бір-ақ сөздің орнына жүретін болуы керек. Екінші, кіріккен сөз болуы үшін, мұның ішіндегі жеке сөздердің әрқайсысы сөйлемде өз алдына мүшесі болмай, бәрі жиналып сөйлемнің бір-ақ мүшесі болуы керек. Үшінші, кіріккен сөздердің қайсыбіреулерінде біреуінің не екеуінің де формасы жай қалпындағыдан өзгеріп басқа түрге түседі. Төртінші, кіріккен

сөздердің бір айырмашылығы мұнда екпін біреу-ақ болып, о да кірігуші сөздердің ең соңғысында ғана болады. Өлі түбірлі, не өлі қосымшалы сөздер сияқты, ішкі жігін бүгінде жоғалтып, бірігіп кеткен сөздердің бірсыптырасы, түбір мен жалғаудан құралмай, өңшең түбірлерден құралған: ашу дас сөзі – ашу – тас деген екі түбірден, күндіз – күн – дүз (жұз, бет) ... құралған. Осындағы екі түбір, үш түбірден құралып тұрып, бір түбір болып кеткен сөздердің кіріккен түбірлер дейміз.

Кіріккен сөздер алғашқы қалпын жоғалтып, бірімен-бірі қызындастырып кеткен. Қызындастырып қызындастана не екеуінің дыбысын бірыңғайластырып қызындастан, не оның үстіне аралығындағы дыбыстардың бірсыптырасын ысырмалап қуып шыққан. Мысалы: *белбеу* деген кіріккен кезде *бел-бау* деген екі сөз қызындастырып, бір сөз болып кету үшін, соңғысының а дыбысы е дыбысына айналып, алдыңғысының қалпына түскен. Кіріккен сөздердің бәрі қызындастырып ұлгірмеген. Мәселен: *жермай, бесжылдық* сияқты әлі кірігіп кетпеген. Ерте құралып арасының жігін жоғалтып кеткен сөздердің кіріккен сөздердің көнесі, жаңадан құралып, әлі жігін жоғалтпағандарды кіріккен сөздердің жаңасы дейміз», – дейді. Кіріккен сөздерді К. Жұбанов *жалғасулы кіріккен сөздер* (қолғап, ашудас), *қиуолы кіріккен сөздер* (жарықшақталып, қиуол келтіріліп кірігеді: ау-ат-ком) деген екі топқа жіктейді.

Ал Н. Оралбаева біріккен сөздерге мынадай анықтама береді: «Екі я онан да көп сөз бірігіп, жаңа лексикалық мағынасы сөз тұлғасын біріккен сөз дейміз». Біріккен сөздердің құрылышы екі түрлі болады:

Кіріге біріккен: сексен (сегіз он), тоқсан (тоғыз он), апар (алып бар), әкел (алып кел), ашудас (ашу тас), т.б.

Тұтаса біріккен: (тасбақа), көккүтан, Үштөбе, Сырдария, т.б.

Қиуолы сөздердің буын қиуолылар, әріп қиуолылар, аралас қиуолылар деген үшке жіктейді.

F. Бегалиев, Н. Сауранбаев «Қазақ тілінің грамматикасы» (Алматы, 1944) еңбегінде күрделі сөздерді үш топқа бөліп, топтастырады: *біріккен сөздер, қос сөздер, қысқарған сөздер*. Сөздердің

қайталануы, қосарлануы жаңа сөз тудыру амалы ретінде қарастырылады. Қос сөздерді құрылышына қарай:

Тете мағыналы (бала-шаға, қыз-келіншек), мағына жағынан **қайшы мәнді** қос сөздер (жаман-жақсы, алыс-жақын), бір сөздің **қайталануы арқылы жасалған қос сөздер** (отыра-отыра, қатар-қатар, тырс-тырс), **жеке мағыналы** сөзге сол сөздің өзгертілген тұлғасы **қосақталудан** жасалатын (нан-пан, шай-пай), сын есімдерге **қоспа буын қосылу арқылы жасалған қос сөздер** деген іштей бірнеше топқа жіктейді.

Біріккен сөздерді қос сөздерден үш түрлі белгісіне қарай ажыратып береді: 1. Біріккен сөздер мағынасы әртүрлі, жеке айтылғанда бір-біріне қатынасы жоқ сөздерден құралады. Ал қос сөздер не бір түбірдің қайталануынан, не қайшы я тете мәндес сөздерден немесе қосақты элементтерден жасалады. 2. Күрделі сөздердің мағынасы сөйлемге, басқа сөзге байланысты емес. Бұлар жеке тұрғанда бір ұғым (қолқап) болып саналады. Қос сөздердің қай-қайсысын алсақ та, олардың мағынасы сөйлем арқылы ғана білінеді. Сөйлемнен тыс тұрғанда олардың мағынасы тиянақты бола бермейді. 3. Күрделі сөздердің мағынасы оған енген жеке сөздердің мағынасына сай болмайды, басқа болады. Яғни, күрделі сөздерге енген жеке сөздердің, олардың дара мағынасына сай емес жеке сөздер қосылғанда, мұлде басқа мағынаны білдіреді.

Авторлар біріккен сөздер мен кіріккен сөздерді бөлмей бірге қарастырады, бірақ *бірігу және кірігу* құбылышы барын жоққа шығармайды.

Осы еңбекте авторлардың қысқарған сөздерге арнайы тоқталғаны көрінеді. Мекемені, өндірісті, ұйымды білдіретін, бірнеше сөздің тіркесінен құралған атаулардың қысқаруынан жасалған сөздерді қысқарған сөздер деп атайды. Қысқарған сөздердің бірнеше жасалу жолы көрсетілген: а) ылғи бас буындары алынып жасалған Нар-ком-прос, кол-хоз; ә) басқы дыбыстардан құралған (ОК – Орталық комитет); б) буын мен әріптерден аралас жасалған (ҚазССР, ҚазПИ).

Күрделі сөздердің фонетикалық фактор (бүгін, қайны, әпер, т.б.), лексика-семантикалық фактор (идиомалану, лексикалану, делексикалану арқылы жасалған қырги қабақ, *темір жол, күндіз*), грамматикалану (лексикалық мағынасы өзгермейді, тек грамматикалық мағынасы өзгеретін) арқылы жасалу жолдарын көрсетіп, күрделі сөз деп: «кемінде екі я онан да көп дара сөздерден құралып, ритм, ырғақ жағынан ұдай, лексика-семантикалық жағынан біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлесіп тұрақталған құрама сөзді айтамыз», – деп көрсетеді. Қазақ тіліндегі күрделі сөздерді сыртқы түрпатына қарай *біріккен, қосарланған, тіркескен* (құрама) деп топтастырады.

Біріккен сөздерді *біріккен* және *кіріккен* сөздер деп екі топқа ажыратқан А. Ысқақов болды (Ысқақов А., Алматы, 1991).

А. Ысқақов өз мағыналарынан айырылып, тұтасымен тұрып басқа бір жаңа мағына білдіретін, фонетикалық өзгерістерге ұшырап, ұндесіп әрі ықшамдалып құралған сөздерді **кіріккен сөздер**, ал мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай, бірігіп бір лексика-семантикалық мағынаны білдіретін сөздерді **біріккен сөздер** деп атайды.

Біріккен сөздердің мағынасы мен оның құрамындағы компоненттер мағыналарымен ұнемі бірдей шықпайтынын айтады.

Кіріккен сөздер компоненттерінің біреуі немесе екеуі бірдей әуелгі мағыналарынан айырылып (лексикаланып), тұтасымен басқа бір мағынаны білдіріп, компоненттері фонетикалық жағынан әрқылы өзгерістерге ұшырап, бір-бірімен белгілі дәрежеде әрі ұндесіп, әрі ықшамдалып құралады. Ал біріккен сөздерде ондай айтарлықтай айырма мағына жағынан да, форма жағынан да аса болмайды, бірақ біртұтас лексика-семантикалық мағынаны білдіреді, бастапқы мағыналары ескерілмей, бір сөз, бір ұғым ретінде жұмсалады.

Қазақ тіліндегі біріккен сөздердің екі түрі бар. Бірі құрамында енген түбірлердің тұлғалары сақталады, мысалы, бұзаубас, қаракұрт, т.б. Екіншісі құрамына енген түбірлердің тұлғалары сақ-

талмайды, дыбыстық өзгерістерге ұшырайды, мысалы, биыл, жаздығұні, т.б. Бұлар кіріккен сөздер деп аталып жүр.

С. Исаев біріккен сөздерді он түрлі тақырыптық топқа бөледі:

- аң, құс, өсімдік атаулары:** *аққу, бәйтерек, көккүтән;*
- географиялық атаулар:** *Жетіқарақышы, Сарысу, т.б.;*
- кісі аттары:** *Орынбасар, Қойбагар;*
- дене мүшелері:** *ұлтабар, сегізкөз, т.б.;*
- ауру атаулары:** *алаөкпе, көкжөтел;*
- ойын атаулары:** *алтыбақан, ақсүйек;*
- ән, қүй, өлең атаулары:** *Сарыжайлау, Сегізаяқ, т.б.;*
- қоғамдық өмірге, құнделікті түрмисқа байланысты атаулар:** *баспасөз, қолбасшы, еңбеккүн, т.б.;*
- мезгілге байланысты атаулар:** *биыл, бұгін, қыстығұні, т.б.;*
- белгісіздік, болымсыздық мәнді атаулар:** *ешкім, ешқашан, кейбір, т.б.*

Тағы бір ескерер жайт, Ф. Әбуханов жаңа сөз жасаудың бір амалына сөздердің бірігуін жатқызады және бұл құбылыстың тарихи құбылыска жататынын, олардың компоненттері әртүрлі сөз таптарынан болатынын ескертеді. Біріккен сөздердің сыңарлары жазу кезінде морфологиялық принциппен жазылатынын **Жанпейіс** (Жампейіс емес), **шекара** (шегара емес) көрсетеді.

§ 2.1.3. Қысқарған сөздер

Ал қысқарған сөздер тікелей Қазан революциясының жемісі деп бағаланады. Өйткені оған дейін бірнеше сөзді қысқартып бір сөз ретінде қолдану көп кездеспейді. Сондықтан ұйым, мекеме атауларын білдіретін күрделі атаулардың қысқартылып жазылған түрлерін қысқарған сөздер дейміз, олардың 4 түрлі жасалу жолы бар, яғни қысқарған сөздердің құрамындағы сөздердің:

- 1) әрбір сөздің басқы дыбысы алынады, мысалы, ҰБТ;
- 2) бірінші сөздің басқы буыны, қалған сөздердің басқы дыбыстары алынады (ҚазҰУ);
- 3) әрбір сөздің басқы буындары алынады және бәрі біркелкі кіші әріптермен жазылады, мысалы, филфак, т.б.

4) бірінші сөздің басқы буыны, ал келесі сөз толық алынады, мысалы, мединститут, т.б.

Ескерту: ГАЗ-51, ТУ, ИЛ-18 тәрізді техника түрлерінің маркаларын көрсету үшін алынған шартты белгілер де, сонымен бірге әртүрлі өлишемнің атауы болып табылатын м (метр), см (сантиметр), т.б. белгілер де қысқараган сөздер болып табылады.

§ 2.1.4. Қос сөздер

Қос сөздердің құрамындағы компоненттер я бір сөздің өзінің ешқандай өзгеріссіз қайталануынан, я оның бір сыңарының, не бір буынының, не бір дыбысының өзгеріп қайталануынан, я өзгеріліп жасалуынан құралады немесе морфологиялық жағынан бір текстес я синоним, я антоним сөздерден салаласып құралады. Негізгі осы ерекшеліктеріне қарай, қос сөздердің компоненттері семантикалық жағынан я бірдей, пара-пар болады да, синтаксистік жағынан я ұқсас, я тепе-тең келеді. Бірақ қос сөздердің компоненттері дыбыстық жағынан үнемі пара-пар я тең бола беруі шарт емес (Хасенова А., Ибатов Ә. Қазақ тілі морфологиясын зерттеудегі табыстар мен болашақ міндеттер. – Алматы: Ғылым, 1975. – 6-40-б.).

Қос сөздер туралы А. Байтұрсынұлы: «Қос сөз дегеніміз – қосарынан айтылатын бір өңкей есімді сөздер», – дейді (Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б. – 182-б.). «Қос сөз екі түрлі болады. Біреуі нәрсенің көбін қамти атайды, екіншілері нәрселерді айыра атайды. Алдыңғысы – жалпылағыш қос сөз, соңғысы жалқылағыш қос сөз деп айтылады». **Жалпылағыш қос сөздерге аяқтабақ, киім-кешек, бұта-бұтанақ, жер-су, түйе-мүйе, т.б. сөздерді жатқызады. Жалқылағыш қос сөздерге жел-бау, қауга-шелек, асыл-бек, ес-құл, төре-тай, өмір-қожа, шеге-балға, ер-батыр, шекті-бай, тағысын тағылар жатқыза келе жалпылағыш қос сөздердің арасы дәйім сзықшамен айрылып жазылатынын айтады.** Ал жалқылағыш қос сөздердің арасы сзықшамен айрылып та, айрылмай да жазылатынын көрсетеді.

Ескерту: А. Байтұрсыновтың жалқылағыш қос сөздерінің көбі бүгінде біріккен сөздерге айналған.

К. Жұбанов қос terminін қолданбаған, «қосар сөз» деп атаған. «Түбір сөзден туынды сөз жасаудың жалғыз амалы түбірге қосымша жалғау ғана емес, түбір сөздің я туынды сөздің өзді-өзін қосақтап та сөзге үстеме мағына беруге болады. Мысалы, бала-шаға, үлкен-кіші, үлкенді-кішілі, ұзын-қысқа, сатыр-сұтыр, көзбе-көз, ...сап-сары. Мұндай қосарынан айтылатын сөздерді қосар сөздер дейміз», – дейді (Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.).

Қосар сөздерді К. Жұбанов *тендес қосар, сөздес қосар, матаулы қосар* (қолма-қол, жұзбе-жуз, ауызба-ауыз), *тіркеулі қосар* (жылқы-мылқы, нан-пан) деп топтайды.

Тендес қосарды: **мәндес** (қатын-қалаш, қыз-қырқын), **қайшы мәнді қосар** (үлкен-кіші, аға-іні), **көрші мәнді қосар** (таутөбе, қалам-сия) деп, сөздес қосарды **ұндес қосар** (қаңғыр-құңгір, жарқ-жүрк), **өндес қосар** (сатыр-сатыр, қалт-қалт) деп жіктейді.

Матаулы қосарларды матастырып тұратын дәнекерлер, айталық, **көзбе-көз**, **қолма-қол** болатынын айтады. *Tіrkeulі қосарлар* жеке тұрып өздігінен айтылмайтын сөздердің екінші бір сөздің артынан тіркесуіне байланысты қойылған атау екенін түсіндіру үшін **жылқы-мылқы**, **ат-мат**, **шай-пай** сөздерін келтіреді. К. Жұбановтың **қосақты қосардың** алдынан бір буын, мысалы, **қап-қара**, **сан-сары**, **үп-үлкен** айтылады деп түсінік береді.

Қосар сөздердің жазылу ерекшеліктеріне байланысты К. Жұбанов мыналарды атайды: 1) қосар сөздердің бәрінің арасына сзықша қойылып жазылады: **бала-шага**, **жыртық-тесік**; 2) матаулы қосардың матауын алдыңғысын қосып, соңғысымен екі арасына сзықша қойып жазамыз: **қолма-қол**, **көзбе-көз**; 3) **аппақ**, **көкпен-бек** деген екі қосақты қосарды сзықша да қоймай, бөлмей де тұтас жазамыз.

Ескерту: Шылау сөздерден басқа сөз таптарының бәрінен қос сөздер жасалады.

Екі сыңары да зат есімнен болған қос сөздердің соңғы компоненті тәуелді жалғаулы сөздерге септік қосымшасы жалғануы арқылы жасалады: *сақал-мұрты, топ-тобымен*, т.б.

Етістіктің қосарлануы арқылы жасалған қос сөздер істің, қимылдың қалай, қайтіп істелгенін көрсетеді және әртүрлі формада болады: *билеп-төстеп, көре-көре, сөйлей-сөйлей, алған-берген, келер-келмес, барап-бармас*, т.б.

Көңіл күй одағайларынан (*ә-ә, паң-паң*), ишарат және шақыру одағайларынан (*тәк-тәк, тәйт-тәйт, оң-моң, әукім-әукім*) қос сөздер туындайды (Шакенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 119 б. – 102-б.).

Үстеудің мезгілдік (*кунде-кунде, анда-санда*), мекендік (*ілгерікейін, алды-артына*), бейнелік (*жалма-жсан, бетпе-бет*) түрлерінен қос сөздер жасалады.

Еліктеуіш сөздерден жасалатын қос сөздер сан жағынан көп болып келеді.

Қос сөздерді *қайталама* (бір сөздің қосымшасыз және қосымшалы түрінің екі рет қайталануы немесе сол сөздің не бір дыбысының, немесе бір буынның өзгеріп айтылуы арқылы жасалған (*қора-қора, ат-мат, бес-бестен*) және *қосарлама қос сөздер* (екі түрлі сөзден құралады, мысалы, *ертелі-кеши, әке-шеше, ойнап-күліп, алты-жеті*) деп атауды алғаш қалыптастырған ғалым А. Ысқақов және олардың морфологиялық сипатын осылайша ашып көрсеткен.

Ә. Төлеуов қос сөздерді жасалуына қарай *екі жағы да мәнді қос сөздер, сыңар мәнді қос сөздер, екі жағы да мәнсіз қос сөздер* деп үш топқа бөледі. Компоненттерінің мағыналы-мағынасыз болуы жаңа мағыналы қос сөздердің тууына әсер етеді.

Ескерту: Морфологиялық сипатына қарай қосымшалы, қосымшасыз (яғни жай қос сөздер), түбірі ықшамдалып құралатын (*ап-айқын, кіп-кішікене*) қос сөздер болады. Сонымен қатар қос сөздер кейде рифмага (буын

жасынан ұқсас, дауысты-дауыссыз дыбыстары үйлесуінен) құрылады: аңтаң, у-шу, т.б. Бірақ керінше құбылыс та байқалады, яғни бірінші сыңары бір буынды, ал екінші сыңары екі не үш буынды немесе керінше болуы мүмкін: әл-ауқат, жата-жастана, отырыс-тұрыс, т.б.

Бір сыңары мағыналы, бір сыңары мәнсіз қос сөздер фонетикалық өзгеріске түскен және бір сыңары қазақ тілінде жеке сөз ретінде қолданылмайтын (бірақ өзге түркі тілдерінде қолданылуы әбден мүмкін) түрде келеді (бала-шаға).

Фонетикалық өзгеріске түскен сыңар мәнді қос сөздер кемсіту, қомсыну мағынасында жұмсалады, мысалы, *ат-мат, шай-пай, ет-мет, жігіт-мігіт*, т.б.

Дара мағыналы сөздердің қосарлануы арқылы жалпылық мағына беретін (*ага-іні, төсек-орын, тау-тас*) қос сөздер жасалады.

Қосарлама қос сөздер тілдегі сөз таптарын түгел қамтиды, сипаты сол өздері жасалған сөз таптарына қатысты және компоненттері қызметі жағынан бір-біріне тең болады (Ысқақов А. Құрделі сөздердің жалпы теориялық мәселелері// Қазақстан мектебі. – 1963. – №2. – 72-81-б.).

Қосарлама қос сөздерді біріккен сөздерден ажырататын дыбыстық белгілердің бірі – олардың компоненттерінің буын саны мен буын түрі. Қосарлама қос сөздер буын саны жағынан теңдес келеді және олардың сыңарларының орын тәртібі де қосарланып тұрған сөздердің буын санына байланысты. Олардың дауысты дыбыстан басталатыны немесе буын саны аз сыңары бірінші тұрады, ал олардың буын саны әртүрлі болса, бір буындысы, екі буындыдан, екі буындысы үш буынды сыңарынан бұрын тұрады (Кайдаров А.Т. Парные слова в современном уйгурском языке. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1958. – 160-б.). Себебі буын саны аз сыңары оңай дыбысталатындықтан, бірінші болып айтылады және қос сөздерде дыбыс жағынан үндесу басым түседі: *жогары-төмен, ағыл-тегіл, ойын-күлкі*, т.б. Осы көзқарасты А.Н. Кононов та ұстанған. Бірақ кейде осы ұстанымнан ауытқу кездеседі. Мысалы, *бет-ажар, қаз-үйрек, кесе-аяқ, сорпа-су, қазан-ошақ, жыр-аңыз, күлкі-ойын*.

Ескерту: *Идиомалану, лексикалану, грамматикалану қос сөздерге де тән. Қайталама қос сөздер айтылатын ойға экспрессиялық, эмоциялық, сонымен бірге ұлгайту, бәсекету, жинақтау, топтау мәнін береді.*

С. Исаев қос сөздер туралы өз көзқарасын былай білдіреді: «Сөздердің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөздерді қос сөз деп атайды. Сөздерді қосарлап немесе қайталап қолдану – жаңа сөз жасаудың бір жолы болып табылады. Мысалы, *жан-жсануар, ата-ана*».

С. Исаевтың қос сөздерді бөлу принципі А. Ысқақовтың принципімен бірдей. Морфологиялық сипатына қарай қос сөздерді қосымшалы және қосымшасыз түбірдің қайталануынан, бір сыңары қосымшалы, бір сыңары қосымшасыз түбірдің қайталануынан, бір түбірдің әртүрлі қосымшада тұрып қайталануы, еліктеуіш сөздің екінші сыңарында кейбір дыбыстық өзгерістерге ұшырап қайталануынан жасалатын қос сөздерге бөледі. Жалпы С. Исаевтың қос сөздерді мағынасына қарай топтастыруында А. Ысқақов бөлінісінен айырмасы жоқ.

Ә. Қайдаров қос сөздер *копуляция* тәсілімен, яғни салаласа байланысатын синтаксистік тәсіл арқылы жасалатынын айтады. Бұл тәсіл арқылы байланысқан қос сөздердің сыңарлары бірін-бірі анықтап та, толықтап та тұрмайды немесе оларға анықтауыштық-анықталушылық қатынас тең емес, компоненттері семантикалық жағынан тең дәрежеде болады әрі біртектес заттарды, құбылыстарды білдіреді. Бірақ осы соңғы ерекшеліктен ауытқу кездеседі.

Ескерту: *Қос сөздерге салаласа да, сабактаса да байланысу тән емес, сырт тұлғасы күрделі болса да күрделі сөз бола алмайды деп есептейтін галым – Ж. Шакенов. Себебін былай деп көрсетеді: «Күрделі сөздердің аргы тегі, негізінен, сөз тіркесі: некен-саяқ болмаса күрделі сөздерге негіз болған сөз тіркесін тауып, оны түсіндіруге болады, ал қос сөздерді олай етуге келмейді, өйткені ол сөз тіркесінен ажырамаган. Егер күрделі сөздердің компоненттерінің арасына басқа сөзді сыналап қою мүмкін болмаса, көпшілік қос сөздер сыңарлары арасына үшінші бір сөзді қоюға болады. Мысалы, төсек-орын (төсек те орын), жақсы-жаман*

(жаксы да жаман), *сарт-сұрт* (*сарт та сұрт*)» (Шакенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 120 б.).

Қос сөздердің күрделі сөздерден ажырататын енді бір белгі күрделі сөздердің құрамында екі-үш немесе одан да көп сөз болса, қос сөздердің құрамындағы сөз саны екіден аспайды.

Қос сөздердің толық мағыналы сөздерден жасалғандары да, бір сыңарының немесе екі сыңарының да мағынасы күнгірт-тенгендері де, екінші сыңарының бір дыбысы өзгеруі арқылы, сондай-ақ күшейтпелі буын арқылы жасалғандары да сөйлемде әртүрлі қызметтер атқара береді. Бұл тұрғыдан келгенде олардың күрделі сөздерден еш айырмасы жоқ. Көптеген зерттеушілердің оларды күрделі сөздердің бір түрі ретінде қарауына осы мәселе себеп болған.

Н. Оралбаева, Ф. Мадина, А. Әбілқаев «Қазақ тілі» оқулығында күрделі сөздердің *біріккен, қос, қысқарған сөздер* деген үш түрін атайды. Біріккен сөздерді *кіріге* және *тұтаса біріккен сөздер* деген түрлерге ажыратады.

Ал қос сөздерді тұлғасына қарай *қосымшасыз қос сөз* (атаана, түйе-мүйе), *қосымшалы* (үйді-үйіне, балалы-шағалы), *кушайтпелі буынды* (қып-қызыл) деп бөледі.

Қос сөздердің жеке сыңарлары кез келген сөзден жасала бермейді. Қос сөздердің сыңарлары мағыналық байланысы бар синоним сөздерден, бір текстес заттардың аттарынан, кейде антоним сөздерден жасалады. Мысалы, *туған-туысқан, ығы-жығы, сауыт-сайман, жақсы-жаман*, т.б.

Осы еңбекте қысқарту орыс тілі арқылы енген, орыс тілі үлгісі бойынша қалыптасқан құбылыс деп түсіндіріледі.

Ф. Әбуханов («Қазақ тілі») еңбегінде қос сөздерді жалпылық мағына беретін *мәндес қос сөздер* (ер-тоқым, құрт-құмырсқа), *қайталама қос сөздер* (төбе-төбе, қолма-қол), бірінші сыңары толық мағыналы, екінші сыңары сол сөздің дыбыстық еліктеуіші түріндегі *сыңар мәнді қос сөздер* (шай-пай), *кушайткіш буынды қос сөздер* (қап-қатты, ап-ауыр) жатқызады.

Ескерту: F. Әбуханов қос сөздерге жіктеліс жасағанда, тұлғалық және мағыналық принципті біріктіріп жіберген. Бірақ бірқатар сөздердің екі сыңарының екеуде жеке тұрғанда толық мағыналы сөз ретінде қолданылмайтынын, тек қосарланып айтылғанда гана бір сөз болатынын ескерtedі.

Қайталама немесе бір сөздің екі рет қайталануы арқылы жасалатын қос сөздер жинақтау, топтау мәнінде жұмсалады, мысалы, қора-қора, *taу-tau*, т.б. Бір-біріне қарама-қарсы мағыналы сөздер қосарланғанда, қайшы мәнді қос сөздер жасалады, олар түбір күйінде де, туынды сөз күйінде де бола береді: үлкен-кіші, үлкенді-кішілі, т.б.

Ә. Төлеуов қайшы немесе қарама-қарсы мәнді сөздердің қосарланынан жасалған қос сөздердің мезгілдік-мөлшерлік мәнінің көп кездесетініне көзіл аудартады, мысалы, қысы-жазы, *күнітуңi*, т.б.

Ескерту: Қос сөздердің морфемалық құрылымы арқылы олардың семантикасын сөз еткен Ә. Төлеуов, қимылдың, құбылыстың, көріністің бірқалыпты болмай, бірде былай, бірде олай құбылып тұратындығын білдіретін қос сөздер еліктеуіш сөздерден жасалатынын (*тарс-тұрс, сарт-сұрт*) көрсетеді. Сондай-ақ Ә. Төлеуов қос сөздерге байланысты **дәнекер морфема** терминін қолданысқа ұсынады, айтальық, белгілі амалдың бірнеше рет болғандығын, дүркіндігін білдіретін қос сөздер алдыңғы сыңарына дәнекер морфемасын жалғау арқылы жасалатынын айтады, мысалы, қолма-қол, жүзбе-жүз (Төлеуов Ә. Қос сөз// Қазақстан мұғалімі. – 1958. – №31, июль).

Екі сыңары да, мағыналы қос сөздердің жеке сыңарлары жекедара да қолданыла береді: *сау-саламат, саусың, саламат па*, т.б.

Ескерту: Ешір мағыналық байланысы, бір-біріне қатысы жоқ сөздер бір-біріне қосылып, қос сөз жасай алмайды (Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 462 б.).

Қазіргі әдеби тілде **қос сөздер арқылы терминдер** жиі жасалады. *Поборы* – алым-салық, *поведение* – мінез-құлық, *учение* – оқу-жастығу, *план-проект* – жоба-жоспар, *махинация* – айла-

шарғы, т.б. Приходно-расходный – кіріс-шығыс, научно-фантастическая (литература) – ғылыми-фантастикалық, историко-культурный – тарихи-мәдени, т.б.

Ескерту: Әкімшіл-әсершіл жүйе, әкімшіл-қысымышыл әдіс, әкімшілік-басқару, ерін-тіс дауыссызы, информация-іздестіру жүйесі, әкімшілік-аумақтылық құрылыш сияқты қос сөздердің жасалуы барысында айтылып жүрген заңдылықтардың көбі сақталмайтыны байқалады. Бұл жағдай жаңадан жасалып жүрген қос сөздерге тән.

Семинар сабағында орындалатын жаттығулар

1-жаттығу. Төменде берілген сөздердің екінші сыңарларын тауып, мазынасына қарай топтап жазыңыздар, сөйлем құраңыздар.

Амандық-	Қыз-
Қарым-	Ұшан-
Тас-	Азан-
Астан-	Ілгері-
Қиямет-	Жоғары-
Той-	Аумалы-
Көре-	Тума-
Сөйлей-	Абасын-
Жігіт-	Тау-

2-жаттығу. Төменде берілген қос сөздерге компоненттік талдау жасаңыздар.

Әлді-малды, бөлек-бөлек, арық-тұрақ, жем-шөп, кедей-кеңшік, азық-тұлік, қыз-қырқын, қыз-келіншек, жанжал-керіс, тық-тық, көс-көс, шөре-шөре, аухау-аухау, дұрс-дұрс, бір-екі, кесек-кесек, азан-қазан, у-шу, қозы-лақ, анда-санда, ауық-ауық, әр-әр, бірлі-жарым, жүріс-тұрыс, мінез-құлық, елпен-елпен, мың-мындал, еңк-еңк, қауіп-қатер, ауыл-аймақ, әңгіме-дүкен, көрі-жас.

3-жаттығу. Қарлығаш, білезік, бүгін, биыл кірікken сөздерін сөз құрамына, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сатылы талдаңыз.

4-жатығу. Қысқарған сөздерге баспасөз беттерінен мысалдар келтіріп, жасалу тәсілдерін төмендегі кесте бойынша топтап жазыңыздар.

- алғашқы әріптерінің қысқаруы арқылы;
- алғашқы буынның қысқаруы арқылы;
- сөздердің барлық буындарының қысқаруы арқылы;
- алғашқы буыны мен соңғы әріптердің қысқаруы арқылы.

5-жаттығу. Төменде берілген қысқарған сөздердің толық атауын жазып, қысқару себептеріне жазбаша түрде сипаттама беріңіздер.

ҚазҰУ, БҰҰ, ТМД, ҚазҰТУ, ҚР, ПМ, МАЙ, АҚШ, ЖОО, КСРО, «ДУГ», «ТУГ», Қазтелеком, Мемтерминком, м, см, мм, т, км, сек.

СОӘЖ тапсырмалары

1. Қазақ тілінде сөздердің бір категориядан екінші бір категорияға ауысуы сөз таптарына қарай қандай терминдермен аталады?
2. Сөздің құрылымдық тұтастығының негізгі белгілері қандай? Себебін түсіндіріңіз.
3. Құрделі сөздердің синтаксистік тұтастығының белгілері немесе еркін сөз тіркестерінен айырмашылығына тоқталыңыз.
4. Құрделі сөздер жасалу жолына қарай қандай топтарға бөлінеді? Ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
5. Қазіргі қазақ тілінің орфографиясы бойынша бөлек жазылып жүрген құрделі сөздердің ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
6. Бөлек және бірге жазылатын құрделі сөздердің орфографиясын нақты мысалдар арқылы айқындаңыз. Себебін түсіндіріңіз.
7. Профессор Н. Оралбаевың біріккен сөздерге берген анықтамасына тоқталыңыз.
8. F. Бегалиев, Н. Сауранбаев «Қазақ тілінің грамматикасы» (Алматы, 1944) еңбегінде құрделі сөздерді қанша топқа бөліп топтастырады? Қос сөздерді құрылышына қарай қандай топтарға бөледі?
9. Профессор А. Ысқақов пен С. Исаевтың құрделі сөздерге берген анықтамаларына тоқталыңыз.
10. А. Байтұрсынов жалқылағыш қос сөздер деп қандай қос сөздерді атаған?

Тест тапсырмалары

Морфологияғының зерттеу нысаны:

- A) сөздің дыбыстық құрамы
- B) сөздің байланысу тәсілі
- C) сөз таптары
- D) сөйлем мүшесі
- E) сөз құрамы
- F) сөйлем түрлері
- G) сөз тіркестері
- H) сөздердің түрлену жүйесі

Сөздің морфологиялық құрамы:

- A) түбір, қосымша
- B) сөз, сөз тіркесі
- C) қалау рай, сөйлем мүшесі
- D) дыбыс, буын
- E) түбір морфема, қосымша морфема
- F) атаулы сөйлем, жалғау
- G) түбір, аффикс
- H) есімше, тәуелдік жалғауы

Қимыл мағынасын білдіретін сөз:

- A) отыр, тұр, жатыр
- B) пан-пан, ойпыйрай
- C) күлкі, мінез, ой
- D) біреу, екі, үш
- E) күлу, оқы, тоқу
- F) айттыс, білім, білгіш
- G) айт, ал, бер
- H) қызыл, ақ, көк

Бірыңғай күрделі сөздер қатары:

- A) күздігүні, дала
- B) жолсерік, той-томалақ
- C) жалғау, әліпби
- D) адамгершілік, бала-шага
- E) ҚазТАГ, ұжымшар

- F) мая-мая, темір-терсек
 G) фотосурет, қалам
 H) шымшуыр, жаңылтпаш

Дара сөз:

- A) баспасөз
 B) некен-саяқ
 C) талапкер
 D) ақбозат
 E) бүгін
 F) аялдама
 G) өткір
 H) пединститут

Біріккен сөз:

- A) ата(ана)
 B) Ала(көл)
 C) бір(неше)
 D) еңбек(күн)
 E) қыз(қырқын)
 F) ат(шана)
 G) он(екі)
 H) соңғы(сөз)

Ұрып-соғу. Қос сөзінің жасалу жолы:

- A) көсемше – тұйық етістік
 B) зат есім – зат есім
 C) есімдік – көсемше
 D) одағай – шылау
 E) сын есім – сын есім
 F) етістік – етістік
 G) етістіктің категориялары арқылы
 H) зат есімнің категориялары арқылы

Атаушы сөздер:

- A) дербес мағыналы сөздер
 B) өз алдына жеке сөйлем мүшесі бола алатын сөздер
 C) лексикалық мағыналары солғындаған сөздер
 D) жаңа сөздер тудыра алатын сөздер

- E) грамматикалық мағыналары басым сөздер
- F) тек грамматикалық қызмет атқаратын сөздер
- G) әр алуан грамматикалық қатынастарды білдіретін сөздер
- H) жеке сөйлем мүшесі бола алмайтын сөздер

Көмекші сөздер:

- A) көмекші есім
- B) атаушы сөздер
- C) ұстеуші есімдер
- D) одағай сөздер
- E) шылау
- F) етістіктер
- G) көмекші етістік
- H) ұстеулер

Сын есімдердің бір категориядан екінші категорияға ауысуына қатысты қолданылатын термин:

- A) сындану
- B) адъективтену
- C) вербалдану
- D) сын есімге айналу
- E) прономиналдану
- F) ұстеулену
- G) адвербиалдану
- H) субстантивтену

Аналитикалық тәсіл:

- A) сөздердің бірігуі арқылы жасалады
- B) сөздерге жүрнақтардың жалғануы арқылы жасалады
- C) есімдерден есім тудыратын қосымшалар арқылы жасалады
- D) сөздердің қосарлануы арқылы жасалады
- E) деривациялық қосымшалар арқылы жасалады
- F) реляциялық қосымшалар арқылы жасалады
- G) сөздердің тіркесуі арқылы жасалады
- H) сөздерге жалғаулардың жалғануы арқылы жасалады

Өнімді -лық журнағы:

- A) дерексіз есім тудырады
- B) болжалдық сан есімдер жасайды

- C) сапалық сын есімдер жасайды
- D) нақты зат атауларын жасайды
- E) белгісіздік есімдіктерін жасайды
- F) мезгілдік, мекендік мағынаны білдіретін зат есімдерді жасайды
- G) мақсат үстегерлерін жасайды
- H) өткен шақ етістіктерін жасайды

Адамзаттық есімдер:

- A) туыстық атаулар
- B) зоономдер
- C) хронимдер
- D) топонимдер
- E) кәсіп, мамандық иесі атаулары
- F) документонимдер
- G) лауазым атаулары
- H) тағам атаулары

§3

СӨЗ ТАПТАРЫ

§ 3.1. Зат есім

Заттың, оқиға мен құбылыстың ұғымдарын білдіріп, оларды атайтын сөздерді **зат есімдер** дейміз.

Есімдер тобына жататын зат есім сөйлемде басқа бір сөздермен септік, тәуелдік, кейде жіктік тұлғада тұрып, грамматикалық байланысқа түседі. Зат есім сөйлемде таза заттық мағынада, өзі тіркескен сөздің сынын, сипатын білдіріп (*тас жол*), көмекші етістікпен, септеулік шылаулармен тіркесіп, заттың қимылға ауысу процесін (*дос болу*), мақсаттық, себептік, мекенмезгілдік (*бала үшін, радио арқылы, ауыл сайын*) мағынаны білдіреді.

Зат есімнің сұрақтары: *кім? не? кімі? неси?*

Зат есімдер тұлғасына қарай дара және күрделі болады. Айталық, *куйши*, *сазгер*, *окырман*, *құрт*, *ат*, *дауыл*, т.б. зат есімдер дара тұлғалы.

Зат есімдер күрделі сөздерден жасалуына қарамастан, заттың атауы бола береді: *айбалта*, *асық жілік*, *қолғап*, т.б. Екі компоненттен тұратын, бірақ бір ғана ұғымды атап, бір ғана сөйлем мүшесі болатын күрделі сөздер біртұтас сөздей түрленеді: *қолғаптың*, *асық жіліктің*, *айбалтасы*, т.б.

Сөйлемдегі атқаратын негізгі қызметі бастауыш болғанымен, зат есімдер анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, тіпті кейде баяндауыш қызметін атқарады.

Өте көне категория болып табылатын зат есім өзге сөз таптарына негіз, тірек болады. Өйткені сын есім заттың сынын (*жасақсы*

адам, қызыл гүл, биік ағаш), ал сан есім заттың санын (он окушы, бес бала, бір мемлекет), етістік заттың қимылын, іс-әрекетін (мен оқыдым, ол сурет салды) білдіреді.

Зат есімдер **деректі** және **дерексіз** (абстрактілі) зат есімдер деп бөлінеді.

Адамның санасы арқылы түсініліп, түйсікпен сезілетін, көзге көрінбейтін, қолға ұстауға болмайтын зат есімдер абстрактілі зат есімдер болып табылады. Мысалы: *арман, қуаныш, бақыт, ақылдылық*, т.б.

Нақты зат есімдерді көзben көріп, қолмен ұстап көруге болады: *дәптер, кітап, арба*, т.б.

Бірақ мұндай атаулардың семантикасы лексика үшін маңызды болғанымен, бір-бірінен грамматикалық ерекшеліктері жоққа тән болғандықтан, морфология үшін соншалықты маңызды емес. Дегенмен өзіндік семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері бар зат есімдер болады. Тек қана **кім?** және **не?** деген сұраққа жауап беруіне орай зат есімдер **адамзаттық**, яғни тек адамға байланысты және адамнан өзге тіршілік иелері, демек, **ғаламзат** есімдері деп екі топқа бөлінеді. **Кім?** деген сұраққа тек адамға қатысты (кімдік) зат есімдер жауап береді. Олар:

- адамзатқа тән, туыстыққа қатысты атаулар: *шал, кемпір, бала, немере, әке, шеше, жиен, іні, бөле, ага, іні, бауыр, қарындас*, т.б.;
- кәсіп, мамандық иесі атаулары: *күйши, сазгер, егінши, мұгалім, бастық*;
- лауазым атаулары: *мырза, ханым, би, болыс, әкім, молда, хан, бек*;
- кісі аттары: *Назгүл, Нұрлан, Төлеген, Нұржсан, Ақбота, Үміт, Әсел, Серік*, т.б.

Ал өзге тіршілік иелері **не?** деген грамматикалық сұраққа жауап беруіне орай деректі және дерексіз заттар мен заттық ұғымның атаулары (нелік) болады. Мысалы:

- деректі: *жел, топырақ, қар, кітап, дәптер*;
- дерексіз: *ақыл, сезім, реніш, қуаныш, күйініш*, т.б.;
- өсімдік (ботонимдер) атаулары: *орман, тоғай, қарагай, қайың, тобылғы, жусан, алма*, т.б.;

- тағам атаулары: *сүт, құрт, ірімшік, май, ет, нан*, т.б.;
- үй жануарлары мен хайуанаттар, аң (зоонимдер), құс, балық атаулары: *қой, ешкі, жылқы, сиыр, жолбарыс, аю, қасқыр, қаз, үйрек, бүркіт, қыран, сазан, шортан, ақшабақ*, т.б.;
- жәндік атаулары: *жылан, құрт, құмырсқа, шыбын, сона*, т.б.
- ыдыс-аяқ тұрмысқа қажетті зат атаулары: *табақ, қасық, кесе, астай, келі, келсан*, т.б.

Зат есімдер жеке және жинақтық мағынада қолданылатын жалпылама заттарды атауына қарай жалқы және жалпы есімдерге бөлінеді.

Жеке-дара заттарды атау үшін **жалқы есімдер** қолданылады. Тіл білімінде жеке-дара заттарға берілген мұндай атауларды *ономастика гылымы* зерттейді. Ономастиканың бір тарауы *антропонимдер* адамды атайды. Сондықтан антропонимдер адамның есімі, әкесінің аты, псевдонимдер (*Тарази, Ирангайып*, т.б.), аббревиатуралық псевдонимдер (*А.Б. – Ахмет Байтұрсынов, М.Д. – Міржақып Дулатов*, т.б.), криptonимдер, гинеконимдерден, т.б. құралады. Адам аттарының өзі ресми және ресми емес түрде келеді. Ресми емес адам аттары гипокористикалық (*Әміржан – Әмір, Айманқұл – Айман*) сияқты қысқартылған аттардан тұрса, деминутивті аттар еркелетіп, құрметтеп, сыйлап атаудан туындаиды: Ахмет – *Ахаң*, Бақыт – *Бәкең*, т.б. Бұларды аргументативті есімдерге де жатқызамыз, өйткені аталған сөздер құрамындағы -*ң* құрметтеу мағынасын тудыратын арнайы қосымша қызметінде тұр. Мұндай қосымшаларға *-ақа, -еке, -и* (*Әнеке, Әбеке, Сәулеш*) жүрнақтары да жатады. Қазақ арасында менсінбей айтылатын *Мырқымбай, Шұлғаубайлар* бар, бірақ кейде ұлттық дәстүрге орай мұндай аттар бір үйдің баласы өліп, тоқтамай қойған кезде әдейі ырымдап қойылады.

Жалқы есімдердің келесі түріне адам қолымен тұрғызылған нысандар мен табиғи нысандар жатады, олар атаулық қызмет атқарады, белгілі бір нысанның атауы немесе *топонимикалық атаулар* деп аталады. Олар гидроним, ойконим, урбаноним, ареноним, дримоним, т.б. топтардан тұрады. Семантикалық жақтан өзі атауға тиісті нәрсенің пішінін, көлемін, орналасу ерекше-

лігін, сапалық белгілерін, табиғи құбылыстарының ерекшеліктерін қамтитын топонимдер адам мен табиғаттың байланысынан туындаиды. Мысалы, *Терісаққан* – адамның қабылдауындағы табиғи өлшемдерден ерекше ағатын өзенге қойылған атау.

Мемлекет атаулары жалқы есімдерге жатады: *Қазақстан, Ресей, Америка*, т.б.

Тарихи оқиғаларды хрононимдерді (*Қазан төңкерісі*), тарихи құжаттарды документонимдер (*Вена келісімі, Тегеран бітімі*, т.б.) деп бөле-жара атау нәтижесінде жалқы есімдер қатары көбейе береді.

Жалқы есімдердің енді бір тобын зоонимдер құрайды, олар – үй хайуанаттарына, төрт түлік малға, құстарға қойылатын атаулар. Батырлар жырындағы *Тайбурыл, Қараторғай* (Ақанның бүркітінің аты), *Қанжирен*, т.б.

Аспандағы алыс нұктелер, яғни жұлдыздар астронимдер деп аталатын болса, аспан денелерінің жүйесі, галактикалық кеңістіктікте құрайтын атауларға космонимдер жатады. Мысалы, *Ай, Күн, Юпитер, Сатурн*, т.б. Аспан кеңістігіндегі көзге айқын көрінетін таныс нысандардың атаулары, негізінен, ғылыми әдебиетте мифологиялық атаулардан тұрады. Эр ұлттың жұлдызды әлемді тануына орай қалыптастырған атаулар жүйесі бар: *Темірқазық, Құс жолы, Шолпан, Жетіқарақышы*, т.б.

Жалқы есімдер сөйлемнің қай шенінде келмесін (басында, ортасында, аяғында) бас әріппен жазылады, кейде атаулар тырнақшаға алынады: «*Қазақ әдебиеті*» газеті, «*Жұлдыз*» журналы. Бұл мысалдардағы жалқы есімдер өздері анықтайтын сөзге ілік септігінің жасырын я анық түрде келуі арқылы тіркесіп тұр. Ондай тіркестер кісі аттарымен келген *Асанның Усені* түрінде де ұшырасады. Адамның өзінің, әкесінің, атасының аты бір ғана күрделі атау құрайды: *Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Күләш Байсейітова*, т.б.

Жалқы есімдерге көптік жалғауы жалғанбайды, егер жалғанса, онда семантикалық ұстеме мән қосылады. Мысалы: *Есіктің алдына Айгерімдер келіп тұр*. Бұл жерде Айгерім ғана емес, оның қасында бірнеше адам барлығы айтылып тұр.

Тілдегі деректі және дерексіз заттар мен ұғымдардың атаулары жалпы есімдер деп аталады.

Жалпы есімдер кіші әріптен жазылады, жалқы есімдерден туындаған жалпы есімдер де кіші әріппен жазылады: *семейліктер, алатаяулықтар* («Алатау» ауылдының тұрғындары).

Ескерту: Күнделікті қолданыста жалпы есім ретінде жүретін кейбір сөздер гылым тілінде жалқы есімдерге айналады: *Ай – планета атауы, ай – 31 тәуліктен тұратын мезгіл.*

§ 3.1.1. Зат есімдердің морфологиялық құрылымы

Зат есімдер құрылымына қарай **жалаң** және **күрделі** болады.

Жалаң зат есімдер түбір және туынды зат есімдерден тұрады. Түбір зат есімдер қазіргі кезде түбір мен қосымшаға бөлінбейді. Олар буын санына қарай бір, екі, үш буынды болады.

Бір буынды түбір зат есімдер: *су, бу, жер, қол, жол, т.б.*

Екі буынды зат есімдер: *балта, балға, ағаш, қора, т.б.*

Үш буынды зат есімдер: *жапырақ, топырақ, терезе, т.б.*

Туынды зат есімдер түбір морфема мен жұрнаққа бөлшектенеді және түбірге қосымша (жұрнақ) жалғану арқылы жасалады. Ал түбірге жұрнақ жалғану арқылы сөз тудыру синтетикалық тәсілге жатады. Мысалы: *малии, биши, оқулық, жастық, т.б.*

Күрделі зат есімдерге ең кемінде екі түбір морфемадан тұратын күрделі формалар жатады. Күрделі зат есімдердің түрлері:

1. Біріккен зат есімдер: *белбеу, қолбасы, қолқанат, айбалта, т.б.* Біріккен зат есімдер ең кемінде екі түбірдің бірігуінен жасалады да, мағыналары құрамына енген жеке сөздердің мағыналарына сай келе бермейді. Бір бүтін тілдік бірлік ретінде жұмсалатын біріккен сөздер кейде құрамындағы компоненттердің бір-біріне тәуелсіз, бағыныңқы түрде емес, тең дәрежеде тіркесуінен жасалады: *денсаулық, асқазан, бозторғай, бесжылдық, еңбеккүн, орынбасар, т.б.*

2. Қосарланған зат есімдер: *ата-ана, бала-шага, жауыншашын, ел-жүрт, кемпір-шал, т.б.* Қосарланған зат есімдердің құрамындағы компоненттерінің екі сыңары да мағыналы, бір

сыңары ғана мағыналы, кейде екі сыңары мағынасыз түрде бола береді. Тіпті кейде бір сыңарының фонетикалық өзгеріске түсүі нәтижесінде зат есімдер жасалады: *ет-мет, шай-пай, сут-мұт*, т.б. Мұндай зат есімдер қомсыну мағынасында жұмсалады.

Бір сыңары мағыналы қос сөздердің мағынасы түсініксіз сыңарларының өзге түркі тілдерінде мағынасы болуы мүмкін. Мысалы, *жігіт-желең* қос сөзінің *желең* сыңарының қазақ тілінде мағынасы жоқ, бірақ башқұрт тілінде *жігіт* ұғымын білдірсе, *бала-шага* қос сөзінің *шага* сыңары түркмен тілінде *чага* түрінде айтылады да, *бала* дегенді білдіреді.

Зат есім қос сөздер туынды түбірлерден болады: *өнер-білім, алыс-беріс*, т.б.

3. Құрама зат есімдер: *сары май, асық жілік, тоқпан жілік*, т.б. Зат есімнің бұл түрі түбір сөздердің әртүрлі тәсілдер арқылы тіркесуінен жасалады.

4. Қысқарған зат есімдер бірнеше сөзден құралған күрделі атаулардың әртүрлі жолдармен қысқартылуынан туындаиды. *Қазмембас, ҚазҰУ, ҚазҰПУ, БҰҰ*, т.б.

§ 3.1.2. Зат есімнің жасалу жолдары

Зат есімдер сөз тудырудың дәстүрлі үш түрлі тәсілі арқылы жасалады: лексика-семантикалық, морфологиялық (синтетикалық) және синтаксистік (аналитикалық).

1. *Лексика-семантикалық тәсіл* арқылы жасалатын зат есімдер сөз мағынасының тарылуы не кеңеюінің нәтижесінде, сондай-ақ өзге сөз таптарынан сөз ауысу немесе субстантивтену арқылы пайда болған.

2. *Синтаксистік* немесе *аналитикалық жолмен*, яғни түбірлердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, қысқаруы арқылы күрделі зат есімдер жасалады.

3. *Морфологиялық* немесе *синтетикалық тәсіл* арқылы өзге сөз таптарынан және зат есімдерден оларға жүрнақ жалғану арқылы туынды зат есімдер жасалады. Тіліміздегі сөздер есімдер және етістіктер деп аталатын үлкен екі топқа бөлінетіндіктен,

есімдерден және етістіктерден зат есім тудыратын жүрнақтарға жеке-жеке тоқталу қажет.

Жүрнақтар өнімді және өнімсіз түрде болады. Өнімді типтерге мейлі ол қосымша болсын, мейлі қалып (модель) я конструкция болсын, белгілі бір кезенде жаңа сөздердің жасалуына, сөз формаларының тууына, синтаксистік конструкциялардың пайда болуына үлгі, нұсқа бола алатындарын жатқызамыз. Ал нақты бір элементті өнімді деген кездे, мысалы, қосымша морфемаларды алсақ, олардың сөз жасауға активті түрде қатысуын, сөз түрлендіру мүмкіндігінің молдығы мен жаңа сөз тудырудың құнарлылығын (көп жаңа сөз тудыра алатындығын) ескереміз. Тіл-тілде қосымшаларды жаңа сөз тудыру қабілетіне қарай жсөгары, орта және аз (төмен) өнімді түрлерге бөліп қарастырады.

§ 3.1.3. Есімдерден зат есім тудыратын жүрнақтардың өнімді түрлері

Жүрнақтар да сөз секілді құрамына қарай дара және құранды болып ажыратылады. Құранды жүрнақтар екі немесе бірнеше жүрнақтардың қосылысынан пайда болады, мысалы: *-шылық, -шілік, -гершілік*.

1. Аса өнімді дара, жалаң жүрнаққа *-лық, -лік* (*-дық, -дік, -тық, -тік*) жатады. Мысалы, қазақ тіліндегі *-лық* қосымшасының аса актив қосымша екендігіне әр дәуір, әр кезеңдегі сол арқылы жасалған, қазірде де пайда болып жататын жаңа сөздер мен атаулардың көптігі дәлел болады. Сондықтан *-лық* қосымшасы сөз тудырудың өнімділігінің шкаласына орай өнімділігі шектеусіз немесе жоғары қосымшаға жатады.

Қазақ тілінің даму тарихының қай кезеңінде, қай ғасырында болмасын өнімді болған *-лық* жүрнағы:

1. Абстрактілі есім тудырады:
 - а) зат есімге жалғанады: *адамдық, достық, т.б.;*
 - ә) сын есімге жалғанады: *зорлық, жақсылық, жамандық, аздық, туралық, тазалық, т.б.*

2. Накты зат атаулары жасалады: *окұлық, өсімдік, орындық, шабындық, ормалық, ауыздық*, т.б.

3. Мезгілдік, мекендік мағынаны білдіретін зат есімдер: *алматылық, астаналық, семейлік, жылдық, жүздік, айлық, апталық*, т.б. туындайды.

4. Есептік сан есімдерден зат есімдер: *екілік, бестік, ондық, жүздік, мыңдық, бірлік*, т.б. тудырады.

Ескерту: -лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік) жүргенагы зат есімге де, сын есімге де ортақ жүргенак. *Ауыздық, қонақтық* – аталған қосымша арқылы туындаған зат есімдер болса, *қалалық әкімшілік, аудандық оқу бөлімі* дегенде нақ осы қосымша арқылы сын есімдер жасалып тұр. Әр сөз табының жасалу жолына қарай қарастырғанда, бұл қосымша омонимдес мәғина тудыруышы жүргенак болады.

-шылық (-шілік) жүргенагы арқылы деректі және дерексіз ұғым атаулары жасалады: *адамшылық, барышылық, жоқшылық, кәсіпшілік, басшылық, кедейшілік, отырықшылық*, т.б.

Ескерту: -шылық, -шілік жүргенагы кейбір сөздердің құрамында тұрғанда біртұтас дара (жалаң) жүргенак түрінде (мысалы, *тіршілік, құргақшылық, артықшылық, қыншылық*, т.б.) келсе, енді бір сөздердің құрамында бөлшектеуге болатын құранды (*курделі*) жүргенак сипатында кездеседі. Мысалы: *бас-шы-лық, сен-у-ши-лік*, т.б.

-шы, (-ши) жүргенагы – аса өнімді әрі -кер, -гер жүргенактарына синонимдес жүргенак: *саясаткер – саясатшы*.

Бұл жүргенактың қатысымен:

а) кәсіп иелері аталады, мамандықтың атаулары туындайды: *тарихиы, тілші, жасақшы, спортшы, парламентші*, т.б.;

ә) адамның белгілі бір қасиетін білдіретін, адамға берілген бағаны атайтын зат есімдер жасалады: *өсекші, жәрдемші, комекші, өтірікші*, т.б.

-ыл, -іл, -л өнімді жүргенагы әртүрлі есім сөздерден зат есім тудыруға қатысады. Еліктеуіш, бейнелеуіш сөздерге -ыл, -іл, -л жалғанғанда туынды зат есімдер жасалады: *қаңқыл, жарқыл, сартыл, күңкіл, гүлдір, діріл*, т.б.

-кер (-ger) жүрнағы кәсіп иесінің, белгілі бір іс-әрекет иесі атауларының жасалуына қызмет етеді: *кәсіпкер, дәрігер, іскер, айлакер, сыйыскер, саясаткер, жұмыскер*, т.б.

Есімдерден зат есім тудыратын өнімділігі орта жүрнақ қатарына *-хана* жүрнағын жатқызуға болады. А. Ысқақовтың оқулығында өнімсіз деп берілген бұл жүрнақ кейінгі кезде сөз жасауда жиі қолданылады. Қазір қазақ тілінде *-хана* арқылы жасалған жүзден аса сөз бар: *кітапхана, шайхана, асхана, дәріхана, ойынхана, мейрамхана, зертхана, қасапхана, аурухана, жетекшіхана, қымызхана*, т.б.

-лас, -лес (-дас, -дес, -мас, -мес) – зат есімге жалғанып, зат есім тудыратын өнімді жүрнақ. Әлдененің, әлдекімнің көвшілікке ортақтығын, туыстықты, жақындықты, пікірлестікті білдіретін бұл жүрнақ арқылы: *көршилес, есіктес, табақтас, жолдас, ортақтас, одақтас, серіктес, қарындас, пікірлес, сырлас*, т.б. сөздер туындаған.

§ 3.1.4. Есімдерден зат есім тудыратын жүрнақтардың өнімсіз түрлері

-лақ, -лек, -дақ, -дек, -тақ, -тек. Бұл қосымшалар арқылы құмдақ, саздақ, тастақ, т.б. сөздер туындаиды.

-стан, -кент кірме жүрнақтары арқылы санаулы ғана сөздер жасалады. Мемлекет атаулары: *Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Татарстан, Қыргызстан* және *гүлстан, мамырстан*, т.б. Сондай-ақ *-кент* жүрнағы *Шымкент, Та什кент, Манкент, Жаркент*, т.б. елді мекен атауларының құрамында кездеседі.

-қал, -кел, -паң, -пам, -айт, -ейт, -ат, -уар, -уық, -маш, -саң жүрнақтары өнімсіз әрі бұлардың кейбірі өлі тұлғаларға айналған: *белуар, созуар, қазаегуар, белен, суат, қуат, шөлейт, құмайт, шатқал, бұйрат, ойнат, тілмаш, лайсан*, т.б.

-ілдірік, -ылдырық құранды жүрнағы арқылы: *көзілдірік, табалдырық, сагалдырық, уылдырық*, т.б. сөздер жасалады.

§ 3.1.5. Етістіктерден зат есім тудыратын жүрнақтардың өнімді түрлері

1. Негізгі және туынды етістіктерге қосылып, түрлі мағыналы зат есім тудыратын өнімді жүрнақтың бірі – *-ма* (-me). Бұл жүрнақ арқылы тағам атаулары: *кеспе*, *сұзбе*, *салма*, т.б.; киім атаулары: *саптама*, *қаптама*, т.б; құрал-сайман атаулары: *қақпа*, *тартпа*, т.б., сондай-ақ *тапсырма*, *көшірме*, *сызба*, *бұрыштама*, т.б. сөздері жасалады.

Ескерту: Бұйрық түріндегі болымсыз етістіктерден *-ма* жүрнағы арқылы жасалған зат есімдерді екпінге қарап айыруға болады: *кеспе* (бөлме, бөлшектеме мағынасында) және *кеспе* (тағам түрі).

-қын (-кін, -ғын, -гін) жүрнағы арқылы: *ұшқын*, *босқын*, *тасқын*, *тізгін*, т.б.

-ынды (-інди, -нды, -нди) жүрнағының көмегімен: *туынды*, *жұынды*, *көшпенди*, *қорытынды*, *үгінди*, т.б. сөздер жасалады.

-ын (-ін, -н) жүрнағы арқылы: *толқын*, *сауын*, *жұғын*, *егін*, т.б. сөздер туындайды.

-мақ (-мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек) – құранды әрі өнімді жүрнақ. Бұл жүрнақ *-па* және *-қ* жүрнақтарының бірігуінен пайда болған: *шақпақ*, *батпақ*, *тізбек*, *соқпақ*, т.б.

Етістіктерден *-ым*, *-ім* жүрнағы арқылы жасалған жалпыла-ма мағыналы зат есімдер (*білім*, *тұсім*, *алым*) және мекендік мағынаны білдіретін (*жайылым*), т.б. зат есімдерді атауға болады.

-у жүрнағы – қимыл атауын жасайтын өнімді жүрнақ. Көбіне әдеби тілдің ғылыми стилінде, терминдерді атау барысында аса өнімділік байқатады. *Оқу* (окы-у), *жазу*, *сұрау*, *ескерту*, т.б.

Құрал, аспап атаулары *-у* жүрнағы арқылы жасалады: *жамау*, *тұсай*, *сабау*, *жабу*, т.б.

-ыш, *-іш* жүрнағы арқылы етістіктен адам эмоциясын, сезім-күйін білдіретін дерексіз зат есімдер жасалады: *қуаныш*, *реніш*, *жұбаныш*, *сагыныш*, *қорқыныш*, *қызғаныш*, т.б.

-ыс, *-іс*, *-с* жүрнағы етістікке жалғанып, зат есімдер тудырады: *қорғаныс*, *женіс*, *шабыс*, *келіс*, *барыс*, *кетіс*, *айтыс*, *қоныс*, *сөгіс*, *женіліс*, т.б. Компоненттерінің мағынасы бір-біріне қа-

рама-қарсы қос сөздерге жалғану арқылы да жаңа мағыналы зат есімдер жасалады: *алыс-беріс, айтыс-тартыс, барыс-келіс, жүріс-тұрыс*, т.б.

-уыш, -уіш жүрнағы арқылы: *желпуіш, тіркеуіш, елеуіш, түйреуіш*, т.б. және қазақ тіл білімінің терминдері *анықтауыш, пысықтауыш, баяндауыш, бастауыш, толықтауыш* жасалады.

§ 3.1.6. Етістіктерден зат есім тудыратын жүрнақтардың өнімсіз түрлері

-уыл, -уіл жүрнағы туынды зат есімдер тудырады: *тосқауыл, шыңдауыл, шабуыл*, т.б.

-пақыл (*па-қыл*), -пекіл, -мақыл, -мекіл құранды жүрнағы жалғану арқылы туынды зат есімдер жасалады: *қақпақыл*.

-а, -е іс-әрекеттің нәтижесін атайдын зат есімдер тудырады: *жара, жыра*, т.б.

-ыр, -ір, -р жүрнағы етістікке жалғану барысында *шұңқыр, түйір*, т.б. туынды зат есімдерді тудырады.

Өнімділігі болмашы -уыр, -ніт, -іт, -паш жүрнақтары бірен-саран сөздердің құрамында ғана ұшырасады: *куіт, жаңылтпаши, жент, шымшуыр, тімтуір*.

§ 3.2. Сын есім

Сын есім деп заттың көлемін, салмағын, түр-түсін, басқа да түрлі сапалық қасиетін білдіретін сөз табын айтамыз.

Сын есімнің сұрақтары: **қандай? қай? (қалай?)**.

Заттың сыр-сипатын білдіріп тұрған кезінде сын есім еш уақытта тәуелденбейді, көптелмейді, септелмейді. Өзі анықтайтын зат есіммен орын тәртібі арқылы байланысатын сын есімдер түрленбейді. Айталық, қызыл алма – қызыл алманың (бірақ қызылдың алманың емес), қызыл алмамен (қызылмен алмамен емес), қызыл алмалар (қызылдар алмалар емес), қызыл алмасы (қызылы алмасы емес), т.б.

Тілімізде әрі заттық, әрі сындық мағына білдіретін сөздер бар, мысалы: *көк, салқын (салқынды бетке алып), жүйрік*, т.б. – бұл

сөздер зат есімнің де, сын есімнің де қызметтерін бірдей атқара беретіндіктен, осы тәріздес сөздерге көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғана береді. Бұл тәріздес сын есімдерді Ә. Төлеуов зат есімдермен омонимдес сын есімдер деп санайды. Ал А. Ысқақов мұндай құбылысты синкреттіліктің белгісіне жатқызады. Мысалы, *көк* – зат есім (*көк шықты*); *көк* – сын есім (*көк сия*), т.б.

Сондай-ақ субстантивтенген сын есімдер көптік, тәуелдік, септік жалғауларымен түрленеді. А. Ысқақовтың көрсетуінше, кейбір сын есімдер етістікті де анықтап, үстеудің қызметін атқарады. Мысалы: *Семіз сөйлем арық шыққанша, арық сөйлем, семіз шық* (мақал). Мұндай қызмет атқаратын сын есімдерге: *жаман, жақсы, ұзын, қатты, таза, қызық, толық*, т.б. сын есімдер жатады. Осылайша, кейбір сын есімдер әрі адъективтік, әрі адвербиалдық қызмет атқарады.

Жеке сөз табы ретінде сын есімнің қалыптасқан бірнеше морфологиялық белгілері бар:

1. Ол белгілердің ішіндегі ең негізгісі – сын есімнің өзіне ғана тән грамматикалық категориясы – шырай категориясы болуы. Яғни, сын есімнен сын есім тудыратын шырай жүрнақтарының тек сын есімдерге ғана тән екені.

2. Өз алдына жеке сөз табы саналуының енді бір факторы – сын есімнен туынды сын есім тудыратын арнаулы жүрнақтарының болуы.

Ескерту: Шырай категориясы туралы көзқарастарда қайшилықтар кездеседі. Сын есімнің бір түрі – сапалық сын есімдерге шырай жүрнақтары жалғанып, шырай түрлерін жасауга болса, сын есімнің мағыналық екінші тобы – қатыстық сын есімдерге шырай жүрнақтары жалғана алмайды, одан шырай түрлері жасалмайды. Сондықтан шырай категориясы жалпы сын есімдерге емес, сын есімнің бір ғана семантикалық түрі – сапалық сын есімге ғана тән дейтін пікір бар (Исаев, 1998, 133-б.).

Сын есімнің синтаксистік ерекшеліктері:

Сөйлем ішінде сын есім заттың түрлі қасиеттерін білдіретіндіктен, негізінен анықтауыштың қызметін атқарады, бірақ сын

есімдер баяндауыш та бола алады, мысалы: *Ол тапал, төртпак екен де, мен ұзын, жіңішкемін* (Ә. Әбішев).

Сөз табы ретінде сын есімнің тіркесу қабілетін білдіретін өзіндік ерекшелігі ретінде *өте, аса, тым, керемет, орасан, ересен* күшейткіш сөздерінің тек сын есімдермен тіркесіп, ал зат есімдермен тіркеспейтінін атауға болады. Бұл тіркесімділік зат есім мен сын есімнің синтаксистік айырмашылығын көрсетеді және сын есімдердің аталған ерекшелігі қазақ тіліндегі есім сөздердің аналитикалық формасы болатынын білдіреді.

Аффикстердің жалғамалылық қасиетіне сәйкес түркі тілдерін синтетикалық тілдерден ерекшелейтін тұлғалар аналитикалық форманттар болып табылады. *Аналитикалық форма* – толық мағыналы сөз бен көмекші сөздер тіркесуінен туындастын және сөздердің орын тәртібі арқылы пайда болатын грамматикалық форма. Мысалы, сын есімнің аналитикалық формасы орыс тілінде *более умный, самый высокий* болса, қазақ тілінде *ең ақылды, тым қымбат*, т.б. түрінде келеді. Сын есімнің шырайларының ***тым корікті, орасан күшті*** түрінде келуі аналитикалық тәсілдің жалғамалы тілдерге жат емесін көрсетеді.

Ал етістіктің аналитикалық формасының сын есім шырайларының аналитикалық формасынан айырмашылығы сол, негізгі етістік пен көмекшілік қызметтегі етістікті байланыстыратын дәнекер қосымшаның болуы шарт. Бірақ кейде **сөздің** аналитикалық формасын жасаушы көмекшілер дербес сөзге қосымшасыз да, қосымша арқылы да тіркесе алады. Асырмалы шырай жасалғанда көмекші сөз дербес сөзге ешбір қосымшасыз алдынан тікелей тіркеседі. Мысалы, *ең қын, өте ауыр, тым үлкен*, т.б. Көпшілік жағдайда көмекші сөз дербес сөзге белгілі қосымшалар арқылы тіркеседі. Мысалы, *кел+се екен, біл+гісі келеді, айт+ып салды, кел+е қойды, жаз+а алды*, т.б.

Ескерту: Егер сөйлем ішінде екі немесе бірнеше жалаң сапалық сын есімдер бірінен кейін бірі тіркесіп келсе, олар бірін-бірі анықтамайды, олардың әрқайсысы зат есімнің түрлі сапалық қасиеттерін өз тарапынан жеке-жеке анықтайды.

§ 3.2.1. Сын есімнің семантикалық топтары

Семантикалық мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне орай сын есімдер **сапалық** және **қатыстық** сын есімдер деп аталатын екі топқа бөлінеді.

Сапалық сын есімдерге негізгі сын есімдер жатады. Негізгі сын есімдер ешқандай қосымшасыз тұрып, сындық мағынаны білдіреді: *ақ, көк, қара, сары, сұр, боз, лас, жаңа, көне, жаман, әдемі*, т.б.

Сапалық сын есімдер заттың сынын, түрі мен түсін, көлемі мен аумағын, дәмі мен иісін білдіреді.

Сапалық сын есімдер сын есімдердің негізгі ұйытқысы, сондықтан олардың бойынан сын есімге тән негізгі категориялық ерекшеліктер жинақталған:

- а) ұлғайту, кішірейту жүрнақтары жалғана алады: *сарғыш, сұрша, қуаң*, т.б.;
- ә) шырай категориясының жүрнақтарын қабылдайды: *-ырақ, -ірек, -лау, -леу (-day, -dey, -may, -mey)* (*қызылырақ, қызылдау*, т.б.);
- б) үстеме немесе күшейткіш буындар жамалады: *жап-жасыл, сап-сары, үп-үлкен*, т.б.

Сапалық сын есімдерге шырай категориясының барлық жүрнақтары талғамай жалғана беретіндігі оларды қатыстық сын есімдерден айрықшаландырып тұрады. Өйткені қатыстық сын есімдер шырайдың барлық түрімен түрленбейді. Сапалық сын есімдерге заттың сапалық белгісінің солғындығын, бәсендігін, әлсіздігін білдіретін *-ғыш (-қыш, -гіш, -кіш), -шыл (-шіл), -ша, -ше (сұрша)* және *-ң (-аң, -ең)* жүрнақтары да жалғанады. Бірақ бұл санамаланған қосымшаларды А. Ысқақов шырай категориясын тудыратын қосымшалардың қатарына жатқызбайды. Себебі бұл қосымшалар шырай түрінің өзге жүрнақтары секілді грамматикалық абстракция жасай алмайды деп санайды.

Қосымшалардың грамматикалық абстракция жасауының критерийлері (Маманов пікірі негізінде):

- а) Грамматикалық абстракция жасау үшін бұл қосымшалар бір сөз табына немесе сөз табының бір тобына я болмаса бірнеше

сөз табына талғамай жалғануы тиіс. Өйткені жалғаулардың сипатты ерекшелігінің өзі абстрактілі грамматикалық мағына тудыру болып табылады. Ал олардың сөз мағынасын өзгертуі я өзгертпеуі (лексикалық ерекшелігі) морфологиялық тұрғыдан басты көрсеткіш емес. Жоғарыда келтірілген қосымшалар *-ғыш* (*-қыш*, *-гіш*, *-кіш*), *-шыл* (*-шіл*), *-ша*, *-ше* (*сұрша*) және *-ң* (*аң*, *-ен*) санаулы ғана сөздерге жалғанады, қолданыс жиілігі төмен, сондықтан грамматикалық абстракция мен шырай категориясын жасауға қатыса алмайды.

ә) Жалпы тіл заңдылықтарына сүйенсек, бір я болмаса ұқсас грамматикалық мағынаны тудыратын грамматикалық тұлғалар бірінің үстіне бірі жалғанбайды. Ал бірінің үстіне бірі жалғану – сөз түрлендіруші емес, сөз тудыруши қосымшалардың ең басты сипаттарының бірі. Енді мынаған көңіл аударып көрелік, *-ғыш*, *-гіш*, *-ғылт*, *-шыл* тұлғалы сөздер түрлене береді және түрленгенде өзі шырай тұлғасында тұрып тағы да шырай тұлғалы қосымшаларды қабылдай береді, мысалы, *сарғыш-may*, *қызыгылт-may*, *сарғыш-ырақ*, т.б. Ұқсас сындық мағына тудыратын екі бірдей қосымша бірінен кейін бірі жалғанып тұр, яғни грамматикалық тұлғаның басты белгілерінің бірі сақталмайды. Бірақ жаңа мағыналы сөз де тудырып тұрған жоқ, тек айқындықты я солғындықты білдіреді.

Үстеме немесе күшейткіш буындардың талғаусыз жалғануы да сапалық сын есімдерге тән: *сұп-сұр*, *аппақ*, *тұп-тұзу*, *бұп-бұтін*, *ап-аңы*, *қып-қызыл*, *жап-жасыл*, *қоп-қою*, *сеп-семіз*, т.б.

Қатыстық сын есімдер деп басқа бір заттың белгісі мен амалдың қатысы арқылы заттың қасиетін, белгісін, сапасын білдіретін сын есімдерді атайдыз.

Қатыстық сын есімдер зат есімнен, үстеуден, етістіктен жасалады. А. Ысқақовтың айтуынша, қатыстық сын есімдердің білдіретін мағыналары да өздерінің жасалуына негіз болған сөз таптарынан алысталп кетпейді, солармен байланысты болады. Қатыстық сын есімдер туралы сын есімдердің жасалу жолдары туралы сөз болғанда кеңірек айтылады.

§ 3.2.2. Сын есімнің жасалу жолдары

Құрамы мен жасалу жолына қарай сын есімдер *негізгі* және *туынды* болып екіге бөлінеді.

Туынды сөзге беріліп жүрген анықтамалар бойынша туынды сөз түбірлерге жүрнақ жалғану арқылы жасалған сөздер дейтін анықтамаға күмәнмен қарау осы тұстан байқалады. *Өйткені туынды тұлғалардан да жүрнақтар жалғану арқылы туынды сөздер жасалады*. Туынды түбірден, біріккен түбірден, басқа да грамматикалық тұлғалардан туынды сын есімдер тудыруға болады.

Сын есімдер морфологиялық, синтаксистік, морфологиялық-синтаксистік тәсілдер арқылы жасалады.

§ 3.2.3. Есімдерден сын есім тудыратын өнімді жүрнақтар

Туынды сын есім жасаудың аса құнарлы жолы жүрнақтар арқылы сын есім тудыру тәсілі немесе синтетикалық тәсіл болып табылады. Сын есім тудыратын жүрнақтардың түріне есім сөздерден сын есім тудыратын және етістіктерден сын есім тудыратын жүрнақтар жатады және оларды *өнімді*, *өнімсіз* жүрнақтар деп тағы да бөлуге болады.

1. *-қы*, *-кі*, *-ғы*, *-гі* жүрнағы зат есімдерден, есімдіктерден, үстеулерден сын есім тудырады. *Ішкі*, *төменгі*, *төргі* – мекендік мәндегі жұмсалатын, ал *қысқы*, *жазғы*, *тұнгі*, *қысқы*, *күзгі* – мезгілдік мәнді білдіретін сын есімдер болып табылады. Жүрнақтың осы түрі арқылы шығыс септігінде тұрған зат есімдерден мекендік мәнді сын есімдер жасалады: *орталықта-ғы*, *далада-ғы*, *сондай-ак* мезгілдік мәнді сын есімдер *жазда-ғы*, *күзде-гі*, *қыста-ғы*, т.б. туындейды.

2. *-лы*, *-лі*, *-ды*, *-ді*, *-ты*, *-ти* жүрнағы арқылы жасалатын сын есімдер бірнеше түрге бөлінеді:

– тек негізгі зат есімдерден ғана емес, туынды зат есімдерден де осы жүрнақтар арқылы туынды сын есімдер жасалады: *бала-*

лы, атақ-ты, пайда-лы, күш-ті, т.б. Ә. Төлеуов бұл жүрнақтардың қатарына -ы жүрнағын да жатқызады;

– күрделі тұлғалы қосарланған зат есімдерден, сын есімдерден, сан есімдерден, үстеулерден сын есім жасалады: *ойлы-қырлы, таулы-тасты, қызылды-жасылды, ұзынды-қысқалы, астыустілі, т.б.*;

– құрамында сын есім бар тіркестердің соңғы компонентіне жүрнақтардың жалғануы барысында сын есімдер жасалады: *шоқша сақалды, қара көзді, ай қабақты, т.б.*

-ши, -ші жүрнақтарының зат есімге жалғануы нәтижесінде жасалатын сын есімдер: *өтірік-ші, айтак-ши, т.б.*

-шыл, -шіл жүрнағы зат есім, есімдікке жалғанып барып, туынды сын есімдер жасалады: *ойын-шыл, әңгіме-шіл, айтыс-шыл, күлкі-шіл, ұйқы-шыл, т.б.* Бұл жүрнақ арқылы туындаған сын есімдер құмарлану, елігу, қызығушылық мәнінде жүмсалады.

-шаң, -шең жүрнақтары арқылы *киімшең, бойшаң, тершең, сөзшең, т.б.* сын есімдер жасалады.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жүрнағы зат есімдерге, үстеулерге жалғану арқылы әртүрлі мағыналық реңкі бар сын есімдер жасалады:

а) зат есімге жалғанғанда сол зат есім білдіретін мағынаны нақтылайтын, шығу тегін білдіретін сын есім жасалады: *жолдастық, қогамдық, аудандық, далалық, т.б.*;

ә) мезгілдік, өлшеу мәнді сын есімдер туындейды: *бие сауымдық, сәскелік, тұстік, кешикілік, көйлектік, т.б.*;

б) есімдіктерге жалғану арқылы тәуелділікті, белгілі бір жақ-қа қатыстылықты білдіретін сын есімдер жасалады: *мен-дік, сен-дік, өз-дік, т.б.*

-дай, -дей, -тай, -тей жүрнақтары арқылы туындаған сын есімдер өзге бір заттың қасиетімен салыстыру, салғастыру, ұқсату мәнінде жүмсалады.

Зат есімге қосылып: *балдай, судай, тастай, үйдей, т.б.*

Есімдіктерге жалғанып: *мендей – яғни маған ұқсас, мен сияқты дегенді білдіреді, сондай – соған ұқсас, т.б.*

Есімше тұлғалы сөздерге жалғанып туынды сын есім жасалады: *жылардай, өлердей, айтқандай*, т.б.

Сан есімдерге жалғанып шаманы, болжалды, мөлшерді білдіретін сын есімдер жасалады: *жұздей, мыңдай*, т.б.

-*лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес* жүрнағын А. Ысқақов құранды жүрнаққа (-ла, -с, -ле, -с, -та, -с) жатқызғанымен, біртұтас жүрнақ ретінде қолданылатындығын көрсетеді: *аралас, жұндес, дос-тас, бастас, күндес, қастас, пікірлес, істес, мұңдас*, т.б. Бұл сөздердің құрамындағы -*лас* жүрнағы тұтас жүрнақ деп білеміз. Бірақ *сыйла-с, қадірле-с, ыңғайла-с* сөздерінің құрамындағы -*лас* жүрнағы *ла-с* құрамдас бөліктеріне ажыратылатындықтан, құранды жүрнақ болып табылады. Бұл жүрнақтар арқылы жасалған туынды зат есімдер негізінен адамдардың бірбіrine тегі жағынан жақындығын, туыстықты, мекені, тұрағы жақындығын, айталық, *іргелес (үй)*, *ауылдас (бала)*, *қызметтес (кіci)*, *замандас (жігіт)*, *дәмдес (кіci)*, *серіктес (жігіт)*, т.б. білдіреді.

-*сыз, -сіз* жүрнағы – сын есім тудыратын аса өнімді жүрнақ. Заттың жоқтығын немесе белгілі бір сапаның жоқтығын, бар сапаға қарама-қарсы мағынаны білдіретін сын есімдер: *балалы – баласыз, білімді – білімсіз, ойлы – ойсыз*, т.б. Яғни, -*ды, -ди* жүрнағы арқылы жасалған туынды сын есімдердің мағынасын жоққа шығаратын сын есімдер -*сыз* жүрнағының көмегімен жасалады.

§ 3.2.4. Есімдерден сын есім тудыратын өнімсіз жүрнақтар

-*ыл, -іл, -л* және -*ал, -ел* жүрнақтарының қатысымен *батыл, жеңіл, қатал, жасыл*, т.б. сын есімдер туындейды.

-*дар, -дер, -тар, -тер* жүрнақтары да өнімсіз жүрнақ болып есептеледі. Себебі бұл жүрнақтың қатысымен сын есімдер аз жасалады. Мысалы: *жарадар, кіріттар, қарыздар, хабардар*, т.б.

-*паз* жүрнағы – аса өнімсіз жүрнақ. Бұл жүрнақтың қатысымен жасалатын сөздер тым аз, бірен-саран ғана: *өнерпаз, құмарпаз*,

өнімпаз, әсемпаз, білімпаз, келісімпаз, т.б. Бірақ бұл сөздер тек сын есімдік мағынада ғана жүмсалмайды, заттық мағынаны да білдіре алады. Дегенмен де А. Ысқақов *-паз* жүрнағының сын есім тудырудың бейімділігі басым деп санайды.

-қой, -ғой жүрнағы *әуесқой, даңғой, әзілқой, сәнқой* сияқты санаулы сын есімдер жасайды.

-қор өнімсіз жүрнағы жалғануы арқылы машықтықты, белгілі бір амал-әрекетке төсөлгендікті білдіретін сөздер туындаиды: *жемқор, жалақор, шаруақор, жұмыскер, есенқор, пайдақор*, т.б.

Өнімсіз жүрнақтардың қатарына *-қос, -аң, -ең, -ң, -уар (сөзуар), -мал, -мел, -тал, -пан, -ғылышты, -гілікті* сияқты құранды жүрнақтары жатады.

§ 3.2.5. Етістіктерден сын есім тудыратын жүрнақтар

Етістіктерден сын есім тудыратын жүрнақтарды өнімді және өнімсіз деп екіге бөліп қарастырамыз.

Қазақ тіліндегі сөз таптарының жасалу жолдарына тоқталғанда Ә. Төлеуов жүрнақтарды өнімді, өнімсіз деп бөліп көрсетпейді. Ал А. Ысқақов сын есім тудыратын өнімді жүрнақтың он түрін атап-атап көрсетеді. Өнімді жүрнақтар:

-қ, -к, -ық, -ік, -ақ, -ек; -уық, -уік; -ыңқы, -іңкі (-ңқы, -ңкі); -ынды, -інди, (-нды, -нди); -малы, -мелі; -қыш, -кіш, -ғыш, -гіш; -ымды, -імді (-мды, -мді); -улы, -улі; -қақ, -кеқ (-ғақ, -ғек), -ма, -ме (-ба, -бе, -па, -не).

Салт және сабақты етістіктерге жалғанып барып *-қ, -к, -ық, -ақ, -ек* жүрнақтары сын есім тудырады.

Ә. Төлеуов есімдіктен, үстеуден, еліктеуіш сөздерден және көмекші есімдерден туынды сын есім жасайтын жүрнақтар деп бөліп, оларға жеке-жеке тоқталады (Төлеуов, 1982).

Ескерту: А. Ысқақов өнімсіз жүрнақтардың санын он төрт деп белгілейді, ал Ә. Төлеуовтың есебі бойынша олардың саны көбірек.

Аналитикалық тәсілмен жасалған туынды сын есімдер біріккен сөздерден (*қөкпеңбек, қөгалжым, алаңғасар, қылжасақбас*,

көнөтоз, есерсөк); қос сөздерден (улкен-улкен, қызылды-жасылды) жасалады. Негізгі тұлғалы сын есімдер де, туынды сын есімдер де қосарлана алатындықтан, бұл тәсіл сын есім тудырудың құнарлы жолы болып табылады.

Негізгі сын есімдердің тіркесуінен *ақ боз, көк боз, т.б.* туындаса, бірнеше сын есімдердің бірімен-бірі тіркесуінің нәтижесінде құрделі сын есімдер жасалады. Мағынасы жағынан бірбіrine қарама-қарсы сын есімдер тіркесуінің нәтижесінде *улкен-ді-кішілі, ұзынды-қысқалы, жөнді-жөнсіз, жолды-жолсыз* сиякты сын есімдер жасалады.

Тиімді бір тәсіл ретінде негізгі сын есім мен -лы тұлғалы қатыстық сын есімдердің тіркесуінен, айталық, қой көзді, алтын баулы, көгілдір сәулелі сынды сын есімдер жасалады. Тағы бір тиімді жол ретінде А. Ісқақов -сыз жүрнағымен жасалған туынды сын есімдердің қосарлануын келтіреді: *ессіз-түссіз*, т.б.

§ 3.2.6. Сын есімнің шырай категориясы

Заттың түрлі сапалық қасиеттерін, дәрежесін білдіретін грамматикалық көрсеткіш ретіндегі шырай категориясы әр түрлі сапаны емес, керісінше, ұқсас заттардың біркелкі сапасын, сыннын, сынның, сапаның әр түрлі сандық, сапалық дәрежесін салыстыруға қызмет етеді.

А. Ісқақов: «Сын есімнің шырайы деп аталатын категорияның мазмұны да, формасы да әлденеше заттың (әр түрлі я біркелкі белгілерін емес) бір түрлі я біркелкі белгілерінің бір-бірінен айырмашылықтарын, яғни сол біркелкі белгілердің бір-бірінен я артық, я кем екендігін анықтау арқылы туады. Екінші сөзбен айтқанда, біреуі ақ, біреуі қызыл, біреуі қара, біреуі сары, біреуі қоңыр, біреуі көк түсті нәрселерді немесе біреуі үлкен, біреуі кіші, біреуі тік, біреуі сопақ, біреуі текше нәрселерді салыстырудан шырай категориясы жасалмайды. Шырай категориясы я бірыңғай ақ, я бірыңғай қызыл, я бірыңғай сары, я бірыңғай қоңыр, көк түсті әлденеше (кемі еki) заттардың реңдеріндегі ерекшеліктерді немесе бірыңғай үлкен я бірыңғай кіші делініп

танылған әлденеше заттардың көлем-аумактарындағы артық, якемдік дәрежелерін өзара салыстыру арқылы туады», – дейді (Ысқақов, 1991, 188-б.).

Шырай категориясын тудыратын жүрнақтардың бір ерекшелігі ретінде олардың заттанған сөздерге (*баларақ*), кейбір модаль сөздерге (*көбірек*, *азырақ*), ұстеулерге (*ілгерірек*, *кейінірек*, *жоғарырақ*, *өте кейін*) жалғанатынын айту керек. Әрине, бұл барлық шырай жүрнақтарына тән емес, тек ішінара кейбіреулеріне, атап айтқанда, *-рақ*, *-лау-ға* және күшайткіш мән тудыратын сөздерге (*аса*, *өте*) тән.

Шырай жүрнақтары қатыстық сын есімдердің бәріне бірдей талғамай жалғана алмайды: *қысқы күн*, *түскі мезгіл* дегендегі *қысқы* мен *түскі* сөздерін шырай түрлерімен түрлендіру мүмкін емес, мысалы: *түскірек мезгіл* немесе *қысқылау күн* деп айта алмаймыз. *Шоқпардай* кекілі бар қамыс құлақ-тағы *шоқпардай* қатыстық сын есімі де шырай категориясын қабылдамайды, яғни біз *шоқарырақ*, *аса шоқпардай*, *өте шоқпардай* деп шырай жүрнақтары мен күшайткіш ұстеулерді бұл сөзге тіркестіре алмаймыз.

Қазақ тіліндегі шырайдың түрлері ғылыми еңбектерде әр түрлі беріліп жүр. Нормативті мектеп оқулықтарында шырай саны үшеу деп көрсетілсе, ал жоғары мектепте оқытылатын А. Үсқақовтың оқулығында шырайдың төрт түрі беріледі.

А. Үсқақов бойынша:

- 1) жай шырай
- 2) салыстырмалы шырай
- 3) күшайтпелі шырай
- 4) асырмалы шырай

Мектеп оқулығында:

- | |
|--------------------|
| жай шырай |
| салыстырмалы шырай |
| күшайтпелі шырай |

Бұлайша бөлу, олардың мағыналық реңктеріне байланысты пайда болған. *Қып-қызыл* мен *ересен қызыл*, *керемет қызыл* немесе *қан қызыл* деп айту түстің аса қанық реңкін, түсін ерекшелеу қажеттілігінен туындаған. *Аппақ* пен *керемет ақ* я болмаса *керемет аппақ* деу ақ түстің жай көзбен ғана көре қоятын ақтығы емес, ерекше ақтығы, шаңқандығын жеткізу мақсатына

байланысты. Шырай категориясы бір ғана түстің әр түрлі дәрежесін, бір ғана түстің әр түрлі сапасы болатынын білдіретін грамматикалық категория.

Ескерту: Кейбір ғалымдардың көзқарасы бойынша, сапалық сын есімнің шырай категориясының лексика-грамматикалық екі-ақ түрі бар: салыстырмалы шырай және күшетпелі шырай.

1. Жай шырай – шырай түрлерінің бәріне негіз болып тұрған шырай түрі. Жай шырай бір заттың сапасын, сынын өзге бір заттың сапасымен, қасиетімен салыстырмайды. Жай шырай – заттың сапасын анықтайтын негізгі форма, негізгі шырай, оның арнайы грамматикалық көрсеткіштері, қосымшалары жоқ. Жай шырайды грамматикалық форма ретінде қабылдауымыздың себебі, ол да атау септігі секілді арнайы көрсеткіші болмағанымен, шырай парадигмасының жасалуына негіз болып тұрған нөлдік форма болуында.

Ескерту: Жай шырай – шырай түрлеріне негіз болғанымен, мағыналық та, тұлғалық та жағынан өзге шырай түрлерімен оппозициялық қатар құрауга әлеуеті жоқ, басқа шырай түрлерімен парадигмалық жүйе жасай алмайтын тұлға, сондықтан шырай категориясын жасауда қатыса алмайды, ол бар болғаны сапалық сын есім деген ұғыммен бара-бар дейтін пікір бар екенін ескерту жөн.

2. Салыстырмалы шырай. Салыстырмалы шырай аналитикалық тәсілмен жасалады. Заттың белгілі бір ұқсас сапаларының артық я кемдігін салыстыра көрсететін шырай түрін салыстырмалы шырай дейміз. Ұқсас сапаның бір-бірінен артық екенин көрсететін салыстырмалы шырайдың морфологиялық көрсеткіштері *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек* және *-лау, -леу, -дау, -деу, -таяу, -тейу*, сондай-ақ *-ғыл, -ғылт, -ғылтым, -шылтым, -аң, -қай, -ғыш (-қыш, -гіш, -кіш), -ша, -ше* (сұрша) және *-ң (-аң, -ең)*.

Ә. Төлеуовтің пікірінше, *-лау, -леу* жүрнағының білдіретін мағынасы *-рақ, -рек* жүрнағына қарағанда солғындау, бәсендеу. *-Лау, -леу* жүрнағы зат есімге жалғанып, зат сапасының артықшылығын көрсетеді.

Салыстырмалы шырайдың ерекшелігі ретінде осы шырайдың әртүрлі морфологиялық көрсеткіштерінің (қосымшаларының) бірінің үстіне бірі жалғанатындығын атауға болады, мысалы: *улкеніректеу, бойшаңырақтау, көкшилдеу*.

Оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектерде шырайдың соңғы түрі ретінде күшейтпелі шырай аталып жүр. Айталық, Ә. Төлеуов күшейтпелі шырай аналитикалық және синтетикалық жолмен жасалады деп есептейді. Ал А. Ысқақов осы екі тәсілді шырайдың екі түріне бөліп таставиды. Яғни, күшейтпелі шырай күшейтпелі буын арқылы жасалады деп көрсетеді де, ал күшейткіш үстеулер асырмалы шырай жасайды деп есептейді.

3. Күшейтпелі шырайдың негізгі көрсеткіші күшейтпелі буын болып табылады. Күшейтпелі буын негізгі сын есімнің бастапқы буынының қысқартылып айтылып, *-п* дыбысы жалғануынан жасалады: *қып-қызыл, сап-сары, үп-улкен, қып-қысқа*, т.б.

Кейде *-ақ* демеулік шылауы сын есімнен кейін тіркесіп келіп, күшейтпелі мағына тудырғандай әсер қалдырады. Бірақ шын мәнінде бұл күшейтпелі шырай жасамайды.

4. Асырмалы шырай сын есімнің алдына *өте, тым, аса, әбден, орасан, нағыз, нақ, шымқай* күшейткіш үстеулерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *тым үлкен, орасан үлкен, керемет оқиға, аса бай*, т.б.

Ескерту: Кейде шырайлардың аралас келіп қолданылуы байқалады. Мысалы: *тым қызылдау, тым қаралау*, т.б. Бұл мысалдар бір сөздің құрамындағы екі шырайдың да (асырмалы және салыстырмалы) белгілерін көрсетеді.

§ 3.3. Сан есім

Қазақ тіліндегі ірі грамматикалық категорияға жататын есімдер тобын құрайтын сөз таптарының бірі – **сан есімдер**. Білдіретін мағынасы мен қызметі жағынан сын есімдерге жуық келетін сан есімдер заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіреді. Сан есімдер зат есімдерге тіркестірілмей жеке айтылғанда абстракт сандық ұғымдардың атаулары ғана болатындық-

тан, нақты мағыналары басқа сөздермен қарым-қатынасқа тұсу кезінде, оларды сан жағынан анықтау барысында айқындалатын сөз табы деп саналады.

Заттың санын, мөлшерін, қанша екенін, ретін білдіретін сөз табын сан есім деп атайды.

Жеке тұрғанда абстрактілі мағына білдіретін сан есімдердің нақты мағынасы зат есіммен тіркесіп, оларды сан жағынан анықтағанда ғана нақтыланады. Бірақ басты қызметі сандық, мөлшерлік қызмет болғандықтан, атау формасында тұрғанда түрленбейді. Тек субстантивтенгенде ғана көптеліп, тәуелденіп, септеліп, жіктеліп түрленеді. Сан есімдерді өзге сөз таптарынан айрықшаландырып тұратын грамматикалық көрсеткіштері ретінде тек негізгі сан есімдерге жалғанып, туынды сан есімдер жасайтын *-ыны*, *-інши*, *-ay*, *-ey*, *-er* жүрнақтарын атауға болады.

Морфологиялық құрамына қарай сан есімдер *негізгі* және *туынды* болып бөлінеді. Негізгі сан есімдерге тек есептік сан есімдер жатады, туынды сан есімдер есептік сан есімдерге түрлі жүрнақтар, атап айтқанда, *-ыны*, *-ay*, *-er*, *-тай* қосылуы барысында жасалады.

Сан есімдер өздері сан жағынан анықтайтын сөздердің үнемі алдынан келеді, бірақ мұндай кездерде олар морфологиялық тұрғыдан түрленбейді, атау формасында тұрады да, тек сан есімдер субстантивтенгенде (заттанғанда) көптеледі, тәуелденеді, септеледі және жіктеледі.

Күрделі сандар қосылмалы жолмен, яғни бір санның үстіне басқа бір санды қосу арқылы: *он + eki = 12*, *жуз + бес = 105*, т.б. жасалады. Қосылмалы сандар үнемі жоғары дәрежелі сандардан басталып, аз сандармен аяқталып отырады. Алдымен мыңдықтар тұрады, одан кейін жүздіктер, келесі орында ондық сандар, ең соңында бірлік сандар орналасады, мысалы: *мың бес жуз жисырма алты*. Ал бір санды (көбейгішті) басқа бір санға (көбейткішке) көбейту жолымен, яғни белгілі бір санды келесі бір санға көбейту, еселеу арқылы жасалатын күрделі сандардың жасалу тәсілі **көбейтілмелі тәсілге** жатқызылады. Көбейтілмелі

күрделі сандар тәменгі сандардан басталып, жоғары дәрежелі сандарға аяқталады, мысалы: *алты жұз, бес мың*, т.б. Күрделі сандардың осы екі тәсілдің де қатысуы арқылы жасалатын түрін А. Ісқақов *аралас күрделі сан есімдер* деп атайды.

Сан есімдердің есептік, реттік, болжалдық, жинақтық, топтық, бөлшектік деп бөлінетін семантика-морфологиялық топтары бар.

Есептік сан есімдер сан есімдердің басқа топтарының жасалаудына негіз болады.

-*дық, -дік, -тық, -тік* қосымшалары арқылы есептік сан есімдер әрі зат есім, әрі сан есім ретінде қолданылатын сөздер жасауға қатысады: *екілік, бестік, мыңдық, жұздік*, т.б.

-*ті* және -*кіл (-кул)* қосымшалары арқылы есептік сан есімдерден сын есім жасалады, бірақ -*ті* қосымшасы тек *бес* сөзіне, ал -*кіл* қосымшасы тек *үш, төрт* сөздеріне ғана жалғанады: *бесті ат, үшкіл хат, төрткіл (төрткүл) дүние*.

-*ла, -ле* қосымшасы тек жинақтау мәнді сан есімдерге жалғанып, туынды етістік жасайды: *екеуле, алтаула, бесеулен, жетеулейтін*, т.б. Есептік *бір* сан есімі жаңа сөз жасаудың барлық амал-тәсілдеріне (синтетикалық, аналитикалық, лексика-грамматикалық) қатысады. Қосымшалар жалғау арқылы және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы өзге сөз табына ауысу барысында сан есімдерден жаңа сөз жасалады: *бір-бір, бір-ақ, бір бет, бірегей, бірнеше, бірсыныра, бір талай, әрбір, қайсыбір*, т.б.

Мысалы: Қою түн қойнына біреу қараңдан сіңіп барады.

Реттік сан есімдер есептік сандарға -*ынышы, -іниші* қосымшасының жалғануы арқылы жасалады және заттардың орналасу ретін білдіреді: *бірінші, ... онынышы, мыңынышы*, т.б.

Жинақтық сан есімдер бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге -*ау, -еу* аффиксі жалғануының нәтижесінде жасалады. Сан есімнің бұл түрінің күрделі түрі болмайды. Жинақтық сан есімдерді қосарлауға болады: *екеу-екеу*.

Топтық сан есімдер есептік сан есімдерге -*дан, -ден, -тан, -тен* аффиксінің қосылуы арқылы жасалып, заттар мен құбылыстардың мөлшерін, шамасын топтап көрсетеді: *төрттен, алтыдан, жұз-жұзден*, т.б.

Болжалдық сан есімдер заттардың санын, мөлшерін дәл көрсетпей, шамамен, мөлшермен атайды: *бес-алты, жуз шақты, мыңдай, бірер, мың қаралы, ондарда, бестерде*, т.б.

Бөлшектік сан есімдер математика ғылымы саласында жиі қолданылады да, заттың сандық бөлшегін көрсетеді: *екінің бірі, жүзден бір, оннан екі бөлігі*. Бөлшектік ұғымды ширек, жарты сөздері де білдіреді.

Сан есімдердің сөйлем ішінде атқаратын негізгі қызметі анықтауыш болу, бірақ олар пысықтауыштық қызметте де жұмсалса береді.

Қазақ тілінде сан есімдер сияқты жұмсалатын сөздер бар. Олар салмақ өлшемдерін, мөлшерді, уақытты, мерзімді, көлемді, аралық өлшемдерді білдіріп, сан есімдерге ұксас қызмет атқарды, бірақ сан есімдердің қатарына жатпайды. Бұлар дара және күрделі түрде келіп әр түрлі мөлшерлік мағынада қолданылады: *жарым, жарты, сыңар, жалқы – сын есім; адым, шақырым, батпан, қарыс, кез, сүйем – зат есімдер, қас қаққанша, қас пен көздің арасында – фразеологиялық тіркестер, мұндай сөздерді **нумератив өлшемдер** деп атайды. Осылардың қатарына өзге тілден енген *центнер, гектар, килограмм, грамм, тонна*, т.б. жатады.*

§ 3.4. Есімдік

Есімдер тобына жататын сөз табының бірі – **есімдіктер**. Есімдіктер мағынасы тым жалпы сөздер болып табылады.

Есімдіктердің осындай қасиеттері белгілі түркологтардың назарын ертеден аударған. А.Н. Кононов: «Есімдіктер – затқа, оның белгілеріне нұсқағанмен, оларды атамайтын және олардың мазмұнын анықтамайтын сөз табы», – десе (Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М. – Л.: Изд. АН СССР, 1956. – С. 171. – 567 с.), А.М. Щербак: «Есімдіктер белгілі бір контексте зат есімді және сын есімді, сан есімді ауыстырғанмен (солардың орнын басқанмен), басқа есім сөздерден арнайы сөз тудыруши формаларының жоқтығы сияқты жағымсыз белгісімен ерекшеленеді», – деп бір ерек-

ше сипатын ашып көрсетеді (Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (имя). – Л.: Наука, 1977. – С. 122. – 188 с.).

Бірақ мағыналары тым жалпы болғанымен, ол мағыналар түптеп келгенде зат және заттық белгі деген ұғымдармен ұштасып, зат және заттық белгі деген ұғымды анықтап, солардың жалпы түрдегі атауы болып келеді. Есімдіктердің заттық және заттық белгісі деген ұғымдарды жалпылама болса да, бойына жинақтаяна байланысты есімдіктер атауыш сөздер қатарына жатқызылады.

Қазақ тіліндегі есімдіктерді арнайы зерттеп, тарихи талдау жасаған А. Ибатов, М. Томанов, т.б. Түркологиядағы есімдіктерді зерттеген ғалымдар есімдіктердің шығуы және қалыптасуы жөнінде мынадай ой-пікір айтады:

1. Тегінде есімдіктер әуелгі номинацияға ие.
2. Олар барлық сөз таптарының қалыптасуына негіз болған. Себебі адам баласының дүниені тануы жалпы заттарды, оның жалпы қасиетін таңбалау арқылы анықталады.
3. Есімдіктің жалпы мағына беруі оның алғашқылық қызметін анықтайды.

Есімдіктер тұтасымен алғанда, атауыш сөздердің қатарына жатқызылады. Есімдіктер қандай сөздердің орнына қолданылса, соған сәйкес мағынаны білдіреді. Ол мағыналар заттық, сындық болып келеді. Ал сын есімдер сияқты сын есімдердің орнына қолданылғанда бұл формалардың бірін де қабылдамайды.

Бірақ есімдіктерді іштей екі топқа – заттық ұғымды білдіретін *субстантивтік есімдіктер* және заттың белгісі ұғымын білдіретін *атрибутивтік есімдіктер* деп жіктеуге болады. Айталық, мен, сен, кім, не есімдіктері заттық ұғымда жұмсалады, ал бұл, қай, сол есімдіктері заттың белгісі ұғымындағы сөздер болып табылады. Морфологиялық жағынан түрленетін сөздер қатарында есімдіктер түрленгенде осы екі топқа бөлінуі белгілі бір дәрежеде рөл атқарады. Субстантивтік есімдіктер қолданылу ретінен қарай зат есімдер сияқты көптеледі, септеледі, тәуелденеді,

жіктеледі, ал атрибутивтік есімдіктер тұра өз мағынасында тұрғанда тұрлену формаларының ешқайсысын да қабылдамайды. Атрибутивтік есімдіктер тек субстантивтенген кезде ғана тұрлена алады.

«Есімдік заттың өз атауын да, белгісінің, санының да атын білдірмейді, тек соларды нұскап, мензеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады. Сондықтан да кейде есімдікті орынбасар сөз-дер деп атайды» (Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. – 170 б.).

Жалпы алғанда, есімдіктердің табиғаты мәтін аясында нақты айқындалады. Сондықтан: «Есімдіктердің дәлді мағынасы бұрын айтылған я жазылған сөйлемдермен байланысты», – деп көрсетеді А. Ысқақов (Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Ана тілі, 1991. – 208-б. – 221 б.).

Есімдіктер тарихи тұлғалар ретінде көне түбір есімдіктер (негізгі түбір сөздер сипатындағы *мен, сен, ол, біз, сіз, қай, кім, не, міне, бұл, осы*) болып келеді. *Мен, сен, ол, сіз, қай(n), кім* есімдіктері тарихи тұрғыдан бөлшектенеді және соған орай есімдіктер тарихи есімдіктер мен тіл дамуына қарай кейін пайда болған жаңа есімдіктер болып екіге бөлінеді.

Кейін пайда болған есімдіктер бірнеше жолмен пайда болған:

1. Сөз мағынасының өзгеруі барысында лексикалық жолмен жасалады: *bір, бар, біреу, бүкіл, түгел* есімдіктері *әр, куллі, пәлен* сияқты басқа (араб-парсы) тілдерден ауысқан. Есімдіктердің мағыналық ерекшеліктері көп, айрықша көзге түсіп тұратын мағыналары болады (Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 480-б. – 784 б.).

2. Морфологиялық тәсілмен, яғни негізгі түбір есімдіктерге -у жалғану арқылы (нұсқау, сілтеу мәнді) *мына-у, сона-у, ана-у*, т.б. және әрқылы формалар арқылы жасалған *барлық, барша, қанша, неше, қандай, нешиши*, т.б. есімдіктер жатады.

3. Синтаксистік тәсілмен жасалған есімдіктерге *әлдекім, әлдеқашан, әлдеқайда, әлдеқалай, әрбір, ешкім, ешқайсы, ешқандай, сондай-ақ кімде-кім, қай-қайсы, бірде-бір* күрделі есімдіктері жатады.

Есімік атаулыға ортақ, бәріне тән формалар мен өзгеру тәсілдері жоқ сөздердің тобы саналғанмен, есімдіктерге тән морфологиялық ерекшеліктерге мыналар жатады:

- а) көптік мағынаны білдіретін з морфемасы;
- ә) жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуі барысында түсіп қалатын, бірақ барыс септігінде пайда болатын «н» формасы;
- б) есімдіктерден жаңа сөздер жасалмайды (тек бірен-саран болмаса);
- в) есімдіктердің өзіне бағыныңқы сөздері болмайды. Есімдіктер мәнмәтінге қарай, сөйлеу мақсатына қарай әртүрлі мағыналарға ие болатын субъективті-объективті нұсқаушы сөздер.

Ескерту: Есімдіктердің шығу тарихына қатысты мыналарды ескертуге болады:

1. Жіктеу және сілтеу есімдіктері бір лексика-грамматикалық топты құрайды, шығу төркініне қарай сілтеу есімдіктерінің мағыналық да-мынан барып жіктеу есімдіктері сілтеу-жіктеу мағынасымен бөлінген деуге болады. (Мысалы, ол – мен жарыса бұл формасы пайда болып, дамығаны сияқты мен, сен жіктеу есімдіктерімен қатарласа, жарыса ан (ол) формасы да пайда болған (А.М. Щербак). А.Н. Кононов жіктеу, сілтеу, сұрау және сөз-есімдіктер (местоимения слова), белгісіздік, айқындауыш (выделительные), жоққа шығаруыш есімдіктер (отрицательные) деп бөледі.

А. Щербак есімдіктерді топтар бойынша жіктеуге тек қана семантика-функционалдық белгілеріне қарай болады деп, оларды 9-ға бөледі: *личные, указательные, вопросительные, выделительные, притяжательные, неопределенные, отрицательные, определительные, относительные* (аталған еңбек, 125-б.). А.Н. Кононов жіктеуіндегі қайтымды есімдіктер, жалпылау есімдіктері А.М. Щербак бөлінісінде жоқ.

Ескерту: 1. Есімдіктер түгелімен түрлене алғатын морфологиялық формалары, өзгеру тәсілдері жоқ сөз табы болып табылады.

2. Есімдіктердің кейбір топтарына тән морфологиялық тұргыдан түрлену ерекшеліктері бар. Бұл есімдіктердің көптелу және септелу жүйесінде анық көрінеді. Мысалы: көптік мағынаны білдіруші -з морфемасы (біз, сіз дегендегі) және жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелу жүйесінде

түсіп қалатын, барыс септігінде пайда болатын и дыбысы жатады (Ибатов, 1983). Енді бір ерекшелігі ретінде есімдіктерден жаңа сөздер жасалмайтынын айтуду керек.

Лексика-семантикалық тұрғыдан есімдіктер бірнеше мағыналық топқа бөлінеді:

1. Жіктеу есімдіктері.
2. Сілтеу есімдіктері.
3. Сұрау есімдіктері.
4. Өздік есімдігі.
5. Жалпылау есімдіктері.
6. Белгісіздік есімдіктері.
7. Болымсыздық есімдіктері.

§ 3.4.1. Жіктеу есімдіктері

Белгілі бір жақты, тарапты көрсету үшін қолданылатын есімдіктің түрі – **жіктеу есімдіктері**. Жіктеу есімдіктері сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде кісі ұғымдарымен байланысты. *Мен* – 1-жақ сөйлеушіні, *сен* – тыңдаушыны, *ол* – бөгде адамды, 3-жақты білдіреді.

Жіктеу есімдігінің 3-жағы (*ол*) мен сілтеу есімдігінің (*ол*) тұлғалары ұқсас, ортақ болып келеді. *Ол* – есімдігі әрі адамды, әрі зат пен құбылысты, сонымен бірге іс-әрекет, қимылды, сансапаны көрсететін сөз. Оның қай мағынада жұмсалып тұрғанын контексіне қарай ажыратуға болады: *Ол* – студент (адамды көрсетіп тұр), 3-жақта. Ал *Бала ол қимылды қайта жасай алмады* (іс-әрекетті көрсетеді); *Ол түсті ұнаттайды* (сынды, тұр-түсті білдіреді), т.б.

Жіктеу есімдіктері саха тілінен басқа барлық түркі халықтарында кездеседі. С.В.Ястребский, В.В. Радлов есімдіктердің жекеше, көпше түрі жайлы бірнеше гипотезалар айтқан. Көпше тұрдегі есімдіктердің этимологиясына қатысты айтылған болжамдарға О. Бетлингктің, В. Котвичтің (көпше тұрдегі есімдіктердегі дауысты дыбыстармен байланысты) (Исследования по

монгольской филологии), (Местоимения в алтайских языках. – М., 1978. – С. 71. – 207 с.) және А. Габеннің есімдіктерді «и» және «л» элементтерінен құралған деп екі топқа бөлетін пікірлерін айтуға болады.

Септеу кезінде **и** ыбысының пайда болуына байланысты айтылып жүрген ғалымдардың пікірлерін үшке топтастыруға болады:

1. Барыс септік жалғауы басында – ғару болған да, кейіннен -ғар формасына түсіп, одан -ған түріне аудысады. Сонда -ғару ~ ғар ~ -ған болып қалыптасқан.

2. Барыс септік жалғауының соңғы **и дыбысын оғар – оға – оған** эволюциясы ретінде қарастыру.

3. Шалғай метатезис арқылы **и** және **ғ** дыбысының орын алмастынан келіп, онға-оған болып қалыптасуы.

Жіктеу есімдіктері әрқашан белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылады, жіктеу есімдіктерінің бүкіл функциясы адаммен байланысты. Шығу тарихына келер болсақ, жіктік жалғауы жіктеу есімдіктерінен пайда болған деген пікір бар. Оның ішінде жіктеу есімдігінің 3-жағы сілтеу есімдігімен ортақ болып келеді. Егер есімдік адамды көрсетсе, адамға нұсқай айтылса, жіктеу есімдігі болады да, зат пен құбылысты, іс-әрекетті, сансапаны көрсетсе, сілтеу есімдігі болады.

Жіктеу есімдіктері өздерін басқа сөздермен жалғастыратын әрқылы морфологиялық формаларды қабылдайды.

-niki, -diki жалғауы тәуелдік жалғауының тек абстракциялы меншікті білдіретін түріне жатады.

Жіктеу есімдіктерінің бәрі де септік жалғауларын қабылдайды. Жекеше түрі де, көпше түрі де септеледі.

Жіктеу есімдіктері сан жағынан көп емес. Оларға:

Жекеше түрінде:

- 1-жак. Мен
- 2-жак. Сен, сіз
- 3-жак. Ол

Көпше түрінде:

- Біз, біздер
- Сендер, сіздер
- Олар

Жіктеу есімдіктері өзінің негізгі мағынасында қолданылғанда, тәуелдік жалғауының тек абстракциялы меншікті білдіретін *-нікі, -дікі* қосымшаларын ғана қабылдайды:

Жекеше түрінде:

- 1-жак. Менікі
- 2-жак. Сенікі, сіздікі
- 3-жак. Онікі

Көпше түрінде:

- 1-жак Біздікі
- 2-жак Сендердікі,
сіздердікі
- 3-жак Олардікі

Жіктеу есімдіктері жіктеледі:

Жекеше түрінде:

- 1-жак. Менмін
- 2-жак. Сенсің, сіzsіz
- 3-жак. Ол

Көпше түрінде:

- Бізбіз
- Сендерсіңдер, сіздерсіздер
- Олар

Жіктеу есімдіктері егер бұлар заттық (субстантивтік) мағынада жұмсалатын болса, септеледі:

- | | |
|----------|------------|
| A. мен | Ж. менде |
| I. менің | Ш. менен |
| B. маған | K. менімен |
| T. мені | |

§ 3.4.2. Сілтеу есімдіктері

Сілтеу есімдіктері әрқашан сөйлеушіге не сөйлемдегі субъектіге субстанциялар мен құбылыстардың жақын не алыстығын білдіріп отырады. Сілтеу есімдіктеріне *бұл, осы, сол, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне* деген сөздер жатады.

Сілтеу есімдіктері субстантивтенгенде ғана тәуелдік, септік, көптік жалғауларын қабылдап, түрленеді. Тәуелдік жалғаулары сілтеу есімдіктерінің ішінде *міне, әне, осынау, сонау, түу (түнеу)* сияқты түрлеріне мүлде жалғанбайды.

Септік жалғаулары да есімдіктерге талғаусыз жалғана бермейді. Мәселен, *бұл, ол, мына, ана, сол* сілтеу есімдіктері жекеше және көпше түрінде де септеледі. Бұлардың септелу жүйесі жіктеу есімдіктеріне ұқсас болады. Ал, өзге *міне, мынау, әне, анау, осынау, сонау, тұнеу* есімдіктері септелмейді. Сілтеу есімдіктерінен *-дай, -дей* жүрнағы арқылы *мынадай, сондай, осындаидай, анадай* сияқты туынды сөздер жасалады.

А.Н. Кононов сілтеу есімдігіне үш сөзді, атап айтқанда, *бұл, сол, ол-ды* жатқызады. А.М. Щербак сілтеу есімдігі екі түрде таралған дейді:

- а) кеңістіктік (мынау – жақында, анау – алыста);
- ә) хронологиялық (мына, ана (анау)).

Мағыналық жағынан сілтеу есімдіктерін үшке бөледі:

1) жалпы мағыналы сілтеу есімдіктері; 2) нақты мағыналы сілтеу есімдіктері; 3) күштеу мағыналы (мына, ана, әне) сілтеу есімдіктері (Сравнительная морфология тюркских языков, 127-6.).

Ескерту: Сілтеу есімдіктері сын есімдерден көбірек жасалған (А.М. Щербак).

Сілтеу есімдіктері әр қылы субстанциялардың біреуін дара-лап бөліп алғып, тыңдаушының көңілін аудару мақсатында қолданылады. Сілтеу есімдіктері мынадай сөз таптарының орнына қолданылады:

- 1) зат есім; 2) сын есім; 3) сан есім; 4) есімдік.

Басқа сөздердің орнына қолданылуына қарай есімдіктер:

а) өзге сөздердің орнына қолданылатын есімдіктер *бұл, ол, мына, ана, мынау, анау, осы, сол* және

ә) өзге сөздер орнына қолданылмайтын *міне, әне, сона, сонау, түү* деп бөлінеді.

Қолданылу ерекшеліктеріне қарай сілтеу есімдіктері әрқылы мағыналарға ие болады, ал мағыналарына белгілі бір затты нұсқағанда олардың әртүрлі қалыптары және әртүрлі қашықтықта тұруы әсер етеді, мысалы, егер нұсқалатын зат көзге көрінетін

қашықтықта орналасқан болса, онда *міне*, *әне*, *осы* сілтеу есімдіктері жұмсалады.

Жалпы алғанда, сілтеу есімдіктерінің нақты мағынасы сілтеу есімдігі тұрган алдыңғы мәнмәтін көмегімен ашылады немесе кейде сілтеу есімдіктерінің өзінен кейінгі сөздермен түсіндірілетін кездері болады.

Сілтеу есімдіктері заттанып барып, тәуелденіп, септеліп, көптеліп, жіктеледі. Тәуелдік жалғаулары сілтеу есімдіктерінің ішінде *міне*, *әне*, *осынау*, *сонау*, *түу* сияқты түрлеріне жалғанбайды. Септік жалғаулары да талғаусыз жалғана алмайды.

Ал *бұл*, *ол*, *мына*, *ана*, *сол* сілтеу есімдіктері жекеше және көшше түрінде де септеледі. Ал *міне*, *мынау*, *әне*, *анау*, *осынау*, *сонау*, *түу* есімдіктері септелмейді.

Көптік жалғаулары *бұл – бұлар*, *ол – олар*, *мына – мыналар*, *ана – аналар*, *осы – осылар*, *сол – солар* есімдіктерінде ғана кездеседі. Сілтеу есімдіктері сөйлемнің барлық мүшелерінің қызметін атқарады (Ысқақов А., 1991. – 173-б.).

§ 3.4.3. *Сұрау есімдіктері*

Сұрау есімдіктері – заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін, амалын, т.б. білдіреді. Сұрау есімдіктеріне **кім?** **не?** **қай?** **қайсы?** **қандай?** **қалай?** **қайда?** **қайдан?** **қашан?** **қанша?** **неше?** **нешінші?** **қаншасы?** сөздері жатады.

Сұрау есімдіктерінің бәріне тән өзіндік ерекшелігі – бірыңғай морфологиялық түрленуі не синтаксистік қызметінің болмауы. Олар қай сөз табына байланысты сұрала айтылса, сол сөз табының орнына қолданыла алады. Сұрау есімдіктерінің өзге есімдіктерден бөліп алатындағы ішкі грамматикалық бірлігі жоқ. Сөйлемнің жалпы мағыналық ерекшелігіне және қолданылу өзгешелігіне қарай сұрау есімдіктері кейде өзінің негізі сұраулық мағынасында жұмсалмайды. Яғни, заттар мен құбылыстардың орындалу амалы, мекені, мезгілі, т.б. ұғымдары орнында қолданылады. Ондайда бұл есімдіктерге жауап болатын сөздер қажет

етілмейді де, ол жауап сұрау есімдігінің бойынан байқалатын заттық, белгілік, мекендік не мезгілдік, экспрессивтік т.б. мағыналары арқылы беріледі. Мысалы:

Кім көрінген би болып малымызды талап ала берді (Аймауытов);
Не дерімді білмедім. Тұратын үйлері қандай? (Аймауытов).

Сұрау есімдіктерінен *кім*, *не*, *қайсы*, *нешеу* сөздері ғана тәуелденеді. Жіктік жалғаулары да сұрау есімдіктерінің бәріне бірдей жалғана бермейді. *Қалаі?* есімдіктері мұлде септілмейді. *Неше?* *қанша?* сөздері барыс, жатыс, шығыс септік жалғауларын; *қашан?* сөзі барыс, шығыс септіктері жалғауларын; *қай?* сөзі жатыс, шығыс жалғауларын ғана қабылдай алады (Төлеуов, 1982).

Ескерту: Әрине, есімдіктердің (*қандай*, *қалаі*) септелеудің жоққа шығаратын пікірлерге дау айтуға болады. Өйткені заттану барысында септеле алады. Мысалы: *Бұл мәселенің не қалайы бар?*

Сұрау есімдіктерінің шығу төркінін А.Н. Кононов **кім** және **кімдер** есімдігіне тоқталу арқылы көрсеткен. Кім есімдігі екі морфемадан құралады: «-к» және «-т». Алғашқысы *qa =* ha = = «что» «не», «қандай» сұраулы сөз мағынасына, екіншісі –m<m сұраулы бөлшекке теңеледі. Кім есімдігі В. Шотто ойынша, монгол тіліндегі «kumun» – «адам» сөзінен шыққан (Кононов А.Н. Вопросы грамматики и истории восточных языков. – М. – Л., 1958. – С. 173. – 203 с.).

А.М. Щербак сұрау есімдіктеріне *кім*, *не*, *қандай*, *қай* сөздерін жатқызады. Бұл есімдіктердің этимологиясына келгенде түрлі қисындар айтылады. В. Котвич, Г.И. Рамstedt «кі-кө» және «м» бөлшектерінен құралған деп есептейді. «Не» сұрау есімдігін Г.И. Рамstedт, Н.А. Басқаков қарастырғанмен, кейбір сэттерін анық түсіндіре алмайды. Ал «қай» есімдігінің этимологиясын түсіндіру ғалымдарға қынға түскені анық. Бұл есімдіктің «й» бөлшегіне байланысты кейбір қисындарды саха және өзбек тілдерінің диалектісінен тапқандай болып, оны «*й» жоқ нұсқалығы деп түсіндіреді.

Сұрау есімдіктері зат пен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін, амалын білдіру мақсатында айтылатын сөздер. Оларға: *кім, не, қай, қандай, қалай, қайда, қайдан, қашан, қанша, неше, нешини, қаншасы* сөздері жатады және олар қай сөз табына байланысты сұрай айттылса, сол сөз табының орнына жұмсалады.

Ескерту: Сұрау есімдіктері кейде негізгі сұраулық мәғынаны білдірмейді, амал, мекен, мезгіл ұғымдарын білдіреді. *Қай, қашан, неше, қалай* сұрау есімдіктері мүлде тәуелденбейді.

Септік жалғаулары да, көптік жалғаулары да сұрау есімдіктерінің бәріне бірдей жалғана бермейді. Көптік жалғаулары *кім, не, қайсы, неше* сөздеріне жалғанады.

Сұрау есімдіктері кейде бір-біріне тіркесіп, қосарланып айтылады: *кім-кім, қай-қай*, т.б. және олар сөйлем мүшелерінің бәрінің қызметін атқарады.

Тәуелдік жалғаулары да сұрау есімдіктерінің бәріне бірдей талғаусыз жалғанбайды. Атап айтқанда, *Қай? Қашан? Неше? Қалай?* есімдіктері мүлде тәуелденбейді. Тек *кім, не, қайсы, нешеу* сұрау есімдіктері ғана тәуелденеді.

Келесі грамматикалық категория **жіктік категориясымен** да сұрау есімдіктері түгелімен түрленбейді, түрленетіндері тек қана қандай, қалай, қайсы сұраулары.

§ 3.4.4. Өздік есімдіктері

Өздік есімдіктері сөйлеушіні немесе сөйлемдегі субъектіні бөліп көрсетеді. Қазақ тіліндегі өздік есімдігі – жалғыз ғана **өз** сөзі. **Өз** есімдігі оңаша және ортақ түрде тәуелденеді: *өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріңіз*. Бұл сөздер тәуелдік жалғаусыз қолданылмайды.

Өз есімдігінің тәуелдеулі формада қолданылуында мынадай екі түрлі ерекшелік бар:

- Жіктеу есімдігімен тіркесіп те, тіркеспей де қолданылады.

Өз есімдігі тәуелдіктің қай жағында тұрса жіктеу есімдігі сол жақта қолданылады. Мысалы, «Сен одан жамансың, сені мен сүймеймін» десе, **өзіміз** жақсы көреміз бе? (*Біз өзіміз* – 1-ж.) немесе *сен өзің* – 2-ж., *ол өзи* – 3-ж.

ә) Өздік есімдігіне тәуелдік жалғауының *-нікі,-дікі* формасы жалғанады. Өз есімдігі тәуелденіп барып, жіктеледі:

1-жак. *Өзіммін*.

2-жак. *Өзімсің*.

3-жак. *Өзім* (Ол маған кім?) – *Өзім*).

Сондықтан өздік есімдіктеріне жіктік жалғаулары жалғанып айтылады деп білеміз. Мысалы:

– *Мен саған кіммін?*

– *Өзімсің.*

Өз есімдігіне септік жалғаулары жалғанып айтылады. Септік жалғаулары өз есімдіктеріне тәуелденген зат есімдерінің үлгісімен жалғанады. Мысалы, *Өзім*, *өзімнің*, *өзіме*, *өзімді*, *өзімде*, *өзімнен*, *өзіммен*.

Өз есімдігіне сөз тудыруши морфологиялық формалардың қосылуы арқылы біраз жаңа сөздер жасалады.

Өз есімдігіне *-дей* қосымшасының қосылып айтылуынан сын есім сөздер жасалады. Мысалы: *Бәрін де өзіндей* қуанышты, *бақытты болса екен дейді*.

Өз есімдігіне *-ше* (өз-i-n-ше) және *-дігінен* (өз-dіg-i-nen) қосымшалары қосылуы арқылы туынды үстене жасалады.

Мысалы: *Өздігінен* келіп отырған жок.

Өз есімдігіне *-ге* қосымшасының жалғануы арқылы *өзге* сөзі жасалады. *Өзге* сөзі сындық, заттық мағынада жүмсалады.

Өз есімдігінің қосарланып айтылуы *өз-өзінен* немесе *өзінен-өзі* және *ара* сөзімен бірге қолданылуы арқылы *өзара* үстене сөздері жасалады.

Өз есімдігі көп ретте адам мағынасында қолданылып, субстантивтенеді: *Өзгелер бұл туралы не дер екен*.

Өз есімдігі қосарлануы арқылы және *өзара*, *өзінен-өзі* үстене сөздері жасалады.

Өз есімдігінің синтаксистік қызметі де ерекше болып қалыптасадан. Егер өз есімдігі тәуелдік жалғаудың қай жағында тұрса, баяндауыш та жіктіктің сол жағында тұрады: *өзім келдім, өзіңіз келдіңіз, өзи келді.*

Бастауыш қызметінде жұмсалатын өз есімдігі үнемі тәуелдік формада болады. Осы өз есімдігі тәуелдік формада тұрып алдындағы есім сөздермен тіркесіп келіп, сөйлемде күрделі бастауыштың құрамында жұмсалады. Мысалы: *Болыстың өзи екен қондырған.*

Сонымен қатар өз есімдігі сөйлемде толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш қызметтерін де атқарады.

Өздік есімдігі – сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан бөліп алғып көрсетуші сөздер. Өздік есімдіктеріне өз түбірінен тараған тәуелдік жалғаусыз қолданылмайтын *өзім, өзің, өзіңіз, өзи, өзіміз, өздеріміз, өздеріңіз, өздері* деген сөздер жатады.

Ескерту: Бірақ кейде сөйлемде тәуелдік жалғаулары түсін қалады, кейде өз түбіріне -нікі, -дікі формасы жалғанып қолданылады.

Өздік есімдіктеріне септік, жіктік жалғаулары заттанғаннан кейін жалғанады және есімдіктің бұл түрі сөйлемде пысықтауыштың қызметін атқармайды, бірақ сөйлемнің өзге мүшелерінің бәрінің де қызметтерін атқара алады.

Өздік есімдіктеріне септік жалғаулары тәуелденген зат есім үлгісімен жалғанады: *өзім, өзімнің, өзіме, өзімді, өзімнен, өзімде, өзіммен.* Мысалы:

Бұлардың ішінде елеусіз бөтен кісі бол отырғанша, мен де өзімді үгатын, өзіммен қалжыңдасып, өзімді қадірлейтін жолдастарымды көрсем екен, – деп ойлады.

§ 3.4.5. Жалпылау есімдіктері

Жалпылау есімдіктері кем дегендеге екі заттың немесе көптеген заттар мен құбылыстардың жиынтығын жалпылай көрсете алатын сөздер.

Жалпылау есімдіктері деп белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығын білдіретін, жалпылама мағыналы сөздерді айтамыз: *Киім-кешек, ыдыс-аяқ – бәрі де керек*. *Бәрі* жалпылау есімдігі атау тұлғасында субстанциялық ұғымды білдіреді де, өзге есімдіктер негізгі формасында тұрғанда атрибуттық ұғымды білдіреді.

Тәуелдік жалғаулары *бар, барлық, барша, бәрі* сөздеріне ортақ тәуелдеу түрінде ғана болмаса, жекеше түрінде жалғанбайды. Жіктік жалғаулары мұлде жалғанбайды. Жалпылау есімдіктерінің ішінде тек субстантивтенген түрлері ғана тәуелденіп барып, септеледі.

А.Н. Кононов жалпылау есімдіктерінің екі түрін көрсетеді:

- 1) лексикалық дәстүр бойынша өздерінің дәл мағынасынан айырылып, есімдіктерге айналған;
- 2) морфологиялық-семантикалық дәстүрге сай аффикстер арқылы жасалады (Кононов А.Н. Грамматика тюркских рунических памятников VII-IX вв. – Л.: Наука, 1980. – 254 б. – 183-б.).

Тәуелдік жалғау арқылы жасалған кейбір жалпылау есімдіктері заттық мәнде қолданылады, оларға: *бүкіл, бүтін, күллі, тамам* есімдіктері жатады.

Ескерту: Жалпылау есімдіктеріне жіктік жалғаулары мұлде жалғанбайды, ал заттанған жалпылау есімдіктері тәуелденіп барып септеледі.

Сөйлемде жалпылау есімдіктері анықтауыш қызметінде жұмсалады, ал заттанған кезде бастауыш, толықтауыш қызметтерін атқарады, бірақ жалпылау есімдіктері ешқашан пысықтауыштың қызметін атқармайды.

§ 3.4.6. Белгісіздік есімдіктері

Белгісіздік есімдіктері деп заттар мен құбылыстардың сан, сапа белгілерін, мекен, амал, т.б. анық емес, тұспалдап көрсететін, белгісіз мәнде айтылатын сөздерді атаймыз. Бұл есімдіктердің жасалуына *бір, әр, әлде* деген үш сөз үйітқы болады да, осы сөздермен басқа есімдіктердің бірігуі арқылы жасалады: *біреу, кейбіреу, кейбір, қайсыбір, әrbіr, біrnеше, бірдеме, әркім, әрине,*

әрқайсы, әрқалай; әлдекім, әлдене, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалај, т.б.

Белгісіздік есімдіктері – есімдіктің ең ескі түріне жатады, олар есімдіктердің (есімдердің) бірігуі арқылы жасалған. Олар *зат есім + сын есім, зат есім + сан есімдердің* бірігуі, тіркесуі арқылы жасалған. Мысалы, *бірнәрсе* (бір – сан есім және нәрсе – зат есім), *бір зат*, т.б.

А.М. Щербак болымсыздық есімдігінің морфологиялық көрсеткішіне -ді (р), -де (р) қосымшаларын жатқызады. Мысалы, башқұрт тілінде *алла кім*; қазақ тілінде *әлдекім*, сол сияқты *әлдебір, әлдене, әлденеше*, т.б. Сонымен бірге «фалан – пәлен» жасалу жолы кең пайдаланады (Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (имя). – Л.: Наука, 1977. – 188 с. – С. 136.).

Белгісіздік есімдіктерінің пайда болу жолдары әрқилы. Олардың кейбірі бастапқы мағынасынан ажырап, белгісіздік есімдіктеріне ауысқан. Бұларға *бір, біреу, кей, әр, әлде, пәлен* есімдіктері жатады.

Сөздердің бірілуі арқылы жасалған *бірдеңе, бірнеше, бірнәрсе, кейбір, кейбіреу, әлдекім, әлдене, әлденеше, әлденемене, әлдеқалај, әлдеқашан, әлдеқайды, әлдеқалай, әлдебір, әлдебіреу, әркім, әрне, әрнеме, әрнәрсе, әрқайсы, әрбір* сөздері де белгісіздік есімдігіне жатады (Қазақ грамматикасы, фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б. – 492-б.).

§ 3.4.7. Болымсыздық есімдіктері

Болымсыздық есімдіктері – жалпы болымды мағыналарға қарата-қарсы болымсыз мағынада қолданылады. Есімдіктің бұл түріне *еш, ешкім, ештеңе, ешнәрсе, ешибір, ешқайсы, ешқандай, ешқашан, дәнеңе, түк, дым* деген сөздер жатады. Заттық ұғым -ды *ешкім, ештеме, ешқайсы* есімдіктері ғана білдіреді. Болымсыздық есімдіктері жіктелмейді, көптік жалғауларынан кейін тәуелдік жалғаулары жалғанады: *ештемелері, дәнеңелері*. Жеке-ше түрде тәуелденеді: *ештеңесі, ештеңең, дәнеңең*, т.б.

Болымсыздық есімдіктерін түркологиялық кеңістікте арнайы қарастырып, өз пікірлерін білдірген ғалымдар А.Н. Кононов пен А.М. Щербак болды. А.Н. Кононов «ешкім» деген болымсыздық есімдігін атап көрсетеді. Ал А.М. Щербак есімдіктің бұл түрі турасында былай дейді: «Шындығында, түркі тілдерінде бұл есімдіктің түрі жоқ. Оның рөлін *белгісіздік есімдігі + болымсыз етістік* атқарады. Түркі тілдерінде парсы тілі ықпалы әсерінен кең қолданылатын болымсыз етістігі «hәч – hіч» – «әч – еш» зат есімді тіркесте қолданылады. Мәселен, *ешкім, ешнәрсе*» (Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (имя). – Л.: Наука, 1977. – 188 с. – С. 130).

Болымсыздық есімдігінің білдіретін мағынасы болымдылыққа қарама-қарсы. Есімдіктің бұл түріне: *еш, ешкім, ештеңе (ештеме), ешнәрсе, ешибір, ешқайсы, ешқандай, ешқашан, бір де, дәнеңе (дәнeme), түк, дым* деген сөздер жатады.

Жасалу жолдары дәстүрлі лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Түрлену жүйелерінің ерекшеліктері:

1. Жіктік және көптік жалғаулары тәуелденген болымсыздық есімдіктеріне ғана, оның ішінде *ештеме, ешнәрсе, ешқайсы, дәнеңе, түк* есімдіктеріне жалғанады.

Ескерту: Септелу жүйесіне байланысты айтылған заттанған *ешкім, ешнәрсе, дәнеңе, түк* есімдіктері жекеши түрде барлық септік жалғауларын қабылдайды, бірақ көптік жалғауларын қабылдамайды, сондықтан көпше түрде септелмейді деген пікірді толық қабылдау қын, өйткені, ауызекі сойлеу тілінде, тіпті кейде әдеби тілде де *ешнәрселері, ештеңелері, түктері, дымдары* деп айту кездеседі.

Болымсыздық есімдіктері мағынасына қарай болымсыз сөйлемдерде жиі қолданылады.


Семинар сабактарында орындалатын жаттығулар

1-жаттығу. Сөйлемдерден *топоним, хрононим, документоним, зооним, астроним, гидроним* және *космонимдерді тауып, жалқы есімдердің емделік ерекшеліктеріне сипаттама беріңіздер.*

Ертістің үлкен сұына қарай үнілген еңіс, құлай берісте пар ат жеккен жеңіл трашпенке зырлап келеді (М. Әуезов). Қызу күш Қызылорда кең алабы, Тұлпар азу күрішпен дем алады, Қаз-үйрек қара бұлттай қаптап ұшқан, Көкшетау көлдерідей көк алалы (Т. Айбергенов). Әкімшілік Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заң кодексіне сәйкес қалыпты еңбек жағдайымен қамтамасыз етуге міндеттенеді (Газеттен). Тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған аумалы-төкпелі заманға душар болған ел-жүртқа «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» басқыншы жаудың бетін қайтару жүктелген («Қазақ әдебиетінің тарихы», 3-том). Қазақ халқының төрт түлік малының бірі – жылқы басқа мал түлігі жайылған жерге, басқа малдың аузы тиген шөпке жоламайды (С. Мұқанов). Аспан астында адамдардың бір-бірін жақсы көруінен асқан жақсылық болмаса керек (З. Қабдолов). Бұл аймақ бір кездегі қазақ ұшқан – Жұлдызға космодром ғажапстан (Т. Айбергенов). Ресейден Қазақстанға келген эстрада әншілері «Анкара» қонақ үйінде тұрақтады (Газеттен).

2-жаттығу. а) Сөйлемдердегі негізгі және туынды зат есімдерді бір-бірінен ажыратып, туынды зат есімдерді төмендегі кесте бойынша топтаңыздар.

ә) Лексика-семантикалық және синтаксистік-аналитикалық жолмен жасалған зат есімдерді табыңыздар. Қарамен берілген сөздерге сатылы талдау жасаңыздар.



Үстерінде **сауыт**, жалпак бет, сығыр көз ноян, баһадурлар. Аттарына да тізелеріне дейін сауыт жабылған. Екі жағында жебеге толған екі-үш қорамса, белдерінде **қисық жүзді** қылыш пен ұзын сапты айбалта, қамал бұзатын тас атқыштарды сүйреу үшін ер қасына байлап алған жуандығы білектей қыл арқан. Әрқайсында кем дегенде екі садақтан. Жебелерінің ұшы екі жүзді

қанжардай өткір, сүйір. Кейбір көрікті киінгендердің тоқымдарында бір жақ ұшы пышақтай өткір найза. Ысылдалп келіп қадалса, егер тәнің тастан жаралмаса, ар жағынан бірақ өтері хак (І. Есенберлин).

3-жаттығу. Заттанған сын есімдерге мысалдар келтіріп, сөйлем құраңыздар. Сын есімдердің субстантивтену (заттану) ерекшеліктерін түсіндіріңіздер. Сөйлемдерді ықшамдау тәсілі арқылы сатыты талдаңыздар.

Мысалы: Білімдіге дуние жарық, білімсіздің күні кәріп (Мақал).

4-жаттығу. Мәтіннен жай шырай мен асырмалы шырай формалары арқылы жасалған сын есімдерді тауып, қосымшаарын ажыратыңыздар. Дара және күрделі сын есімдерді жіктеп, жасалу жолын түсіндіріңіздер.

Толық дене, кең иық, көтеріңкі кеуде... Устінде кең пішілген көнетоз сұр костюм, ақ жағада көкжолақ галстук, тым қысқа мойыны қырынан қараған адамға анық байқала бермейді. Онымен де қоймайды, біраздан соң аса ұзын бол серейе тұрып, менің қасыма келді (З. Қабдоллов). Ақ көңіл өте қарапайым адамдар. Ер жетіп, онан асып қалған Ақылбай деген баласы Нұрғаным қолында өседі. Онан кейінгі сегіз жасар қызы Күлбадан және алты жасар сүйкімді ұлы Әбдірахман, ең ыстық, ең тәтті кенжесі Мағаш бәрі де Ділданың өз бауырында өсетін. Ауыл аймақ пен Ұлжан, Айғыздай енелер болып бәрі де Ділданы күтіп тұрады. Ділда Абайға ыза болу арқылы осындей паң, сұық болып бара жатыр еді (М. Әуезов). Осы бір бала күн асқан сайын тым ыстық, тым жақын бол барады. Қаладағы досындағы бұл да ақ көңіл бала. Көңілінде кір, ойында кірбің жоқ секілді (С. Сарғасқаев.).

5-жаттығу. Мәтіннен жинақтық, болжалдық, топтау сан есімдерді тауып, қосымшаарын ажыратып жазыңыздар.

Түйе біреу, ат екеу, ешкі біреу, қасқыр бесеу (І. Жансүгіров). Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ (Абай).

Мектепте төрт жүз елудей бала окуы керек (С. Мұқанов). Сол жолды біз жеті сағаттай жүріппіз (С. Мұқанов). Бірер адам машина қасында қалып, бірер адам ең жақын деген елге кетті (С. Мұқанов). Бір түн отырып ел адамдарын төрттен, бестен жиып алып барлығына бір түрлі іс тапсырған (М. Әуезов). Жүзжүзден шоғырланып аттанған жігіттер Амантай қосып айнала қоршаған кезде, туды Темірбекке ұстаташып атқа Амантай да мінді (М. Әуезов). Алып алтау болмаған, Жеп жетеу болмайды. Біреу жаныңа жолдас, Біреу малыңа жолдас. Алтау ала болса ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса төбедегі келеді (Мақал-мәтел). Бір ұзын ағаш, ағаштың ұстінде он екі ұя, әрбір ұядың төрт-төрттен тұқым, әр тұқымда жеті балапан (1 жыл, 12 ай, 4 жұма, 7 күн). Бір ат бар бесеу ара өзі жорға, Саламын жорғалатып жолдан-жолға. Найзамен қар ұстіне суды құйып, Адамға да бір түрлі берер пайда (Қалам).

6-жаттығу. *Берілген сөйлемдерді «ықшамдау» тәсілімен ке-шенді-
сатылы талдаңыздар.*

Ер бір рет өледі,
Корқақ мың рет өледі.

Алпыс күн атан болғанша,
Алты күн бура бол.

Жеті рет өлшеп,
Бір рет кес.

7-жаттығу. *Мәтіннен жіктеу, сілтеу және өздік есімдіктерін та-
быңыздар. Есімдіктердің түрленуіне назар аударып, жалғауларын
ажыратыңыздар.*

Менің сол Әуезовім, міне, бүгін не күйде? Бұл кісінің тіршілікте көргені өзінің алдың еңбегіне лайық зейнет қана, тек рахат екен десем, ғұмыр бойы арылмас азап, айықпас бейнет екен. Осы отырыстан менің тағы бір байқағаным: Әуезов бұрын бізге беймәлім жаңа бір қырын танытып, өзгелерге сөз бермей, бір

ғана өзі ғана мінездеме беруіне қарағанда, өзінде де дәл осы ара-да бір оқшау қылық, оқыс мінез пайда болған. Өз қоршауына бағыштап өзінің мына айтқандары – бұрын айтылмаған пікірлер, өз әріптерінің әрқайсысы туралы өзінің ішінде бұғып, жан түкпірінде тұнып, тынып жатқан түйіндер. Мына ақтарылуында сол түкпірді ашумен аралас айрықша ашыну бар. Ол осы кісінің жиі-жіңі өзімен өзі боп, өз ішіне өзі үңгіліп, өз ойына өзі шырмалып қала беретіні. Сөйлем келе жатып та өзімен өзі боп кетеді. (З. Қабдолов).

8-жаттығу. *Жіктеу есімдіктеріне мысалдар келтіріп, септешіздер. Септелу парадигмасындағы ерекшеліктеріне назар аударыңыздар.*

СОӘЖ тапсырмалары

1. Қазақ тіліндегі сөз таптарының морфологиялық белгілері қандай? Лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай қандай топтарға бөлінеді?
2. Зат есім лексика-семантикалық сипатына қарай қандай топтарға бөлінеді? Адамзат есімдер мен ғаламзат есімдерінің негізгі айырмашылықтары қандай? Себебін түсіндіріңіз.
3. Қазақ тіліндегі *топоним, хрононим, документоним, зооним, астроним, гидроним* және *космонимдерге* мысалдар келтіріп, негізгі ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
4. Зат есімдердің морфологиялық құрылымы туралы не айта-сыз. Күрделі зат есімдер қандай тәсілдер арқылы жасалады? Зат есімнің синтаксистік қызметін нақты мысалдар арқылы айқындаңыз.
5. Есімдерден зат есім тудыратын және зат есімдерден етістік тудыратын жүрнақтардың өнімді түрлеріне мысалдар келтіріп, жасалу тәсілін айқындаңыз.
6. Есімдерден зат есім тудыратын және зат есімдерден етістік тудыратын жүрнақтардың өнімсіз түрлеріне мысалдар келтіріңіз. Себебін түсіндіріңіз.
7. Сын есім семантикалық ерекшеліктеріне қарай қандай топтарға бөлінеді? Сын есімнің морфологиялық ерекшеліктеріне тоқталып, синтаксистік қызметін нақты мысалдар арқылы айқындаңыз.

8. Қазақ тіл білімінде шырай категориясы туралы көзқарастарда қайшылықтар кездеседі. Себебін түсіндіріңіз.
9. А. Ысқақов пен Ы. Мамановтың шырай категориясы туралы пікірлеріне анализ жасаңыз. Ы. Маманов ұсынған қосымшалардың грамматикалық абстракция жасауының критерийлеріне тоқталыңыз.
10. Есімдерден сын есім тудыратын және сын есімдерден етістік тудыратын жүрнақтардың өнімді түрлеріне мысалдар келтіріп, жасалу тәсілін айқындаңыз.
11. Есімдерден сын есім тудыратын және сын есімдерден етістік тудыратын жүрнақтардың өнімсіз түрлеріне мысалдар келтіріңіз. Себебін түсіндіріңіз.
12. Сан есім. Сан есімнің мағыналық топтарына тоқталыңыз. Сан есімнің сөйлемдегі мүшелік қызметін нақты мысалдар арқылы айқындаңыз.
13. Қосылмалы және көбейтілмелі жолмен жасалған күрделі сан есімдердің ерекшеліктері қандай? Жасалу тәсілдеріне тоқталыңыз.
14. Есімдік. Есімдіктің семантикалық топтарына тоқталыңыз. Түркологиядағы есімдіктер туралы пікірлерге шолу жасаңыз.
15. *Субстантивтік* есімдіктер мен *атрибутивтік* есімдіктердің айырмашылықтары қандай? Оған қандай есімдіктерді жатқызамыз? Себебін түсіндіріңіз.
16. А.Н. Кононов пен А.М. Щербактың есімдіктерге қатысты айтқан пікірлеріне тоқталыңыз. Кеңістіктік есімдіктер мен хронологиялық есімдіктерге қандай есімдіктерді жатқызады. Себебін түсіндіріңіз.
17. Есімдіктерге қандай морфологиялық белгілер тән? Есімдіктердің синтаксистік қызметін нақты мысалдар арқылы айқындаңыз.

Тест тапсырмалары

Зат есімнің бір категориядан екінші бір категорияға аудиесу:

- A) субстантивтену
- B) есімдікке айналу
- C) вербалдану
- D) адъективтену
- E) заттану
- F) прономиналдану

- G) зат есімге айналу
 H) адвербиалдану

Кесіп, мамандық иесі атауларын жасайтын жүрнақ:

- A) -шы
 B) -ма
 C) -ты
 D) -кер
 E) -паз
 F) -хана
 G) -гер
 H) -ыл

Еркелету мәнін ұстейтін жүрнақтар:

- A) -ш
 B) -лық
 C) -ша
 D) -дай
 E) -жан
 F) -шік
 G) -тай
 H) -ыс

Туынды зат есім:

- A) ноқта
 B) көсеу
 C) бұрғы
 D) тұсау
 E) арқан
 F) божы
 G) өткір
 H) шідер

Зат есімге тән категориялар:

- A) көптік
 B) шырай
 C) көсемше
 D) рай

- E) септік
- F) етіс
- G) тәуелдік
- H) шақ

Етістіктерден зат есім тудыратын өнімсіз жүрнақтар:

- A) -уыл,-уіл
- B) -шы, -ші
- C) -ыс, -іс
- D) -пекіл, -мақыл, -мекіл
- E) -ты, -лы
- F) -паз, -кер
- G) -уыр, -паш
- H) -хана, -стан

Сапалық сын есім:

- A) жарық бөлме
- B) қарлы қыс
- C) таудай талап
- D) үлкен үй
- E) құмды жер
- F) ақ мата
- G) малды ауыл
- H) сұтті сиыр

Қатыстық сын есім:

- A) аппақ, жап-жарық
- B) қысқы, басыңқы
- C) ақылды, сабырлы
- D) қызыл ала, үлкенірек
- E) балалы-шағалы
- F) жасылдау, көгірек
- G) қара, қоңыр
- H) аса үлкен, тым кіші

Сапалық сын есімдердің білдіретін мағыналары:

- A) заттың түр мен түсі
- B) заттың саны

- C) заттың дәмі мен иісі
- D) заттың аты
- E) заттың көлемі мен аумағы
- F) заттың қимылы
- G) заттың мезгілі
- H) заттың мекені

Сын есім жасайтын -шаң, -шең жүрнақтары жалғанатын сөздер:

- A) көйлек, аурұ
- B) қарыз, парыз
- C) бой, тер
- D) білім, кеңес
- E) кәсіп, әзіл
- F) сөз, кір
- G) ыза, намыс
- H) жем, жала

Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған сын есімдер:

- A) сұрамсақ, тілемсек
- B) көк сұр, ақ ала
- C) малды-малсыз, қоралы-қопсылы
- D) жергілікті, тұрғылықты
- E) кең маңдайлы, қызыл шырайлы
- F) қабаған, сүзеген
- G) әскери, мәдени
- H) батыл, жеңіл

Салыстырмалы шырай формалы сын есім:

- A) ақшылтым
- B) сап-сары
- C) өте жақсы
- D) қалпақтай
- E) тым әдемі
- F) қызылдау
- G) үп-үлкен
- H) көгірек

Тәуелденген сын есім:

- A) Жаманың жоқ.
- B) Сенің балаң.
- C) Жақсың қайсы?
- D) Ешкімің жоқ.
- E) Адалдың адалдығы осы ма?
- F) Айтарың бар ма?
- G) Кімнің баласы?
- H) Біреуің кел.

Сан есім:

- A) санның мөлшерін білдіреді
- B) заттың атауын білдіреді
- C) сынның сапасын білдіреді
- D) санның ретін білдіреді
- E) санның шамасын білдіреді
- F) санның мекенін білдіреді
- G) санның мезгілін білдіреді
- H) санның қасиеттерін білдіреді

Түйнды сан есім жасайтын жүрнақтар:

- A) -ыншы
- B) -лы
- C) -сыз
- D) -кер
- E) -ер
- F) -ды
- G) -ая
- H) -паз

Көбейтілмелі тәсіл арқылы жасалған күрделі сан есімдер:

- A) он бір
- B) жүз сегіз
- C) тоғыз жүз
- D) елу бес
- E) тоқсан тоғыз
- F) сексен еki

- G) екі жұз
H) төрт мың

Сан есімнің мағыналық топтары:

- A) сапалық, мезгіл
B) сын-қимыл, мекен
C) топтау, есептік
D) мөлшер, сын-бейне
E) мақсат, себеп-салдар
F) болжалдық, реттік
G) еліктеу, бейнелеуіш
H) жинақтық, бөлшектік

Топтау сан есімі:

- A) жиырма үштен
B) жиырма-отыздан
C) ондаған
D) екі жарым
E) жұз қаралы
F) қырық шақты
G) алпыстай
H) екіден

Бөлшектік сан есім жасайтын сөздер:

- A) жарты
B) қаралы
C) шамалы
D) ширек
E) шақты
F) бөлік
G) -ер қосымшасы арқылы
H) -дей қосымшасы арқылы

Есімдіктердің мағыналық топтары:

- A) жіктеу, сілтеу, жалпылау
B) сапалық, қатыстық
C) сұрау, өздік

- D) жанды, жансыз
- E) белгісіздік, болымсыздық
- F) топтау, болжалдық
- G) бөлшектік, реттік
- H) мөлшер, күшейту

Мен ешқашан елімді сатпаймын! Сөйлемдегі есімдіктердің түрі:

- A) сілтеу, жалпылау
- B) жіктеу, болымсыздық
- C) жіктеу, сілтеу
- D) 1-жақ жіктеу есімдігі, күрделі белгісіздік есімдігі
- E) жіктеу, өздік
- F) 1-жақ жіктеу есімдігі, күрделі болымсыздық есімдігі
- G) жекеше түрдегі жіктеу есімдігі, аналитикалық тәсілмен жасалған болымсыздық есімдігі
- H) жіктеу, өздік

Сілтеу есімдіктерінің септелген түрі:

- A) бұным, анасы
- B) анау, осынау
- C) бұным, осыным
- D) мынаған, мынаны
- E) осыда, осымен
- F) осың, сонысы
- G) бұны, осы
- H) осының, анаған

Белгісіздік есімдігіне тірек болатын сөздер:

- A) бір
- B) кім
- C) әр
- D) неше
- E) әлде
- F) еш
- G) өз
- H) қашан

Жалпылау есімдіктеріне жататын сөздер:

- A) бәрі, барлық
- B) ешбір, ешкім
- C) күллі, түгел
- D) әлдеқалай, әлдеқашан
- E) қандай, қалай
- F) анау, мынау
- G) мен, біз
- H) барша, бүкіл

Емлеге сай жазылған есімдік:

- A) әлде неше
- B) әлде қайда
- C) қайсы біреу
- D) ешуақытта
- E) кейбір
- F) бірнеше
- G) қайсыбір
- H) кейشاқта

... көріп қайттым. Көп нұктенің орнына лайықты сөз:

- A) Өзін
- B) Маған
- C) Өзге
- D) Оны
- E) Өзіндік
- F) Маратқа
- G) Маратты
- H) Маратта

§4

ЕТИСТИК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Етістік – есімдерден кейінгі екінші орында тұратын грамматикалық ұлken категория. Түркі тілдеріндегі есім-етістік омонимиясын зерттеуші түркологтар түркі тіліндегі кез келген тұпкі тұбір әрі затты, әрі қымылды атап, синкретті болып келетінін айтады. Сондықтан да белгілі түрколог А.М. Щербак етістік формаларының бастауында қымыл атаулары жатады дейді. Нәк осы қымыл атаулары *есім-етістік синкремтілігі* болған уақытында құбылыс пен процестерді нақты сөйлеу үстінде тілдік құралдар арқылы атау барысында сөйлеушінің іс-әрекетті орындаушыға және іс-әрекетке қарым-қатынасын білдірудің негізі қалана бастаған. Осылайша, қымыл атаулары арқылы етістік формаларының семантикалық көп түрлілігі қалыптасқан.

Әрине, етістікке тән қосымша морфемалардың сөзді өзгертуі мен сөз тудыру қасиеттеріне келгенде бірізді пікірді кездестіру қыын. Етістіктің кейбір грамматикалық формаларының мағыналық құрылымы өте күрделі болып келетіндіктен, грамматикалық формаларды тек қана сөз өзгертуші немесе сөз тудырушы деп қарастыру көбінесе біржақтылыққа әкелетінін А.М. Щербак ескерtedі. Соған қарамастан, даулы болып жүрген етіс формаларын сөз тудырушы қосымшаға жатқыза салумен зерттеушілер түгел келісе салмайды.

Ескерту: Сондықтан А.М. Щербак өз еңбегінде (Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (глагол). – Л.: Наука, 1981. – 181 с. – С. 3) Э.В. Севортянның мына пікірін келтіреді: «Э.В. Севортян өз монографиясындағы етістіктің сөзжасасына арнаған алғысөзінде

етісті (залог) «сөзжасамдықтан грамматикалық даму сатысына ауысқан» тарихи категория *деп атап*, әртүрлі түркі тілдерінде кейбір етістер сөзтудыруышы сферага жақындығын, кейбірінде сөз түрлендіруге жақын болып тұратынын байқаганын *атап* кетуі жай емес». Фалым осы пікірді келтіре отырып, етістік формаларын сөз тудыруышы және сөз өзгертуші *деп ажыратудың* өзін шарттылыққа жатқызады. А.М. Щербак көрсетілген еңбегінде анық және ашып айтпағанмен,

Г. Дерфердің қеңестік түркологтардың тілдің тарихи жағын ескермей («антиисторизм») зерттеу жүргізу әдісін сынауымен келіспейтінін және тілге реконструкция жасағанда тарихты ескеретінін, ал тілдік материалдардың жазба ескерткіштерден емес, диалектілерден жиналуды полемика тудырып жүргенін *атап* ескертеді. Осы Г. Дерфердің сынауы әсер еткен болар, алғысозден соң өзі пайдаланған 26-дан астам, арасында Білге-қаған, Күлтегін, т.б. сияқты қоңе жазбалардан бастап, кейіннен Анкара, Стамбул, Висбаденде жарық көрген түркі ескерткіштерінің тізімін береді. 41-ден астам түркі тілді мерзімді басылымдар мен жинақтардың материалдарын пайдаланғанын тізімдеп көрсетеді.

Сонымен, етістік құрамына қарай дара және құрделі етістіктерге бөлінеді. Құрделі етістіктердің құрамында жасалу ерекшеліктеріне қарай көмекші етістіктер болатындықтан, көмекші етістіктер туралы арнайы айтылады.

§ 4.1. Құрделі етістіктер

Түркі тілдеріндегі құрделі сөз мәселесіне көп көңіл бөліп, ғалымдардың назарын аударған М.А. Казамбек пен Алтай грамматикасын жазушылар болды. М.А. Казамбек: «Түрік тіліндегі көптеген етістіктер есім мен етістіктердің тіркесуінен құралады. Бұл бөлімге енетін етістіктер өте көп, олар тілек, ниеттену және қиналу сияқты адамның көңіл-күйін жеткізеді», – дейді аталған кітаптың «Құрамдас» («Составные») деп аталатын бөлімінде.

Құрделі етістіктер Орхон-Енисей жазбаларында кездесе меген сұрақ туындағанда, әрине, Орхон жазбалары да құрделі етістіктер барын айту керек. Айталық, *Чықан будуның бай қылтым, аз будуның укуши қылтым* (Малов С.М. Памятники древнетюркской письменности) дегендегі айрықшаланған сөздер құр-

делі етістіктер болып табылады, оның ішінде А. Ысқақов жіктелісіне қарай құранды *етістік* болып келеді.

Күрделі етістіктер күрделі сөздер тобына жатады, келтірілген мысалдардағы күрделі сөздердің арасын байланыстырып тұрған қандай да болмасын грамматикалық қосымша көрінбейді. Бұл құбылыс қазіргі қазақ тілінде де бар. Ал, керісінше, негізгі және көмекші етістіктер байланысқа түскен уақытта олар нақты бір грамматикалық формаларсыз немесе көрсеткіштерсіз тұтастық құрай алмайды. Мысалы: *бол+ып e+di*, *айт пақ+шы e+di*, *жеделdem+in айт+пақ+шы бол+ып e+di*, т.б. Осындай және тағы да өзге ерекшеліктерге байланысты күрделі етістіктер күрделі сөздердің басқа түрлерінен айрықшаланып тұрады.

Сонымен:

1. Күрделі етістіктер деген категорияның күрделі сөздерге қатысы бар ма, болса қандай?
2. Олардың тұрақты формалары бола ма?
3. Кіріккен етістіктер күрделі деп санала ма? Түрлері бар ма, болса қандай?
4. Күрделі етістіктер туралы ғалымдардың көзқарасы бірізді ме, жоқ па? деген сауалдарға жауап іздең көрелік.

Академик А.Н. Кононов күрделі етістіктердің екі түрін көрсетеді (Грамматика узбекского языка). Ол екі түрге *есім – көмекші етістіктерден; толық етістіктер – көмекші етістік* құрылымды етістіктер жатады деп өз көзқарасын білдірген ғалым соңғы еңбектерінде күрделі етістіктің осы екі түрін *тұрақты тіркестер арқылы жасалған күрделі етістіктермен* толықтырды.

Н.А. Басқаков күрделі етістікке әлдеқайда маңызды элемент ретінде қарап, «Грамматика каракалпакского языка» енбегінде мұндай етістіктерді күрделі етістіктер («сложные глаголы») деген терминмен емес, құранды етістік («составные глаголы») деген терминмен атап, олардың құрамын былай талдап көрсетеді: «Құранды етістіктер есімнен немесе мен етістіктің атау тұлғасынан немесе дәнекерден құралады, мысалы: **«йок эт – уничтожать»**. Сонымен бірге Н.А. Басқаков күрделі етістіктерді: «кө-

семшениң -а, -е немесе ып, -ип тұлғалы негізгі етістік пен жіктеу тұлғасындағы көмекші етістіктен, мысалы, *алып кел*», – тұрады деп көрсетеді. Осы ғалымның көрсетіп кеткен күрделі етістіктері қазіргі қазақ тілі грамматикаларында *аналитикалық етістіктер* дап аталады.

«Күрделі сөздердің өзге бір категорияға ауысуы немесе лексикалық тұлға болып қалыптасуы кездейсоқ болатын құбылыс емес, ауысу белгілі бір зандылықтар негізінде жүзеге асады. Ондай зандылықтар бірнешеу:

лексикалану,

грамматикалану,

идиомалану. Мысалы, *той жасау, амал қылу, сый көрсету* сияқты басынқы компоненті заттық ұғымды білдіріп, соған атау болатын сөздердің іс-әрекет, қимылды білдіретін сөздерге көшуі соңғы компонентте сөз тудыру қасиетінің болуынан», – дейді Ж. Шакенов (Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы, 1991. – 68-б.). Мұндай сөздердің лексикаланып тұрғанын мағына жағынан ұғымдас сөздердің болуымен дәлелдеуге болады:

1	2
<i>май басу</i>	–
<i>шу көтеру</i>	–
<i>жылт ету</i>	–
<i>сын тағу</i>	–
<i>ілгері басу</i>	–
	<i>майлану;</i>
	<i>шулау;</i>
	<i>жылтылдау;</i>
	<i>сынау;</i>
	<i>ілгерілеу, т.б.</i>

Келтірілген мысалдарға қарағанда, сөздердің бір-бірінен айырмасы – жасалу тәсілінде екені байқалады. Бағананың 1-қатарындағы сөздер аналитикалық тәсілмен жасалса, 2-қатардағы сөздер – заттық ұғымды жоғалтып, етістікке тән формалармен өзгеретін күйге жеткен сөздер, яғни бұл сөздер *грамматикаланған сөздер* болып табылады. А. Ысқақов осы тұлғалас күрделі етістіктер құрамындағы көмекші етістіктер беретін мағынасы жағынан (*шу көтеру – шу – лау*) жүрнаққа ұқсас болғанымен, формасы

мен мағынасы жағынан ешуақытта онымен теңесе алмайтынын айтады.

Іс-әрекетті, қымылды білдіретін күрделі сөздер – күрделі етістіктер. Бұлардың лексика-семантикалық мағыналары әртүрлі болғанымен, лексика-грамматикалық мағыналары жалпыланған, *Не істейді? Не қылады?* деген сұрақтарға жауап береді. Құрылышы күрделі, екі не одан да көп компоненттерден тұрады. Морфемалық құрамы жағынан әртүрлі болып келеді, дегенмен, олар жалаң түбір морфемалардың тіркесуінен (*еңбек ет, әрекет қыл, қызмет істе*) және қосымшалы түбірге жалаң түбірлердің тіркесуінен барып қалыптасқан (*барып кел, айтып қал, ойлан тап*).

Ғ. Бегалиев, Н. Сауранбаев авторлығымен жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» (Алматы, 1944) еңбегінде: «Күрделі етістіктер дегеніміз – екі етістіктен я үш, төрт етістіктен құралып, бір істі білдіретін сөздер. Мысалы, *атып ал, тұра тұр, жата тұр, өліп қала жазады, күліп жібере жаздан қалды*. Мұндай күрделі етістіктер бір ғана сұрауға жауап береді, сөйлемде бір ғана мүше бола алады, бір-бірінен ажырамайды, қара сөзде орындарын ауыстырмайды», – десе, (120-б.) 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. 1-бөлімінде»: «Күрделі етістік қазақ тілінде өте көп қолданылатын формалардың бірі болып саналады. Құрамындағы негізгі етістіктің қай көсемше формасында тұруына және оның қандай көмекші етістікпен тіркесуіне байланысты әртүрлі грамматикалық мағына білдіреді» – делінген (194-б.).

Күрделі етістіктердің негізгі қасиеттері: 1) екі я одан да көп компоненттерден құралады, 2) сөйлеу тілінде де, жазба тілде де бірдей қолданыла береді, 3) етістік тіркестері мен есімді тіркестер көп болады. Мысалы: *телефон сога сал, ала келсе игі құлап кете жаздан барып қалды*, т.б.

Н. Оралбаева: «Күрделі етістіктің жасалуына оның жеке компоненттері бірдей қатысады. Бұлардың құрамындағы компоненттері – толық мағыналы етістіктер. Күрделі етістіктер оның құрамындағы жеке компоненттерінің мағынасының жиынтығынан жасалған бір күрделі қымылды білдіретінін», (Қазіргі қазақ

тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1987. – 294-б.), С. Исаев: «Екі я одан да көп сөзден құралып, бір мағынаны білдіріп, бір сұракқа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратын етістіктер күрделі етістіктер деп аталады. Мысалы, *маңырап жатыр екен, жаман отыр екен т.б.*», – деп, алдыңғы ғалымдардың ойын құптайды (Қазақ тілі. – Алматы, 1993. – 170-б.).

Бұл анықтамалар бір-біріне ұқсас болғанымен, келтіріліп отырған мысалдары бір-біріне ұқсамайды. Қисын бойынша күрделі сөздің мағынасын жасауға келгенде компоненттерінің қызметтері тең болуы тиіс. Айталақ, *келсе игі еді* сияқты мысалдарда компоненттердің алғашқы сыңарлары мағыналы, ал екінші сыңарлары мағыналарын жоғалтқан я болмаса көмекіленген. Керісінше, *барып кел* – күрделі қимылды білдіреді, екі компоненттен тұрады, қызметтері тең. Сондықтан келтірілген басқа мысалдарда өзгешеліктер бар. Себебі, зерттеушілер күрделі етіс-тіктер мен аналитикалық етістіктерді айырып көрсетпейді.

F. Бегалиев пен Н. Сауранбаев күрделі етістіктерді құрылышына қарай:

1) екі бөлімді (екі етістікten құралады, мысалы *бере бер, бара жатыр*) күрделі етістік;

2) үш бөлімді (үш дара етістікten, оның екеуі негізгі күрделі етістік және бір көмекші етістік, мысалы, *айта бастап еді, кетіп бара жатыр*) күрделі етістік;

3) төрт бөлімді (екі дара етістік негізгі, ал екі етістік көмекші болып есептеледі, мысал, *шыдай алмай отыр еді, айтып бере алмай қалды*) күрделі етістік;

4) бес бөлімді күрделі етістік деп топтастырады. Бірақ күрделі етістіктер тек етістіктерден құралмайды, *кейде есім сөз бен етістіктердің тіркесінен тұрады*. Бұларды авторлар *аралас күрделі етістіктер* деп атайды (Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1944).

Күрделі етістіктер құрамына және грамматикалық мағынасына қарай үш топқа бөлінеді:

1) есімдер мен еліктеуіштердің көмекші етістіктермен тіркесуі арқылы жасалатын тіркесті тұбір етістік: *жек көру, тарс ету, ғұрс ету*, т.б.;

2) **еді** көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалатын күрделі формалар. *Еді* өткен шақ және модальдық мағына үстейді: *келе жатыр еді, жақтырмайтын еді*;

3) көсемшелер – көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалатын формалар. Күрделі етістіктің бірінші сыңары көсемшелер лексикалық мағынаға ие болады да, соңғы сыңары грамматикалық мән үстейді. Мысалы: *кетіп қалу, келе жатса, оқып шыққан, айтып салды*, т.б.

Проф. А. Ысқақов күрделі етістіктердің мынадай түрлерін жіктең береді:

1. Құранды күрделі етістік. 1-компонент есім негізді сөз (негізгі) – көмекші етістік (көмекші қызмет атқарады). Бұлар сыртқы тұрпаты жағынан да, ішкі мазмұны жағынан да құранды, мысалы: *дем ал, жақсы көр, үлгі қыл, ғалым бол*. Бұл келтірілген мысалдардың бірінші сыңары зат есім болса, екінші сыңары етістік түрінде құрастырылып, құрандалы тәсілмен жасалған.

Ескерту: *Бұл күрделі етістіктер тек семантика жағынан емес, күрделі грамматикалануына қарай, етістіктің барлық парадигмасын жасауға негіз болады. Бұл үлгі бойынша жасалған күрделі етістіктің лексикалық мағынасына бірінші компонент, яғни есім сөз негіз болса, екінші компонент көмекші етістік сол есімді етістікке айналдыратын дәнекер есебінде қызмет атқарады* (А. Ысқақов).

2. Құрама күрделі етістік. Бұлардың әр компонентінің лексикалық мағынасы әртүрлі, бірақ әрбір тіркестің лексикалық мағынасы құрамындағы компоненттерінің мағынасынан құралып, бір күрделі мүше ретінде жұмсалатын болып қалыптасқан. Мысалы: *алып кел – ал да кел* (ал мен келдің жеке тұрғандағы мағынасы бір-біріне ұқсамайды, әрбасқа); *алып бар – ал да бар*; *алып кет – ал да кет*, т.б.

3. Сараламалы күрделі етістік. Бұл етістіктерді аналитикалық етістіктер деп атайды, **етістік пен етістіктің тіркесінен**

тұрады. Алғашқы етістік негіз болады да, оған көсемше тұлғасы жалғанады, оған тіркесетін көмекші етістік негізгі етістіктің мағынасын саралайды, жіктейді, бірақ негізгі лексикалық мағынасын өзгертпейді. *Айта сал* – не болса да айтып жібер мағынасында, *айтып қал* – қандай жағдай болмасын сөйлеп қал, *айтып жібер* – деп жібер, үндемей қалуға болмайды, *айтып бер* – сөйлеп бер, жауап бер мағынасында, т.б. Яғни, әртүрлі мағыналарды саралауға көмекші етістік әсер етіп тұрғаны анық көрінеді.

4. Тұрақты құрделі етістік – идиомаланған тіркестер. Бұлар грамматикалық жағынан бөлшектенбейді, лексика-семантикалық жағынан бір ғана негізгі мағынаны білдіреді, бірбүтін тұлғаға айналған құрделі етістік түрі. Мысалы: *опық жеді* – өкінді мағынасында; *жан алқымға алды* – қысты, *көз салды* – қарады, көңіл аударды, т.б. (Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 239-б.).

Сонымен, қорыта келгенде, құрделі етістіктер құрамындағы сөздердің мағыналарының жай ғана қосындысы емес, құрделі тұлға, сондықтан олардың семантикасы жаңа болады.

Ескерту: 1. *Кұрделі етістікті етістіктің жай еркін тіркесінен қалай ажыратуға болады?* Оларды сыртқы формасына қарай ажырату қыын. Егер етістік тіркестің құрамындағы компоненттерінің әрқайсысы өзді-өздіне тән бастапқы компоненттерінің лексикалық мағыналарын толық сақтап, дербес мүше бола алса, жеке-жеке сұраққа жауа берсе, онда жай синтаксистік (еркін) тіркес болғаны. Мысалы, *поезга асығыс міндім – асығыс поезга міндім*.

2. Ал Ы. Маманов «Қазіргі қазақ тілі. Етістік» (Алматы, 1966) еңбегінде құрделі етістіктерге жоғарыда айтылғандардан басқаша сипаттма береді. Ол өзге ғалымдар құрделі деп атап жүрген мынқ *етпеді, құр қалу, тарс ету, ер жету* сияқты құрделі сөздерді есім сөздер мен көмекші етістіктердің тіркесінен жасалған *тіркесті түбір етістік* деп атап, олар түбір сөздің қызыметін атқаратынын айтады (55-б.). *Еді* көмекші етістігімен тіркесу арқылы жасалған құрделі формалар құрделі етістік категориясына жатпайды, *еді* тіркескен сөздерге бар болғаны өткен шақтық мағына үстейді деп көрсетеді. Мысалы: *окып едім, айтқан еді*, т.б.

Ы. Маманов құрделі етістік деп **көсемше формасы** мен **көмекші етістіктердің тіркесуінен болған құрделі сөздерді**

атайды. Олардың көсемше формасында тұрғандары лексикалық негізгі мағынаға ие болса, соңғы көмекші етістік сыңарлары грамматикалық мағына үстейтін элементтер ғана. Сонымен қатар күрделі сөздің құрамындағы көмекші етістіктер күрделі етістіктердің басқа грамматикалық формалармен түрленуінде конструктивті қызмет атқарады. Осылайша, Ы. Маманов күрделі етістіктердің төрт түрін көрсетеді:

- **кесімді күрделі етістіктер** (*алып кел, жеп қой, ішіп жібер*, т.б. бұлардың негізгі мағынасы амалдың, істің кесімді түрде орындалатынын білдіруінде);
- **босаң күрделі етістіктер** (*ала келу, айта беру* сияқты амалдың босаң орындалғанын білдіретін етістіктер);
- **бейімдік күрделі етістіктер** (*отыр, тұр, жур, жатыр* көмекші етістіктерімен тіркесу арқылы жасалған етістіктер);
- **қалау мәнді күрделі етістіктер** (-ғы, -гі, -қы, -кі формасы мен *кел* етістігінің тіркесуі арқылы жасалған етістіктер).

Ы. Маманов құранды күрделі етістіктерді бұл топқа қоспайды.

Күрделі етістіктерді осылай жіктеуі ғалымның етістіктің грамматикалық сипатын жеткізуден гөрі олардың грамматикалық формалар тудыратын мағынасына басымдық бергенін көрсетеді. Олай болатыны, күрделі етістіктердің жіктелуі:

- a) қимылдың босаң өтуінен,*
- ә) жол-жөнекей өтетіндігінен,*
- б) қимыл иесінің бір қимылды жасар алдындағы соган бейімделуінен,*
- в) қимылды қалауынан яки қаламауынан,*
- г) қимылдың созылыңқы өту сипатынан, аяқталғандығынан хабардар етеді.*

Ескерту: Дегенмен бұл көзқарастарды келтіре отырып, оқу құралында А. Ысқақов көзқарасын басшылыққа алатынымызды ескертеміз.

Етістіктер **көмекші** және **жетекші** (негізгі, толық деп те айтылады) деген топқа бөлінеді. Осындағы **көмекші етістіктер**

толымды және **толымсыз** көмекші етістіктер деп аталатын еki топқа айырылады.

Ал лексика-грамматикалық сипатына қарай **көмекші етістіктерді** 4-ке бөлу қалыптасқан:

1. Отыр, тұр, жатыр, жүр төрт етістігін жеке бөлуге болады. Бұл етістіктер **қалып етістіктері** деп аталады және бұлар ретіне қарай сөйлем ішінде негіз етістіктің қызметін де атқара аллады. Мысалы, **отырмын, журмін (жүріңіз, журміз, т.б.)** – негізгі, қарап **отыр, байқап жүр** – деген мысалдарда (**отыр, жүр**) көмекші етістіктер.

2. Бол, ет, қыл етістіктерін (А.Ысқақов бойынша) екінші топқа жатқызуға болады. Бұл көмекші етістіктер жиі қолданылады, есімдермен тіркесе отырып, етістік мағынасын тудыратын функционалды тұрғыдағы семантикалық мән, реңк тудыратын көмекші етістіктер болып табылады. Мысалы, **ән салды, көз салды, т.б.** Сонымен бірге бұл етістіктер кейде жетекші етістік ретінде қолданылады, ал көмекші етістік ретінде **жұмсалғанда құранды құрделі етістіктер** жасайды.

3. Еді, екен, емес етістіктері келесі топты құрайды. Бұлар тек көмекші етістік ретінде қолданылады.

4. Де етістігі өз алдына жеке топ жасайды.

Құранды етістіктер туралы сөз болғанда, құрделі етістіктің осы түрін жасауға қатысатын **бол, ет, қыл** көмекші етістіктері жайлы мәліметтерді айта кету керек.

Бол – көп мағынада жұмсалатын көмекші етістік. Негізгі етістік қызметінде де көп мағыналық реңкпен қолданылады: **болып қалса керек, болу керек, болуы рас, болуы жөн, болуы дұрыс, т.б.**

Ал көмекші етістік ретінде қолданылғанда аналитикалық форманы жасауға қатысып, шактық, жақтық мағынаны білдіре береді. Мысалы, *айтып болмақ, естіп болды, көріп болмақшы, істеп болған*, т.б. **Бол** етістігі құрделі етістіктің аналитикалық түрін жасау кезінде іс-әрекет, қимылдың аяқталғанын білдіреді (**-п бол**).

Құранды етістіктер жасауда жиі қолданылатын **бол** етістігімен жасалатын тіркесімдерді құранды етістіктер (*құмар бол, адам бол*), тұрақты тіркестер (*ел бол, көз бол*, т.б.) деген талас пікірлерге жол берілген, бірақ бұл арада тұрақты тіркес пен құрделі сөзді айыратын белгі – мағына болуы тиіс. Тұрақты тіркесте мағыналық ренқ қосылса, құрделі сөз атау қызметінде қолданылады.

Құранды етістіктерді жасайтын қалыптасқан ұлгілерге **зат есім + бол, сын есім + бол, сан есім + бол** ұлгісі жатады.

Ет көмекші етістігі **қылды, жасады** етістіктерімен мағыналас, есім сөздерге тіркесіп құранды құрделі етістік тудырады. *Арс етті, дір етті, жалт етті, қылт етті, шап етті, сарт етті, адам етті, талап етті, қызықты етті, солай етті* т.б. ұлгідегі құранды етістіктер **ет** көмекші етістігі арқылы жасалып тұр.

Қыл етістігі де құранды етістік тудыратын көмекші етістік болып табылады. **Қыл** етістігі **ет** етістігімен мағыналас, **қыл** етістігімен тіркесіп тұрған сөздерді **ет** етістігімен тіркестіргендеге, үлкен мағыналық айырмашылық байқалмайды:

жек қылды	жек етті;
сән қылды	сән етті;
қам қылды	қам етті, т.б.

Қорыта келгенде, құранды құрделі етістіктердің мынадай ерекшеліктерін көрсетуге болады:

1. Құранды құрделі етістіктер құрделі сөздің бір түрі, олардың бойында құрделі сөздердің белгілері бар.
2. Құранды құрделі етістіктердің құрамы есім сөз бен көмекші етістіктің тіркесінен тұрады.
3. Құранды құрделі етістіктердің лексика-семантикалық мағынасы есім сөздер арқылы етістік мағынасын білдірумен ерекшеленеді.
4. Құранды етістіктер фразеологиялық және еркін сөз тіркестері түрінде жұмсалады.
5. Құранды құрделі етістіктерді жасауда жиі қолданылатын көмекші етітіктердің тобы бар, оларға **ет, қыл, бол** көмекші етістіктері жатады.

§ 4. 2. Қазақ тіліндегі аналитикалық етістіктер

§ 4.2.1. Аналитикалық тәсіл түсінігі туралы

Тіл жүйесі өзгеріп, даму үстінде болады. Сондай өзгерістердің барысында тілшілер үшін аналитикалық сөздерді зерттеу қажеттігі туындаған.

Тілдер грамматикалық құрылышына қарай синтетикалық және аналитикалық тілдер деген топтарға бөлінеді. Синтетикалық тілдерде аффиксация тәсілі мен ішкі флексия тәсілі ең негізгі грамматикалық тәсілдер ретінде қызмет атқарады. Синтезм құбылышы литва, неміс тілдеріне, түркі тілдеріне, славян тілдерінің көпшілігіне, т.б. тілдерге тән.

Ал тілдерге типологиялық яки морфологиялық класификация жасау XIX ғасырдан басталады. Классификация бойынша, аналитикалық тілдерде синтаксистік қатынастар сөздердің формалары арқылы емес, сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер және интонация арқылы беріледі. Аналитизм құбылышы ағылшын, болгар, дат, француз, т.б. тілдерге тән. Тілдерді аналитикалық және синтетикалық деп бөлу шартты саналады. Белгілі бір тілді синтетикалық немесе аналитикалық тілдердің қатарына жатқызу ол тілде синтетикалық тәсіл мен аналитикалық тәсілдің қайсысының басым болып келуімен байланысты.

Ескерту: XIX ғ. лингвистер тілдердің типтерін айқындауда әртүрлі тілдердегі сөздердің морфологиялық құрылымын, грамматикалық мағыналарды білдіру тәсілдерін негізге алады. Тіл класификациясын жетеп түсіндіруде Вильгельм фон Гумбольдтің (1767-1835) еңбегі айрықша құнды. Оның «Грамматикалық формалардың шығу тегі және олардың идеялардың дамуына әсері» (1822) деген еңбегінде және «Ява аралындағы кави тілі туралы» деген (3 том, 1836-1840) еңбегінің кіріспесінде тілдерге олардың типологиялық белгілерінің негізінде класификация жасап, тілдердің төмендегідей типтерін көрсетті:

- 1) даралаушы тілдер;
- 2) агглютинативтендіруші тілдер;
- 3) флексивтендіруші тілдер.

Осы бөліністі жасай отырып, бұл тілдерде ішкі флексиядан басқа аффиксация да болатынын көрсетті. Ол тілдердің аморфты типін **даралаушы**, аффикстендіруші типін **агглютинативтендіруші** деп атады.

Жалпы тілдердің типологиялық классификациясы жайындағы шолуды жинақтай келе, тілдерді типологиялық түрғыдан мынадай типтерге ажыратуға болады:

- 1) даралаушы тип;*
- 2) полисинтетикалық тип;*
- 3) агглютинативті тип;*
- 4) флексивті тип.*

Грамматикалық мағыналарды білдірудің тәсілдері әртүрлі болады, олар екі топқа бөлінеді: 1) синтетикалық тәсіл; 2) аналитикалық тәсіл.

Аналитикалық тәсіл синтаксистік амалға негізделеді, бұл тәсіл сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы байланысу түрі, оған қоса көмекші сөздердің көмегі арқылы грамматикалық мағынаны жеткізудің күрделі формасы.

Аналитикалық тілдер тобына жататын тілдерге сөз тіркесім тәсілі жат емес. Ал түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі аналитикалық тілдер қатарына жатпағанмен, анализм, яғни сөз тіркесім әдісі арқылы жасалған ұғым атаулары мен грамматикалық мағыналар көп ұшырасатын тіл болып табылады. Мысалы, *ой-үиқын* (*ойдың үиқыны – ой үиқыны – ойүиқын*), *Оқжетпес* (*оқ жетпес*), *мақұл көру*, *ақыл салу*, *иінаваш*, *өте әдемі*, *тым әсем*, т.б.

§ 4.3. Аналитизм құбылысы

Аналитикалық форманттардың пайда болуы, дамуы, тілдегі қазіргі көрінісі, анализм құбылысының зерттелуі қалай жүзеге асып жатқанын білуден бұрын **анализ, анализм, аналитикалық тілдер** деген ұғымдарды түсініп алу керек.

Сөздің аналитикалық формасы туралы ілім – тіл білімінде өткен ғасырдың екінші жартысынан бері қарай ғалымдардың на-

зарын аудартқан ілім. Өйткені сол кезде дүниежүзіндегі тілдерді морфологиялық тұрғыдан топтастыру үрдісі басталған-ды. «Құрылышы жағынан аналитикалық тілдердің таныла бастауы зерттеушілерді морфологияның аналитикалық ерекшеліктерін зерттеуге әкелді. Осымен байланысты тіл білімінде сөздің аналитикалық формасы туралы теория пайда болды» (Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б. – 5-б.).

Осы құбылыстың негізінен шығатын аналитикалық тілдер – грамматикалық мағыналар көбінесе аналитизм тәсілі арқылы, яғни аналитикалық формалар, көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы жүзеге асатын тілдер. Аналитикалық тілдерге ағылшын, француз, итальян, испан, болгар, дат, т.б. тілдер жатады. Бірақ аналитизм құбылысының басқа тілдерде де байқалуы ғалымдар көкейінде сұрақтар тудырды.

Бұл сұрақтардың нақты жауабының болмауы, сұрақтардың одан әрі көбеюі 1960-1964 ж. аралығында ғалымдарды бірнеше конференция өткізуге мәжбүрледі, 1963 жылы КСРО ҒА Тіл білімі институтының Ленинград бөлімінде осы мәселеге байланысты конференция үйімдастырылды. Сөздің морфологиялық құрылышы басты мәселе болып қойылған бұл конференцияға Ленинград пен Москвандың лингвист ғалымдары қатысты.

Осы конференциядан соң аналитикалық конструкцияларға байланысты жемісті еңбек етіп жүрген В.М. Жирмунскийдің редакциясымен 1965 жылы «Аналитические конструкции в языках различных типов» деген атпен мақалалар жинағы жарық көрді. Жинаққа В.М. Жирмунский, Н.В. Солнцев, В.М. Солнцев, А.М. Мухин, О.П. Суниктердің аналитикалық формаға байланысты мақалалары енді, осыған дейін аналитизм туралы пікірлер жаңа Еуропа тілдерінің материалдары негізінде қалыптасып келсе, осыдан кейін қалыптасқан көзқарасты кеңейту қажеттілігі туындағы.

Осы жинақта Н.В. Солнцев пен В.М. Солнцевтердің «Аналитиз и аналитизм» деген мақаласы жарық көрді. Авторлар анали-

тизм, аналитикалық форма шарты бойынша жеке грамматикалық мағынаны білдіру тәсілі деп көрсетеді және көмекші элементтің өзіндік орны бар екеніне тоқталады (Морфологическая типология и проблема классификации языков / Сб. статей: отв. ред.: Б.А. Серебрянников и О.П. Суник. – М.-Л., 1965. – С. 81).

Көптеген ғалымдардың пікірлерінде агглютинативті тілдерге аналитикалық құрылым тән еместігі, агглютинативтілік пен флексияның синтездігі басымдығы, ал аналитизмнің ыдырауды, бөлшектеуді білдіретіндігі айтылған.

Дүниежүзі тілдерінің ішінде ұндиевропа тілдері аналитикалық тілдер деп танылатындықтан, сөздің аналитикалық формасы да, ең алдымен, осы тілдерде зерттеліп, ол туралы теорияның негізі қаланды. Сонымен бірге сөздің аналитикалық формасы тек аналитикалық тілдерде ғана кездеседі деген пікірмен келіспейтін мамандардың пікірлері бой көрсетті.

Сонымен, 1963 жылы Ленинград қаласында сөздердің аналитикалық формасына байланысты ғылыми конференцияның материалдары 1965 жылы жеке жинақ болып жарыққа шыққан кезде аналитикалық формаға байланысты мынадай мәселелер талқыланды:

- 1) аналитикалық формалардың тіл-тілдегі алатын орнын анықтау;
- 2) аналитикалық формалар мен күрделі сөздердің айырмасын ашып көрсетудің қажеттілігін мойындау;
- 3) аналитикалық форманы тұрақты тіркестерден бөлек қарастыру қажеттілігін түсіну;
- 4) аналитикалық форманың құрамы мен жасалу жолдарын нақтылау және анықтау;
- 5) аналитикалық формалардың білдіретін немесе тудыратын мағынасын нақтылау, т.б.

Аффикстердің жалғамалылық қасиетіне сәйкес түркі тілдерін синтетикалық тілдерден ерекшелейтін тұлғалар аналитикалық форманттар болып табылады. Аналитикалық форма – толық мағыналы сөз бен көмекші сөздер тіркесуінен туындаитын және

сөздердің орын тәртібі арқылы пайда болатын грамматикалық форма. Мысалы, сын есімнің аналитикалық формасы орыс тілінде – более умный, самый высокий болса, қазақ тілінде *ең ақылды, тым қымбат*, т.б. түрінде келеді. Сын есімнің шырайларының ***тым көрікті, орасан күшті*** түрінде келуі аналитикалық тәсілдің жалғамалы тілдерге жат емесін көрсетеді.

Анализ сөзін негіз етіп жасалған аналитизм мен аналитикалық деген туынды сөздердің сөздіктердегі түсінікттері бойынша: «Анализ [*< гр. Analyssis – ыдырау, бөлишектеу*] – 1) ойша немесе шын мәнісінде бүтінді құрамдас бөліктерге бөлишектеуден келіп шығатын әдіс; ғылымда бөлишектеп зерттеу немесе анализ, синтез түсінігімен тең дәрежеде үлкен маңызға ие; 2) бар нәрсені бөлишектеу, ...» (Словарь иностранных слов. – 7-е издание. – С. 48. перераб. – М.: Русский язык, 1980. – С. 30. – 624 с.). Демек, анализ ғылыми зерттеудің бір әдісі, белгілі бір де-ректерге сүйене отырып, жалпыдан жалқыға қарай зерттейді, ғылымда синтетикаға қарама-қарсы қойылатын ұғым. *Аналитизм* бойынша: «Лексикалық және грамматикалық мағынаны жеке білдіретін синтетизме қарама-қарсы типологиялық қасиет. Бұл тұста грамматикалық мағына сөздің формасы арқылы берілмейді...» (Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.), – деп түсінік берілген.

Аналитизм тұракты сөздер мен күрделі тұлғалардан анық байқалады. ***Сөздің аналитикалық формасы негізгі (атауыш) сөз бен көмекші сөздің тіркесінен жасалады.*** Сөздердің аналитикалық формаларының құрамына енетін атауыш сөз негізгі морфемаларға (түбірге) барабар қызмет атқарса, көмекші сөз әртүрлі көмекші морфемаларға, яғни аффикстерге ұксас қызмет атқарады (Морфологическая типология и проблема классификации языков/ Сб. статей: отв. ред.: Б.А. Серебренников и О.П. Суник. – М.-Л., 1965. – С. 20). *Аналитикалық құрылым* («аналитическая конструкция») мәселесі сөздің морфологиялық құрылышын оқытуда маңызды болғанмен, 1965 жылға дейін «классикалық тілдерде» ғана қарастырылып келді.

XIX ғасырдың аяғында аналитикалық конструкция жөнінде Батыс Еуропа тілдерін зерттеушілер (француз, ағылшын, неміс, т.б.) мынадай мәселелерді көтеруді мақсат етті:

1. Осы уақытқа дейін дау тудырып жүрген жаңа Еуропа тілдерінен басқа қандай тілдер аналитикалық конструкцияны пайдалана алады?

2. Аналитизм мәселесі көтерілгенде аналитикалық тілдер туралы айтуга бола ма, болмаса әртүрлі тілдердің тілдік жүйесіндегі аналитикалық конструкциялар туралы ғана айтумен шектелу керек не?

3. Қандай жағдайда және қандай белгісіне қарай конструкцияны сөз тіркесі емес, сөздің грамматикалық формасы деп қарау керек?

4. Жалпы аналитикалық құрылымды («конструкцияны») негізгі сөздің ерекше формасы деп қарау керек не? т.б.

Осыған орай түркі әлемінде А.А. Юлдашев түркі тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларын зерттеп, бұл тілдерде **аналитикалық форма** бар деп дәлелдейді. Профессор Э.В. Севорян түркі тілдерінде сөз жасаушы және сөз түрлендіруші **аналитикалық конструкция** барын көрсете келіп, сөз тудырушы грамматикалық конструкцияны **грамматикалық аналитикалық конструкция** деп атаған.

Қазақ тіл білімінде сөздің аналитикалық формасына арналған жеке еңбектердің саны аз. Ол еңбектерде аналитикалық формалардың бір тобы – күрделі етістік деп аталып, сол түрғыдан зерттелсе, екінші тобы оларды грамматикалық категориялардың көрсеткіші ретінде танылған, кейбірінде аналитикалық форма деп аталып, енді бірде аталмай жүр.

Ескерту: Қазақ тіл білімінде аналитикалық формалар туралы алғаш сөз қозғаган – А. Ысқақов. Оның «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» кітабының алғашқы 1963 жылғы басылымында аналитикалық форма туралы сөз болмаганмен, кейінгі 1974 жылғы екінші басылымында «Көмекші сөз бен аналитикалық форма», «Аналитикалық форманттар және олардың мағыналары» деген бөлімдерін қосқан (Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974).

Одан кейінгі 1975 жылы жарық көрген Н. Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары» деген еңбегі осы мәселеге толықтай арналған алғашқы еңбек санаады (Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б. – З-б.).

Н.Т. Сауранбаев 1962 жылы орыс тілінде шыққан «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында етістіктің төмендегі: *нақ осы шақтың* (-п отыр, -п тұр, -п жүр), *өткен шақтың* (-ған еді, -ған емес (жоқ), – жатыр еді, уші еді, -бақшы еді), *шарттырайдың* (-р еді), *қалаурайдың* (-ғай еді) аналитикалық форманттарын атаған.

Н. Оралбаева түркі тілдеріндегі аналитикалық формалардың айрықша түрі ретінде белгілі бір формадағы негізгі сөздің белгілі бір көмекші сөзben немесе көмекші сөздердің кешенімен тіркесуін келтіреді. Соның ішінде аналитикалық етістіктер аналитикалық сөз түрлеріне жатады.

Ескерту: Аналитикалық форма форма болуы үшін осы тіркестердің құрамына енген көмекші сөздерді жаңа сөз жасаушы элемент ретінде емес, оған грамматикалық мағына үстенеши элемент деп қабылдау қажет (Н. Оралбаева).

Сонда етістіктің аналитикалық форманты дегеніміз – жетекші етістікке қосылып айтылатын қосымшалар мен көмекші етістіктерден құралатын, етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясына қатысты мағынаны білдіретін морфологиялық көрсеткіштері. Ал жетекші етістік пен белгілі бір грамматикалық категориялардың мағынасын білдіретін көмекші етістіктің бірлестігі – аналитикалық форма деп аталады.

§ 4.4. Сөздердің аналитикалық формалары

Күрделі сөздердің өзіндік ерекшеліктерін нақтылау оларды күрделі етістіктерден ажыратып алудан басталса, күрделі етістіктердің өзін аналитикалық етістіктерден ажырату – келесі кезектегі мәселе. «Күрделі етістіктердің сыңарлары бірінен соң бірі жалғасатын екі қимылды білдірсе, ондай сыңарларды құр-

малас сөйлемнің дара баяндауышы деп алып, сол ойды сақтауға болады» (Н. Оралбаева).

Қазақ тіл білімінде күрделі етістік деген ұғым аясында әртүрлі құбылыстар топтастырылған: күрделі етістік (*көріп жібер, көріп бер*), құранды етістік (*басиылық жаса, бас бол*), тұрақты тіркестер (*жүрек жұтқан, жүрек жалғау*), етістіктің аналитикалық формасы (*келе бер, келе сал*) (Н. Оралбаева).

Сөздердің осы топтастырылуы бойынша тұрақты тіркестер лексикалық категорияға жатса, аналитикалық етістіктердің құрамындағы көмекші етістіктер жаңа сөз жасамайды, тек өзі тіркескен сөздерге грамматикалық мағына қосады. Мысалы: *ала бер, алып бер, алып берсе игі еді, алып бере салды, алып бере жазады, айта салды, айтып келді, құлап қала жазады*, т.б.

Н. Оралбаева аналитикалық форманттар үш түрлі жолмен жасалатынын көрсетеді:

1. Күрделі етістіктерден. Қазақ тілінде күрделі етістік көсемшелі еркін сөз тіркестерінен қалыптасқан. Орхон ескерткіштерінде субъектінің бір мезгілде жасаған қимылы бірыңғай баяндауыш ретінде қолданылған. *Қарлукуғ огуртіміз, алтымыз*.

Қазіргі кезде бұл сөйлем мынадай түрде жазылады: *Қарлұқты өлтіріп алдық*.

2. Ет, еді, екен, емес, жоқ көмекшілері арқылы жасалады. Тіліміздегі дайын (жоғарыдағы) көмекшілерді синтетикалық формадағы етістіктерге тіркестіріп қолданудың нәтижесінде түрлі аналитикалық форманттар қалыптасқан.

3. Бір-біріне кірігуі арқылы жасалады: Екі аналитикалық формант бір мағынаға көшіп, бірімен-бірі күрделенуінен, бірігінен аналитикалық форманттар қалыптасқан. *-п келе жатыр, -п жүре бер* (Аталған еңбек). Аналитикалық форманттар жасалуының үшінші, соңғы жолы кейін қалыптасқан құбылыс.

Қазақ тілінде екі немесе одан да көп есімдердің бір-бірімен ешбір дәнекерсіз тіркесуі болғанмен, етістіктердің дәнекерсіз тіркесуі кездеспейді. А. Ысқақовтың көзқарасы бойынша, аналитикалық етістіктердің құрамындағы етістіктердің біреуі я бол-

маса екі компоненті бірігіп, негізгі болса, одан кейін тұрған етістік көмекші болады. Осы негізгі етістіктен кейін келіп, оған үстеме мағына жамап, грамматикалық форма үстейтін, оның мағынасын саралайтын грамматикалық семантика беретін, бірақ лексикалық жаңа мағына үстемейтін формант (көмекші етістік) грамматикалық дәнекер болып табылады. Мысалы, **жаз** бен **жаза сал**, **айт** пен **айта сал** етістіктерін алып көрелік, осылардың беретін семантикасын салыстыра қарау айтылған ойды дәлелдей түседі. Мұндай етістіктердің құрамындағы форманттар (-а, -ып, -п, т.б.) және көмекші етістіктердің сан түрлі болуы (*сал*, *көр*, *тыс*, *бер*, т.б.) амалдың өту сипатын, амалдың әртүрлі кезеңін, сатысын білдірумен ерекшеленеді. Аналитикалық етістіктер амалдың өту сипатын, кезеңін, сатысын білдіруіне қарай олардың парадигмасы құралады:

<i>Айтып жібер,</i>	<i>айта сал,</i>	<i>айтса екен,</i>
<i>Айтып жібере қой,</i>	<i>айта көр,</i>	<i>айтса иғі еді,</i>
<i>Айтып жібере жазады,</i>	<i>айта қой,</i>	т.б.
<i>Айтып көр</i>	<i>айта жүр</i>	

Тұркі тілдерінің жалғамалық қасиеті сөздің аналитикалық формасына етене жақын, себебі грамматикалық қызметтегі көмекші сөз де дербес сөздің (етістіктің) сонынан келіп тіркеседі.

Корыта келгенде, тұркі тілдерінде сөздің аналитикалық формасы бар да, ол форманы жасайтын тұлғалық көрсеткіштер бар, оларды *аналитикалық формант* деп атаған дұрыс.

Тұбірге тіркескен әрбір аналитикалық формант сөзге әртүрлі мағына қосады.

Ескерту: Егер грамматикалық мағынаны білдіруші морфема сөздің дыбыстық құрамына енсе, ол сөз синтетикалық формалы сөз болып саналады: *бала-лар*, *үй-ге*, *кел-ген*, т.б.

Грамматикалық мағына беруші морфема сөз құрамынан *тыс*, *бөлек* тұратын болса, ол сөз аналитикалық формалы сөз болып саналады: *Мен сұрап аламын*.

Аналитикалық сөздердің мағынасы оның құрайтын сыңарларының мағыналарынан жасалады, бірақ екі сыңарының ешқайсысының мағыналық дербестігі сақталмайды және оларды жеке алғанда аналитикалық сөздің мағынасымен тең бола алмайды. Яғни, аналитикалық сөздердің сипаты атаулық тіркестердің сипатына өте ұқсас және сөздердің синтагмалық байланысына негізделеді.

Аналитикалық форма туралы айтылғанда сөздің формасы басты назарда болуы керек. «Сөздің синтетикалық формасын жасайтын қосымшалар қандай дайын элементтер болса, аналитикалық форманы жасайтын аналитикалық форманттар да – дайын элементтер. Аналитикалық формалы сөздің әрқайсысы белгілі бір грамматикалық категорияның формасы болып табылады. Сөздің аналитикалық формасын жасаушы аналитикалық форманттар – етістіктің грамматикалық категорияларының көрсеткіші. Солар арқылы жасалған аналитикалық формалы етістіктерде сол категорияның парадигмасына енеді» (Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975). Осы пікір бойынша аналитикалық форманттар етістіктің рай, шақ, амалдың өту сипаты категориялары сияқты грамматикалық категориялардың қатарына қосылады.

Етістіктің аналитикалық форманттары – тілдің грамматикалық дамуының нәтижесі. Етістіктің аналитикалық формасы толық мағыналы етістіктер мен көмекші етістіктердің тіркесінен жасалады: **айта біл, айта түс.**

Бұл етістіктерді бір тұлға етіп көрсетіп тұрған көсемше, есімше, рай жұранқтары мен көмекші сөздер. Схемасы мынадай болады:

**Аналитикалық етістік = негізгі етістік + дәнекер форма +
+ көмекші етістік**

айт (негізгі етістік) + **а** (дәнекер форма немесе формант) + **салым** (көмекші етістік).

Осы схемада лексикалық мағына негізгі етістікten көрінсе, грамматикалық семантика (шақ, жақ, рай) көмекші етістік арқылы

(-м – жіктік жалғау, өткен шақ) жасалады. Грамматикалық форманттар форма жасайды әрі түрлі-түрлі болып келеді: **-ып сал, -ып жібер, -са екен, -са иғі еді**, т.б. Бұлар **аналитикалық форманттар** деп аталады.

Ескерту: 1. «Сөздердің аналитикалық формаларын тану үшін олардың мынадай белгілерінің бар екеніне көз жеткізу керек:

- 1) сөздің аналитикалық формасы белгілі бір грамматикалық категорияның системасына, парадигмасына енүі қажет;
- 2) әрбір аналитикалық формалы сөз лексикалық мағынага қоса грамматикалық мағына береді;
- 3) сөздің аналитикалық формасын категориялардың тұрақты аналитикалық форманттары жасайды;
- 4) сөздің аналитикалық формасы белгілі топтағы сөздің басым көпшілігінен жасала береді.

5) сөздің аналитикалық формасының жасалуы, қолданылуы, қызметі сөйлеммен ғана байланысты» (Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б. – 5-б.).

«Аналитикалық құбылыс қайсысы болмасын белгілі категорияларға байланысты болып отырады. Мысалы, етістіктің болымдылық, болымсыздық категориясының аналитикалық формасына мысал келтіреік: келген емес, келетін емес, келер емес, кеткен жоқ. Осы аналитикалық формадағы етістіктер тек осы категорияның формасында тұрған сөздер болып саналады, оның басқа категорияларға қатысы жоқ. Сол сияқты етістіктің құрамындағы жалпы мағыналы сөздер оның абстракциялануына негіз болады. Осындай жалпы мағыналы сөздер өзінің лексикалық мағынасын абстракциялайды да, анали-тикалық форманттарды қалыптастырады.

Күрделі етістік атауларының бәрінде оның екі сыңарының байланыстыруышы қосымша бірінші сыңарға жалғанады. Күрделі етістіктің екінші сыңарының абстракциялану процесі оның бірінші сыңарымен белгілі қосымша арқылы тіркескен жағдайда өткендіктен, осы қосымшасыз көмекші етістік ол мағынаны білдірмейді» (Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б. – 40-б.).

Мысалы, қазір тілімізде жиі қолданысқа түсетін **жинап ал, боліп ал, қосып ал** сиқты күрделі етістіктердің соңғы ал компонентінің абстракциялануының нәтижесінде **-п ал** форманты қалыптасқан. Мұндағы **ал** етістігі негізгі етістікпен көсемшениң **-п** жүрнағы арқылы байланысып тұр. Осы сиқты бірнеше мысал келтіруге болады. Айталық, **айтып жүр, айтып жатыр, жазып жатыр, келе жатыр, айтқалы жатыр, оқыгалы жүр** деген сиқты күрделі етістіктердің екінші сыңарындағы **жүр, жатыр, жібер** сиқты етістіктер өзінің лексикалық мағынасынан грамматикалық мағынаға ауысып, абстракциялануға ұшырайды. Осының негізінде **-ып жатыр, -е жатыр, -ып жібер, -ған бол, -е жүр, -қалы жатыр, -ғалы жүр** деген аналитикалық форманттар қалыптасқандығын көруге болады.

Атап өткендей, аналитикалық форманттардың жасалуында **ет, еді, екен, емес, жоқ** көмекшілерінің орны ерекше. Бұлардың ішінде **еді** көмекші етістігінің көмегімен жасалған аналитикалық форманттар тілімізде көпtep кездеседі: **-ған еді, -п еді, -атын еді, -са еді, -са иғі еді, -ғай еді, -ар еді, -мақ еді, -ушы еді, -уде еді**, т.б. Ал **емес** пен **жоқ** көмекшілері етістіктің белгілі бір шақтарының болымсыз түрін жасайды. Шақ формасында етістікке тікелей қосымшасыз жалғанады. Мысалы: **келген емес, кететін емес, барап емес, айтпақ емес, барған жоқ, оқыған жоқ**, т.б. Мұнда шақ көрсеткіші өз қызметін атқарады. Оған қосымшасыз тіркескен **емес, жоқ** көмекшілері өзінше мағына беріп, аналитикалық форманттың қосымшасыз, бір морфемадан, бір сыңардан тұратын күйін жасайды. Ол – **емес, – жоқ** түрінде көрсетіледі.

Ал А. Ысқақов аналитикалық етістіктің аналитикалық формасының жасалуына қажет деп негізгі **етістік**, оған қосылатын дәнекер **форма, көмекші қызметін атқаруға тиіс тағы да бір етістік** қатысуы керегін көрсетеді (А.Ысқақов, аталған еңбек).

Әрине, жалпы сөзге тән аналитикалық форманың пайда болуы үшін, жоғарыда атап өткеніміздей, осы үш шарттан басқа негізгі етістікке жалғанатын дәнекер қосымшаның қатыспа-

уынан да аналитикалық форма жасалады, бірақ бұл шарт сын есім шырайларының аналитикалық формаларына тән. *Етістік-тің аналитикалық формасының сын есім шырайының аналитикалық формасынан айырмашылығы сол, негізгі етістік пен көмекшілік қызметтегі етістікті байланыстыратын дәнекер қосымшаның болуы шарт.*

Сөздің аналитикалық формасын жасаушы көмекшілер дербес сөзге қосымшасыз да, қосымша арқылы да тіркесе алады. Асырмалы шырайда көмекші сөз дербес сөзге ешбір қосымшасыз алдынан тікелей тіркеседі. Мысалы, *ең қын, өте ауыр, тым үлкен*, т.б.

Көпшілік жағдайда көмекші сөз дербес сөзге белгілі қосымшалар арқылы тіркеседі. Мысалы, *кел+се екен, біл+гісі келеді, айт+ып салды, кел+е қойды, жаз+a алды*, т.б. Мұндай жағдайда көмекші етістіктер кез келген қосымшамен дербес сөзге тіркеспейді. Өйткені көмекші етістіктің мағынасы белгілі қосымшамен бірге қалыптасқан. Сондықтан әр көмекші етістіктің мағынасына байланысты қосымша арқылы ғана ол негізгі етістікке тіркесе алады. Мысалы, *айта алды, жаза алды* деген аналитикалық формалы етістіктер қимылды жасаудың мүмкіндігін ал көмекші етістігінің дербес етістікке көсемшенің -а жұрнағымен тіркесу арқылы білдіріп тұр. Көсемшенің -а жұрнағынсыз ал көмекші етістігі ол мағынаны білдіре алмайды. Мысалы, *біліп алды* деген аналитикалық формада етістік мүмкіндік мағынасын білдірмей, қимылдың өзі үшін жасалғандығын білдіріп тұр. Екі мысалда да ал көмекші етістігі қолданылып, екі түрлі мағына берген» (Н. Оралбаева, 39-б.). Күрделі етістіктің аналитикалық форманттарға айналуы олардағы екінші сыңардың мағынасы абстракцияланып, көмекшілік қызметке көшуінен байқалады. Мысалы, *кет, кел, ал, бер* деген сияқты күрделі форманттардың ішкі айырмашылығы оның құрамына, құрамындағы морфемалардың ерекшелігіне байланысты.

Н. Оралбаеваның еңбегінде 13 күрделенген аналитикалық формант көрсетілген, кейіннен мысалдарға жасалған талдау ба-

рысында 38 күрделенген аналитикалық формант қолданылатыны анықталған, олар:

-п қала жазда, -п кете жазда, -п қала жаздалап барып қал, -п кеп жібер, -п кеп қал, -п кеп кет, -п кете бер, -п ала бер, -п қала бер, -п шыға бер, -п кеп бер, -п кеп тұс, -п кеп ал, -п шыға кел, -п шыға тұс, -п қоя бер, -қалы келе жат, -п ала қой, -п ала жөнел, -йін деп тұр, -йін деп отыр, -йін деп жатыр, -йін деп жүр, -йін деп жат, -п сала бер, -п жүре бер, -йін деп келеді, -йін деп барады, -йін деп кет, -п келе жат, -п бара жат, -п кетіп бара жат, -п келе жатыр, -п бара жатыр, -п болып қал, -йін деп қал, -а алмай қал, -са иғі еді.

Н. Оралбаева бұл форманттың бәрі емес, тек 34 жалаң аналитикалық формант қана күрделену әрекетіне бейімді екенін көрсетеді, олар мыналар: ***-п кел, -е жат, -е жатыр, -п бар, -п сал, -а бер, -п қой, -п қал, -п жібер, -п кет, -п бер, -п бол, -йін де, -п тұр, -п жатыр, -п отыр, -п жүр, -а қой, -а жөнел, -а жазда, -а алма, -п ал, -а ал, -а қал, -са иғі, -еді, -п шық, -а сал, -а кел, -п тұс, -п келеді, -п барады, -п жат, -қалы кел.***

Ескерту: Осылардың ішінде тек күрделенген аналитикалық форманттың бірінші сыңар қызметіндегілер – 8 формант, екінші сыңар қызметінде 18 формант қолданылады, ал күрделенген аналитикалық форманттың екі сыңарының да қызметін атқаратындар – 8 формант. Оларды жинақтап айтқанда, күрделенген аналитикалық форманттың бірінші сыңары ретінде 16 формант, екінші сыңары ретінде 26 жалаң аналитикалық формант қолданылған. Бірінші сыңардағы жеті формант қана бір-бір күрделенген аналитикалық формант құрамында қолданылған, қалғандары екіден сегізге дейін күрделенген аналитикалық формант жасауға қатысқан. Осылардың ішінде екі формант сегіз-сегізден он алты күрделенген аналитикалық формант жасаған. Олар: ***-п кел (-п келе жат, -п келе жатыр, -п кеп қал, -п кеп жібер, -п кеп кет, -п кеп бер, -п кеп ал, -п кеп тұс)*** және ***-йін де (-йін деп қал, -йін деп барады, -йін деп келеді, -йін деп тұр, -йін деп жатыр, -йін деп жат, -йін деп отыр, -йін деп жүр)*** ***-п бар, -п ал*** форманттары үш-үштен алты күрделенген аналитикалық форманттың жасалуына ұйытқы болған, ***-п кет*** формантты арқылы екі күрделенген формант жасалған. Бұл тек бес жалаң аналитикалық

форманттың өзі 24 күрделенген аналитикалық формант жасалғанын көрсетеді және оларды өте өнімді форманттар деп санауга тірек бола алады (Н. Оралбаева).

Екінші сыңар қызметіндегі 6 формант 21 күрделенген аналитикалық формант құрамында қолданылған, оның ішінде **-е бер** форманты 7 (-**п сал**, -**п қал**, -**п кет**, -**п ал**, -**п жүр**, -**п шық**, -**п қой**), -**п қал** – 4, -**е жат**, -**е жатыр** үш-үштен – 6, -**п бар**, -**п кел** екі-екіден – 4 күрделенген аналитикалық формант құрамында кездеседі. Осы талдау негізінде Н. Оралбаева күрделенген аналитикалық формант құрамындағы бірінші формант негіз қызметінде, екінші формант оны түрлендіруші, мағынасын кеңейтуші, толықтыруышы қызметін атқарып, бірінші сыңардың екінші сыңарды өзіне тартып, оның мағынасының абстракциялануына әсер еткен деген тұжырым жасайды.

Аналитикалық форманттардың да сөзде орны, олардың орналасу тәртібі бар. Әдетте түбір етістікке алдымен қымылдың өту сипаты категориясының форманты, одан соң модальдылықтың форманты, одан кейін шақ форманты жалғанады. Мысалы, *кетіп қала қойғым келіп еді*. Осы аналитикалық формалы етістіктегі 4 аналитикалық формант бар, оның ішінде:

- **-п қал**,
- **-а қой** форманттары – қымылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері,
- **-ғым кел** – рай форманты,
- **-іп еді** – қатыстық өткен шақ форманты. Мұнда алдымен мағынасы кең қымылдың өту сипаты категориясының көрсеткіші, рай – одан гөрі мағынасы тар категория, сондықтан оның форманты кейін орналасқан, шақ категориясының мағынасы нақты, жеке мағына, оның көрсеткіші ең сонында орналасқан.

Қазақ тіліндегі аналитикалық формалы сөздің құрамын төмендегідей деуге болады (Н. Оралбаева бойынша):

- 1) дербес сөз + қосымша+көмекші сөз (өсіп кетті);
- 2) дербес сөз + көмекші сөз (жүр еді);
- 3) көмекші сөз + дербес сөз (өте әдемі).

§ 4.5. Етістіктің аналитикалық форманттары

1958 жылы А.А. Юлдашев «Аналитические формы глагола в тюркских языках» деген монографиясында аналитикалық формалардың тұзілуіндегі көмекші етістіктердің қызметі мен мағынасына талдау жасайды.

Аналитикалық формант деп қосымша мен көмекші етістіктің бірлігінен тұратын категориялық мағынасы бар күрделі морфологиялық көрсеткіш аталады. Қазақ тілі етістіктің аналитикалық форманттарына бай. Етістікте жетпістен аса аналитикалық формант бар. Олар: -а ал, -п бақ, -п ал, -п бар, -а бар, -а баста, -е бер, -п бер, -ған бол, -п бол, -с біл, -п біт, -а жазда, -п жат (ыр), -е жәнел, -п жур, -е жур, -п жібер, -йін де, -са иғі еді, -са екен, -ғай еді, -са еді, 0 екен, 0 жоқ, -п кел, -е кел, -п кет, -а кет, -п көр, -е көр, -п қал, -а қал, -п қой, -а қой, -п отыр, -а отыр, -п өт, -п сал, -а сал, -п таста, -п тұр, -а тұр, -п тұс, -е тұс, -п шық, -а шық, -п сала бер, -п кеп жібер, -п кеп қал, -ғалы отыр, -ғалы жат (ыр), -гелі жур, -ғалы тұр, -а сала, -п қоя бер, -п келе жат, -п бара жат, -п болып қал, -ғы кел, -ушы болма, -а көрме, -ған болса, -р болса, -п журе бер, -п кеп кет, -п сала бер, -п кеп бер, -уге бол т.б. (Н. Оралбаева, аталған еңбек, 261-б.).

Аналитикалық форманттардың бір жасалу жолы – олардың бірімен-бірі кірігу яки күрделі аналитикалық форманттардың пайда болуы. «Аналитикалық көрсеткіштер де орын тәртібі тұрғысынан қазақ тілінің жалғамалы заңына бағынады. Аналитикалық формада негізгі етістік көмекші етістікten бұрын тұрады да, аналитикалық тіркестің негізгі мағынасына жетекшілік етеді. Ал аналитикалық етістіктің құрамындағы көмекші етістік қосымшалар сияқты белгілі бір категорияға тән грамматикалық мағынаны білдіріп, сол категорияның морфологиялық көрсеткіші ретінде қалыптасады» (А. Ысқақов, аталған еңбек, 32-б.).

Мысалы, өсіп барады, кетіп жатыр, білгісі келеді, көріп еді, келер емес, көрген жоқ, барушы болма т.б. Алайда жеке-

леген сөз алды қосымшалардың кездесетіні (*бейхабар, беймаз*) сияқты аналитикалық көрсеткіштердің ішінде де сөз алдына тіркесетіндері де бар. Оларға шырай көрсеткіштері жатады. Мысалы, *ең жақсы, тіптен кіши, өте улken*, т.б.

Корыта айтқанда, күрделенген аналитикалық форманттар – грамматикалық дамудың нәтижесінде қалыптасқан грамматикалық бірлік және ол грамматикалық бірліктердің тілдің грамматикалық құрылышына сай бір түрі.

§ 4.6. Етістіктің аналитикалық форманттарының мағынасы

Әрбір аналитикалық форманттың өзді-өзіне тән мағынасы бар, демек, әр форманттың семантикасы бір-бірінен өзгеше болады. А. Ысқақов аналитикалық форманттардың мағыналарын сөз еткенде, олардың ішіндегі басты-басты түрлерінің, соның ішінде, көсемшениң **-п** және **-й** жүрнақтары негізгі етістік пен көмекші етістікті байланыстыратын жағдайларды салыстырып, семантикасын саралай отырып, оларға қысқаша сипаттама берген:

-п ал форманты жетекші етістікке жалғанғанда, субъект өзге істі қоя тұрып я басқа іске көшпей тұрып, әрекетті әуелі өзі үшін жүзеге асырып алуды қалайтындау реңк жасайды. Мысалы: *көріп алды, жұлып алды, ұйықтап алды, сөйлесіп алды, жазып алды, көширіп алды*, т.б.

-й ал форманты жетекші етістікке жалғанғанда, оған сол амалды жүзеге асыру я орындау мүмкіндігін (жоқ, бар) білдірерліктеі реңк жамайды. Мысалы: *Бітіре аласың ба, бітіре алмайсың ба? Шыдай алған екен, ал мен үйден шыға алмадым*, т.б.

-п шық форманты жетекші етістікке амалды ақырына дейін аяқтау, тындыру мәнін үстейді. Мысалы: *айтып шық, көріп шық, бояп шық, айналып шық*, т.б.

-й шық форманты жетекші етістікке амалды басқа әрекеттен я бұрын, жол-жөнекей, я онымен жарыстыра тындыру мағынасын жамайды. Мысалы: *айта шық, ала шық, жаза шық, тыңдай шық, киіне шық*, т.б.

Ескерту: А. Ысқақов **-п біл, -й бақ, -й біт, -й жібер, -й қара** деген формалар аналитикалық форманттар бола алмайтындығын ескертеді. Сонымен қатар **тұр, жүр, отыр, жатыр** етістіктерінің лексикалық мағыналарын сақтай отырып жұмсалуы мен аналитикалық форманттар жасаудагы рөлінің ерекше екеніне, **бол, ет, қыл** етістіктерінің көмекшілік қызметіне, **жазда** етістігі мен **де** етістіктерінің ерекшеліктеріне тоқталған (А. Ысқақов, аталған еңбек, 265-285-бб.).

Ал Н. Оралбаева (аталған еңбек) аналитикалық форманттардың мағыналық топтарын былайша жіктейді:

- 1) қымылдың тәсілін білдіретін аналитикалық форманттар;
- 2) модаль мағыналы аналитикалық форманттар;
- 3) бұйрық райдың аналитикалық форманттары;
- 4) қалау райдың аналитикалық форманттары;
- 5) шартты райдың аналитикалық форманттары;
- 6) етістіктің болымсыздық категориясының аналитикалық форманттары.

Осы топтарды семантикасына қарай Н. Оралбаева бірнеше топшаларға бөліп көрсетеді:

I. Қымылдың тәсілін білдіретін аналитикалық формант:

- 1) **-ған бол** аналитикалық форманты тудыратын мағына қымылдың жасандылығын көрсетеді: *оқыған болды, келген болып еді*, т.б.;
- 2) **-а жазда** қымылдың жетімсіздігін білдіреді: *құлай жазады*, т.б.;
- 3) **-п ал, -п бер** аналитикалық форманты қымылдың бағыт, мақсатын білдіреді: *оқып ал, айтып берді*, т.б.;
- 4) қымылдың ерекше ынтамен жасалуын білдіретін **-п бақ** аналитикалық форманты: *шыдан бақты*;
- 5) қымылдың немқұрайды жасалуын **-а сал, -а отыр, -е жүр** форманты білдіреді: *біле сал, көре сал*;
- 6) қымылдың күтпеген жерден жасалуын **-а қой, -а кет, -а қал** аналитикалық форманттары білдіреді: *бұза қалды, жабыса кетті, сезе қойды*;
- 7) қымылдың қысқа, батыл жасалуын білдіретін форманттарға **-п таста, -п жібер, -п тұс, -п қал жатады**: *айтып тастады, айтып салды, жағасынан ала тұсті*;

8) қимылдың ерекше қарқынмен жасалуын білдіретін аналитикалық форманттар ретінде **-п кеп жібер, -п кеп қал** аталады: *айтып кеп жібер, тартып кеп жібер, жұлқып кеп қалды*;

9) қимылдың созылуын, қайталауын білдіретін аналитикалық форманттарға **-е бер, -е тұс, -а тұс** жатады: *сүзісे береді, көбейе тұсті, айта тұсті*;

10) қимылдың жасалуына шек қойылуын білдіретін аналитикалық формантқа **-а тұр жатады**: *жүре тұр, бере тұр*;

11) қимылдың жасалуының асығыссыздығын білдіретін аналитикалық формант **-а жатар, е жатар**: *көре жатар*;

12) қимылдың жасалуға бейімділігін білдіретін **-ғалы отыр, -ғалы жат, -ғалы жүр, -ғалы тұр** форманттары: Айтқазы иығын қомдап, **сөйлегелі отыр**, т.б.;

13) қимылдың динамикалық қалыптан статикалық қалыпқа көшуін білдіретін **-п қал** форманты: *отырып қалды*;

14) бір қимылдың соңынан ілесе екінші қимылдың жасалуын білдіретін **-е сала, -а салып форманты**: *келе сала, сені ізdedі*.

II. Модаль мағыналы аналитикалық форманттар:

1. 1. **-а ал**: *айта алма*.
2. **-а біл**: *сене біл*.
3. **-ғы кел**: *барғысы келді*.

III. Ашық райдың аналитикалық форманттары:

1. **-п отыр**: *билеп отыр*.
2. **-п тұр**: *естіліп тұр*.
3. **-п жүр**: *елпілден жүр*.
4. **-п жатыр**: *келіп жатыр*.
5. **-п бара жатыр**: *аруақтанып бара жатыр*.
6. **-п**: *сұлуланып келе жатыр*.

IV. Бұйрық райдың аналитикалық форманттары қалыптастыратын семантикалық топшалар:

1. **-а көр**: *азайта көр, аяй көр*.
2. **-ушы болма**: *баруши болма*.
3. **-а көрме**: *айта көрме, ала көрме*.

V. Қалау райдың аналитикалық форманттары:

1. **-са екен:** *құтылсам екен.*
2. **-са иғі еді:** *бастаса иғі еді.*
3. **-са еді:** *кетпесе еді.*
4. **-ғай еді:** *болмазай еді.*

VI. Шартты райдың аналитикалық форманттарына Н. Оралбаева мына форманттарды жатқызады:

1. **-ған болса:** *айтпаған болсаң.*
2. **-р болса:** *келер болса.*
3. **-са болды:** *келсе болды.*
4. **-ар еді:** *алар едім.*
5. **-ған болар еді:** *жасалған болар еді.*

VII. Етістіктің болымсыздық категориясының аналитикалық форманттары:

1. **0 емес:** айтқан емеспін.
2. **0 жоқ:** сезген жоқ.

Құрамындағы көмекші етістіктерге байланысты аналитикалық етістіктер бір көмекшілі, екі немесе үш көмекшілі болып келеді. Соған байланысты аналитикалық форманттары **жалаң** (-п бар) және **күрделі** (-п бара жатыр) болады.

Аналитикалық етістіктер сөйлемде қолданылу мақсаттарына қарай әртүрлі мән-мағыналар мен қосалқы түрде ұғынылатын әрқылды реңктерге ие болады. Аналитикалық етістіктер – күрделі сөздерден, құранды және құрама етістіктерден де өзгеше күрделі грамматикалық категория.

§ 4.7. Етістік және етіс формалары

Сөздерді сөз топтарына топтастыру үшін алдымен осы сөздің аясына енетін грамматикалық формалардың құрамы айқындалып, содан соң сөз белгілі бір сөз табына жатқызылуы тиіс. Әрбір сөз табын сөз табы ретінде айқындайтын грамматикалық мағыналарының жиынтығы болады. Етістік басқа сөз тап-

тарынан рай, шақ, жақ, амалдың өту сипаты тұрғысынан ерекшеленеді.

Етістік формаларының бәрі де процесуалды, ал өзгермейтіндік, қозғалыссыздық мағынасы етістіктегі болмауы тиіс, ал есімше мен көсемше бір-бірін, бірінің фонында бірі тұрып, бірін-бірі толықтырып, қымылдың толық өткен-өтпегенін білдіреді.

Амалдың өту сипаты әртүрлі болады: істің аяқталған-аяқталмағанын, шектеулі-шектеусіздігін, нәтижелі-нәтижесіздігін, т.б. білдіреді. Бірақ кейде етістіктің қымылсыздықты, өзгеріссіздікті, әрекетсіздікті білдіретін кездері болады. Мысалы, *Ауыл елдің қыыр шетінде орналасқан*. Етістің оң жағалауында *Күршім ауылы жатыр* немесе С. Исаев келтірген: *Бұл алгебралық формула екінши формулага тең. Інісі ағасына қатты ұқсайды. Жол екі айырылды. Шөп арасынан соқпақ көрінді* деген мысалдардағы **ауыл, кактус, жол, соқпақ** әлденені істегендей, қымыл жасап жатқандай әсер қалдырады, шындығындағы солай болып қойған, әрекет орындалып кеткен. Яғни, лексикалық жақтан бұл етістіктер процесуалдықты білдірмейді, бірақ грамматикалық процесуалдық бар. Өйткені бұл етістіктерде шақтық мағына бар (өткен шақ), соның нәтижесінде етістікке тән қымыл-қозғалыс пайда болады.

Етістік – грамматикалық категорияларға бай сөз табы. Грамматикалық категориялар – грамматикалық форма мен мазмұнның жиынтығынан тұратын грамматикалық мағыналар жиынтығы. Кез келген грамматикалық категория тілдің құрылымдық негізін құрайды, оның мазмұны мен мәнін анықтайды. Грамматикалық категория грамматикалық форма мен грамматикалық мағынаның өзара бірлігімен, олардың арасындағы диалектикалық үйлесім-сәйкестілікпен, жүйелілікпен байланысты. Грамматикалық категория грамматикалық форма мен грамматикалық мағынаның бірлігі. Грамматикалық категория болу үшін мынадай шарттар болуы тиіс:

– кемінде екі грамматикалық мағына болуы керек, мағына мен грамматикалық формадан тыс категория жоқ;

- мағыналар бір-бірімен текстес, мәндес болуы және олардың бірінің орнына бірі жұмсалғанда алу мүмкіндігі жоққа шығарылуы тиіс;
- грамматикалық категориялар белгілі бір сөз табына тән болады, олардан тыс өмір сүре алмайды;
- алдыңғы шарттарға сай парадигмалық жүйе жасап, жүйенің мағыналық-тұлғалық сәйкестігі оның құрылымдық ерекшелігі болуы керек.

Бірақ грамматикалық семантиканы лексикалық мағынадан ажыратада білу керек. Мысалы, зат есімнің жалқы, жалпы және кімдік, нелік болып бөлінуі – грамматикалық семантиканың нәтижесі. Өйткені жалқылық та, жалпылық та, сондай-ақ адамзаттық немесе ғаламзаттық болуы грамматикалық тұлғалар, түрлену парадигмасымен берілмейді. Ондай ерекшелік етістіктің салт және сабактылық қасиетінен байқалады. Жалпы етістіктің грамматикалық категорияларының жіктелуінде мынадай ерекшеліктер бар:

- 1) етістік түбірінің грамматикалық сипатын өзгертпейді;
- 2) түбір семантикасына өзгеріс енгізеді, жаңа мәні бар грамматикалық мағына үстейді;
- 3) етістіктің түбіріне басқа тұлғалардан бұрын жалғанады.

Ескерту: Етістіктің салт-сабакты, етіс, күшейтпелі категорияларына лексика-семантикалық та, грамматикалық та сипат тән.

Көрсетілген ерекшеліктер түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі етістіктің етіс категориясының үндиеуropa тілдеріндегі залог формасына мұлде ұқсамайтындығын аңгартаады. Бұл залог формасына тән дәстүрлі анықтамалардың аясына сыя бермейтіндігі түркі тілдеріндегі етіс категориясы жөнінде екі түрлі көзқарастың туындаудына себеп болған. Екі түрлі көзқарастың біріншісі, етіс – етістіктің грамматикалық формасы дейтін көзқарас болса, екіншісі – түркі тілдеріндегі етіс формасын дәстүрлі етіс формасының түсінігіне сыймайтын ерекше морфологиялық тұлғалар деп тану. Соңғы көзқарас етіс категориясының лексика-семантикалық әрі грамматикалық сипатынан туындаиды.

§ 4.8. Салт және сабақты етістіктер

Субъектінің қимылы қимыл нысанының әрқашан табыс септігінде тұруын қажет ететін етістіктер сабақты етістіктер деп аталаады.

Ал табыс септігін қажет етпейтін етістік түрлері салт етістік деп аталаады. Салт пен сабақтылық түбір етістіктерге де, күрделі етістіктерге де қатысты.

Қазақ тілінде салт етістіктер көп, кейбір **түбір салт етістіктерді** атап өтуге болады: *жүгір, тоқта, кір, өс, жет, қуан, жыла, күл, жат, отыр, тұр, жүр, т.б.*

Түнди түбір салт етістіктер: *кулімде, жымыңда, жолық, кішірей, әдеттен, қайраттан, на мыстан, т.б.*

Түбір сабақты етістіктер: *ал (кітапты), бер (гүлді), айт (өлеңді), оқы (шығарманы), қуыр (қуырдақты), мес (темірді), түзе (жасаңды), т.б.*

Түнди сабақты етістіктер: *көзде (нысананы), сабында (қолды), баянда (жасағайды), сыйла (азаматты), т.б.*

Күрделі салт етістіктер: *барып кел, үміт ет, құштар бол, жәрдем ет, қызмет қыл, т.б.*

Күрделі сабақты етістіктер: *алып кет (кітапты), апарып бер (сыйлықты), көздең тұр (нысананы), жинап ал (егінді), т.б.*

Салт және сабақты етістіктер қимыл-әрекеттің субъектіге, қимылдың нысанына қатысын білдіріп, етіс формасын жасауға қатысады.

§ 4.9. Етіс категориясы

Етістер салт етістікті сабақтыға, ал сабақты етістікті салтқа айналдырады.

Етістің өздік *етіс*, өзгелік *етіс*, ырықсыз *етіс*, ортақ *етіс* дейтін түрлері бар. Олар өз алдына жеке категория болып табылады. Салт етістіктерді жасайтын етістер мен сабақты етістіктерді жасайтын етістер бар, ал ортақ етіс бұл екі топқа да қосылмайды. Өйткені олар түбір етістіктің салт, сабақтылық қасиетін өзгертпейді.

Ескерту: Негізгі етіс деген етіс түрі А. Қалыбаеваның еңбектерінен бастап айтылып, морфология оқулығына да (А. Ысқақов) кірген болатын. Бірақ негізгі етістің көрсеткіші жоқ, өзіндік мағынасы жоқ, ол түбір етістік қана, сондықтан негізгі етісті етістің бір түрі деп санау дұрыс емес. Өйткені етістің әр түрлінің өз мағынасы бар, өз көрсеткіші бар, негізгі етісте бұл негізгі белгі жоқ (Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 387 б. – 308-б.).

Қазақ тіліндегі етіс формасының етістіктің салт және сабактылығымен тығыз байланыста болатындығын жақсы түсінген Ы. Маманов «Қазақ тілі. Етістік» деген еңбегінде «Салт және сабакты етістіктер және олардың етістермен қатысына» арнайы тоқталады: «Салт және сабакты етістіктердің бір-біріне ауысуы етіс формаларымен ұштасып жатады. Яғни, өздік және ырықсыз етіс жүрнақтары сабакты етістікті салт етістікке айналдыратын морфема қызметін атқарса, өзгелік етіс жүрнағы салт етістікті сабакты етістікке айналдыратын морфема болып табылады», – дейді (35-б.). Зерттеуші салт етістіктің екі түрін, атап айтқанда, **тура салт етістік және ауыспалы салт етістікті бөліп көрсетеді**. Осы бөліністі жасауға себеп болып түрған етіс жүрнақтары деп түсіндіреді. Өйткені сабакты етістіктерге өздік және ырықсыз етіс жүрнақтары жалғану арқылы ауыспалы салт етістік жасалады. Ы. Мамановтың айтуынша, салт және сабакты етістіктер мен етіс категориялары бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, **өздік, ырықсыз, өзгелік етіс мағыналары салт және сабакты етістіктердің грамматикалық формаларынан туатын семантикалық ұғым болып табылады**. Бұдан шығатын қорытынды, етіс – формалары өзі жасалған түбір етістікпен байланысты да, байланыссыз да форма. Байланыс лексикалық мағына арқылы сақталса, байланыссызың түбір етістік емес, сабакты етістіктен өрбиді. Бұл көзқарас бойынша етіс тек етістіктің грам-матикалық формасы дегенге саяды.

Бұған полярлы екінші көзқарастың иесі – А. Қалыбаева-Хасенова. А. Қалыбаева етісті жеке категория санайды, бірақ етіс жүрнақтарын сөз тудырушы яки сөзжасамдық жүрнақтарға жатқызады. Өйткені қазақ тілінде қос функцияны бірдей атқаратын

қосымшалар бар. Солардың қатарына етіс жұрнақтарын да жатқызады.

Егер етіс жұрнақтары жаңа сөз жасайтын жұрнақтар болса, етіс категория емес, жеке сөз табы немесе ерекше сөздердің тобы болар еді.

Етіс жұрнақтарының сөз тудыруши жұрнақтармен ұқсастықтығы бар. Олар түбірге бірден жалғанады, тіпті түбірге бірден жалғанатын болымсыздық формасынан да бұрын тұрады: **жазал-ма-ды**. Кейде етістің бірнеше түрі бірінен кейін бірі тіркесіп жалғана алады: **жазыл-дыр-т, қысқарт-тыр-т**, т.б. (бас-иыллық сияқты). Осыларға қарап, етісті сөзжасамдық форма санайтын ғалымдардың (А. Қалыбаева, т.б.) пікірі қалыптасқан, бірақ осы көзқарасты білдірушілер етіс формасы тудыратын түбірімен жаңа мағына емес, тек қана грамматикалық мән, грамматикалық семантика екенін ескермейді.

С. Исаев етісті лексика-грамматикалық категория ретінде танып, оның жұрнақтары сөздің грамматикалық формаларын жасайтынын көрсетеді.

Ал қазақ тіліндегі салт етістіктердің туындауына көп әсерін тигізетін етістерге өздік және ырықсыз етіс жатады.

§ 4.9.1. Өздік етіс

Сөйлемде қимыл объектісі атап майтын етістер өздік етістер деп аталаңы.

Ол киінді деген сөйлемде **киіну** қимылына қатысатын да, **киіну** қимылын жасайтын да ол деген қимыл иесі, басқа септік тұлғасындағы сөйлем мүшесі жоқ, сондықтан өздік етіс салт етістік жасайды. Салт етістік жасайтын өздік етіс жұрнақтары: **-ын, -ін, -н**. Мысалы, *сен киін, сен таран, сен сабактан сұран*, т.б.

-ыл, -іл, -л жұрнақтары да өздік етіс мағынасын тудырып, салт етістік жасайды.

§ 4.9.2. Ырықсыз етіс

Қимыл өзінен-өзі жасалғандай мәнді білдіретін, қимыл-әрекеттің субъектісі атап майтын салт етістіктен сабакты етістік жасайтын етіс түрі ырықсыз етіс деп аталады.

Ырықсыз етістің журнақтары: **-ыл, -іл, -л; -лын, -лін; -ныл, -ніл**. Мысалы, *тапсырма орындалды, жер жыртылды, үй та зартылды, сабак оқылды, т.б.*

Етістіктің ырықсыз етіс тұлғасы шығу төркіні, жұмсалуы тұрғысынан, тіпті қай жағынан болмасын, қызықты форма. Ырықсыз етіс жөнінде айтқанда, етіс туралы үш қағидатты есте ұстау қажет:

- а) субъектінің іс-әрекеті тұра объектіге аудиасы;
- ә) субъект өз тарапынан болған іс-әрекетті сезінеді немесе ол іс-әрекетті логикалық субъект атқарады;
- б) іс-әрекет грамматикалық субъект тарапынан жасалады және грамматикалық субъектімен байланыста жүзеге асады (Н.Н. Джанаша).

Берілу жолдарына қарай бір сөз формасында бірнеше етіс формаларының көрсеткіштері қатарласа кездеседі, олардың кейбірі біртиptі болса, кейде әртүрлі типті күйінде кездеседі. Олар сөздің құрамындағы орнына қарай бірінші кезекке қойылады. Өздік етіс пен ырықсыз етіс қосымшалары кез келген кезектестікте келе береді. Дегенмен де ырықсыз етіс қосымшаларының бірінші болып келуі түркі тілдері зандылықтары бойынша норма саналады. Егер бұл реттілік бұзылып жатса, онда сөз тұбірінің **л-ға** бітуімен немесе сөз құрамында **л** болуымен байланыстырылады және қимылды жасаушы мен каузативті конструкция арасында белгілі бір байланыс болатыны туралы болжамның жаны болуы мүмкін. Ол болжам бойынша іс-әрекетті тікелей, шын жүзеге асырушы алғашқыда көбінесе барыс септігі арқылы айтылған. Ал өзге амалдар кейінрек пайда болған.

Осыдан келіп, ырықсыз етіс формасының этимологиясына қызығушылық туындаиды. Этимологиялық зерттеулер **-ыл, -іл, -ул** формаларының прототипін анықтаудан басталса, бұл жөніндегі Б.А. Серебренниковтің пікірін А.М. Щербак ерекше атап өтеді.

Б.А. Серебренников етіс формаларының о баста жаңа сөз тудыруши қосымша болғандығын әрі жиілікті, интенсивтілікті білдіретін мағына тудырғанын айтқан Э.В. Севортянның ойын қолдай келе, ырықсыз етістің -л тұлғасын есім сөздерден етістік жасайтын -л қосымшасымен бір деңгейде қарастырады. Ал Б.А. Серебренниковтің -л тұлғасы туралы болжамы XIX ғасырдан белгілі ырықсыздық мағына білдіретін формалармен, бірақ қазірде ажырамас, біртұтас тұлғаға айналған негізгі етіс формаларымен салыстыра қарауға әкелген, мысалы: **құтыл-ды – құты** және -л деп белуге келмейтіні белгілі, сонда А.М. Щербактың болжамынша, ырықсыз етіс **құт бол** тіркесінің дамуының нәтижесіне жатады. Бұл тіркестің құрамындағы **құт** – есім сөз, ал **бол** – етістік. Сонда -л, -іл, -ул формаларының шығу төркінін **бол-мен** байланыстырылған. Бұл пікірді К. Залеман, Б. Банг те қолдайды. Бірақ бұл құрылымда да іс-әрекетті нақты жүзеге асыруши жасырын түрде қалады.

А.М. Щербак ырықсыз етістің төрт түрлі мағына білдіретінін былай көрсетеді:

- 1) медиальды-ырықсыздық (медиапассив);**
- 2) медиальды;**
- 3) өзіндік ырықсыздық;**
- 4) жақсыз ырықсыздық.**

Ырықсыз етістің ең басты белгісі, ерекшелігі ретінде А.М. Щербак іс-әрекетті орындаушының еленбей қалуын атайды (А.М. Щербак, 109-б.). Яғни, ырықсыз етіс үшін міндетті белгі іс-әрекетті жасаушыны емес, белгілі күй-қалыпты алдыңғы орынға шығару болып табылады. **Іс-әрекет пен күй-қалып ырықсыз етістің семантикалық негізін құрайды.** Күй-қалып арқылы іс-әрекетті жүзеге асыруши туралы әйтеуір бір ақпарат алуға болады. Араб грамматистері ырықсыз етісті **белгісіздік (көрініссіздік)** деп атаған. Қарақалпақ тілінде де ырықсыз етіс «**белгисиз дәреже**» деп аталады.

Кейбір ғалымдар ырықсыз етіс грамматикалық объект жасаған іс-әрекетті білдіреді және ол грамматикалық субъектіге ауысады десе, А.М. Щербак бұл пікірді білдірушілермен келіспейді.

Өйткені, оның көзқарасы бойынша, түркі, қазақ тілінде *киім кірден жыртылды, есік жабылды* дегенде, **киім мен есік іс-әрекеттің** объектісі бола алмайды.

Ырықсыз етіс жөнінде А. Ысқақов етістіктің негізінің мағынасына амал ырықсыз өздігінен істелетіндей мән жамайды, үстейді, бірақ ол формадан амалды кім істегені, яғни субъектісі көрінбейді де, көбінесе логикалық объекті есебінде қызмет етеді деп түсіндіреді. Айталық, қой қамалды, *кір жуылды, жіп үзілді, ине сабақталды, үй майланды*, т.б. Бұл түсініктің алдыңғы дәлелдерден айырмасы жоқ деуге болады. Өйткені бұл жерде де қимылды, іс-әрекетті істеуші нақты аталмайды, бірақ іс-әрекет белгісіз біреу арқылы жүзеге асып жатқаны байқалады. Ал А. Ысқақов ырықсыз етіс жасайтын журнақтардың қатарына сирек болсын қолданылатын **-лын, -лін, -ныл, -ніл** формаларын жатқызады: *алма жесінді, ат байланылды*, т.б.

Ә. Төлеуов: *өзінің еркімен емес, еріксіз істелетін істі көрсететін етіс түрін ырықсыз етіс деп* атайды (Сөз таптары, 81-б.). **Көңіл көкке көтерілді; Көмейден жыр құйылды** дегенде салт етістік сабакты етістікке айналып, істі кім істегендігі айтыл-май, бөгде біреудің істегендігі білінеді (сонда, 81-б.) деп көрсетеді.

Ескерту: Сонда, ырықсыз етіс формасы сабакты етістік жасауышы грамматикалық тұлға болып шығады, бірақ етістік деп аталағын үлкен сөз табына тұтасымен тән еместей түсінік туады.

§ 4.9.3. Өзгелік етіс

Өзгелік етіс – сабакты етістікті жасайтын жалғыз етіс түрі.

Қимыл-әрекетті бөгде біреуге жасаату арқылы басқа біреудің қимыл-әрекетін білдіремін сабакты етістікті жасайтын етіс түрі өзгелік етіс деп аталағы. Мысалы, *баланы уат, шайды демдем*, т.б.

Өзгелік етістің журнақтары:

-т журнағы осы форманы тудыруға белсенді түрде қатысады. Мысалы, *қуант, күлдірт, жасырт, қойдырт, ойлат*, т.б.

-дыр, -дір, -тыр, -тір жүрнағы арқылы өзгелік етіс жасалады: *айттыр, білдір, жаздыр, көндір*, т.б.

-қыз, -ғыз, -кіз, -тіз жүрнағы арқылы *алғыз, айтқыз, білгіз, откіз, тұргыз, отыргыз, жатқыз, жүргіз*, т.б.

-ыр, -ір, -дір жүрнақтарын Н. Оралбаева өнімсіз жүрнақ деп есептейді. Аталған жүрнақтар арқылы *өшір, білдір, кетір* т.б. өзгелік етістері жасалады.

Етіс жүрнақтарының ерекшеліктеріне олардың түбір не туынды етістікке қабаттаса бірінен кейін бірі жалғануын айтуға болады. Бұл етіс жүрнақтарын сөз тудыруши жүрнаққа үқсаттырады. Мысалы, *ал-дыр-т-қыз, ойлан-дырт-қыз*, т.б.

§ 4.9.4. Ортақ етіс

Ортақ етіс қимыл-әрекеттің бірнеше субъектіге қатысын білдіреді және ортақ етіске қатысты түбір етістіктер салт, сабактылық қасиетін өзгертпейді.

-ыс, -іс, -с сияқты ортақ етіс жүрнақтары арқылы қимыл, әрекеттің бірнеше адамға ортақтығы білінеді. Мысалы: *Олар ел арасына тараган жаңалықтарды білісті. Бұл қызыққа барлық жастар шын жүректерінен күлісті.*

§ 4.10. Есімше

Қазақ тіліндегі есімшелер – өзіндік ерекшелігі мол сөздер. Оларға етістіктің де, есім сөздердің де қасиеттері тән. Есімшелер қазақ тіл білімінде етістіктің құрамында қаралады. Қимыл-әрекет, іс-қимыл формаларын қабылдағанмен (атап айтқанда, *-ған, -ген, -қан, -кен, -ар, -ер*), көп жағдайда есімшелер тіркес құрамында сын есімнің қасиеттерін көрсетеді. Мысалы, *Көреген адам, оқыған кісі, жүгірген аң, ұшқан құс*, т.б.

«Есімше сөйлемдегі негізгі қимылды білдірмей, жеке затқа қатысты жанама қимылды білдіреді. Сондықтан есімше анықтауыш қызметін, яғни атрибутивтік қызметті атқарады. Мысалы, *Айтылған сөз – атылған оқ*. Осы сөйлемдегі есімшеге сұрақ

Қандай сөз? Қандай оқ? түрінде қойылады. Осы қызметіне қарай орыс тіл білімінде есімшені сын есімге ұқсайды деген пікір қалыптасқан. Есімшенің сөйлемдегі негізгі қимылды білдірмей, жанама қимылды білдіріп, атрибутивтік анықтауыштық қызметінде қолданылуы оның заттың белгісін білдіретін сөз табына, қызметі жағынан сын есімге ұқастығын туғызған», – деп көрсетеді (Оралбаева Н. Қазақ тілінің морфологиясы, 228-б.).

Есімшелер заттанып қолданылады және бұл кезде зат есімнің барлық грамматикалық категорияларымен түрленеді. Мысалы, *Алған алғанын айтады. Алғанына есеп жоқ. Алғанымен бітпей, тағы да әңгіме шығарды. Алғанды емес, беруді айтсаңы.*

Есімше тудыратын жұрнақтар:

-ған, -ген, -қан, -кен. Осы жұрнақпен жасалған есімшелер қимылдың ертерек жасалғанын білдіреді де, өткен шақтық мағынаны береді.

-атын, -етін, -йтын, -йтін. Бұрын болған және ылғи да болып тұратын амал-әрекетті заттың белгісі етіп көрсетеді. Мысалы, *Айтатын сөзің белгілі ғой.*

-ар, -ер, -р, -с жұрнағы қимыл-әрекеттің жасалуына, жасалмауына байланысты туындайтын күмәнділікті білдіреді. «Есімшенің осы дүдемалдық мағынасы олардың тілдің даму барысында болжалды келер шақтың көрсеткішіне көшуіне негіз болған. Тілде қазір есімшенің -ар, -ер, -р, -с жұрнағы және болжалды келер шақтың -ар, -ер, -р, -с жұрнағы бар, олар – тілдің қазіргі даму сатысында омоним жұрнақтар» (Н. Оралбаева, аталған еңбек, 231-б.).

-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек мақсат мәнді есімше тудыратын жұрнақ. Мысалы, *Келіспек шарт, айтпақ ой.*

§ 4.11. Көсемше

Негізгі қимылдың жсанамалы жақтарын суреттеп, олардың қалай жасалғанын көрсететін, сөйлемде субъектінің қимылын білдіретін, тек етістікten жасалатын және тек етістікпен тіркесетін, етістіктің жұрнақтары жасалғанатын, аналитикалық етістіктердің форманттарының қалыптасуына қатысатын,

сабақтас құрмалас сөйлемнің базыныңы компонентінің баяндауышы болып, есім сөзді меңгеретін етістіктің түрі. Көсемше *Қайтіп? Неге? Қалаї?* деген сұрақтарға жауап береді, күрделі етістіктің құрамындағы компоненттерінің арасын жалғастырып, дәнекерлік қызмет атқарады.

Ескерту: Көсемше бір қараганда үстеге ұқсас болып көрінеді. Бірақ үстегден айырмашилықтары көп. Үстег әртүрлі сөз таптарынан жасалып, әртүрлі сөз таптарымен тіркесе береді және белгілі бір сөзді меңгеретін қасиеті жоқ.

Көсемше тудыратын қосымшалар:

-ып, -іп, -п қосымшалары: *жарасып барып, әндептіп келіп, желдептіп алып, қарайласып барып*, т.б. сияқты көсемше формасын тудырады.

Н. Оралбаева аталған қосымшаның негізгі қимылдың жасалу себебін білдіруі (*алайын деп келді*), қимылдың қалай жасалғанының сын бейнесін білдіруі (*бадырайып қарады*), негізгі қимылмен қатар болатын жанама қимылды білдіруі (*сабындан жуу*), т.б. сияқты қызметтерде тұратынын және мағыналық құбылударын көрсетеді.

-а, -е, -й жүрнағы негізгі етістікке жанама жасалатын қимылды білдіретін көсемше тұлғасын тудырады: *шалқалай күлді, айттай үқты*, т.б.

-ғалы, -гелі жүрнағы басынқы қимылдың жасалу мақсатын білдіретін көсемше тұлғасын тудырады: *Дәрістегі ойын әрі қарай сабақтағысы келді*.

-ғанша, -генше, -қанша, -кенше жүрнағы арқылы туындаған көсемше негізгі қимылмен қатар орындалатын немесе бұрын орындалатын қимыл-әрекетті білдіреді: *аяқтаганша тынықпа, бітіргенше тоқтама*, т.б.

-майынша, -мейінше, -байынша, -бейінше, -пайынша, -пейінше жүрнағын А. Ысқақов *-ғанша* жүрнағының болымсыз түріне жатқызса, Н. Оралбаева **-ғанша** мен **-ғайынша** жүрнағының мағыналастығын тани келе, бірі болымды, бірі болым-

сыз мағынаны білдіреді деп ұғындырады. Мысалы: *Айтқаның келмейінше, унде*.

§ 4.12. Етістік райлары

Рай категориясын А. Ысқақов грамматикалық модальдылық реңкпен, модальдылық категориясымен сабактастықта қарастырады: «Адам сөйлегендеге я жазғанда белгілі бір жайт туралы жалаң хабар беріп қана қоймайды, соған қатысты өзінше түйген көзқарасын, көңіл қошын, ой құбылысын да қоса білдіріп отырады. Өйткені ондайда көңіл, ой құбылысы арқылы айтылатын хабардың анықтығы, танықтығы, күдіктілігі, күңгірттігі, күмәнділігі, болжалдығы, жорамалдылығы, ықтияттылығы, тыңғылықтылығы, үстіртіндігі, шалағайлышы, орындылығы, мүмкіндігі, ықтималдылығы... тәрізді жай-жапсарлар да, сондай-ақ аяныш, жалыныш, қуаныш, реніш, жиреніш, өкініш ... сияқты көңіл күйі жайлары да аңғартылып отырады. Сөйлеушінің я жазушының көңіл қошының осындай сөттері **модальдылық (арайлық) реңк** деп аталады. ...модальдылық категориясының көптеген мағыналары морфологиялық дәнекерлер арқылы, солардың ішінде көбінесе етістіктің рай формалары арқылы жасалатындықтан, бұл мәселе морфологияда да қаралады» (А. Ысқақов Қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 310-б.).

Рай категориясының мазмұны, білдіретін мағынасы синтаксистен нақты аңғарылады, соған орай модальдылық мазмұн сөйлем ішінде тез де жеңіл айқындалады және талдау жасалғанда сөйлемге байланыстырыла отырып жасалады.

Модальдылық категориясының (жеке-жеке модальдық мағынадан құралады) етістік формалары арқылы берілетін түрі ***етістіктің райы*** деп аталады.

Қазақ тіліндегі етістіктің райларын **А. Ысқақов ашық** (негізгі) және **негайбыл** (жәрдемші) рай деген екі негізгі түрге бөледі.

§ 4.12.1. Ашық рай

Ашық райды А. Ысқақов индикативтің грамматикалық көрсеткіші деп санайды. Өйткені индикатив формалары ақиқат дүние мен реальды құбылыстарға байланысты, адам ырқынан тыс объективті себептер мен құбылыстардан келіп туындайтын модальдылық мағынаны білдіреді. Рай категориясы қимыл, қозғалыс, іс-әрекетке тән категория болғандықтан, ал қозғалыс пен қимылдың уақыты, орындалатын я орындалуға тиісті мерзімі, шағы, өтетін мезгілі болатындықтан, шақ категориясымен байланысты. Шақ тек ашық райды болады. Сондықтан ашық райдың негізгі сипаты және ерекшелігі шақты, шақтың сан түрлі мәндерін, реңктерін білдіру болып табылады.

Ескерту: «Ашық рай – қимыл, іс-әрекет үш шақтың (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) бірінде болу-болмаудың білдіретін рай түрі. Демек, ашық райдың басты семантикалық ерекшелігі қимыл, іс-әрекеттің объективті шындыққа қатысты болу-болмаудың сойлем тұрған сәтпен (шақпен) байланысты (өтіп кеткенін, өтіп жатқанын, әлі өтпегенін, бірақ өтетінін) сипатын білдіру, сөйтіп, ашық рай, бір жағынан, етістіктің рай категориясының бір түрі болса, екінші жағынан, бір өзі етістіктің шақ категориясын құрайды. Осыған байланысты райдың басқа түрлерінен айырмашилығы тікелей ашық рай жасаудың арнауы қосымшалары жоқ болып келеді. Демек, шақ категориясы дегеніміз екінші жағынан ашық рай еken де, енді ашық райдың сипаты шақ категориясы мен оның түрлері шеңберінде қарастырылады» (Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 303 б. – 194-б.).

Ашық райдың шақпен байланыстылығы туралы айтқан пікірлерде ортақ ой бар.

Сонымен, ашық рай амал-әрекеттің өткенде болғанын, қазір болып жатқанын және болашақта болу-болмаудың білдіретін етістіктің шақпен байланысты грамматикалық категориясы дейміз.

§ 4.12.2. Бұйрық рай

Айтушының басқа бір адамды (орындаушыны) іс-әрекет жасауда қозғау салуы, итермелейі, бұйыруы немесе, керісінше, іс-

әрекетті орындауға, істемеуге, тыйым салу сияқты мағыналарын білдіретін етістік райының түрі – бұйрық рай.

Яғни, бұйыру бұйрық райлы етістіктің бірден бір жалқы мағынасы болып табылмайды. Бірақ аталған райға беріліп жүрген анықтамалар тек бұйыру мәніне қатысты қалыптасқаны байқалады.

Ескерту: *Түркологиялық еңбектерде кейбір ғалымдар жеке бұйрық райдың барына күмәнмен қарай отырып, бұйрық-қалау райы бар деген пікір білдіреді.*

Бұйрықтың жақта қатысы туралы С. Исаев: «Бұйрықтың мән 2-жақта байланысты болып отырады.

Ал 3-жақта бұйрықтың мағына солғындалп, тілек (бұйрық пен тілек), өтініш (бұйрық пен өтініш) мәні байқалып отырады. Мысалы, *Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез* (Абай).

1-жақта бұйрықтың мағынадан гөрі ниет, тілек мәні басым болады, өйткені онда (сөйлеуші) өзіне-өзі бұйырмайды, бұйрық бермейді ғой. Соған қарап 1-жақты, кейде тіпті 3-жақты да, бұйрық рай шенберінен шығару керек деген пікір жоқ емес» (Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 303 б. – 196-б.).

Бұйрық райдың 2-жағы түбір тұлғамен ұқсас, бірақ түбір емес, нөлдік форма.

Ескерту: «Бұйрық рай формасының 2-жак жекеше түріне ертеде -ың, -иң, -ң қосымшасы жалғанған. Мұны бұйрық райдың 2-жақ сипаты түріндегі және екінші жақ көпше түрінің құрамындағы -ың, -иң, -ң қосымшасы (ал-ың-дар, ал-ың-ыз) дәлелдей алады. Сонымен қатар өзбек тілінде қазірде де 2-жак бұйрық райға -ың, -иң, -ң морфемасы жалғанып айтылады» (М.И.-ҚҚТ, 153).

§ 4.12.3. Шартты рай

Қимыл-әрекеттің орындалу шартын білдіріп, -са, -се қосымшасы жалғану арқылы жасалатын рай түрі.

Шартты рай тұлғасындағы етістік үнемі шарттылық мәнін білдірмейді.

Ескертуу: Кейде шартты рай тұлғалы етістік мезгіл багыныңқы сөйлемнің немесе да, де шылауымен тіркесіп қарсылықты багыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметінде жұмсалады: **Шіркін, биыл оқуга түссем!**

Бұнымен бірге шартты райлы етістік жіктеліп келіп **гой, еді, екен, етті (ма, ме)** сұраулық шылау сияқты көмекші сөздермен тіркесіп, сөйлемді аяқтайды және сөйлеушінің тілек-арманын, өтініш-өкінішін, болжам, ниетін білдіреді: *бар-са-м екен, сөйле-се-ң етті*, т.б. (С. Исаев, 197-б.).

Шартты райлы етістік *игі еді* сөздерімен тіркесіп, қалау рай да жасайды: *бар-са игі еді*.

§ 4.12.4. Қалау рай

Сөйлеушінің қымыл-әрекетті орындауға яки орындамауға қалау, тілек, ниет, ынтасын білдіретін рай түрі. Қалау райға байланысты мынадай ерекшеліктерді білу керек:

1. Кейде сөйлемде қалау рай конструкциялы тіркестің ілік септігіндегі сөздің септік жалғауы түсіп қалып та жұмсалады, бірақ ілік септік тұлғасындағы сөз логикалық субъект болғанымен, грамматикалық субъект болып таныла бермейді. Бұл ауызекі сөйлеу тілінің әсері болу керек.

2. Етістік түбіріне -ғай, -гей, -қай, -кей қосымшаларының үстелуі арқылы және осы тұлғаға *еді* көмекші етістігі тіркесуі арқылы немесе шартты рай тұлғалы етістікке *игі, екен* сөздерінің тіркесуі арқылы да тілек мәнді қалау рай жасалады. Мен *бар-гай-мын, бар-гай едім, бар-са игі еді*.

§ 4.13. Шақ категориясы

Қымыл, іс-әрекеттің сөйлеу кезіне байланысты өтіп кеткенін, болып жатқанын немесе алда болатынын білдіріп, белгілі бір грамматикалық қосымшалар мен белгілі бір тәсілдер арқылы жасалатын етістіктің категориясы шақ категориясы деп аталады.

Шақтың үш түрі бар: өткен шақ, келер шақ, осы шақ.

§ 4.13.1. Осы шақ

Осы шақ сөйлеу кезіндегі әс-ірекеттің, қимылдың болып жатқанын, сол сәтінде өтіп жатқанын білдіреді. Басқа шақ тұрлеріне қарағанда осы шақ *отыр*, *тұр*, *жатыр*, *жүр* қалып етістіктерінің негізгі етістік мәнінде жұмсалуынан немесе негізгі етістіктің көсемше тұлғасына (-а, -е, -й, -ып, -іп, -п) қалып етістіктерінің көмекші етістік мәнінде тіркесуінен жасалады:

мен отыр-мын, сен отыр-сың, ол отыр; біз отыр-мыз, сендер отырсың-дар, олар отыр.

Ескерту: Процессуалдық мәнді білдіретін әсіресе баспасөз тілінде 3-жақта жиі қолданылып жүрген -уда, -уде тұлғасы (жатыс септік-тегі тұйық етістіктің баяндауыш қызметінде келуі) да осы шақтың грамматикалық көрсеткіші деп беріліп жүр

Бірақ -да, -де формалы тұйық етістіктер осы шақты білдіргендеге, дәл сөйлеу үстінде болып жатқан іс-әрекетті білдірмейді. Сөйлем тұрған уақыттан бұрын басталған, қазірде де болып жатқан, яғни жалпы осы кездерде процесі тоқталмаған іс-әрекетті білдіреді (С. Исаев, аталған еңбек, 1998. – 200-б.).

А. Ысқақов осы шақтың тағы бір түрін негайбыл (ирреалды) осы шақ деп көрсетеді. Бұл арада негізгі етістік көсемшенің -галы, -гелі, -қалы, -келі тұлғасынан немесе **-айын, -ейін, -йын, -йін** тұлғаларынан жасалып, оған *отыр*, *тұр*, *жүр*, *жатыр* қалып етістіктері жіктеліп тіркесуі арқылы жасалады: *айтқалы тұр*, *жүргелі отыр*, т.б.

Ескерте кету керек, А. Ысқақовтың осы ойымен С. Исаев келіспейді. Өйткені іс-әрекет орындалып, болып жатқан жоқ тек орындау, істеу ниеті ғана бар.

§ 4.13.2. Өткен шақ

Сөйлем тұрған кезде іс-әрекеттің орындалып қойғаны, өтіп кеткені өткен шақ арқылы жеткізіледі.

Өткен шақтың **жедел өткен шақ**, **бұрынғы өткен шақ**, **аудиспалы өткен шақ** деген тұрлері бар. Өткен шақтың тұрлері:

1. Анық айғақты өткен шақ:

- а) -ды, -ді, -ты, -ті;
- ә) -ған, -ген, -қан, -кен;
- б) -атын, -етін, -йын, -йтін;
- в) -ып еді, -іп еді, -п еді;
- г) -ған еді, -қан еді, -кен еді;
- ғ) -ушы еді, -уші еді;
- д) тұр еді, жүр еді, жатыр еді, тұр еді.

2. Танық (айғақсыз) өткен шақ:

- а) -ып, -іп, -п – ған екен; -қан екен, -кен екен;
- б) -а -да екен, -е -ді екен, -й -ды екен, -й -ді екен.

3. Негайбыл (ауыспалы) өткен шақ:

- а) -ар еді, -ер еді, -р еді;
- ә) -мақ еді, -бақ еді, -бек еді, -пақ еді, -пек еді;
- б) -гай еді, -қай еді, -кей еді;
- г) -са керек еді, -се керек еді;
- ғ) -са игі еді; -ар екен, -ер екен, -р екен;
- д) -са екен, -се екен;
- е) -са екен, -се екен;
- ж) -йын деп еді, -йін деп еді;
- з) -йын деген екен; -йін деген екен.

Ескерту: Негізгі етістік пен көмекші етістіктен тұратын және екеуіндегі шақ көрсеткіші еki түрлі (негізгі етістік келер шақ, көмекші етістік өткен шақ) тұлғада келетін, мысалы, бар-мақ еді (бол-ды, болған), ал-ғай еді, т.б. Етістіктердің қай шаққа жарататынын айқындау оңай емес. Әңгіме негізгі етістік білдіретін қимыл, іс-әрекет болса (бару, алу) әлі орындалмаганын (келер шақ мәнін) білдіреді, ал әңгіме сол амал, ниеттің ойға алынуы (модальдылық) болса, (еді, болды, болған) онда ол ниеттің басталып кеткенін білдіреді (С. Исаев, 1998, 202-б.).

§ 4.13.3. Келер шақ

Іс-әрекеттің әлі болмaganын, сойлеу кезінен кейінгі сәтте орындалатынын білдіретін шақ түрі келер шақ деп аталады.

Келер шақтың **болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ** деген түрлері бар.

Болжалды келер шақ: етістік тұбірге есімшениң -ар, -ер, -р болымсыз түрінен кейін -с қосымшасы қосылу арқылы жасалады: жүр-ер-сіз, біл-ер-сіз, қайтар-қайтпас, т.б.

Мақсатты келер шақ:

Етістік тұбірге -мақ, -мек, -пақ, -пек қосымшасы жалғану арқылы жасалады, ал болымсыз түрі аталғандай қосымшасы бар етістікке *емес* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады: *айт-пақ, айт-пақ емес*.

Ауыспалы келер шақ -а, -е, -й есімше тұлғалы келер шақ тұлғасында тұрып, жіктеледі: *мен айт-а-мын, айт-ар-мын, айт-атын-сың, сен айт-а-сың, сен айт-ар-сың, ол-айтты*, т.б.

Семинар сабактарында орындалатын жаттығулар

1-жаттығу. *Мәтіннен дара етістіктерді тауып, сөз құрамына, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне салынып талдау жасаңыз.*

Бархан отардың соңынан қырық екінші размерлі керзі етігін сипырып тастап, жас балаша жалаң аяқ безектеп барады. Бұдан отыз жыл бұрын он бес жасында дәл осылай құм кешіп жүгіріп еді... отыз жыл бұрын (Ш. Мұртаза). Ат баспаймын деген жерін үш басады. Ер көрмеймін деген жерін үш көреді. Ер егіз, еңбекте жалғыз. Екі ауру бір келсе, ажалың жеткені, Екі борыш бір келсе,abyrojың кеткені. Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарап. Елу жылда – ел жаңа. Мың адам салған көпірді, Бір адам бұзады. Бір адамның жаққан отына, Он адам жылынады. Жүйріктің жүзден бірі, Тұлпардың мыннан бірі озар (Мақал-мәтелдер). Шетелден келген профессор өз лекциясын екі жарым сағат бойы оқыды. Лекциясының алғашқы ширегі проблемалық мәселелер төңірегінде болды (Қазақ әдебиеті газеті).

2-жаттығу. *Мәтіннен аналитикалық етістіктерді тауып, қандай аналитикалық формант арқылы жасалғанын айқындаңыздар.*

Қалбағай отыз жастардың шамасына келген кең жауырынды, дөңгелек денелі, өзгеден ерекше біткен жүрегі бар, шоқша сақалды қара жігіт еді. Соғыстағы шапшаңдық, мықтылықтың


үстіне, бұл қыстығұні ат құлағы көрінбейтін боранда, айсыз қараңғы тұнде жылқының ішінен бір де бір күн қалмайтын (М. Әуезов). Күнінде өзім болдым деп, Кең пейілге таласпа (Асан қайғы). Мейлі, біздің класс жетекшіміз Майқанова мені жамандай берсін, сотқар деп ұрса берсін. Мен өзімнің көкейкесті арманымды, жанымның түкпірінде маздап жанған құпиямды Жанарға бір жөні келгенде ақтарып айтып берсем, менің кім екенімді ол таныр еді (Б. Соқпақбаев). Абай бар сөзді түгел айтып болсын дегендей, ұндеғен жоқ (М. Әуезов). Беріліп барлық ынтамен, Күллі халық сеніп тұр (Жамбыл). Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақыт қыңқ етіп, ауырсынған дыбысын шығарған жоқ (М. Әуезов).

3-жаттығу. *a) Сөйлемдерден бірбүтін тұлға ретінде берілген түбір морфемаларды тауып, жасалу ерекшелігіне сай төмендегі кесте бойынша талдау жасаңыздар.*

ә) Мәтінде берілген сөздердің түбірінен грамматикалық формаларын бөліп алып, сөз табына қатыстырын анықтаңыздар.

Қасында сонау түптен ерте шыққан Күреңкөз қожа, жылтыр Омар, Нысаналы ақын, Жұмабек төре, Боздақ би, Үбірай, жетім болса да ерке жиен Сейіт бар. Игілік қазір тізіліп жатқан жаңа үйінің сыртында отыр. Ерінің бір ескерткенін ендігәрі қайталатпауға дағдыланған сылаң тоқал Айғанша қысыр жыландай жүйткіп жүр. Кілем-көрпе тәсеулі, күмістеткен сары ала тегене сапырулы, керектінің бәрі бар, артық ештеңе жоқ. Көшіп шыққаннан бергі он екі күннің ішінде биден бір хабар алмаса да, дәл бүгін осы арадан кездесетінін білгендей, Айғанша бәрін бапты ұстапты (Ғ. Мұсірепов).

Ақ шоқыда туған өлең, өлең мен ән, сан салалы жырлар көшіріліп жатталып, әуендең, толқып тарап жатты. Алуан сырлы жаңа сөз Арқаның қоңыр желіндегі жай жылжып, бірақ кең жайылып тарады. Бұл атырап, бұл сахара бұрын естімеген сарын есті. Ғасырлар бойы жұмбақтай үнсіз сұрақпен мелшиіп, мұлгіп тұрған далаға жел қанатымен жырдай жауап есті: Игі желдей... Жыл жетерін білдіретін көктем желіндегі есті... (М. Әуезов).



4-жаттығу. Сөйлемдерден етістікке тән грамматикалық категорияларды айқындаңыздар. Категориялық-грамматикалық мағынасына сипаттама беріңіздер, грамматикалық мағыналардың жасалу жолдарын анықтаңыздар.

Осы кісіде бір оқшау мінез бар секілді. Университеттен шыққалы өкшелеп еріп қасында келе жатып мен соны аңғардым (З. Қабдолов). Ақылды, парасатты адамдар аз емес өмірде. Оңашада әлгілердің барлығы тайсалмай сөйлейді, ақылы жеткен жерге дейін әділ болуға, тек ақиқатты айтуға тырысады. Осы қаланың тұрғындары ауқатты тұрады, олар баю жолында бірбіrine көмектесуге тырысады. Олар ұрлықты күн көру үшін емес тек жеке басын байыту үшін жасайды. Жүзге тарта жылқының арасынан суырылып шықты (Ш. Мұртаза). Бурабай өлкесі де көрген сайын бұрын аңғармаған яки ұғылмаған жаңа сұлулықтар байқатып, өз бойынан сарқылмас әсемдік шығарады (М. Иманжанов). Сэтжан ителгі үйрек алғаннан бері өзіне де бұрынғысынан өзгеше тәрізді (С. Бақбергенов).

СОӘЖ тапсырмалары

1. Түрколог ғалымдардың еңбектеріндегі етістікке тән көзқарастарға шолу жасаңыз. Қазақ тіл білімінде етістіктерді арнайы зерттеген ғалымдардың зерттеулеріне тоқталыңыз. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктерге берілген анықтамалармен салыстырыңыз.
2. Орхон-Енисей жазбаларында кездесетін күрделі етістіктердің ерекшеліктері қандай? Күрделі етістіктер деген категорияның күрделі сөздерге қатысы бар ма? Себебін түсіндіріңіз. Күрделі етістіктерге қатысты айтылған пікірлерге анализ жасаңыз.
3. Қазақ тіл білімінде етістіктің лексика-семантикалық топтары жайында пікір айтқан А. Байтұрсынов, Ы. Маманов, А. Ысқақов.

- С. Аманжолов, А. Хасенова, Ә. Болғанбаев, М. Оразов, Н. Оралбаева, т.б. ғалымдардың еңбектеріне шолу жасаңыз. Аталған ғалымдар етістіктерді семантикалық ерекшеліктеріне қарай қандай топтарға бөлді? Жеке-жеке тоқталыңыз.
4. Қазақ тіліндегі аналитикалық етістіктерді кімдер зерттеді? Аналитикалық форманттардың пайдаболуы, дамуы, тілдегі қа-зіргі көрінісі қандай? Аналитизм құбылысының зерттелуіне тоқталыңыз.
 5. Аналитикалық құрылым («аналитическая конструкция») мәселе-лесі туралы қандай тұжырымдар бар. Жеке-жеке тоқталыңыз.
 6. Профессор Н. Оралбаеваның аналитикалық форманттар тура-лы пікіріне тоқталыңыз. Жасалу тәсілдеріне нақты мысалдар арқылы талдау жасаңыз.
 7. ...*кетіп қала қойғым келіп еді*. Осы аналитикалық формалы етіс-тікте қанша аналитикалық формант бар. Осындай құрылымдарға мысалдар келтіріп, себебін түсіндіріңіздер.
 8. А.А. Юлдашев «Аналитические формы глагола в тюркских языках» деген монографиясында аналитикалық формалардың түзілуіндегі көмекші етістіктердің қызметі мен мағынасына қатысты қандай талдаулар жасайды? Себебін түсіндіріңіз.
 9. Етістікке тән грамматикалық категорииларды атап беріңіз. Салтжәне сабактылық категориясының ерекшеліктері қандай? Өздік, ырықсыз, өзгелік етіс мағыналары салт және сабакты етістіктердің грамматикалық формаларына әсер ете алады ма? Себебін түсіндіріңіз.
 10. А.М. Щербак ұсынған *медиальды-ырықсыздық (медиапассив); медиальды; өзіндік ырықсыздық; жақсыз ырықсыздықтың* ерекшеліктері қандай?
 11. Есімшенің етістікке тән категориилардан өзгешелігі қандай? Есімше мен көсемшенің етістіктің аналитикалық форматын жасаудағы ерекшелігіне нақты мысалдар арқылы талдау жа-саңыз.
 12. Есім негізді етістіктер. Есімдерден етістік тудыратын жүр-нақтардың ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы айқын-даңыз.
 13. Қазақ тіліндегі етістіктің райлары туралы ғалымдардың пікір-леріне тоқталыңыз. Рай түрлерін бөлудегі негізгі тұжырымдарын атап беріңіз.
 14. Қазақ тіліндегі шақ категориясы, түрлері, процессуалдық мәнді білдірудегі шақ категориясының қызметіне тоқталыңыз.

Тест тапсырмалары**Етістіктің күрделілігі мен қарымдылығы:**

- A) аса өрісті лексика-семантикалық сипатымен тығыз байланысты
- B) жалғаулармен түрлену ерекшелігіне байланысты
- C) бай лексика-грамматикалық формаларымен тығыз байланысты
- D) заттың сындық-сапалық қасиетін білдіруімен тығыз байланысты
- E) синтаксистік қызметімен тығыз байланысты
- F) қимылдың мезгілдік, мекендік мағыналарын білдіруіне байланысты
- G) қимылдың, сынның кемдік, теңдік дәрежесін білдіруімен байланысты
- H) қимылдың сапасын, тәсілін, бейнесін білдіруімен байланысты

Қимыл-қозғалыс етістіктері:

- A) жарқыра, күркіре
- B) ауна, аудар
- C) бар, кел
- D) босат, көтер
- E) зыт, домала
- F) қуан, жыла
- G) сыз, өлше
- H) қаш, секір

Ойлау-сөйлеу етістіктері:

- A) айт, сөйле
- B) күл, өкін
- C) де, ескер
- D) өс, өн
- E) жатта, ойла
- F) ки, шеш
- G) әпер, әкет
- H) жантай, тұр

Есім негізді етістіктер:

- A) жұдырықта, өрле

- B) жүгір, секір
- C) ашулан, көмектес
- D) бар, кел
- E) айтқыз, кіріс
- F) сабала, кел
- G) жуын, таран
- H) сына, тазар

Аналитикалық етістіктер:

- A) бара сал, келе сал
- B) әпер, әкел
- C) барды, келді
- D) барса екен, келсе екен
- E) бармады, келмеді
- F) барғысы келді, келгісі келеді
- G) бармақ, келмек
- H) баратын, келетін

Құранды етістіктер:

- A) жәрдем ет
- B) ала сал
- C) қызмет жаса
- D) әкел
- E) көмек көрсет
- F) апар
- G) төбе шашы тік тұру
- H) төбесі көкке екі елі жетпеу

Аналитикалық тәсіл:

- A) морфологиялық амалға негізделеді
- B) қосымшалар арқылы жасалады
- C) жалғаулар арқылы жасалады
- D) сөз тудыратын жұрнақтар арқылы
- E) сөз түрлендіретін жұрнақтар
- F) синтаксистік амалға негізделеді
- G) сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы жасалады
- H) көмекші сөздердің көмегі арқылы грамматикалық мағынаны жеткізудің күрделі формасы бола алады

Етістік категориялары:

- A) көптік
- B) септік
- C) тәуелдік
- D) есімше
- E) сан-мөлшер
- F) етіс
- G) шырай
- H) рай

Тұынды тұбір салт етістіктер:

- A) күлімде, жымында
- B) ал, бер
- C) жолық, кішірей
- D) айт, оқы
- E) қайраттан, намыстан
- F) тес, түзе
- G) көзде, баянда
- H) сабында, сыйла

Салт етістікті сабақтыға айналдыратын етістік қосымшасы:

- A) -ыс
- B) -дай
- C) -дір
- D) -кіз
- E) -ген
- F) -тір
- G) -а
- H) -іп

Тіркес құрамында сын есімнің қасиеттерін көрсететін етістік қосымшасы:

- A) -ған, -ген
- B) -ып, -іп
- C) -мак, -мек
- D) -а, -е
- E) -ғалы, -гелі
- F) -ыс, -іс

- G) -қыз, -гіз
 H) -атын, -етін

Модальдылық категориясының етістік формалары арқылы берілетін түрі:

- A) болымдылық
 B) салттылық
 C) етіс
 D) шартты рай
 E) болымсыздық
 F) қалау рай
 G) ашық рай
 H) сабактылық

Іс-әрекеттің әлі болмағанын, сөйлеу кезінен кейінгі сәтте орындалатынын білдіретін шақ түрі:

- A) жедел өткен шақ
 B) болжалды келер шақ
 C) танық өткен шақ
 D) мақсатты келер шақ
 E) неғайбыл осы шақ
 F) бұрынғы өткен шақ
 G) ауыспалы келер шақ
 H) ауыспалы осы шақ

Етістіктің аналитикалық форманты дегеніміз:

- A) жетекші етістікке қосылып айтылатын қосымшалар мен көмекші етістіктерден құралатын формант
 B) жетекші етістікті қажет етпейтін формант
 C) етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясына қатысты мағынаны білдіретін формант
 D) көмекші етістіктерді қажет етпейтін формант
 E) арнайы морфологиялық көрсеткіштері болатын формант
 F) әртүрлі өз таптарына ортақ болатын формант
 G) есім сөздерге тән грамматикалық категорияларды қажет ететін формант
 H) сөз тудыруши қосымшаларды қажет ететін формант

§5 | ҮСТЕУ

Басқа сөздардың сияқты өз алдына жеке грамматикалық категория болып сарапланғанда үстеудің де лексика-семантикалық бірлігі, морфологиялық және синтакстік қызметтерінің біртектестігі байқалатындықтан, өзіндік мағыналық, тұлғалық, қызметтік ерекшелігі бар.

Ескерту: Үстеулердің сөз түрлендіретін релятивтік формалары болмайды, оның себебі – тиісті қосымшалар арқылы туынды сөздер ретінде өзге сөз таптарынан аудысып келгендейінде.

Атаушы сөздер әртүрлі сипаттарына қарай әрқылы лексика-семантикалық топтарға бөлінеді. Кейбір ғылыми еңбектерде атаушы сөздерді атаушы есімдер және үстеуші есімдер деп екіге бөледі.

Кейбір үстеу сөздер басқа сөздердің мағынасын толықтырып, үстемелеп тұрғандықтан, үстеулердің қатарына жатады. Мәселен, «әрең келдім» дегендегі «әрең»-ді айтпаса да адамның бір жерге келгені, жеткені көрініп тұр, бірақ қалай жеткенін «әрең» сөзі көрсетіп, нақтылай алады.

Үстеулердің зерттелуі мен қалыптасу тарихына қарағанда, И.И. Мещанинов үстеулер алғашында бөлек сөз табы болмаған, олардың қызметін түрлі септеулер атқарған, кейіннен осы септеулер үстеу болып орнығып қалған деген көзқарасын білдіреді.

*Ескерту: Бұл пікірдің шындыққа жсанасымдығы қазіргі қазақ тіліндеңі жатыс, шығыс, көмектес, кейде барыс септіктері үстеудің қызметін атқара беретіндігінен байқалады. Ал кейбір сөздер септеу формасында тұрғандай көрінгенмен, үстеу болып қалыптасып кеткен: **күнде, мұнда,***

зорға, сонымен, т.б. Мысалдардағы -де, -га, -мен септік жалғаулары болып қолданылмайды, сөздің түбірінен кірігіп кеткен, яғни осы күйінде бұл сөздер түбір болып саналады.

Қазақ тіл білімінде ұстеуге берілген анықтамалар А. Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» еңбегіндегі ұстеуге берілген анықтамадан басталады:

«Ұстеу дейміз – сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшету үшін айтылатын сөздер». Мәселен, «тым жақсы», «он есе», «тап өзі», «әрең келдім», «уа ғайри сондай». Ұстеудің сұрақтары:

- «Қалай?», – «тым жақсы»;
- «Қанша?» – «он есе»;
- «Қайсысы?» – «тап өзі»;
- «Қайттің?» – «әрең келдім».

Ғалымның пікірінше, қазақ тілінде түпкі ұстеу сөздер тіпті аз. Көбінесе ұстеу мағынасында басқа есімдерден, есімдіктен, етістіктен шыққан сөздер жүреді.

Ескерту: A. Байтұрсыновтың айтып отырган түпкі ұстеулері – қазіргі қазақ тіліндегі негізгі ұстеулер.

A. Байтұрсынұлы түпкі ұстеу түрлерін белайша көрсетеді: *Сан есім һәм есімді күшетуші ұстеулердің жай ұстеу дейміз, олар мынау: әбден, тым, тіпті, қас, сірә, есе, тап, нақ, нағыз, әрең, дәл, дөп, дәйім, әрі, бері, бұрын, енді, мына, әні, міне, ең, ылғи, таман, сайын, әлі, жория, жортса, дік.*

Ұстеу сөз де, туынды ұстеу сөз де, ұстеу орнындағы басқа сөз де – бәрі сұрауына қарай айырылады. Жекелеген сөздердің ұстеу болатынын, яки ұстеудің орнына жүретін төлеу сөз екенін сұрауларына қарай айыруға болады. Ол сұраулар: **Қалай? Қашан?** **Қайда?** түрінде келеді.

1944 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» ұстеуге мынадай сөздерді жатқызады: *ақырын, жылдам, тез, төмен, бүгін, жоғары, былай, солай, осылай, ертең, кешке, асығыс, әрең, зады* етістік сөздердің амалын, мезгілін, заттың белгісін

білдіреді. Мысалы: *Мұса тез жазады, Ақаш қаладан кеше келді* десек, мұндағы **тез, кеше** деген сөздер **жазады, келді** деген етістік сөздердің амалын, мезгілін білдіріп, **қалай, қашан** деген сұрауға жауап болып тұр. Истің қимылдың – етістіктің амалын, мезгілін, мекенін білдіріп, қалай, қайтіп, қашан, қайда, қайдан деген сұрауларға жауап беретін сөздерді ұстеу болады» (Бегалиев Ф., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1944. – 142-143-б.).

Ұстеудің ең толық сипаттамасын жасаған ғалым А. Ысқақов болды. Ол: «Ұстеу сөздер заттың әр қимылы мен ісінің әртүрлі сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік күй-жайларын және сынның белгісін білдіреді, екінші сөзben айтқанда, олар баяндауыштың алуан түрлі белгілерін білдіреді. Ал қимылдық белгілері тек ұстеулер арқылы ғана берілмейді, пысықтауыш мүше ретінде қолданылатын басқа есім сөздер мен етістік формалары арқылы да білдіріледі. Ұстеулер тек қимылдың белгілерін ғана білдіріп қоймайды, сөйлемдегі басқа сөздердің түрлі ара қатынастарын да білдіреді. Олардың кейбіреулері сын есімдерді немесе ұстеу сөздерді я күшету үшін, я бәсендету үшін қолданылады. Мысалы: *Амантай алда, Асқар сәл кейінірек келе жатыр. Мынау тіпті ұнамсыз іс екен* деген сөйлемдердегі **сәл** деген ұстеу сөз **кейінірек** деген ұстеуді, **тіпті** деген ұстеу **ұнамсыз** деген сын есімді айқындалп тұр. Сонымен ұстеу сөздер деп морфологиялық жағынан түрленбейтін (егер түрленсе, некен-саяқтан қана түрленетін), лексика-семантикалық жағынан өз алдына топ болып қалыптасып, негізінде сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздерді айтамыз. Қай сөз табы болса да, грамматикалық (морфологиялық) тұлғасына, мағыналық белгісіне және синтаксистік қызметіне қарай ажыратылатыны сияқты, ұстеулер де сол ерекшеліктеріне қарай айқындалады», – деп көрсетті (Ысқақов А. Қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1964. – 398 б. – 325-б.).

Қазіргі қазақ тілінде ұстеулер әр алуан сөз таптарынан құралып, өз алдына жеке сөз тобы болып қалыптасқан, ең алдымен оларға қатысты сөздердің жалпы категориялық мағынасы негізінде, яғни ол сөздердің бәрі қимыл мен сынның әртүрлі белгілерін білдіруіне байланысты топтасқан.

Ұстеудердің көбі түрленбейді, өйткені олар көне септік формалар қосылуынан жасалған сөздер: *бірге, босқа, текке, абайсыздан, лажсыздан, түнде, қырынан, кенеттен*, т.б. Морфологиялық тұлғасы жағынан олар белгілі бір формалардың көнеленуінен барып, өз алдына жеке лексикалық топқа бөлінген, сондықтан тарихи төркіні өзге сөз таптарымен төркіндес: **сонда, осында, бірде** сөздері – есімдіктерден бөлініп, қалыптасқан ұстеулер болса, *қайта, сүріне, жығыла, аз-аздап, жаста-жастана* сияқты сөздер етістік төркіндес ұстеулер. *Шалқасынан құлады, етпетінен жығылды, жүресінен отырды* тұлғалы ұстеулер шығыс септік түрлерінде ғана қолданылып, басқа септіктер формасы жалғап айтуға келмейді (Төлеуов Ә. Сөз таптары. – Алматы: Мектеп, 1982. – 124 б. – 108-109-б.).

Ұстеудің түрленуге икемсіздігі С. Исаев анықтамаларынан көрінеді. Қимылдың, іс-әрекеттің әртүрлі белгісін, амал-тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын білдіретін, ал сөйлемде қимыл, іс-әрекеттің, сын-сапаның әртүрлі белгілерін, сипатын, жайкүйін білдіретін, өзгертуге келмейтін, грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздерді ұстеуге жатқызады (Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы: «Қайнар» университеті, 1993. – 173 б. – 101-102-б.).

Ұстеулердің құрылышы мен құрамына қарай бөлгенде ғалымдар көзқарасында бірізділік жоқ. А. Ысқақов ұстеулерді тұлғасына қарай екі топқа бөледі:

- 1) негізгі ұстеулер;
- 2) туынды ұстеулер.

Негізгі ұстеулер қазіргі кезде морфемаларға бөлшектеуге келмейтін, тек белгілі бір формада қалыптасып, орнығып қалған сөздер, оларға: *әрең, азар (әзер), әдейі, жортта, қасақана, ұдайы, үнемі, дереу, шапшаң, бағана, қазір, енді, ілгері, жоғары, төмен*,

әрі, бері, кері, әрмен, бермен, ерте, кеш, нақ, дәл, нағыз, сәл, әнтек, тек, тым, тіпті, өте, аса, ең, т.б. Бұлар тарихи жағынан алғанда ерте кездерде әртүрлі формада көнеленіп қалыптасқан сөздер.

Негізгі үстеулердің ерекшеліктері:

1. Олардың көпшілігінен шырай формалары жасалады. Демек, оларға -рақ, -рек, -лау, -леу жүрнақтары жалғанады, олардың көпшілігінің алдынан аналитикалық тәсілмен шырай туғызытын *аса, тіпті, мейлінише, қабагат* сияқты күшейткіш үстеулер қолданыла береді. Мысалы: *бұрын – бұрынырақ, бұрындау, тым бұрын, әрі – әрірек, әрілеу, тым әрі*.

2. Негізгі үстеулердің кейбіреулери әдеттегідей қолданылумен қатар я қосарланып, я плеоназм жолымен қабаттасып қолданылады. Мысалы: *құр босқа, бекер босқа, құр әншетін, құр бекер, тектен-тек, бостан-бос, құрдан-құр*, т.б.

3. Негізгі үстеулерден қосымшалар арқылы да, қосарлану арқылы да, басқа сөздермен тіркесіп те туынды үстеулер жасалады: *әрең, әреңге, әрең-әрең, азар-азар, азар деп, ілгері-кейін, кейіннен, ендігәрі*, т.б.

Туынды үстеулер басқа сөз таптарынан түрлі қосымшалар арқылы, сөздердің бірігуі және қосарлану, тіркесу тәсілдері арқылы, сонымен бірге кейбір сөз тіркестерінің тұрақтануы арқылы жасалған (я үстеуге айналған) сөздер болып табылады.

Құрылышы мен құрамы жағынан **туынды үстеулер** екіге бөлінеді:

- а) жалаң туынды үстеулер;
- ә) күрделі туынды үстеулер.

Қосымшалар жалғану арқылы жасалған туынды үстеулер жалаң туынды үстеулер деп аталады, қанша қосымша жалғанғанмен сыртқы формасы бір сөз болып келеді.

Жалаң үстеулерді тудыратын жүрнақтар:

1. **-ша, -ше.** Негізгі және ең өнімді жүрнақ болып саналатын осы жүрнақтар көмегімен туындейтын жалаң туынды үстеулер: *құсша, аңша, адамша, көзіміше, балаша, бізше, оларша, өзініше*, т.б.

2. **-лай, -лей (-дай, -дей, -тай, -тей)** жүрнағы өнімді жүрнақ: *осылай, солай, бұлай, тірілей, шикілей, жастай, жібектей, күздей, қыстай*, т.б.

3. **-дайын, -дейін (-тайын, -тейін)** жүрнағы – өнімді құранды жүрнақ, -дай және -ын қосымшаларынан құралған: *тұлкідейін, бөрідейін, жорғадайын*, т.б.

4. **-шалық (-ша, -лық), шама (-ша, -ма)** жүрнақтары сілтеу есімдіктерінен үстеу жасайды: *осыншама, соншалық, оншалық, соншама, осыншалық, оншама*, т.б.

5. Құранды **-лап (-леп, -dap, -деп, -тап, -теп)** жүрнағы. Бұл қосымша етістік тудыратын **-ла (-ле, -да, -де, -та, -те)** қосымшасынан және көсемшениң **-п (-ып, -іп)** формасынан құралған күрделі жүрнақ. Мысалы: *ондап, жүзден*, т.б.

6. **-шылап, -шілеп** құранды жүрнағы (-шы, -лап) арқылы *сирышылап, итишілеп, қожсанасырышылап*, т.б. үстеулері жасалады.

7. **-майынша, -мейінше (-пайынша, -пейінше, -байынша, -бейінше)** күрделі қосымшасы арқылы *бармайынша, келмейінше, айтпайынша, бітпейінше, төзбейінше* үстеулері туындайды.

8. **-қары, -кери** жүрнағы санаулы ғана сөздерге жалғанатын өнімсіз, көне жүрнақ және осы құранды жүрнақ арқылы *iшкери, тысқары, ұшқары, сыртқары* үстеулері туындайды.

9. **-ын, -ін** жүрнағы диахронды тұрғыдан көмектес септігінің қосымшасы саналады, кейін жүрнақ ретінде қолданыла алмай, жалғаулық сипатын толық сактай алмай бірнеше үстеулерді тудыратын қосымшаға айналған: *қысын, жазын, жасырын, астыртын*, т.б.

10. **-сын, -сін** қосымшасының шығу төркіні анықталмаған, *ертеңгісін, кешкісін* үстеулері осы қосымшаның жалғануы арқылы жасалады.

Ескерту: *-дай, -ша, -ше* қосымшалары үстеуге айналған септеуге жатқызылады, өйткені олар өздері жалғанған сөзді міндетті түрде үстеуге айналдырады.

Күрделі туынды үстеулер деп я екі сөзден бірігіп, я қосарланып жасалған немесе кемі екі я одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалып, тілде тұрақталған үстеулер айтылады. Күрделі туынды үстеулер үш түрлі жолмен жасалады:

- а) сөздердің бірігуі арқылы;
 ә) сөздердің қосарлануы арқылы;
 б) сөздердің белгілі бір тіркестің құрамында тұрақталуы арқылы (Ысқақов А. Қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1964. – 398 б. – 325-331-б.).

1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» үстеулердің құрамы жағынан ғана емес, грамматикалық құрылышы жағынан да әртүрлі екені айтылып, оларды іштей негізгі түбір үстеулер және туынды түбір үстеулерге бөледі. Туынды түбір үстеулерді **жалаң** және **құрделі** деп жіктейді. Құрделі туынды үстеулерді **біріккен** және **қосарланған** үстеу сөздерге ажыратады. Олардың грамматикалық өзгерістерге енбейтін сөздердің қатарына жататыны айтылады (Қазақ тілінің грамматикасы. 1-бөлім. Морфология. – Алматы, 1967. – 263 б. – 210-211-б.).

Осы еңбекте үстеулердің морфологиялық ерекшеліктері атап, сөз табы ретінде қалыптасу ерекшелігі мен жасалу жолына қарай мынадай бөлініс жасалады:

1. Зат есімдерден жасалған үстеулер: *адамиша, ауызша, орысша, еркінише, жаздай, күздей, жастай, көйлекиен, жағусыз, бағусыз*, т.б.
2. Сын есімдерден жасалған үстеулер: *артықша, ескіше, әлгіде, ертеректе, бағыдан*, т.б.
3. Сан есімдерден жасалған үстеулер: *мыңдал, екеулен, жүзден, біраз, бес степ-ондал*, т.б.
4. Үстеулердің жасалуына **бұл, ол, осы, сол** сілтеу есімдіктері негіз болған *мұншама, сонша, соншалық, барыниша, осылай*, т.б. үстеулерді атауға болады.
5. Етістіктен жасалған үстеулер көсемшенің **-п, -а, -й** жүрнақтарының консервациялануы арқылы жасалады: *арнай, жортса, олердей, коріне, ентен, салғаннан, ара-тұра, іле-шала*, т.б.
6. Негізгі және туынды үстеулерден жасалған үстеу сөздерге **әзірише, бүгінше, биылша, кешкірім, әрі-бері, әрен-әрең, қазқатар**, т.б. жатады.

Дәл осы құрылышы мен құрамына қарай және жасалу тәсіліне қарай үстеулерді Ә. Төлеуов «Сөз таптары» атты еңбегінде *негізгі*

және синтетикалық, аналитикалық тәсілмен жасалған үстеулер деп үшке бөледі. Автор синтетикалық тәсілмен жасалған туынды үстеулердің екі түрлі жасалу жолын көрсетеді: *басқа сөз таптаратына жүрнақ қосылу* арқылы және *көнеленген септік жалғаулары* арқылы жасалған туынды үстеулер.

Аналитикалық тәсілмен жасалған үстеулер қосарлану, бірігу, ықшамдалу немесе қалыптасқан сөз тіркестері арқылы жасалады.

Бірігу және ықшамдалу жолымен жасалған үстеулер: *бұгін, был, таңертең, ендігәрі, беталды, бұратала, т.б.*

Қосарлану арқылы: *енді-енді, зорға-зорға, қолма-қол, үсті-үстіне, бірте-бірте*, т.б. (Алматы: Мектеп, 1982. – 124 б. – 109-111-б.)

1982 жылды жазылған тағы «Қазақ тілі» атты еңбектің авторы F. Әбуханов үстеулерді жасалу жолы мен морфологиялық құрылышы және құрамына қарай екіге бөледі: негізгі және туынды үстеулер. Дәл осылайша бөлу С. Исаевта кездеседі.

1993 жылғы жарық көрген «Қазақ тілі» деген еңбегінде С. Исаев үстеудің құрамдық түрін А. Ысқақовпен сәйкестендіре бөлініске салып, олардың **негізгі және туынды** түрін көрсетеді (102-103-б.).

Жарық көрген еңбектерге қарағанда, үстеулерді тұлғалық жағынан бөлуде барлық ғалымдардың бөлу принциптерінің ұқсастығы көрінеді.

Үстеулердің жасалу тәсіліне ерекше көніл бөлініп, онда үстеулердің жасалу тәсілі өзге сөз таптарының жасалу жүйесінен ерекше болып келетін, атап айтқанда, септік жалғаулары мен көсемшелік жүрнақтар қосылып, дербес мағыналы сөз болып қалыптасқан.

«Тарихи тұрғыдан қарағанда, септік жалғаулары көне (өлі) және қазіргі тілдегідей жаңа (тірі) септік болып, екі жікке бөлінеді. Осылардың ішіде септік жалғауларының алғашқы (көне) тобы тілдің даму тарихында ерте замандардың өзінде-ақ үстеулердің жеке сөз табы болып қалыптасуында келелі рөл атқарған. Ондай көне септік жалғаулары сан жағынан да, форма жағынан да онша көп емес және олар арқылы жасалған үстеулердің саны да шамалы. Мысалы, үстеулердің жасалуына себеп болған ондай көне

септік формаларына барыс септік жалғауы -қары (-ғары, -кери//гери), -ыра, -ір, -ын, -ін, -сін қосымшасы, -ман (-мен) қосымшасы жатады.

-қары//ғары, -кери//гери қосымшасы арқылы жасалған үстеулер сан жағынан аздығына қарамай тілімізде өте жиі қолданылады. Мысалы, *жоғары, тысқары*, т.б.

-ыра, -рі қосымшалары арқылы жасалған үстеулер: *соңыра, әрі, бері*, т.б.

-ын//ін қосымшасы көне көмектес септігінің көрсеткіші ретінде танылады, әрі жасалған сөздер де тым аз: *қысын, жазын, кейін, астыртын, бертін, үстіртін*.

-сын,-сін қосымшасының тегі анықталмаған, бірақ -ын//ін арқылы *ертеңгісін, кешкісін* сияқты мезгіл үстеулері жасалған.

-мен//ман қосымшасы арқылы *әрмен, бермен, төмен* сияқты үстеулер жасалған. Ғалымдардың айтуынша, мұндай сөздер *әрі таман, бері таман* сияқты сөз тіркестерінен ықшамдалған. «Бірақ **төмен** сөзінің құрылымы өзгеше. Осыған қарап -ман//мен барыс септігінің көне бір түрі емес пе деген ой келеді (Қазак тілінің грамматикасы, 1967).

Бұл аталған қосымшалар басында сөз байланыстыратын жалғаулық көрсеткіштер болса да, қазіргі кезде жалғаудан гөрі жүрнақ дәрежесіне ауысып кеткен: оларды тек тарихи тұрғыдан ғана жалғаулық деп атауға болады. Үстеулердің пайдада болуына негізгі себепкер болған бұлардан өзге де кейбір септік жалғаулары бар. Бірақ олар алғы көне жалғаулардай емес, қазақ тілінде бұгін де қолданылып жүрген актив формалар. Бұл жалғаулар жүрнақтық қасиет аз, бірақ олар белгілі бір жағдайда жалғаулық қасиеттен ауытқып кеткен формалар ретінде ұшырасады. Мысалға, *кешке, басынан, алдымен* сияқты сөздерді алсақ, осы сөздерде септік формалары жалғаулық қасиеттерін толық сақтап тұрмағандығы сезіледі. Егер **кешке** сөзіндегі барыс септік жалғауы **-ке** өз мағынасында болса, қимылдың бағытын білдірген болар еді.

Үстеулердің бұлайша қалыптасуында мындаған заңдылықтар бар: ең алдымен, белгілі бір сөз таптарына тән жеке сөздер

кейір септік жалғауларын қабылдап, сол формада жиі қолданылу нәтижесінде өздерінің бастапқы нақтылы объективтік мағыналарынан алшақтайды, сөйтіп мағыналары басқа бір сөздер табына ауысады.

Сөз мағыналарының бұлайша дамуы, сөйтіп олардың басқа сөз таптарына ауысуы, әрине, бірден емес, ұзак уақыт бойы дамып қалыптасу себебінен туады: ондай жалғаулар бірте-бірте өздері жалғанған сөздерінің бөлінбейтін бөлшегіне айналып, әбден орнығып қалыптасады. Осы себепті жалғаулық қасиеттен біршама арылған ондай қосымшалар өзге сөздердің құранды бөлшегі дәрежесіне көшіп конверсияланған формалар есебінде келеді.

Осылайша форма жағынан соншалық көнеленіп, мағына жағынан әуелгі төркінінен әбден алшақтай келе, бастапқы сөз тобынан өзге сөздер табына ауысқан мұндай үстеулер форма жағынан ешбір өзгеріске енбейді, грамматикалық формалар арқылы түрленбейді. Сөздердің бұлайша белгілі бір сөз таптарынан екінші бір сөз таптарына ауысуы, біріншіден, морфологиямен тікелей байланысты болса, екіншіден, синтаксиспен де қатысты. Сол себепті жаңа сөздің бұлайша жасалу жолы тіл ғылымында *морфология-синтаксистік тәсіл* деп аталады.

Профессор Қ. Жұбановтың мынадай құнды пікірін келтіруге болады. *Күн ұзаққа* деген тіркес жайын сөз ете келе, ғалым ұзаққа сөзіндегі барыс септігі туралы былай дейді: «Направительный падеж в слове *ұзаққа* (в сочетании *күн ұзаққа*) напоминает традицию древних литературных языков Восточного Туркестана, для которых данный падеж в словах, указывающих на время совершения действия, был не исключением; а нормой». Бұдан әрі *кешке*, *жылына*, *күніге* деген сөздер де осы тұрғыдан қаралады.

Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулердің сипаттамасы етістікпен тіркесіп, пысықтауыштық қатынаста жұмсалуымен байланысты. Кейір үстеулер морфологиялық өзгеріске түсіп, субстантивтегі, яғни көптеледі, септеледі, тәуелденеді. Мысалы: «**Бұгінгіміз** – беймаза, **өткеніміз** өкініш пе?» (ЕҚ). **Бұгіндері** тек ыммен түсініседі (Ә. Тарази).

§ 5.1. Ұстеудің сөйлемдегі қызметі

Қазақ тілінде бірде ұстей, бірде септеулік шылау ретінде жүмсалатын *әрі*, *бері*, *әрмен*, *былай*, *кейін*, *соң*, *бұрын*, т.б. сияқты сөздер бар. Осы сөздер іс-әрекеттің мезгілдік, не мекендік-бағыттық, не сындық белгілерін білдіріп, ұстей болып, әртүрлі қызмет атқарады.

Негізінен, ұстей сөйлемде пысықтауыштық қызмет атқарады. Себебі мағыналық түрғыдан ұстей қимылдың әртүрлі сын-сипатын білдіреді.

Қорыта келгенде, ұстей құрамы жағынан әртүрлі сөздер болып келеді. Олар зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістіктен жасалған және сөздерге әр алуан сөз тудыратын қосымшалар қосылу арқылы жасалған сөздер, ал қосымшалар жеке сөздердің бөлінбес бөлшегіне айналып кеткендіктен, әбден көнеленіп, бұрынғы мағыналарынан алшақтаған. Ұстеулер делексикалану, лексикалану және грамматикалық тәсілдер негізінде пайда болған сөздердің тобы және морфологиялық жағынан түрленбейді.

§ 5.2. Ұстеудің мағыналық түрлері

Ұстеулер қимыл, іс-әрекеттің әртүрлі мекендік, мөлшерлік, сындық сипаттары мен мақсат, себептерін білдіреді. Мағыналық ерекшеліктеріне байланысты ұстеулер төмендегідей семантикалық топтарға бөлінеді: *мезгіл, мекен, мөлшер, сын-қимыл (бейне), күшетпелі, мақсат, себеп-салдар және топтау ұстеулері*.

Семинар сабактарында орындалатын жаттығулар

1-жаттығу. Сөйлемдерден *мөлшерлік, болжалдық, жинақтық, ортақтық* мағына беретіндерін сөздерді топтап жазыңыздар. Ұстейге қатысын айқындаңыздар.

Балаларым, баға жетпес байлығым, Ғұмырды жалғастырап ай-күнім... (Ғ. Мұстафин). Қыруар ақшаға қызыққан Үқылас Махамбеттің басын алуға оңай келісті (Т. Әлімқұлов). Қалың

елім, қазағым, қайран жұртый, Ұстарасыз аузыңа түсті-ау мұртың (Абай). Жасы тоқсандарға келген қарт Бұқар Абылайдың бұл шешімін қолдап, шешіле сөйлемді (Х. Сүйіншәлиев). Жазғытұры қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпыраар жердің жүзі, Жанжануар адамзат анталаса, Ата-анадай елжірер күннің көзі (Абай). Екеуміз де екі ананың гүліміз, Екі әкенің жарқыраған нұрымыз (Ел аузынан). Шапшаң қайнаған шай Абайлардың алдына жасалған кезде, киіз есік шалқасынан ашылып еді (М. Әуезов).

2-жаттығу. *Мәтінде берілген сөйлемдер құрамындағы сөздерден кейін қойылған көп нұктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, қай септік қосымшасы екенін анықтап, сөйлемді көширіп жасаңыздар. Үстегу қызметінде жұмсалған сөздерге сатылы талдау жасаңыздар.*

Тіл... арқасында біреу... біреу танып, бір халық екінші көрші халық... біліседі (Р. Ғамзатов). Тіл жүрек... айтқаны... көнсе, жалған шықпайды (Абай). Халық тілі... байлығы... игеру – зор талғам, парасат... тілейтін жұмыс (Ғ. Мұсірепов). Тіл... міндеті – ақыл... андауы... андағанынша, қиял... мензеуі... мензегенінше, көңіл... түйіні... түйгенінше жарau (А. Байтұрсынов). Әркім өз тілі... сөйлеу..., анасы... тua үйренген тілі... сөйлеу... тырысуы керек. Тіл дегеніміз қай халық... болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бұрсұгінгі де тағдыры (Б. Момышұлы). Ана тілі халық болып жасалған... бері жан дүниесі... айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі (Ж. Аймауытов). Шешен... тілі, шебер... бізі (Абай). Аузы құлып сандық..., Тұбі... келіп шын ашар (Мақал).

3-жаттығу. *Мәтіннен үстегу сөздерді табыңыздар. Магыналық топтарына бөліп, жасалу жолын айқындаңыздар.*

Бүгін олар тірі қаламыз деп ойлаған жоқ-ты. Теңізге шыққасын жұқа мұз шырт-шырт сынып, балықшылар бет-бетіне ығып кетті. Тоқымдай мұздың бірінен-біріне секіріп жүргендे Итжемес тайып теңізге құлады. Іштеріндегі тыңы Еламан ғана (Ә. Нұрпейісов). Қарлығашқа биыл көкжөтел тиіп, қатты

сырқаттанды (С. Садырбаев). Бұл кезде таң сібірлеп атып, Көкшетау жеріндегі сол мезгілде сапырылатын бұлт күншығыс жақ шығар күннің сәулесі қып-қызыл бол боялып, астан-кестең көшіп барады екен. Ақшоқыда туған өлең, өлең мен ән жатталағып, әуенге қосылып, кең атырапқа тарап жатты. Даланың қоңыр желіндей, жай сокқан самалындаі лұпіл толқып, тобықты жайллауларын түгел шарпып өтті. Сырттағы Керейге, ойдағы Уаққа, арқадағы Қаракесекке, Куандыққа да кетті. Аягөз, Тарбағатай, Алтай наймандарына да жетіп жатты (М. Әузов).

4-жаттығу. «*Бүгінгіміз – беймаза, откеніміз өкініш ne?*» сөйлемді ықшамдау тәсілі арқылы кешенді-сатылы талдаңыз.

СОӘЖ тапсырмалары

1. А. Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» еңбегінде үстеуге қандай анықтама берілді? Үстеудің қазіргі анықтамасымен салыстырыңыз.
2. А. Байтұрсынұлының «тұпкі үстеулер» дегені қандай үстеулер? Себебін түсіндіріңіз.
3. Үстеулердің зерттелуі мен қалыптасу тарихына тоқталыңыз. Зерттеуші И.И. Мещанинов үстеулер туралы қандай пікір білдірді?
4. Үстеудің түрленуге икемсіздігі туралы С. Исаев қандай тұжырым жасайды? Фалымның пікіріне тоқталыңыз.
5. Жалаң үстеулерді тудыратын қандай жұрнақтарды білесіз? Мысал келтіріңіз.
6. Құрылышы мен құрамына және жасалу тәсіліне қарай үстеулерді Ә. Төлеуов қанша топқа бөледі? Себебін түсіндіріңіз.
7. Профессор К. Жұбановтың үстеулер туралы айтқан пікірлеріне тоқталыңыз.
8. Көнеленген үстеулерге қандай үстеулер жатады? Көнелену себебін түсіндіріңіз.
9. Мағыналық ерекшеліктеріне қарай үстеулер қандай семантикалық топтарға бөлінеді? Зерттеушілердің класификациясына тоқталыңыз.
10. Үстеулер грамматикалық жағынан түрленеді ме? Үстеулердің синтаксистік қызметіне нақты мысалдар келтіріп, морфологиялық талдаулар жасаңыз.

Тест тапсырмалары

Үстеулердің мағыналық топтары:

- A) сапалық, қатыстық
- B) мезгіл, мекен
- C) мөлшер, сын-қимыл
- D) жинақтық, бөлшектік
- E) септеулік, демеулік
- F) жалпы, жалқы
- G) салт, сабақты
- H) мақсат, топтау

Субстантивтенген үстеулер:

- A) көптеледі
- B) тәуелденеді
- C) жіктеледі
- D) вербалданады
- E) септеледі
- F) адвербиалданады
- G) адъективтенеді
- H) прономиналданады

Күрделі үстеу:

- A) бұғін
- B) кешке
- C) жаздай
- D) жоғары
- E) тәмен
- F) биыл
- G) таңертең
- H) күзде

Күшейткіш үстеумен тіркесіп тұрған сөз:

- A) тіпті ұзақ
- B) аса қажет
- C) жаңа келді
- D) қап-қараңғы
- E) сонша көп

- F) тым қаранғы
- G) арбаңдаған қимыл
- H) осыншама кісі

Бірігу және ықшамдалу жолымен жасалған үстеулер:

- A) ала жаздай
- B) әзірше
- C) ендігәрі
- D) қолма-қол
- E) биыл
- F) зорға-зорға
- G) енді-енді
- H) бүгін

Зат есімдерден жасалған үстеулер:

- A) балаша
- B) жастай
- C) баяғыда
- D) күздей
- E) ескіше
- F) біраз
- G) көйлекшен
- H) екеулеп

§6

КӨМЕКШІ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Көмекші сөздер дербес тұлғалы сөздер сияқты екіге бөлінеді: а) есім көмекшілер; ә) етістік көмекшілер.

Дербессөздерден көмекшісөздердің келіпшигүйінде бір себебі ретінде ғалымдар екпіннің, оның ішінде мағыналық екпіннің солғындауын атайды. Сөздердің грамматикалық қызметке аудиосы дербес сөздердің грамматикалық дамуынан туындайды, оларда абстрактілі-грамматикалық мағынаға болады, ұғымды білдіре алмайды, бірақ ұғымды білдіре алмағандықтан, оларды сөз қатарынан шығарып тастауға болмайды.

Көмекшілердің ішінде шылаулардың орны бөлек, өйткені олардың ішінде бірде атаушы сөздердің, бірде көмекші сөздердің қатарына өтіп жүретін *сондықтан*, *неге десен*, *соң*, *кейін* сияқты сөз-шылаулар бар. Мысалы: *Менің сөйлемегенім де, сондықтан*. Осындай қызметтеріне қарай шылаулар сөз қатарына жатады, онда мағыналары абстрактілі және жалпылама болады. В.В. Виноградов мұндай сөздердің лексикалық мағынасы грамматикалық мағыналарымен тең түсетіндіктен, бұлар сөз бен морфеманың аралығында тұр деп түсіндіреді.

Атауыш сөздердің лексикалық мағынасының солғында, дербестігінен айырылу процесі *грамматизация* (М. Оразов), *десемантикалану* (А. Ысқақов), *грамматикализация* (Р. Әмір) деп, әртүрлі аталып жүр.

Ескерту: *Тұркі тілін зерттеген ғалымдардың барлығы да көмекшілердің сөз деп есептейді. Бірде-біреуі оны қосымшалардың қатарына қоспайды. Ғалымдардың көмекшілердің сөз деп есептеуіне оның тұл-*

галық құрамының тұрақтылығы да себепші болған. Олардың лексикалық мәғынасы туралы мәселе тіл білімінде даулы мәселелердің бірі болып саналады. Бұған тіл білімінің даму деңгейі кінәлі емес, көмекші сөздердің мәғынасының ішкі табиғатының өзі кінәлі. Көмекші сөздердің табиғатын анықтауга байланысты жазылған зерттеулер Қазан төңкерісінен көп кейін жазылған. Бұл салада еңбек еткен көрнекті ғалымдардың қатарына: В.А. Горлевский, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, А. Ысқақов, Ш. Шаабдурахманов, Ф. Зейналов, М.И. Қыдыров, Р. Эміров, Н. Оралбаева, Ы.Е. Маманов, т.б. жатады.

Орыс түркітанушысы И. Гиганов 1801 жылы жарық көрген «Грамматикасында» көмекші сөздерді жеке қарастырып, жай, күрделі деп екіге жіктейді. Ол орыс тілінің предлогтарына татар тіліндегі послелогтар сәйкес келеді деген пікірге сүйене отырып, жай көмекшілерге септік жалғауларын, жіктік жалғауларын, -сыз, -сиз сияқты жұрнақтарды да қосады. Ал күрделі көмекші сөздерге қарсы отыру, бұрын, ілгері, ілік, ана, басқа, аст, үст, арқа, жақын, ары, бері сияқты сөздерді енгізеді. Бұл сөздер мен қосымшаларга орыс тіліндегі баламасы берілген. И. Гигановтың «Грамматикасынан» сәл кейінрек жарық көрген А. Троянскийдің оқулығында да көмекші сөздерге арнайы орын берілген. Ол көмекші сөздерді послелог деп атамай, «постположения» деп атайды да: «Постположения суть частицы несклоняемые, поставляющие позади имен, местоимений и причастий и управляющие их падежами», – деп анықтама береді. А. Троянский бұл терминнің алдына шылаулар, көмекші есімдермен бірге септік жалғауларды, кейбір сөз жасауышы жұрнақтарды да енгізеді (Оразов М. Көмекші сөздер. – Ташкент: Наурыз, 1997. – 175 б. – 17- 23-б.).

§ 6.1. Көмекші есімдер

Бастапқы дербес мәғынасы солғын тартып, мәғыналық жағынан бір нәрсенің орнын, мекендік атауын білдіруі есімдерге ұқсас болатын, бірақ толық есім сөздердей өз алдына дербес сөйлем мүшесі бола алмайтын, морфологиялық жағынан тұтастай түрленбейтін (көптелмейтін, септелмейтін, тек көмекшілік қызмет атқаратын), дерексіз мекендік мәғынаны білдіретін сөздер көмекші есімдер деп аталады. Оларға: алды, арты, үсті, беті, іші, сырты, тұбі, шеті, тұсы, айналасы, ара, арқа, жан, қас, маң, т.б. сөздері жатады.

Көмекші есімдер түркі тілдерінде ертеден бар категория және олар көмекші сөздердің ішінде қарастырылып жүр. Оларды түрлену қасиетіне қарай екіге жіктеуге болады:

а) грамматикалық белгілері басым көмекші есімдер (мысалы, шылаулар);

ә) лексика-грамматикалық сипаты басым көмекші есімдер.

«Қазіргі қазақ тілі» (Ысқақов А., Балақаев М. – Алматы: Ғылым, 1954) кітабында: «Тілімізде көлемдік ұғымы бар бірқатар зат есімдер көбінесе көмекшілік қызметте жұмсалып, өзі қатысты сөзіне көлемдік мағына ұстеп, оның орнын, мекенін, айналасын дәлдеп көрсетіп тұрады. Олар мынадай сөздер: *алд(ы), арт(ы), аст(ы), ұст(i), арқа, жсан, ара, іш, ауыз, жага, төбе, қарсы, бой*» деген түсінік берілген. Бұл сөздер дерексіз мекендік мағынаны білдіреді және мағынасы басқа бір атаушы сөзге телініп жұмсалғанда ғана айқын танылады».

Көмекші есімдер қазақ тілінде көмекші сөздердің ішінде қарастырылып жүр және олар лексика-грамматикалық құрам жасайды. Мысал келтіретін болсак: *Құнанбай алдында да соны нық ұстармын деп еді, бірақ Жиренше Абайдың артынан өкшелеп қалмай отырып, сөйлей берді.* (М. Әуезов, 117-б.). Бұл сөйлемдердегі ерекшеленген сөздерге жеке сұрақ қойылмайды, олар көлемдік мағынаны білдіреді.

F. Әбуханов еңбегінде көмекші сөздердің тағы бір қасиетін ашып көрсету мақсатында: «Заттың, не заттық ұғымның атын білдіріп, толық мағыналы ілік жалғаулы есім сөздеріне тіркесіп айтылып, тәуелдеулі түрде септеліп, көмекші қызмет атқаратын есімдерді көмекші есім дейді», – деген анықтама береді (Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. – Алматы: Мектеп. – 106-б.).

C. Исаев көмекші есімдерді басқа есім сөздерге емес, мағынасынан айырыла бастаған зат есімдерге жатқызады (С. Исаев, 1993, 46-б.). Өйткені мұндай көмекші сөздер зат есім сияқты түрленеді де ілік жалғаулы сөзді менгеріп, басқа сөздермен қарым-қатынасқа енеді. Мысалы: *Отан алдында, атасының алдынан, үйдің сыртында, үй алдына*, т.б. Көмекші сөздер алдымен тәуелденіп, содан соң септік жалғауларын қабылдайды.

Бұл сөздер зат есімге ұқсайды, өйткені:

1. Көмекші есімдер заттың атауын білдіретін болғандықтан, зат есімдерге ұқсас болып келеді.

2. Бұл сөздер зат есімдер сияқты септеледі, тәуелденеді, мысалы: *Екі адамның біреуі алда, екіншісі іркес-тіркес артта* келеді. Мұндағы *алда, артта* – көмекшілік емес, негізгі мағынада жұмсалып тұр және жатыс септігінде тұр.

3. Бір кездердегі толық мағыналы сөздердің мағынасы солғындалп, бұрынғы есім мағынасы жойылып, кеңістік немесе көлемдік мағынада жұмсалып, сөйлемнің дербес мүшесі болудан қалған. Мысалы, *алдында* деген сөзге сұрақ жеке қойылмайды, себебі *нениң* деген сұраққа жауап беретін сөз сұранып тұрады, содан кейін *үйдің алдында, кісінің алдында* сияқты т.б. нақтылықты білдіретін сөзben тіркесіп, атауыш сөзге телінген кездеғана сөйлемде екеуі бірігіп, бір сұраққа жауап беретін түйдекті тіркес арқылы жасалған сөйлем мүшесі пайда болады және атқаратын қызметіне қарай тиісті септік жалғауы жалғанады. Күрделі сөйлем мүшесінің көмекші сөз компоненті түрленетін бөлігіне жатады. Мысалы: *үй ішиң, үй ішинде, үй ішиңен, үй ішімен, үй ішін*.

4. Көмекші есімдердің бірқатары кейде өз алдына толық мағыналы сөз ретінде сирек те болса қолданылуы байқалады.

5. Көмекші есімдер үнемі тәуелдік жалғаулы болып тұрады және оның алдындағы толық мағыналы есім сөз ілік септік жалғауының не ашық түрінде, не жасырын түрінде қолданылады. Жасырын түрінде қолданылғанда көбінесе жіктеу және өздік есімдіктері түсіріліп отырылады: *Менің үстімде жеңіл кеудеше – үстімде жеңіл кеудеше*;

Өзімнің үстімде жеңіл кеудеше – үстімде жеңіл кеудеше.

Көмекші есімдердің нағыз зат есімге ұқсамайтын бірнеше белгісі бар:

1. Олар кейбір септіктермен түрленгенмен, бірақ көмекші есімдердің бәрі де барлық септік жалғауларын қабылдамайды. Мысалы, **ал(д)** – *алға, алда, алдан* деп үш септік жалғауымен түрленсе де, *көмектес, ілік, табыс* септіктерінің жалғауын қабылдамайды. Бұл белгілері көмекші есімдерді нағыз есімдер қа-

тарында қалдырмайды. Бірақ осылардың көмектес, ілік, табыс септіктерімен түрленетіні де бар. Бірақ бұлар кей жағдайда аймақтық қолданыстарда немесе септіктердің қолданыс ерекшелігінен туындайтын сэттерде байқалады (*кісінің алдының ауыр, жеңілі бар; кісі алдын көріп шықты; кісінің алдымен, т.б.*).

2. Зат есімдер лексикалық мағыналары толық және тиянақты болады, заттың (нәрсенің, құбылыстың, т.б.) атауы болады. Ал көмекші есімдер мағынасы толық та тиянақты да емес, өзге дербес тиянақты нәрсеге телулі болады.

3. Зат есімдер барлық септік жалғауларымен түрленсе, көмекші есімдер тек белгілі септіктермен түрленеді.

4. Зат есімдер көптік жалғауларымен түрленсе, көмекші есімдер көптік жалғауларын (алдар, арттар, ұстілер, т.б. болмайды) қабылдамайды.

5. Зат есімдерге септік жалғаулары тікелей жалғанса, көмекші есімдерге *барыс, жатыс, шығыс септіктері* тікелей жалғанады (*алға кетті, алдан шықты, алда келеді, артта қалды, астан шықты, асқа түсті, аста жатыр, үстен түсті, үске шықты, үсте отыр, т.б.*) осындай сөздер (кірікken сөздер немесе түбірден бөліп қарауға болмайтындықтан, ұстеуге айналған), осылайша мекен ұстеулері қызметін атқарады. Бұл сөздерге *ілік, табыс, көмектес* септіктің жалғаулары тікелей жалғанбайды, мысалы: *алды, алден, астың, астпен* емес.

6. Көмекші сөздердің бәрі дерлік толық мағыналы зат есімдермен тіркесіп барып, тәуелдік жалғауының III жағында тұрып қана көптеледі, септеледі:

<i>Үй алды</i>	<i>Үй алдының</i>	<i>Үй алдына</i>	<i>Үй алдын</i>	<i>Үй алдында</i>	<i>Үйдің алдынан</i>	<i>Үйдің алдымен</i>
----------------	-------------------	------------------	-----------------	-------------------	----------------------	----------------------

<i>үйлердің алдары</i>	<i>үйлердің алдарының</i>	<i>үйлердің алдарына</i>	<i>үйлердің алдарын</i>	<i>үйлердің алдарында</i>	<i>үйлердің алдарынан</i>	<i>үйлердің алдарымен</i>
------------------------	---------------------------	--------------------------	-------------------------	---------------------------	---------------------------	---------------------------

Көмекші сөзді өздері тіркесіп тұрған негізгі сөздерден ажыратуға болмайды, ондай кезде мағыналары көмекшіледі.

Ескерту: Бұл жағынан көмекші есімдер сын есімге ұқсас. Өйткені бір заттың сынын, түсін, түрін, көлемін білдірмесе жеке тұрғанда олардың нақты ненің сынын білдіретіні көмекші күйде қалады, сондықтан зат жоқ жерде сын да болмайды. Бұл тұрғыдан көмекші есімдер тек зат есімдерге ғана емес, сын есімдерге де ұқсастықтары бар сөздер.

Көмекші есімдер зат есімдер сияқты түрленіп, ілік септігі жалғаулы сөзді менгеріп, басқа сөздермен қарым-қатынасқа түседі, яғни тәуелдік жалғауының III жағында тұрып, көптеледі, септеледі. *Үйдің алды, үйдің алдында, үйдің алдымен, үйдің алдына.*

Алда келеді, алдан шықты, алға кетті, артта қалды, артқа кетті, арттан келеді, астан шықты, асқа тұсті, үстке тұсті, үске шығып кетті, үсте отыр деген тіркестердегі айрықшаланған сөздер осы септік жалғаулары тұлғасы қалпында үстеуге, мекен үстеуге айналып кеткен. Сондықтан мұндай сөздерге ілік, табыс, көмектес септік жалғаулары тікелей жалғанбайды.

Көмекші есімдердің мағыналық ерекшеліктері:

1. Заттың тұрған орнын не қимылдың бір нәрсенің үстінде орындалғанын білдіретін көмекші есімдер: *үсті, беті, жузі, басы, төбесі*. Мысалы: *Бітер істің басына, жақсы келер қасына*.

2. Заттың айналасын не қимылдың бір нәрсенің айналасында, өңірінде орындалғанын білдіретін көмекші есімдер: *қасы, маңы, жсаны, алды, арты, сырты, айналасы*. *Ауылдың маңы терең сай, Тасыған өзен гүрілден* (Абай).

3. Заттың не заттардың ішкі, аралық көлемін, орнын білдіретін көмекші есімдер: *іши, ортасы, арасы*.

4. Заттың ең тәменгі жақ көлемдік мағынасын білдіретін көмекші есімдер: *асты, түбі*.

5. Заттың аулақтағы көлемдік мағынасын білдіретін көмекші есімдер: *аржасы, бержасы, тұсы, қарсы*.

6. Заттың сырт жағылық көлемін білдіретін көмекші есімдер: *шет, жағасы, жиегі, бойы* (М. Балақаев, А. Ысқақов).

Көмекші есімдер әртүрлі сөз тіркестерінің құрамында келіп, түрлі грамматикалық мағынада жұмсалады. Олардың көпшілігінің негізгі қызметі – мекен пысықтауыш болу. Осы қызметінде көмекші есімдер негізгі грамматикалық тұлға болады.

Көмекші есімдердің түрленуі тең жағдайда болмайды, айталық, олардың көбі жатыс, шығыс, барыс септіктерінде айтылады, ал *iʃi* сөзі басқаларға ұқсамайды. *Iʃi* сөзі барлық септік жалғауларын қабылдайды. Мысалы, *уй iʃi* тіркесінің құрамында келгенде, барлық септікпен септеледі.

Ілік септігі мен тәуелді көмекші сөз тіркесіп келгенде, олардың арасына *дәл, нақты, нағыз, тіке* күшейткіш үстеулері қыстырылып айтылады.

Ескерту: *Көмекші есімдердің алдында ілік жалғаулы негізгі сөз айтылмаса, кейде өз алдына сөйлем мүшесі болып та кетеді: Астында жүйрік аты бар.*

Әрбір көмекші есімнің білдіретін мағынасы болады. Айталық, **тұбі, шеті** затқа жуық жатқан мекенді, ұштас, тие жатқан мөлшерді білдіреді, мысалы, *жартас тұбі, шам тұбі*, т.б.

Ал **жаны, қасы** алдыңғы айтылған мөлшерден ұзақтау, сөл алыстау мөлшерін білдіреді: *адамның жанына бару, қасына жақындау*, т.б. Одан кейінгі қашықтықты **маңы** көмекші есімі білдіреді, мысалы, *ауылдың маңы*.

Ескерту: *Дәл, нақ, тіке, нағыз, қақ* күшейткіш үстеулерімен **қасы, жаны, iʃi**, т.б. көмекші есімдері де тіркеседі.

Зат есім мен көмекші есімнің арасында аталған күшейткіш үстеулер тұрса, ілік септік жалғауы қолданылады, ал күшейткіш есімдер тұрмаса, түсіріп айтуға болады: *таудың нақ тәбесі – тау тәбесі*, т.б.

Арасы, ортасы екі немесе одан да көп заттардың арасындағы қашықтықты, орналасқан жерді білдіреді: екі үйдің арасы, екі жанниң арасы, т.б.

Басы көп мағыналы көмекші есім, ол:

- а) процестің басталар шегін, *мезгілін* білдіреді: *қыстың басы, жаздың басы, сұықтың басы*, т.б.;
- ә) заттың жоғарғы жағын, *мекенді* білдіреді: *төбенің басы, қырдың басы*, т.б.;
- б) затқа жуық *мекенді* білдіреді: *отқа жуық отыру*, т.б. (А. Ысқақов).

Көмекші есімдерді мағыналық жақтан топтастырган А. Ысқақов және М. Балақаев болды. Қалған ғалымдардың көмекші есімдерге байланысты көзқарастарында аталған ғалымдардың көзқарасынан айтарлықтай айырмашылықтар жоқ.

§ 6.2. Көмекші етістіктер

Бастапқы лексикалық мағынасынан ажырап, көмекшілік қызметке ауысқан етістіктер көмекші етістіктер деп аталаады.

Қазақ тіл біліміндегі көмекші етістіктерді мағыналық топтарға бөлудің үлгісі А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегінде былай басталады:

«1. Құр көмекші (*бармақ, келмек, алмақ, бермек, кетпек, көрмек, тастамақ, қоймақ, қалмақ*). Бастапқы лексикалық мағынасы бар, көсемше тұлғалы негізгі етістіктен тіркескенде көмекшілік қызметке ауысады.

2. Қүй көмекші, амалдың қалып-қүйін көрсетеді, бұларға *жүрмек, тұрмақ, отырмақ, жатпақ* етістіктері жатады.

3. Е көмекшісі, емек көмекші етістігі жатады. Бұл етістік өзге сөздерге көмекші болуымен әбден болып кеткен, етістік түрінен айырылуға таянған. Қазірде жалғаулық қатарлы мағынадағы сөзге айналып кеткен. Етістікше өзгеру түрінен қалған. Е етістігінен қалған жүрнақтар *едім, едің, еді, емен, емес, екен*».

М. Балақаев мектеп грамматикасына бейімделген оқулығында **е** және **де** көмекші етістіктеріне көмекші болып көбірек жұмсалатын *отыр, жүр, тұр, жатыр* етістіктерін көрсетеді, Н. Сауранбаев үнемі көмекшілік қызметте жүретін **е** және **де**

етістіктерін атайды, С. Кенесбаев көмекші етістіктерге 23 сөзді жатқызады. Құрделі етістіктердің жасалуына әсер ететін – көмекші етістіктер. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер екі түрлі:

- 1) нағыз көмекшілер;
- 2) шала көмекшілер.

Нағыз көмекшілерге *e*, *em*, *de* етістіктері жатады, мағыналары өте белгісіз болғандықтан, олар жеке қолданылмайды. Бұл етістіктер негізгі етістікке тіркесе келіп, белгілі бір амалды көрсетеді немесе есім сөзге етістік мән береді.

Ал шала көмекшілер нағыз көмекшілерге қарағанда жеке тұрғанда белгілі бір мағынасы болатын, кейде негізгі етістікпен тіркесіп келіп, көмекшілік қызметте жұмсалатын етістіктер, оларға: *бол*, *ал*, *қал*, *бер*, *қой*, *жібер*, *кел*, *қара*, *көр*, *тұр*, *отыр*, *жатыр*, *жүр*, *баста*, *таста*, т.б. жатады.

Көмекші етістіктер сөйлемде жеке мүше болмайды, етістіктің басқа категориялары сияқты дербес мағыналы етістіктермен тіркескенде жіктеледі, шақ мағынасын тудырады.

Көмекші етістіктерді атқаратын қызметіне, мағынасына қарай бірде *тірек сыңар*, *тірек компонент* деп атайды. «Тірек сыңар кез келген етістікten құрделі етістік жасай бермеген. Ауыспалы етістікті таңдау тірек сыңар етістіктерінің мағыналарына байланысты. Тірек сыңар етістіктер өз мағынасына жақындығы бар етістікten ғана құрделі етістік жасаған» (Б. Қасым).

§ 6.2.1. Көмекші етістіктердің грамматикалық сипаты

Көмекші етістіктер – грамматикаланудың нәтижесі, өйткені дербес етістіктер көмекші етістікке, сондай-ақ дербес есімдер көмекші есімге айналады, дербес сөздерге түрлі мағына үстейтін қызметті атқарады.

Көмекші етістіктерді дербес мағынасынан толық айырылған деуге болмайды, өйткені аналитикалық формант құрамында келгенде аналитикалық етістіктің мағынасы көмекші етістікке де байланысты қалыптасады. Себебі көмекші етістіктер жетекші

етістік білдіретін мағынаны айқындаپ, толықтырып тұрады, дербес сөзben бірігіп бір мағынаны білдіреді, лексикалық мағынасынан толық айырылып қалмайды, негізгі семантикасында сол лексикалық мағынаның жүрнағын, қалдығын сақтайды.

Әрі толық, дербес, әрі көмекші мағынада жұмсалатын етістіктерге:


ал, бер, бар, бақ, баста, біт, жат, жур, жібер, жөнел, кел, кет, көр, қара, қой, қал, сал, отыр, тұр, баста, тұс, шық, жөнел, т.б. жатады. Бұл етістіктердің толық мағыналы етістіктерден омонимі болады. Бірақ көмекші етістіктер грамматикалық абстракцияланған мағына жағынан бірдей болмайды. Мысалы, *e, жазда, де* көмекші етістіктері таза грамматикалық мағынаны білдіруге көшкен. Сол сияқты *бол, ет, қыл* етістіктерінің де түрленуі мен функцияларына қарай өзгешеліктері бар. «*Бол* етістігі өзінше бір басқалау да, *ет, қыл* көмекшілері өзара бірыңғайлау. Дегенмен бұлардың қай-қайсысы болсын есімдермен тіркесе қойып, құранды етістік жасауға аса бейім тұрады және сондай тіркесте өте жиі ұшырайды» (А. Ысқақов). Бұл көмекші етістіктер дыбыстық құрамын толық сақтамаған және толық мағыналы етістіктерден омонимі болмайды.

А. Ысқақов бөлінісі бойынша толымды көмекшілерге *ал, бер, баста, бақ, бол, біт, жатыр, жур, жөнел, жібер, кел, кет, көр, қал, қара, қой, сал, таста, отыр, от, шық, де, қыл, ет* жатады. Н. Оралбаева бұл етістіктерді *алғашқы көмекші етістіктер* деп атайды.

Толымды көмекші етістіктердің ерекшеліктері:

- 1) лексикалық мағынасын толық сақтайды;
- 2) дербес күйінде грамматикалық функцияларын түгел атқарады;
- 3) етістіктің түрлену парадигмаларын толық қабылдайды;
- 4) сөйлемде дербес мүше бола алады;
- 5) аналитикалық етістіктің құрамында жетекші етістікке белгілі дәнекер арқылы тіркесіп, оған қосымша абстрактілі грамматикалық мағына үстейді;
- 6) мұндай көмекші етістіктердің саны 30-ға жуық.

Толымсыз көмекші етістікке А. Ысқақов бөлінісі бойынша **е**, **е-ден өрбіген еді, екен, емес, еміс-еміс және жазда** етістіктері жатады.



Н. Оралбаева бұл көмекші етістіктерді **кейінгі көмекші етістіктер** деп атайды (*еміс-еміс* сөзін қоспайды).

Ескерту: Етістіктің зат есіммен бірігіп, курделі ұғымды білдіру қасиеті тек **бол, ет, қыл, жаса** және **е** етістік формаларында ғана сақталған деген пікірді білдіретін зерттеушілер **е** етістік формалары есім сөздерге тіркескенде курделі құрама етістік жасап, мына қасиеттерге ие болатыны жөнінде айтады:

- 1) өзі тіркескен есім сөзге етістік нышанын беріп, курделі баяндауыш қызметінде қолданылады;
- 2) есім сөздермен тіркескенде шақтық мағынаны білдірмейді;
- 3) жетекші етістіктерге тіркесіп аналитикалық форма құрамында қызмет атқарады, ондайда етістікке тән барлық грамматикалық парадигмаларды қабылдайды (қабыл алды, қабыл алады, қабыл алса, қабыл алса *игі еді*, қабыл алғым келеді, қабыл алып жатыр, қабыл алған) (Ж. Масалимова).

Көмекші етістіктердің ішінде **отыр, жүр, тұр, жатыр** етістіктері осы шақтық мәні бар, ортақ қасиеттері бар, әрі негізгі, әрі көмекшілік қызметін атқаратын етістіктер болып табылады. Аталған етістіктер жеке тұрып жіктеледі, жақтық жалғауларын тікелей қабылдайды, бірақ өзге қалып етістіктеріне етіс жұнақтары қосыла беретін болса (*отыргызыды, жүрілді*), өздік етіс жасалмайды (*тұрынды емес, отырынды емес*) және қалып етістіктеріне толымсыз көмекші етістіктері тіркеседі (*тұр екен, отыр екен, жүр екен, жатыр еді*, т.б.).

Ескерту: **Отыр, тұр, жүр, жатыр** етістігіне алғаш ғылыми талдау жасаған – К. Жұбанов. Ол аталған етістіктердің жеке тұрып

*предикаттың қызметте жұмсалатынын айтады. Күрделі етістіктерді грамматикалық және мәғыналық жақтан сипаттау үшін күрделі етістік құрауга негіз болатын көмекші етістіктерді талдаған. Нәк осы етістіктерді (отыр, тұр, жүр, жат) Ы. Маманов қимылдың созылың-қылышын білдіреді деп көрсетеді. Т. Қордабаев **отыр, тұр, жүр** етістіктері еki түрлі мәғынаны: а) II жақ, келер шақ; б) III жақ, осы шақ мәғынаны білдіретінін айтады.*

*Бірде толық мәғыналы, бірде көмекші болып келетін етістіктерге **отыр, тұр, жүр, жатыр, кел, бер, ал, жібер, көр, қал, сал, қой, кем, шық, таста, бар, бол** етістіктері жатады. F. Әбуханов дәл осы етістіктерді **аудиспалы көмекші етістіктер** деп, Н. Сауранбаев **шала көмекшілер** деп атаса, Ы. Маманов **турлі көріктік, модальдық, бағыттық** грамматикалық мәғынаны білдіретін көмекші етістіктер деп көрсетеді. Академиялық грамматикада бұл етістіктерді мәнді көмекшілерге жатқызыса, F. Әбуханов арнаулы көмекші етістіктер деп атап, оларға **айнал, қара, жазда, таста** т.б. етістіктерін жатқызады.*

*Ал **e, ет, де, жазда** сияқты етістіктерді толық мәғынада қолданылмай, үнемі көмекшілік қызметте қолданылатындықтан, **арнаулы көмекші етістіктер** деп атайды. Қ. Жұбанов **e, де, бол, ығыр** көмекшілерін **кеміс көмекші** деп, ал Н. Сауранбаев **нагыз көмекшілер** деп атайды және оған **e, де, ет** етістіктерін жатқызады. Академиялық грамматикада **мәнсіз көмекшілер** деген атаумен қолданылған. Ә. Төлеуов бұл етістіктерді **функционалдық мәгина беретін етістіктер** және олар толық мәғынада қолданылмайды деп атайды (**e, ет, жазда, де**).*

*Ы. Маманов **e** етістігін **бейнелеуіш форма тудыратын** көмекші етістік деп атайды. F. Әбуханов **e, де, ет** етістіктерін арнаулы көмекші етістіктерге жатқызады*

§ 6.3. Шылаулар

§ 6.3.1. Жалғаулықтар

А. Байтұрсыновтың «Тіл тағылымында» шылауға арнаулы тақырып бөлген және олардың қатарына ұстесу, демеу, жалғаулық, одағайды жатқызады.

Мәгинасы, формасы, қызметі жағынан бастапқы түп төркінін ажырап, ішкі мазмұны, формасымен қызметі тұрғысында дербестіктерінен айырылып, бірақ өздері тіркесетін негізгі сөздердің мәғиналарын толықтырып, оларға әртүрлі реңктер қо-

сатын, өз алдарына жеке категория болып қалыптасқан көмекші сөздерге шылаулар жатады.

Шылаулар сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасын байланыстырады, өздері тіркесетін сөздерді тұлға жағынан тиянақтайтынынан.

Шылаулардың атқаратын қызметтері бірдей емес. Олардың бір тобы сөздер мен сөз тіркестерінің, сөз бен сөздің арасын байланыстырады, енді бір тобы осындай байланысты айқындауға дәнекер болады, кейбірі сөз тіркестерін не сөйлемдерді анықтап, толықтау үшін, оларға қосымша реңк беру үшін қолданылады. Осындай әртүрлі грамматикалық сипаттарына қарай шылаулар: *септеуліктегер, демеуліктегер, жалғаулықтар* деген үш топқа бөлінеді.

Жалғаулықтар – мағыналары дерексізденген, грамматикалық қызметтері абстракцияланған, өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары бар шылаулар. Жалғаулықтар қызметі, мағынасы жағынан өзара тең болып келетін сөз тіркестерін, сөздерді, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін (дара және күрделі) байланыстырады, олардың арасындағы түрлі қатынастарды білдіреді. Жалғаулықтар жай сөйлемдерді, салаластыра қарап, екі сөзді тең дәрежеде байланыстырып, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін құрауға негіз болады.

Жалғаулықтар басқа шылаулар тәрізді түрленбейді. Жалғаулық шылаулардың демеулік және септеулік шылаулардан айырмашылығы және ұқсастықтары болады.

Жалғаулықтар:

1. Септеуліктер де, жалғаулықтар да сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады.

2. Бірақ жалғаулықтар екі сөзді тең дәрежеде байланыстырып, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін, жай сөйлемдерді салаластыра байланыстырып, салалас құрмалас сөйлем құрауға негіз болса, септеуліктер бір сөзді екінші сөзге бағындыра байланыстырып, сөз тіркесін немесе сабактас құрмалас сөйлемді құрау қызметін атқарады.

Жалғаулық шылаулар тұлғасына қарай *dara* және *курделі* болып келеді.

Дара жалғаулық шылауларға **және, да, әрі, ал, мен, не, иә, бәрі**, т.б. жатады.

Басқа сөз таптарынан жасалғаны білініп тұратын жалғаулықтарға **болмаса, себебі, әйтпесе, дегенмен, бірақ, немесе**, т.б. жатқызылып жүр.

Ескерту: Бұларды шығу төркіні жасынан белгілі бір түбір сөзге қосылып қолданылатын әрқылы қосымшалармен үнемі жұмсалғанда беріп, сол формада тұрақталып қалған, сөйтіп барып көнеленіп, тұлғасы өзгермейтіндей тұрақталып, негізгі мағынасы солғындаған, десемантикаланып, жалғаулықтарға айналған деген болжам айтылады: **бол – ма – са, не – ме – се, де – мек**, т.б. Бұлардың бастапқы тұлғалары ретінде **де**, сол, бір, бол түбірлері саналады, ал қосымшалары **үнемі** және **жиі** қосылып айтылуы арқылы қосынды формада тұрақталған деген көзқарас бар. Мысалы, **бір** (сан есім) – **ақ** (демеулік шылауы) – **еді** (комекші етістік) – **біресе** формасы қалыптасқан.

Күрделі жалғаулық шылаулар графикалық жағынан бөлек жазылады, атап айтқанда, **сол себепті, неге десен, сонаң соң, не үшін десен, сонда да, онда да, әйтсе де**, т.б.

Өзге тілден аудысып келген кірме жалғаулықтарға **әм, әлде, я, яки, егер, яғни** сияқты араб, парсы тілдерінен аудысқан сөздер жатады.

Жалғаулықтар байланыстыруыш қызметіне қарай:

а) **салаластырғыш;**

ә) **сабактастырғыш** жалғаулықтар деп екіге бөлінеді.

Ал салаластырғыш жалғаулықтар жеке сөздер мен сөз тіркестерін бірыңғайлықпен байланыстырады, соған орай **ыңғайластық** және **талғаулықты** деп екіге бөлінеді.

1. Ыңғайластық жалғаулықтар ыңғайласып құралатын, тең дәрежедегі сөздер мен сөз тіркестерін байланыстарды, оларға: **мен, тағы, әрі, да, әм** шылаулары жатады.

Мен жалғаулығы бірыңғай мағынадағы есім сөздерді, қимыл атауларын, субстантивтенген сөздерді байланыстырады.

Және жалғаулығы бір формада тұрған жалаң немесе күрделі есімдерді (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік) және етістікті байланыстырады. Кей жағдайларда сөйлемдегі ерекшеліктерге байланысты **және** жалғаулығы **әрі** жалғаулығына ұқсас болады.

Әрі жалғаулығы заттың, қымылдың сапасын білдіретін сөздердің байланыстырады.

Да шылауы әрі жалғаулық, әрі демеулік есебінде қолданылады.

Талғаулықты жалғаулықтар сөйлемде зат есім, сын есім, етістік және басқа да атауыш сөздері арқылы жасалып, салаласа жалғасқан басқа мүшелерді бірінен соң бірін әрі талғап, әрі таңдап, әрі біріне-бірін қарсы қойып айту үшін қолданылады. Бұл шылауларға *әлде, бірсеке, я, бірде, яки, не, немесе, болмаса, не болмаса, мейлі* шылаулары жатады.

Сабактастырыш жалғаулықтар өздері байланысқа түсken сөйлемдердің мағыналарының қарсылықты, себептік, салдарлық, шартты, айқындағыш, ұштастырыш болып келуін нактылайды және соған орай төмендегідей мағыналық топтарға бөлінеді:

1. Қарсылықты жалғаулықтар: *бірақ, алайда, әйтсе де, сүйтсе де, сонда да, дегенмен, әйтпесе, әйткенде.*

2. Себептік жалғаулықтар құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемнің алдыңғысында айтылған ойдың екінші сөйлем арқылы себебін білдіру үшін қолданылады, соған дәнекер болады, себептік жалғауға **себебі (себепті)** сөзі жатады.

3. Салдарлық жалғаулықтар басыңқы сөйлемде айтылатын іс-әрекеттің, амалдың нәтижесі немесе салдары екенін білдіру үшін дәнекер болып жұмсалады, оларға *сондықтан, сол себепті* шылаулары жатады.

4. Шарттық жалғаулықтар басыңқы және бағыныңқы сөйлемдердің бір-бірімен жалғануына себеп болады. Оларға *егер, егер де, алда жалда* шылаулары жатады (А. Ысқақов, 1967).

5. Айқындағыш жалғаулықтарға **яғни, демек** шылаулары жатады.

6. Ұштастырыш жалғаулықтарға *ал, ендеши, олай болса* шылаулары жатады.

Сонымен бірге жалғаулықтар мағынасына қарай: **қарсылықты, талғаулықты, ыңғайластық, себептік, салдарлық, шарттық** деп бөлінеді.

Атқаратын қызметіне қарай **демеулер** деп аталатын топ бар. Демеулер екі сөздің яки сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын, толық мағыналы сөздердің жетегінде айтылып, оларды мағыналық жақтан түрлендіретін әрі атқаратын қызметіне қарай көмекші есімдерге жақын сөздер.

Демеулер қазақ тілінде аз, барының көбі туынды демеулер екенін А. Байтұрсынов көрсете отырып, мысалға: *үйткені, үттесе де, сүйткені, әйтпесе, бүйтпесе* сөздерін келтіреді (Тіл тағылымы, 195-б.).

А. Байтұрсынов кітабындағы үстене деп атаған *сайын, таман, есе, арқылы* сөздері «Тіл – құралдың» өзінде кейбір тұстарда демеулерге қосылған. Осы қайшылықты тұсты К. Жұбанов байқаған.

Ескерту: «Сондықтан үларды бірде үстене, бірде жалғаулық, бірде демеу деген. Әрине, үлай болуының мүмкіншілігі жоқ. Үлар не үстене, не жалғаулық, не демеу бола алады. Үлар тұрған орны жасынан да, атқаратын қызметі жасынан да, қай жасынан да бізде жалғаулық, үстене деп атаған, «Тіл – құралда» әр жерде әртүрлі аталып жүрген топқа жататын сөздер екен. Солай болғасын, үстене тобынан үлар да шыгарылсын. А. Байтұрсыновтың «үстене деп атаған сөздердің бірқатары – көсемшелер де, енді бірқатары септеулі есімдер. Әрине, үларды да өз үйріне қосу керек болды. Сонымен үстене қатарынан үлар да шығып, өзінің дағдылы қалыбынша, бірде көсемше, бірде есім болып, жөніне кетті» (Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 232-б.).

Демеулер өздеріне қатысты сөз бен ол топты өзіне бағындыратын етістіктердің лексикалық мағыналарының ерекшеліктеріне қарай әртүрлі мағыналық қатынаста айтылады:

1. Тұйықрай тұлғалы етістіктермен және кейбір зат есімдермен тіркесіп, істің мақсатын білдіреді: *оку үшін келдім*.
2. Зат есім және жіктеу есімдіктерімен тіркесіп, мақсатты білдіреді: *сен үшін алдым*.

§ 6.3.2. Демеуліктер

Сөздердің, сөйлемдердің мағыналарын дәлдеу, оларға қосымша *сұраулық, күшеткіш, шектік, болжалдық, болымсыздық* мағыналық өң беру үшін жұмсалатын шылауларды демеуліктер дейді. Олардың өздеріне тән лексикалық мағынасы болмайды, олар толық мағыналы сөздерге, кейде сөйлемдерге әр алуан абстракциялы (грамматикалық) мағына қосу үшін жұмсалады, өздеріне қатысты сөздердің белгілі бір формада тұруын керек етпейді, сөз таптарын талғамайды, көпшілігіне қатысты болады.

Демеуліктер өздеріне қатысты сөздерден, сөйлемдерден кейін тұрады: *ғана (жаңа ғана), ғой (аз ғой), -ақ (жасақсы-ақ), -ау (келді-ау)*.

Демеуліктерге тән категориалды мағына модальдылық мағынасы болып саналады.

Сөйлемнің соңында келіп экспрессивтік мәнін күшеттетін сөзсоңы (постпозициялық) демеуліктерге *-да, -ты, -ақ, -ғой, -ау, -мыс, -міс, -шы, -ши, -ғана, -қана* жатады. Олардың әрқайсысының функционалды-семантикалық мағынасы болады. Айталық, постпозициялық демеулік *-мы, -ши* шылауы тілек, өтініш мәнін береді. Мысалы: *Бәрі де жасақсы болсын-шы*. Жалпы алғанда демеулік шылаулар өзі шылауында тұрған сөзге я сөйлемге күшету, тежеу, шектеу, сұрау, болжалдық, күмән сияқты қосымша мағыналар үстейді. Бірақ септеуліктер мен жалғаулықтар сияқты сөздерді де, сөйлемдерді де байланыстыра алмайды. Оларды: *сұраулық, күшеткіш, шектік, болжалдық, болымсыздық* деген топтарға жіктеу орын алған.

F. Бегалиев пен Н. Сауранбаев шылауларға: *өте, тіпті, мүмкін, сірә, шыгар, сияқты, ғой, ғана, мыс, ылги, тек, ушін, сайын, мейлі, және, да, емес, өйткені* сөздерін жатқызады.

Басқа сөздің шылауында келіп, мағынаға ие болатын шылауларды аталған авторлар: *устеуіш көмекші, жалғаушы көмекші, демеуші көмекші, күшеткіш көмекші, баянды көмекші, ұйгарынды көмекші деп бөліп тастайды*. *Демеуліктерге: ушін,*

сайын, дейін, туралы, арқылы, жалпы, кейін, көрі, қарай, таман, т.б. жатқызады.

Демеуліктер мағыналарына қарай:

1. Сұрау мағынасындағы демеуліктер (ма, ме, ба, бе, па, пе, мы, мі, пы, пі). Баяндауыш қызметіндегі сөздерден кейін, кейде құрделі баяндауыштан ортасында тұрып оларға сұраулық мағына қосады: Келді ме? Айттың ба?

-ша, -ше демеулігі есімдіктерден кейін айтылғанда сұраулық мағына үстеледі: Омар ше?

2. Тілек, қалау және жалыну мағынасын білдіретін демеуліктер. Баяндауыштан (етістіктен болған) кейін ғана тілек не қалау мағынасын білдіреді: *отырышы, алып берши, көрсетши*.

3. ғой демеулігінің де тілек, жалыныш мағынасын тудыруы кездеседі: **келе ғой**, т.б. Кейде істің растығын күшайту үшін қолданылады: Мен саған кеше айттым ғой.

4. Тежеу мағынасын ғана, қана шылауы білдіреді: *сол ғана, кеше ғана, дос қана*.

5. Күшайту, талғау мағынасын білдіреді: *сен-ақ; басқалар да*.

6. Қөніл қүйді: *қалқам-ай, ойбай-ай; ау: қарағым-ау*, т.б.

7. Сенімсіздік мағынасын: *айтады-мыс*, т.б. Бұл топтастыру 1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» (М. Балақаев, А. Ысқақов) кітабында берілген. Кейіннен 1967 жылғы еңбекте **ғой, мыс, міс, екеш, қой** демеуліктері модальдық демеуліктер ретінде көрсетілген. Мағыналық жақтан сөйлеуші айтқан ойын құптай, растай тұсу үшін жұмсалады. Мысалы, *Қуанатын жөні бар. Бала ғой*. Екеш демеулігі менсінбеуді білдіреді: *Аң екеш аң да баласын қорғайды*.

А. Ысқақов демеуліктерді өзі тіркесетін сөздерге әртүрлі мағына қосуына қарай: **сұраулық** (ма, ме, ша, ше), **шектік** (ғана, -ак), **нақтылық** (қой, ғой, -ды, -ді, -ты, -ті), **күшайткіш** (-ак, ау, -ай, да, де, та, те), **болжалдық** (-мыс, -ау), **болымсыздық** (тұгіл, тұрсын, тұрмак), **қомсыну** (екеш) деп бөледі (Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 376-б.).

§ 6.3.3. Септеуліктер

«Шылаулар жалғау орнынан жүретін кей сөздер һәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса өз алдына мағына шықпайтын сөздерді» атайды (А. Байтұрсынұлы).

Жалғаулықтарға *менен, үшін, арқылы, тақырыпты, туралы* сөздерін жатқызады. Бірақ бұл сөздерді іштей топтастырмайды К. Жұбанов еңбегінде де септеулік шылау деген топтама жоқ. 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» септеулік шылауларды қызметі, мағынасы жағынан септік жалғаулар сипаттас дей келе, оларды мағынасына қарай топтастырған. Септеуліктердің демеулік және жалғаулықтардан ерекшелеп тұратын олардың сөз бен сөздің арасындағы мезгілдік, мекендік, себепті, т.б. осы сияқты абстрактілі-грамматикалық қатынастарды білдіруі деп аталып өтіледі. Септеуліктердің өздері тіркесетін сөздің арнаулы грамматикалық формада тұруын талап етіп, менгеретіні де ескерілген.

Септеуліктер қызметі жағынан септік жалғауларына ұксас болғандықтан, көбінесе зат есім, есімдік, тұйық етістіктермен тіркеседі.

Сөздерді **атау** формада менгеретін септеуліктер: *арқылы, бойы, бойда, бойынша, жайында, жайлы, жөнінде, сияқты, секілді, тәрізді, туралы, сайын, үшін*.

Барыс септік формасын менгеретін септеуліктер: *дейін, шейін, деген, деп, қарсы, қарай, салым*.

Шығыс септіктікті менгеретін септеуліктер: *бері, кейін, соң*.

Көмектес септік формасындағы сөзді менгеретін септеуліктер: *бірге, қабат, қатар*.

Септеуліктер өзіне жалғау, жұрнақ қосып алып, түрленбейтін категорияға жатады. Бірақ бұл тәртіптен мезгіл-мекен мағыналы септеуліктер ауытқиды. Өйткені бұларға **-ғы, -гі** формалы сын есім тудыратын жұрнақтар жалғанады: *қырыққа дейінгі, күзге таманғы*.

Септеуліктер мағыналық тұрғыдан абстрактілі мағынаны білдіреді, кейде бастапқы атаулы сөздерден мағынасы аса алшак-

тамаған түрде келеді. Бұлар кейде қосымша мағынаны білдіреді. Мағынасына қарай септеуліктер 5 топқа бөлінетіні 1967 жылғы еңбекте былайша беріледі:

- 1) мезгіл-мекен мағынасын білдіретін: *дейін, шейін, бойы, бойында, таман, салым;*
- 2) амал мағыналы септеуліктер: *бойынша, бірге, қабат, қатар;*
- 3) мақсат мағыналы септеуліктер: *туралы, жөнінде, жөніндегі, жайлы, үшін, деп;*
- 4) қатыстық мағыналы септеуліктер: *жайлы, жөнінде, қабат, қатар;*
- 5) тенеу, талғау мағыналы септеуліктер: *сияқты, секілді, тәрізді.*

Қорыта келгенде септеулік деп өз алдына дербес лексикалық мағынасы, қызметі жок, толық мағыналы атауыш сөздер шылауында айтылып, солардың әр алуан мағыналық, формалық кескіндерін түрлендіріп, өздеріне қатысты сөздердің грамматикалық қызметтерін айқындаپ, дәлелдеу үшін жұмсалатын көмекші сөздер.

Септеуліктер объекті мен объектінің не предикаттың арасындағы түрлі грамматикалық қатынасты білдіру үшін қолданылады, септік жалғаулардың бірін менгеріп тұратын үшін, *арқылы, туралы, шақты, сайын, қаралы, жуық, жөнінде, түгіл, сияқты, секілді, тәрізді, сияқты, ғұрлым, сымак, әрі, бері, сенен, бұдан, ілгері* сөздері атау, барыс, шығыс, көмектес септіктерін менгереді.

Үшін (тұйық тұлғалы қимыл етістігін, кейбір зат есімдерді), **сайын** (мезгілдік мәнді зат есім мен өткен шақтық есімшені, мысалы, күн сайын) менгереді және *әр* есімдігімен мағыналас болып келеді.

Таман, қарай барыс жалғаулы есім сөздермен тіркесіп, іс-кимылдың бағытын, бағдарын, мезгілдік мөлшерін білдіреді.

Гөрі шығыс жалғаулы сөзben тіркесіп, заттық қимылды, сандық сапаны талғау, саралау мағынасында айтылады: *бұрын, соң, кейін, шейін, ілгері, әрі, бері, таман, жуық, қарай* шылаулаты шығыс, барыс жалғауы есім сөздермен тіркеседі.

Морфологиялық өзгеріске ұшырайтын септеуліктерге *соң, кейін, дейін, шейін, бұрын, таман, жуық, басқа, өзге* шылаулар жатады.

Сонымен, септеулік шылаулар өз алдына дербес лексикалық мағынасы жоқ, өзге сөздерге тіркесіп айтылғанда, өзінің алдындағы толық мағыналы сөздің белгілі септік жалғауларында тұруын талап етіп, объекті мен объектінің не предикаттың арасындағы түрлі-түрлі грамматикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылып, белгілі бір септік жалғауларын менгеріп тұратын көмекші сөздер болып табылады.

Түркі тілдерінің біразында көмекші сөздер тобына модаль сөздер жатқызылады. Қазақ тілшілері модаль сөздерді жеке топ ретінде бөліп алса да, оларды көмекші сөздердің қатарына қоспайды. Тіпті қазақ тілінің кей оқулықтарында модаль сөздер жеке бөлініп те алынбаған. Дегенмен де қазақ тілінің материалының көрсетуінше, модаль сөздер семантикалық, синтаксистік қызметі жағынан жеке топ ретінде бөліп алуға болатындей ерекшелікке ие.

Модаль сөздердің мағына дербестігін анықтауда бірізділіктің болмауы оның зерттелінбеуінен емес, модаль сөздердің өздерінің бір типті болмауынан. Мысалы, **керек** сөзі модаль сөз деп есептелінеді. Мәтіндегі мағынасы мен қызметіне байланысты бұл сөз анықтауыш та, толықтауыш та бола алады. *Керек заттың ауырлығы жоқ* дегенде анықтауыш қызметінде қолданылып жүр.

Керек іс бозбалаға – таланттылық, әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылыш... (Абай). **Ақыл керек, іс керек, мінез керек, ер ұялар іс қылмас қатын зерек** (Абай).

Керек сөзі, кейде сөйлемнің оңашаланған мүшесі ретінде де қолданылады.

Бұл сияқты көпфункционалдық модаль сөздердің көпшілігіне тән. Сондықтан да модаль сөздерді көмекші сөздердің қатарына жатқызу үшін әр сөзді жеке-жеке талдап, мағынасын анықтау керек.

Сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы жөніндеғі сөйлеуші тараттың пікірін білдіретін арнаулы сөздерді модаль сөздер дейді.

Қазақ тіл білімінде модаль сөздерге байланысты екі түрлі көзқарас бар:

1. Модаль сөз жеке сөз табы емес, тек көмекші сөздердің бір тобы.

2. Модаль сөздер жеке сөз табы.

Бұл екі пікір сырт қарағанда, бір-біріне қарама-қарсы болып көрінгенімен, бірін-бірі толықтыратын, принципті айырмашылығы жоқ тұжырымдар. Себебі модаль сөздердің көмекшілік мағынасы бар және тұлғалар бойындағы модальдық мән сөйлеу процесінде орындалады. Ал сөз таптарын атауыш сөздер мен көмекші сөздер деп бөлуде де олардың мағыналық құрылымдары мен грамматикалық тұлғаларының болуы мен болмауы, сөйлемдегі қызметтері ескерілгені белгілі. Демек, көмекші сөздерге енетін шылаулар сияқты, модаль сөздер де жеке лексикалық мағынасы толық емес, сөйлем мүшесі бола алмайтын, бірақ сөйлемдегі ойға әртүрлі модальдық мән беруші, предикаттылықпен тығыз байланысты тұлғалар.

Модаль сөздерді жеке сөз табы ретінде қарастырудың өлшембелгілері:

1. Жеке сөз табы ретінде танытатын негізгі белгісіне жалпы категориялық (сөйлеу кезінде айтылатын хабарға сөйлеушінің жеке қатынасы мен көзқарасының болуы) мағынасының болуы.

2. Сөйлеу кезінде модаль сөздердің жалпы категориялық мағынасы болуы модаль сөздерді жеке сөз табы ретінде танудың ғылыми негізін құрай алады және модальдықты танудың негізгі бағыттарын анықтайды.

Ғалым С. Исаев модаль сөздерді қазақ тілінің оныншы сөз табы ретінде қарастырады және модаль сөздердің көмекшілік қызметі барын да ескереді: «Жеке лексикалық мағынасы болмаса да өзі қатысты сөзге я сөйлемге қосымша грамматикалық мән үстейді немесе ойға қатысты (көніл күйін білдіру я модальдылық) мәндер қосады. Түркі тілдерінде сөйлеуші-субъектінің айтылған ойдың шындыққа сәйкестігі жөніндегі көзқарасын білдіруде қолданылатын сөз ретінде көмекші сөздердің тобына жатады», –

дейді (Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 292 б. – 73-б.).

Ескерту: Ал орыс грамматикасында модаль сөздерді дербес сөз табы ретінде қаралу XIX ғасырдың ортасынан басталады. А.А. Потебняның модаль сөздерге деген синтаксистік-генетикалық көзқарасы осы сөздер жөніндегі бүгінгі күнгі көзқарасқа әсерін тигізді. А.А. Потебня модаль сөздердің сөйлемнің басқа мүшелері арасындағы тәуелсіз позициясын дәлелдеді.

Модаль сөздер мен эмоционалдық мағынаны білдіретін сөздер арасына шек қою керектігіне орыстың белгілі лингвист ғалымы А. Реформатский және В.В. Виноградов та қосылады. А. Реформатскийдің пікірі бойынша: «... модаль сөздер экспрессиялық функция атқармайды және олар эмоция мен адамның түрлі ерікке байланысты сэттерінің тікелей белгісі болып табылмайды, керісінше, сөйлеушінің өзінің айтатын сөзіне деген ерекше мән беруін жеткізеді» (Реформатский А.А. Введение в языковедение. – Москва: Наука, 1998. – С. 69).

Белгілі әрекеттің жоққа шығару, күмән келтіру, болжау, сөйлеушінің өз пікірі жайында екі ойлы болуы – мұның бәрі өз кезегінде арнайы тілдік тұлғаны қажет етеді. **Сондықтан тіл ғылымындағы модальдық** деп аталатын құбылыс тілдегі қосымша сыңайлы, соның көмегімен айтуши сөйлеу барысында сөйлеуші мен тындаушы арасында өз пікірін, өз ойын бөліп жеткізуге, іс-әрекеттің болу-болмауына өзінің қалауын танытуға мүмкіндік алады.

Дәстүрлі грамматика тұрғысынан модаль сөздер іштей етістікті және есімдікті болып жіктеледі.

а) етістікті модаль сөздер: **екен, шығар, болар, дейді, көрінеді, білем, деседі, деймін, кім біледі, т.б.;**

ә) есімді модаль сөздер: **керек, қажет, тиіс, бар, жоқ, сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, мүмкін, бәлкім, бәлки, әрине, әлбетте, анығында, шамасы, тәрізді, тәрізі, сынды, қисыны, лазым, туасы, дауасы, зады, расы, расында, шынында, шындығында, жарайды, т.б.**

Модаль сөздердің пайда болуы мен жасалуы толық мағыналы дербес сөздердің мағыналық айырылуының нәтижесі деп қаралады. Толық мағына беретін атаулар лебізде сөйлеушінің көзқарасын, іс-әрекеттің орындалу-орындалмау мүмкіндігін, болуболмауын, қажеттілігі-қажет еместігін көрсетіп, функционалдық тұрғыдан семантика-грамматикалық мағына беру деңгейіне жеткен. Модаль сөздердің ішкі мағыналық құрылымы тек мәтінде ашылады. Мәселен, *Әкемдер ендігі шайын ішіп болып, ертең ерте тұрамыз деп, жату қамына кіріскең шығар* (О. Бекей). Сөйлемдегі «шығар» модаль сөзі болжалдық шамалау мәнін білдіреді. *Оның қияли түгі де жоқ, ауылдың көп адамдарының бірі гана. Бірақ қиялилау екені де рас, жұрттың бәрі айтып жүр* (О. Бекей) – сөйлеушінің орындалатын іс-әрекеттің растығына не рас еместігіне көзқарасы білдірілген.

Таныстық неғұрлым келте болса, сағыныш анағұрлым ұзақ болады-ау; ... Мен оны оқыстан таптым, мүмкін, өмірімнің алғы күндері соган телулі шығар-ау. Мүмкін, әйттеуір, үнемі біреуді ізден елеңден жүрер жүрек байыз тауып, байырқалар айдында жолыққан шығар-ау (О. Бекей) – сөйлеушінің іс-әрекетке қатысты болжамды ойы берілген, т.б.

Модальдық реңк сөйлемнің типтері арқылы да, интонациямен де, яғни белгілі бір дауыс ырғағымен де білдіріледі. Бұл – сөйлемнің модальдылығын білдіретін синтаксистік тәсіл. Сөйлемнің мазмұны жөніндегі сөйлеуші адамның көзқарасын, пікірін білдіретін жеке сөздер мен кейбір демеуліктер де (-ғой, -ау, т.б.), бірді-екілі шылаулар да бар. Модальдық реңк одағайлардан да, қыстырма сөздерден де, В.В. Виноградовтың айтуынша, әсіресе, сұраулық шылаулардың қай-қайсысынан да айқын сезіледі. Бірақ сөйлемге модальдық реңк беретін сөздің, шылаудың, одағайдың, қыстырма сөздің, т.б. – бәрін бірдей модаль сөз деуге болмайды.

Ескерту: Модаль сөздер түркологияда Е.И. Убрятова, Н.А. Басқаков, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов еңбектерінде, якут, қарақалпақ, башқұрт, түрік тілдері жайындағы монографиялық және оқулық түріндегі зерттеулерде жеке тақырыпша түрінде бөлек талданады. «Қазіргі заман өзбек

тілі» деп аталатын жоғары оқу орындарына арналған оқулықта да, қырғыз және түрікмен тілдерінің грамматикаларында да жеке параграф түрінде беріледі, бірақ өз алдына сөз табы ретінде қаралмайды.

Әйткені:

- 1) модаль сөздердің кұрамында *өз алдына жеке толық мағыналы сөздер де, көмекші сөздер мен кейбір шылаулар да, қыстырма сөздер* де үнемі аралас жүреді;
- 2) сөз таптарына тән қасиет, негізгі белгілер модаль сөздерден байқалмайды;
- 3) модаль сөздердің саны қанша, көлемі қандай – бұл мәселе туралы да көзқарас әртүрлі;
- 4) модальдылық категориясы жөніндегі түсінік те бір-біріне ұқсамайды;
- 5) модаль сөздер лексикалық және грамматикалық белгілеріне қарай есім сөз таптарынан да, етістіктерден де, көмекші сөздерден де, басқа да кейбір сөз таптарынан бола береді. *Мүмкін, шамасы, рас, әрине, зады, тәрізі, зайыры, әлбетте, бәлки* сөздері – өздерінің синтаксистік функциясы және формасы жағынан қыстырма сөздер. Ал мағыналық ерекшелігі жағынан, яғни сөйлемдегі ой жөнінде сөйлеушінің пікіріне қарағанда олар – модаль сөздер. Әйткені кейінгі жылдардағы көптеген лингвистикалық әдебиеттерде сөйлеуші адамның сөйлем мазмұны, ондағы айтылған ой жөніндегі пікірін білдіретін сөздерді модаль сөздерге жатқызады.

Түйіндей келгенде, қазіргі қазақ тіліндегі мұндай модаль сөздер тобына негізінен мына лексемаларды жатқызуға болады: *сияқты, сықылды, секілді, сияқатты, әлпетті, сыңайлы, сынды, тәрізді, рәуішті, мәзімді, тақылетті, іспетті, мүмкін, ықтимал, кәдік, шек, шамасы, сиқы, тәрізі, аңгары, әлпеті, нәті, туасы, нәяті, зады, асылы, түрі, жобасы, қисыны, сыңайы, зайыры, анығында, шынында, шындығында, асылында, расында, рас, шын, расы, әрине, әлбетте, бәлки, бәлкім, керек, қажсет, тиіс, лазым (ләзім), шығар, болар, зайыр, мензес, көрінеді, білем, дейді, -са (-се) деймін, -сам (-сем) дейім, -са (-се) керек, -у (-уга)*

керек, -уы (-yi) керек, -уы (-yi) тиіс, -уга (-uge) тиіс, -у қажет, -га (-ge) ұқсайды, сыңайы бар, тәрізі бар, түрі бар (жоқ), екен, -са (-се) екен, -уы (-yi) мүмкін, т.б.

1. Бұлардың ішінде сан жағынан ең көбі – болжал мәнділер. Жалпы басқа да түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тіліндегі модаль сөздердің денін осылар құрайды: *сияқты, сыңайлы, сыңды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, аңгары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, нәті, бәлки, (бәлкім, бәлкі), ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан (-ген) білем, -са (-се) керек, -у керек, -га (-ге) ұқсайды, -уы (-yi) мүмкін, нәяті, тәрізі бар* – лексемалар жатады. Мысалы: *Би әкесі тіс жарып, ештеңе айта қойған жоқ, білем* (Аймауытов); *Қазекең жыбырламай тұра ма, біреу Дәрменді көрсете қойса керек* (сонда); т.б.

2. Қазақ тілінде міндеттілік модальдық мағынаны негізінен *керек, қажет, тиіс, лазым* сөздерінің қатысуымен жасалатын -у керек, -у қажет, -у лазым; -мақ керек, -маққа керек, -уга тиіс, -уы (-yi) тиіс сияқты аналитикалық форманттар білдіреді және түрлі семантикалық мәнмен қолданылады: -у керек модальдық форманы кейде міндеттілік те, болжалдық мәнде де алып қарауға болады. Мысалы, мына бір сөйлемде: *Ендігі шара қатал сөгіс болу керек* (F. Мұстафин). Мұндайда аналитикалық болу керек формантының дәл қандай мағына білдіріп тұрғанын тек контекстіге қарап қана ажыратуға тұра келеді: *Сөз шығарушылар сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білуі қажет* (Байтұрсынов) (міндетті мән).

3. Сөйлеуші тарапынан сөйлемде айтылған хабардың ақиқаттығын көбінесе *көрінеді* етістігі, «*екен*» формасы білдіреді: *Шынында теориялық еңбек құнды көрінеді, сұраган оқушылар көп екен*.

4. Ақпарат, хабар, деректің сөйлеушінің пікірімен нақтылануда модальдық мағынамен байланысты және «де» формасымен беріледі, *дейді*, «*деп айтады*», «*деп естіміз*», «*деген сөз бар*», «*деп айтылады*» сияқты құрылым түрінде қолданылады: *Был қыс қатты болады деген сөз бар*.

5. Сөйлеуші тарапынан ойдың қосталуын *рас, расында, шынында, анығында* сөздері білдіреді. *Арғысын бір-ақ алла біледі рас* (Абай).

6. Эрине және *әлбетте* сөздері сөйлеушінің сөйлемде айтылған ой жөніндегі сенімін көрсетеді: *Сырт қарағанда, әрине, бұл әрекеті дұрыс*.

7. Тілек (қалау), ниет-пиғыл мәнді модальдық мағына *-са (-се)* екен, *-са (-се) дейім (деймін)* аналитикалық форманты арқылы білдіріледі, мысалы: *Мына жақта кедей Қамбар деген адам бар, сіз соны шақыртып алсаңыз екен* (Қамбар батыр).

8. Қазақ тілінде сөйлеушінің сөйлемде айтылған хабар жөніндегі күдік-күмәнін білдіреді: *-ар ма екен, -са неғылсын, кім біледі деген* аналитикалық конструкциялар қатысады: *Бұл мәселе осымен шешілді десек, артық айтқандық болар ма екен*.

Қазақ тілінде кейде екі модаль сөз қатарласа қолданылады. Модальдылықты соңғы сөз білдіреді: *Абылай мүмкін, білем, осы болар* (Тарихи жырлар).

Модаль сөздер тілдегі модальдылық және предикаттылық құбылыспен тығыз байланысты. Предикаттылық сөйлем мазмұнының ақиқат шындықпен жалпы арақатынастырылығын білдіреді.

Сөйлеуші өзінің бұл хабарын қалай түсінеді, өз тарапынан оған қандай сипаттама береді, ақиқат шындыққа қалай қарайды – модальдық қатынастың мәні осында.

Ал предикаттылық пен модальдылық өзара тығыз байланысты болғанмен, олардың бір-бірінен айырмашылығы бар. Модальдылыққа, әдетте, сөйлемнің негізгі тұрақты белгілерінің ішінен ойдың тиянақтылығын белгілейтін интонация, яғни хабардың айтылу ырғағы, сөйлеушінің тағы басқа модальдық қатынасы тиесілі.

Ескерту: Бұл екі құбылыстың белгілі бір шекаралық жігі предикаттылықты тіл деңгейінде логикалық-синтаксистік категория, ал модальдықты сөйлеу деңгейінде коммуникативтік-синтаксистік категория реңінде алғып қарағанда ғана біршама айқынырақ көрінүі мүмкін, өйткені предикаттылықтың қандай бір формасы болмасын, бәрі тікелей тілмен, ал модальдықтың түрлі формалары сөйлеумен байланысты.

Модаль сөздер түркі тілдерінің бірқатарында (солардың ішінде қазақ тілінде де) негізінен көмекші сөздердің тобына кіреді.

Көмекші сөздерді зерттеу өз алдына толық мағыналы дербес сөздердің грамматикалану проблемасымен байланысты. Аналитизмнің дамуы көмекші сөздердің әртүрлі топтарын байытып отырады және заттық мәнінен ажыраған соң модальдық семантикаға ие болған сөздер ғана грамматикалық мағына білдірудің арнайы лексикалық құралы бола алады. Модаль сөздер толық мағыналы жеке дербес сөздердің біртіндеп грамматикалануы нәтижесінде пайда болады. Таза модальды сөздерде тек модальды (яғни грамматикаланған) мағына болады. Демек, модаль сөздердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері тек көмекші сөз ретінде ғана қалыптасады.

Заттық мағына көптеген модальды тіркестерде де болмайды. Олардың да семантикасы сол модальдылықты білдіретін грамматикалық мағынамен астасады. *Түйіндей келгенде модаль сөздер дегеніміз, өзінің шығу тегі жағынан есімдермен, етістіктермен және үстеулермен байланысын жатқан тұлғалық өзгеріске түспейтін, сөйлеушінің айтылған ақиқат шындыққа қатынасын білдіретін көмекші сөздер болып табылады.*

Ескерту: Ал қазақ тілінде сөз тіркестерін зерттеуші ғалым Т. Сайрамбаев өзінің «Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі» еңбегінде сөз бен сөзді байланыстыратын дәнекерлердің бірі ретінде модаль сөздерді қарастырган (Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. – 67-б.). Ал, бұған керісінше, Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағманов сияқты ғалымдар: «Модаль сөздер сөз тіркесі құрамындағы сөздерді байланыстыра алмайды, бірақ курделі сөз тіркесін құрауга қатысады», – деген пікірлерін білдіреді (Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалық процесстері. – Алматы, 1997. – 94-б.).

Семинар сабактарында орындалатын жаттығулар

1-жаттығу. Мәтіннен атауыш сөздер мен көмекші сөздерді тауып, түрлеріне қарай бөліп жазыңыздар.

Ана тілің арың бұл, ұттың боп тұр бетте, өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте (Қ. Мырза Әлі). Жастарымыздың үлкен бір кемшілігі бар. Ол мынау: сөйлесе кетсөн, көпшілігі-ақ мұдіріп, аузына сөз түспей, білген сөзінің өзін бұзып айтып қиналады да қалады. Бұның өзі, әрине, тілін ұстартуға зер салмағандықтың салдары (С. Қожамқұлов). Қызыл тіл – жанның мияты, Абырой – жанның қуаты (Мақал). Ең бірінші бақыттым – халқым менің, Соған берем ойымның алтын кенін (Мұқағали). Тіліңмен жүгірме, Біліммен жүгір (Мақал).

2-жаттығу. *Мәтіннен шылауларды тауып, магынасына қарай топтап жазыңыздар.*

Біздің арғынға ұзатылған қызымыз бар. Аты – Қалдықызы. Оны мына Қалба бойының игі жақсыларының бәрі-ақ біледі, тақсыр. Соны алдыrsaңыз еken. Куәлік беруге керек болады-ау. Басқасын сонаң соң айтамыз, – дейді шешеміз Жаңыл. Ол ауыл күншілік жер еken-ау. Қалдықызы келіп төркіндерімен көрісіп, жыласып-сықтасып, ел-жұрт амандығын, бауыр-қарындастарының амандығын білді (М. Әуезов).

Біздің ел егеменді, тәуелсіз ел болғаннан кейін мерейіміз үstem. (Ана тілі газетінен). Жанарлар кеше Гүлімдікінде болды ма еken, анығын білмедік. Түйенің үлкені өткелде де таяқ жейді. Еріншектің ертеңі бітпес (Мақал). Өзіміздікі қанша, оның үстіне көрші ауылдан келіп қонады. Төртеуі де орындарынан секіре тұрысты, бірақ кеш болды (Қазақ әдебиеті).

3-жаттығу. *Сөйлемдерден көмекші есім мен көмекті етістікті бөліп көрсетіңіз. Шылауларды магыналық топтарына қарай топтастырыңыз. Жасалу жолын айқындаңыздар.*

Ұзынша қырлы мұрны көтеріңкі, үлкен. Жазық биік маңдайы шекесіне таман келгенде дөңкілдене түсіп, кең көслегендей. Қыс суығына бет, мұрны тотықса да келбетті маңдайы ақшылданып, айқындалап тұр. Отты сұлу көздерінің ақ, қарасы әлі тап-таза. Көзінің сыртқы шарасы томпактау және ұзынша біткен. Жіп-

жіңішке бол кең созылған қастары мен ойшыл, отты көздері Абайды өзге жүрттың ішінен оқшауырақ етіп тұрады. Жақсы туыс белгісі сияқты (М. Әузов). Мен әкемнен отыз екі жасында жастықтың алғашқы арыны басылып, жігіт ағасы болып қалған кезінде туғанмын. Мен әкемді танығанда, әкемнің жүзі ашық, ажары сыртында, көзі өткір, ашуы да қуануы да жылдам, ширак жанды адам еді. Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарқаны аса мол еді. Бір іспен қызықтамай, жай шаруасын істеп отырмаушы еді. Маған десе малай, малшы қызметкер қатыннан да болса, бір тәуір мінезін, қылышын тауып, жақсы көріп, ойнап қалжындалп отырар еді. Еш уақытта іші сүймеген, сенбеген адамымен мәжілісте болып, ұзақ отыра алмаушы еді. Ондай адамдармен бас қоспақ уақыт еріксіз келсе, ондай уақытты өзіне абақтыдан кем көрмеуші еді (Т. Құнанбаев).

4-жаттығу. *Модаль сөздерге көркем шығармадан мысалдар келтіріп, жасалу жолына назар аударыңыздар.*

СОӘЖ тапсырмалары

1. Атауыш сөздердің лексикалық мағынасының солғындалп, дербестігінен айырылу процесі ғылымда қандай терминдермен аталып жүр? М. Оразов, А. Ысқақов, Р. Әмір еңбектеріндегі терминдерге тоқталыңыз.
2. Көмекші сөздердің тарихы туралы жазылған қандай еңбектерді білесіз? В.А. Горлевский, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Басқаков, А. Ысқақов, Ш. Шабдурахманов, Ф. Зейналов, М.И. Қыдыров, Р. Әміров, Н. Оралбаева, Ү.Е. Маманов еңбектеріндегі көмекші сөз туралы пікірлерге конспекті жасаңыз.
3. А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегінде көмекші етістіктердің қандай мағыналық топтары берілген? Мысалдар келтіріп, себебін түсіндіріңіз.
4. Әрі толық, дербес, әрі көмекші мағынада жұмсалатын етістіктерге қандай етістіктер жатады? Мысалдар келтіріңіз.
5. Қазақ тіліндегі грамматикалық белгілері басым көмекші есімдерге қандай көмекші сөздер жатады? Лексика-грамматикалық сипаты басым көмекші есімдерге қандай көмекші сөздер жатады? Нақты мысалдар арқылы себебін түсіндіріңіз.

6. Көмекші есімдердің нағыз зат есімге ұқсамайтын бірнеше белгісі бар. Санамалап көрсетіңіз.
7. А. Байтұрсыновтың «Тіл тағылымында» шылауларға қатысты қандай тұжырымдар жасалған? Қазіргі шылаулардың мағыналық топтарымен сәйкеседі ме? Салыстырып, анализ жасаңыз.
8. Өзге тілден аудио келген кірме жалғаулықтарға қандай жалғаулықтар жатады? Қай тілден енгендігін анықтаңыздар.
9. Сөйлемнің соңында келіп экспрессивтік мәнін күшеттеп сөз соңы (постпозициялық) демеуліктерге қандай демеуліктер жатады? Олардың әрқайсысының функционалды-семантикалық мағынасын айқындаңыздар.
10. Мағынасына қарай септеуліктерді ғалымдар қанша топқа бөлді? Мысалдар келтіріп, себебін түсіндіріңіз.
11. Қазақ тіл білімінде модаль сөздерге байланысты қалыптасқан тұжырымдарға тоқталыңыз. Себебін түсіндіріңіз.
12. Модаль сөздердің қалыптасуы мен дамуына қатысты зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне тоқталып, қайшылықты көзқарастарына анализ жасаңыз.

Тест тапсырмалары

Көмекші сөздер:

- A) көмекші есім
- B) ұстеуші есім
- C) көмекші етістік
- D) атауыш сөздер
- E) шылау
- F) етістік
- G) зат есім
- H) сын есім

Көмекші есім:

- A) әрі
- B) тағы
- C) малы
- D) ойы
- E) үсті
- F) маңы

- G) сөзі
H) жаны

Толымсыз көмекші етістік:

- A) бол
B) еді
C) қыл
D) екен
E) ет
F) емес
G) тұр
H) жатыр

Барыс септігін менгеріп байланысқа түсетін септеулік шылаулар:

- A) дейін
B) шамалы
C) таман
D) бері
E) қарай
F) бұрын
G) бірге
H) бетер

Мен, бен, пен тұлғасымен келген шылау:

- A) Ағаш тамыры(мен), адам ұрпағы(мен) мықты.
B) Қайрат(пен) ақыл жол табар, қашқанға да қуғанға.
C) Машина(мен) келдім.
D) Ақ шоқыда туған өлең, өлең(мен) ән, сан салалы жырлар көшіріліп жатталып, әуендең, толқып тараң жатты.
E) Іқылас(пен) тоқылық.
F) Мына ақтарылуында сол түкпірді ашу(мен) аралас айрықша ашыну бар.
G) Ауыл аймақ(пен) Ұлжан, Айғыздай енелер болып бәрі де Ділданы күтіп тұрады.
H) Жарбаңдастып жас күлер құрбысы(мен).

Шылауы бар сөйлем:

- A) Ашу – дұшпан, ақыл – дос.

- В) Ашуың келсе, қолыңды тарт.
- С) Өзен бойындағы ауыл таң атысымен көзге түседі.
- Д) Рақым мен әйелі Ақлимамен бірге кетті.
- Е) Ұстарасыз аузыңа тұсті-ау мұртың.
- Ғ) Қызыл алманың қышқылы бар.
- Г) Бүгін олар тірі қаламыз деп ойлаған жоқ-ты.
- Н) Сонымен мен пьеса жазамын.

Етістікті модаль сөздер:

- А) екен
- Б) қажет
- С) керек
- Д) жоқ
- Е) шығар
- Ғ) бар
- Г) тиіс
- Н) болар

Есімді модаль сөздер:

- А) дейді
- Б) тәрізді
- С) көрінеді
- Д) секілді
- Е) деймін
- Ғ) білем
- Г) мүмкін
- Н) кім біледі

Болжал мәнді модаль сөздер арқылы жасалған сөйлем:

- А) Би әкесі тіс жарып, ештеңе айта қойған жоқ білем.
- Б) Мен сенімен біргемін.
- С) Абылай, мүмкін білем, осы болар.
- Д) Сонша алтынды қайдан алдың?
- Е) Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым.
- Ғ) Қазекен жыбырламай тұра ма, біреу Дәрменді көрсете қойса керек.
- Г) Ендігі шара қатал сөгіс болсын.
- Н) Сәulet өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың қасиетін жақсы білуге тиіс.

Сөйлемде айтылған ойды сөйлеушінің өз тарапынан қостауын білдіретін модаль сөздер:

- A) секілді
- B) расында
- C) лазым
- D) шынында
- E) тиіс
- F) қажет
- G) анығында
- H) қисыны

Қазақ тілінде сөйлеушінің сөйлемде айтылған хабар жөніндегі күдік-күмәнімен байланысты модальдық мағына:

- A) кім біледі конструкциялары арқылы беріледі.
- B) қисыны модаль сөзі арқылы беріледі.
- C) -сам (-сем) дейім конструкциялары арқылы беріледі.
- D) -са неғылсын конструкциялары арқылы беріледі.
- E) -ар ма екен конструкциялары арқылы беріледі.
- F) тұрі модаль сөзі арқылы беріледі.
- G) асылы модаль сөзі арқылы беріледі.
- H) жобасы модаль сөзі арқылы беріледі.

Біреулердің сөзіне сүйену арқылы не бір нақты дерек негізінде білдірілетін сөйлеушінің пікірі арқылы нақтыланатын модальдық мағынаны көрсететін сөйлем:

- A) Арғысын бір-ақ алла біледі рас.
- B) Әсіресе жандарал кеңсесі ашулы дейді.
- C) Қазақтың жайын жақсырақ білеміз.
- D) Алты айдан кейін қайтарады деген сөз бар.
- E) Осы жолы Абай мерт болмаса неғылсын.
- F) Сөз шығарушылар сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білуі қажет.
- G) Естіген нәрсені ұмытпастыққа әуелгі көкірегі байлаулы берік болмақ керек.
- H) Ашу – дүшпан, ақыл – дос деген екен.

§8

ЕЛІКТЕУШТЕР МЕН БЕЙНЕЛЕУШ СӨЗДЕР

Фонетика-морфологиялық, семантикалық және грамматикалық жағынан басқа сөз таптарынан ерекшеленіп тұратын сөздердің тобы *еліктеу сөздер* деп аталаады. Еліктеу сөздердің семантикасы табиғатта ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен заттардың сыртқы сипаты мен қимыл-әрекеттердің көріністеріне қатысты пайда болған түсініктердің атауы түрінде келеді. Оларға, *сырт*, *сарт*, *тарс*, *тырс*, *арбаң-арбаң*, *ебелең-ебелең*, *жалт-жұлт*, *тарбаң-тарбаң*, *жарбаң-жарбаң*, *алақ-жұлақ*, т.б. сөздер жатады. Заттардың сыртқы сипаты мен қимыл-әрекеттердің көріністеріне қатысына қарай еліктеуіш сөздер *еліктеуіштер* және *бейнелеуіш* сөздер деген екі топқа бөлінеді.

Еліктеу сөздер жанды заттардың дыбыстау мүшесінен шыққан дыбыстар мен жансыз заттардың соқтығысынан, қақтығысынан, бір-біріне ұрылудынан, т.б. шыққан дыбыстарға еліктеуден, барынша дәл етіп айтудан пайда болады. Мысалы, *сагат сыртылдаиды* бірақ *сартылдамайды*, соған байланысты *сырт* деген еліктеу сөзі пайда болған. Сол сияқты әр заттың жерге, бірі-біріне немесе басқа затқа соғылуды барысында шығатын дыбыстарды әртүрлі еліктеу сөзімен айтуда болады. Мысалы, *сырт*, *сарт*, *сұрт*; *тырс*, *тарс*, *тарс-тырс*, т.б.

§9

ОДАҒАЙ

Одағай сөздер – зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, ұстеулер сияқты негізгі сөз таптарының бірінде ұқсамайтын сөз табы. Сөйлемде тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің қызметтерін атқармайды, сөйлем ішінде сөздермен байланысып, синтаксистік қарым-қатынасқа түспейді. Олардың ең басты ерекшелігі білдіретін мағыналары адамның сезімімен, көңіл күйімен байланысты және көңіл күйдің құбылмалы болатыны секілді көп мағыналы болып келеді. Мағыналары сөйлем ішінде ғана нақты анықталады. Мысалы: *Япырмай, мынау не деген керемет дүние!*

Одағайлардың мағынасы тілді тұтынатын ұжымға (ұлтқа, халыққа) түгел түсінікті болып келеді.

Одағайлар **негізгі түйнды** одағайлар болып екіге белінеді. Негізгі одағайларға: *ay, na, eй, эй, e, ya, yau, uай, я, пай, э, о, оно, ой, ie, аңа, беу* жатады және бұл одағайлар қайталанып қолданылады: *беу-беу, e-e, o-o, na-na, eй-ей, паң-паң, ау-ау*, т.б.

Түйнды одағайлар: *мәссаган, бәрекелді, әттегенай, жәрекім-алла, масқарай, о тоба, астапыралла, япырмай, ойпырмай, о дарига*. Бұл одағайлардың өзіндік қалыптасу тарихы бар.

Ескерту: *Бұлар әуел-баста мағыналы сөздерден я сөз тіркестерінен бірін одағай сөздерге айналған. Мысалы, бәрекелді дегенниң төркіні – барака аллаңу (Алла саган бақыт берсін), масқарай дегенниң түбірі – масқара-ай, о тоба дегенниң төркіні – иситиғфару аллаңу (Алла кешірсін); япырай, ойпырмай, апырай дегендердің түбірлері – я, пірім-ай, ой, пірім-ай дегендерден шыққан. Бірақ бұл сөздер өздерінің бастапқы ақиқаттық мағыналарынан тіпті алыстан, таң қалу, ұнату, мадақтау, өкіну, шошыну сияқты көңіл күйлерін білдіретін одағайларға айналып кеткен (А. Ысқақов, 380-б.).*

Одағайлардың көбі бастапқы кезде реалды дүниедегі ақиқат құбылыстарды аттайтын мағынасы бар сөздер болған. Одағайлардың бір ерекшелігі ретінде олардың ескі дәуірлерде шыққан сөздермен бірге жаңа одағайлармен молайып отыратынын айту керек.

Одағайлардың нақты мағыналары kontekste анықталады, олардың шын мәнісіндегі мағынасы сөйлеу жағдаятымен тікелей байланысты болады. Сондықтан олар әр сөйлемде әртүрлі мағынамен жұмсалады. Бір одағай сөз әрі таңырқау, әрі шошыну, әрі қуану, әрі өкіну сияқты адамның түрлі көңіл күйін білдіре алады. Мысалы:

1. *Беу, жастық шақтың көзіндей болған құрбым-ай!* (сүйсіну). Одағайлардың мағынасына сөйлеу жағдаяты мен прессупозиция және интонация, екпіннің әсері ерекше болады.

2. *Беу деген, сен өзің қалай-қалай әңгіме қозғап тұрсың?*! (реніш аралас таңырқау).

3. *Беу, жсаным, ризамын саган!* (ризашилық), т.б.

Көңіл күйді білдіретін одағайлардан бөлек көрсету, нұсқау, тыю мағыналарын білдіретін одағайлар бар. Бұл сияқты одағайлар *ишарап одағайлары* деп аталады. Оларға: *кәне (кәні)*, *міне (міні)*, *әйда (айда)*, *әй, тек, тәйт* деген одағайлар жатады.

Түрлі жан-жануарларды шақыру кезінде қолданылатын одағайлар *шақыру одағайлары* деп аталады. Мысалы, *моң-моң, аухау-аухау, шу-шу, кә-кә, пұшайт-пұшайт*, т.б.

Одағайлардың қолданыс кезіндегі немесе сөйлем ішіндегі қызмет ерекшеліктері:

1. Одағайлар сөйлемге балама ретінде (лепті, сұраулы сөйлемдердің) қызмет атқара алады. Мысалы:

– *Ойпырмай, мына дауылдың түрі жаман, қап-қара бұлт торлап алыпты, арты қалай болар еken? Есік-терезені қымтау керек еді, – деді әжесі аспанга қарап.*

– *Қане!*

Осы диалогтегі қане деген одағай *нені істейін, көрсетесіз бе?* *Есік-терезенің қай жерін қымтайын?* дегенді білдіріп, сөйлемнің қызметін атқарып тұр.

2. Көмекші етістіктің дәнекерлігі арқасында одағайлар басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсіп, сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Мұндай кезде одағайлы тіркеске *Қайтті?* *Не деді?* *Қайтін?* *Не деп?* деген сұрақтар қойылады. Мысалы: *Кә-кә!* – деген баланың дауысынан соң даладан иттің қуана қыңылаған дыбысы естіліп қалды.

3. Одағайлар сөйлем ішінде заттық мағынаны иеленіп, субстантивтене алады. Мұндайда одағайлар түрлі қосымшалар қабылдап, сөйлем мүшесі қызметін атқарады. *Мұлгіген тыныштықты әйел адамның жасағымсыз шаңқылдаған дауыспен айтқан ойбайы бұзып жіберді.*

4. Одағайларға түрлі қосымшалар жалғану арқылы туынды етістік жасалады: *уңіледі, ақылады, бебеуледі, ойбайлады*, т.б.

Семинар сабактарында орындалатын жаттығулар

1-жаттығу. Еліктеуіш сөздер мен бейнелеуіш сөздерге мысалдар келтіріп, олардың лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне сатылыш кешенді талдау жасаңыздар.

2-жаттығу. *Қарқа қарқ етті, ірімшік жерге салп етті.* Берілген сөйлемге ықшамдау тәсілі арқылы кешенді-сатылыш талдау жасаңыздар.

3-жаттығу. *Мәтіннен одагайларды тауып, түрлеріне қарай топтаңыздар.*

Өңшең өгіздің арасында аман қалғаныма өзім де таңданам. Осы шіркін, өзім ғана өмір сүрсем дейді екен-ау! Өздерінің берекесіздігіне, намыссыздығына, бірін-бірі аямайтындықтарына көздері жеткендей болды. Аяғының астындағы суға қарап еді, өзінің түрін көрді. Әкем келген соң, қора-мұлкімізді де, жеремізді де өзімізге қайтарып берді. Тағы бір күні Өзік әбдіре ақтарып, төрт көз сантон тауып алып, Ақбілекпен ақылдасқан болып, өзіне қынама пішті.

Біз өзіңізді уайымдап жүрсек, тәйірі, қолдан келетін нәрсеғой, – деп жұбата беретін. Мен сені сүйдім, сен үшін жанымды қидым, өзімнен кейін өзгенің сүйгенін қаламаймын, – деді. Бұлар-

дың ішінде елеусіз бөтен кісі бол отырғанша, мен де өзімді ұғатын, өзіммен қалжындасып, өзімді қадірлейтін жолдастарымды көрсем екен, – деп ойлады (Ж. Аймауытов).

СОӘЖ тапсырмалары

1. Еліктеу сөздердің фонетика-морфологиялық, семантикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
2. Еліктеу сөздерді жасаудағы дауысты дыбыстардың қызметі қандай? Себебін түсіндіріңіз.
3. Еліктеуіш сөздер мен бейнелеуіш сөздердің негізгі ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы айқындаңыз.
4. Негізгі және туынды еліктеу сөздерге қандай сөздер аталады? Жасалу тәсіліне тоқталыңыз.
5. Дара және құрделі еліктеу сөздердің морфологиялық сипаты қандай?
6. Еліктеу сөздердің синтакистік қызметіне мысалдар келтіріңіз.
7. Одағай сөздердің өзге сөз таптарынан ерекшелігіне тоқталыңыз.
8. Одағай сөздер өз ішінен қандай семантикалық топтарға бөлінеді? Себебін түсіндіріңіз.
9. Одағайлардың қолданыс кезіндегі немесе сөйлем ішіндегі қызмет ерекшеліктері қандай? Нақты мысалдар арқылы талдау жасаңыз.
10. Одағай сөздер грамматикалық жағынан түрлене алады ма? Себебін түсіндіріңіз.

Тест тапсырмалары

Еліктеуіш сөз:

- A) арбаң
- B) ербен
- C) пыс
- D) қорбаң
- E) ирелең
- F) жалт
- G) бұралан
- H) сарт

Еліктеуіштен жасалған зат есім:

- A) ырыл
- B) таныл

- C) діріл
- D) тарыл
- E) қызыл
- F) гүріл
- G) жазыл
- H) қазыл

Біреу оқыс жөтепіп қалса-ақ, ала қашатындай елең-елең етіп, ойнақшып келеді. Еліктеудің қай түрі:

- A) дыбыстық еліктеуіш
- B) туынды еліктеуіш
- C) дара бейнелеуіш
- D) негізгі еліктеуіш
- E) құрделі бейнелеуіш
- F) қосарланған бейнелеуіш
- G) құрделі еліктеуіш
- H) аналитикалық тәсіл арқылы жасалған бейнелеуіш

Етістіктермен тіркескен еліктеу сөздер:

- A) Күңгірт сөйлеген шанда-шұң дауыс шықты.
- B) Көлік кілт бұрылды.
- C) Абай селк етіп жалт қарады.
- D) Қым-қиғаш қиқу, сарт-сұрт төбелес болды да қалды.
- E) Қасым жалт қарап жалтарып, Қалиқаға қосыла кетті.
- F) Төбеден сатыр-сұтыр дыбыс естілді.
- G) Таныс бөлмеден қарқылдаған күлкі естілді.
- H) Шиқылдаған үн оның жүйкесін жұқартты.

Субстантивтенген еліктеу сөздер:

- A) Екі ұрты бұлк-бұлк қозғалады.
- B) Қазір бір ұлken дүмпудің тұтасқан гүлін ғана естисін.
- C) Қараңғылықтан қылаң етіп бір атқылы адам шыға келді.
- D) Жүректің дірілі ғана білінеді.
- E) Боқай келіншегінің сөзіне мыңқ етпеді.
- F) Осы сөзден соң Жігітек былқ-сылқтан арылды.
- G) Қорыққаннан иегі сақ-сақ етті.
- H) Ол елең етті.

Қате жазылған еліктеу сөз:

- A) кіржің-кіржің
- B) гу-гу
- C) ырс-ырс
- D) мырыс-мырыс
- E) тарс-тарс
- F) былық-сылық
- G) бұлік-бұлік
- H) томп-томп

Одағайларға тән ерекшелік:

- A) Одағай сөздер грамматикалық жағынан түрленбейді.
- B) Одағай сөздер адамның іс-қимылдындағы әрекеттерді білдіреді.
- C) Одағайлар өздері жарыса, қабаттаса айтылатын сөйлемнен дауыс ырғағы арқылы оқшауланып, бөлініп тұрады.
- D) Одағай сөздер адамның іс-қимылдының мезгілін, мекенін білдіреді.
- E) Одағай сөздердің мағыналары адамның әртүрлі сезімімен байланысты шығатын дыбыстық ишараттарды білдіреді.
- F) Одағай сөздер жіктеледі.
- G) Одағай сөздер сөйлемде тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің қызметтерін атқара алады.
- H) Одағай сөздер сөйлем ішінде сөздермен еркін байланысып, синтаксистік қарым-қатынасқа түсе алады.

Түйнды одағайлар:

- A) ау
- B) па
- C) мәссаған
- D) пах
- E) бәрекелді
- F) я
- G) уай
- H) әттегенай

Көніл күй одағайы:

- A) кә-кә
- B) шіркін-ай, алақай

- C) моh-моh
- D) әттең, япыр-ау
- E) шөре-шөре
- F) құр-құр
- G) ayhay-ayhay
- H) паh, о дариға

Одағай сөз қатысқан сөйлем:

- A) Отағасы, қай жаққа барасыз?
- B) Мен не қылдым, япырмая?
- C) Балам, қайда ойыңыз бар?
- D) Өзі тіпті көшелі кісі боп қапты.
- E) Қысқасы, бәрің қалмай барындар.
- F) Кә-кә! – деген баланың дауысынан соң даладан иттің қуана қыңылаған дыбысы естіліп қалды.
- G) Ойпырмай, мына дауылдың түрі жаман, қап-қара бұлт торлап алыпты, арты қалай болар еken?
- H) Қанат кіlt бұрыльып, жалт қарады.

Беу! Одағайының білдіретін мағынасы:

- A) таңырқау
- B) шақыру
- C) қуану
- D) тұрмыс-салт
- E) төрт-түлік малды шақыру
- F) айтуды
- G) санауды
- H) өкінудү

Тыныс белгісі дұрыс қойылған одағай сөз:

- A) Ахмет, Ержанды шақыршы.
- B) Құлқінің иесі ақ сары қаз еken.
- C) Жарайды, тазалығыңа сендей.
- D) Кә-кә, күшігім, кә!
- E) Мен саған мұны ақыл ретінде айтамын.
- F) Moh! Moh! – деп кешкі тымық даланы басына көтерді.
- G) Бүгінді – ертең жеңеді.
- H) Шөге ғой, түйем, шөк-шөк.

ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1980.
2. Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983.
3. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
4. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
5. Қайдаров А.Т. Структурные типы слов // Кітапта: Современный казахский язык. Фонетика и морфология. – Алматы, 1962.
6. Маманов ІІ. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы, 1966.
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
8. Сауранбаев Н. Қазақ тілі. – Алматы, 1953.
9. Төлеуов Ә. Сөз таптары. – Алматы, 1982.
10. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. 2-басылуы. – Алматы, 1991.
11. Момынова Б., Саткенова Ж. Қазақ тілінің морфологиясы. Есімдер. – Алматы: Арыс, 2007.

Қосымша:

1. Мусеев А.П. О грамматической категории // Вестник ЛГУ. – № 2. – 1956.
2. Дмитриев Н.К. Стой тюркских языков. – М., 1962.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966.
4. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы, 1992.
5. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі (морфология) курсы бойынша теориялық және практикалық сабактардың мазмұны. – Алматы, 2003.
6. Кайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы, 1986.
7. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. – Алматы, 1967.
8. Қалиев F., Оралбаева Н., Төлегенов О. Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы. – Алматы, 1983.
9. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986.

10. Қасым Б. Құрделі зат есімдер сөздігі. – Алматы, 1999.
11. Мұсабаев F. Қазақ тіліндегі сын есім шырайлары. – Алматы, 1951.
12. Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. – Алматы, 1992.
13. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы (бақылау-пісірктау жаттығулары). – Алматы, 1982; Қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2004.
14. Серебренников Б.А., Гаджисеева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1986.
15. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988.
16. Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. – Алматы, 1957.
17. Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. – Алматы, 1961.
18. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя). – Л., 1977; Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Глагол). – Л., 1978.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
КІРІСПЕ	5
§ 1. МОРФОЛОГИЯНЫҢ БАСТЫ ҰҒЫМДАРЫ, НЫСАНЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРИ	22
§ 1.1. Сөз – тіл білімінің нысаны	23
§ 1.1.1. Сөздің грамматикалық мағынасы	27
§ 1.1.2. Сөз және оның морфологиялық құрылымы	28
§ 1.2. Түбір туралы түсінік	31
§ 1.3. Қосымша морфемалар	35
§ 1.3.1. Жұрнақ пен жалғаулардың салыстырмалы ерекшеліктері	39
§ 1.3.2. Қосымша морфемалардың мағыналық қарым-қатынастары	39
§ 1.3.3. Кірме жұрнақтардың ерекшеліктері	41
§ 1.3.4. Кішірейту, еркелету мәнді жұрнақтар	44
§ 1.3.5. Қос функциялық қосымшалар	44
§ 1.3.6. Қазақ тіліндегі префикстермен келетін сөздердің ерекшеліктері	46
§ 1.4. Сөздің құрылымы	49
§ 1.4.1. Түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың ерекшеліктері	50
§ 1.5. Сөздің лексикалық және грамматикалық құрылымы	53
§ 1.5.1. Грамматикалық мағына және оның түрлері	54
§ 1.5.2. Грамматикалық мағыналардың жасалу жолдары	55
§ 1.5.3. Нөлдік форма арқылы грамматикалық мағынаның берілуі	59

§ 1.6. Грамматикалық категориилар	63
§ 1.6.1. Көптік категориясы (сан-мөлшер категориясы).	65
§ 1.6.1.1. Көптік мағына тудыратын амал-тәсілдер	67
§ 1.6.1.2. Көптік (сан-мөлшер) категориясының кейбір ерекше белгілері	67
§ 1.6.2. Септік категориясы	68
§ 1.6.3. Тәуелдік категориясы	72
§ 1.6.4. Жіктік (жак) категориясы	73
 § 2. СӨЗ ТҮРЛЕРІ	82
§ 2.1. Күрделі сөздер	85
§ 2.1.1. Күрделі сөздер және олардың жасалу жолдары	87
§ 2.1.2. Біріккен және кіріккен сөздер	88
§ 2.1.3. Қысқарған сөздер	92
§ 2.1.4. Қос сөздер	93
 § 3. СӨЗ ТАПТАРЫ	106
§ 3.1. Зат есім	106
§ 3.1.1. Зат есімдердің морфологиялық құрылымы	110
§ 3.1.2. Зат есімнің жасалу жолдары	111
§ 3.1.3. Есімдерден зат есім тудыратын жүрнақтардың өнімді түрлері	112
§ 3.1.4. Есімдерден зат есім тудыратын жүрнақтардың өнімсіз түрлері	114
§ 3.1.5. Етістіктерден зат есім тудыратын жүрнақтардың өнімді түрлері	115
§ 3.1.6. Етістіктерден зат есім тудыратын жүрнақтардың өнімсіз түрлері	116
§ 3.2. Сын есім	116
§ 3.2.1. Сын есімнің семантикалық топтары	119
§ 3.2.2. Сын есімнің жасалу жолдары	121
§ 3.2.3. Есімдерден сын есім тудыратын өнімді жүрнақтар	121
§ 3.2.4. Есімдерден сын есім тудыратын өнімсіз жүрнақтар	123
§ 3.2.5. Етістіктерден сын есім тудыратын жүрнақтар ..	124

§ 3.2.6. Сын есімнің шырай категориясы	125
§ 3.3. Сан есім	128
§ 3.4. Есімдік	131
§ 3.4.1. Жіктеу есімдіктері	135
§ 3.4.2. Сілтеу есімдіктері	137
§ 3.4.3. Сұрау есімдіктері	139
§ 3.4.4. Өздік есімдіктері	141
§ 3.4.5. Жалпылау есімдіктері	143
§ 3.4.6. Белгісіздік есімдіктері	144
§ 3.4.7. Болымсыздық есімдіктері	145
 § 4. ЕТИСТИК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК	159
§ 4.1. Күрделі етістіктер	160
§ 4.2. Қазақ тіліндегі аналитикалық етістіктер	170
§ 4.2.1. Аналитикалық тәсіл түсінігі туралы	170
§ 4.3. Аналитизм құбылысы	171
§ 4.4. Сөздердің аналитикалық формалары	176
§ 4.5. Етістіктің аналитикалық форманттары	185
§ 4.6. Етістіктің аналитикалық форманттарының мағынасы	186
§ 4.7. Етістік және етіс формалары	189
§ 4.8. Салт және сабакты етістіктер	192
§ 4.9. Етіс категориясы	192
§ 4.9.1. Өздік етіс	194
§ 4.9.2. Үріксыз етіс	195
§ 4.9.3. Өзгелік етіс	197
§ 4.9.4. Ортақ етіс	198
§ 4.10. Есімше	198
§ 4.11. Көсемше	199
§ 4.12. Етістік райлары	201
§ 4.12.1. Ашық рай	202
§ 4.12.2. Бұйрық рай	202
§ 4.12.3. Шартты рай	203
§ 4.12.4. Қалау рай	204
§ 4.13. Шақ категориясы	204
§ 4.13.1. Осы шақ	205
§ 4.13.2. Өткен шақ	205
§ 4.13.3. Келер шақ	206

§ 5. ҮСТЕУ.....	215
§ 5.1. Үстеудің сөйлемдегі қызметі	225
§ 5.2. Үстеудің мағыналық түрлері	225
§ 6. КӨМЕКШІ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК	230
§ 6.1. Көмекші есімдер	231
§ 6.2. Көмекші етістіктер	237
§ 6.2.1. Көмекші етістіктердің грамматикалық сипаты .	238
§ 6.3. Шылаулар	241
§ 6.3.1. Жалғаулықтар	241
§ 6.3.2. Демеуліктер	246
§ 6.3.3. Септеуліктер	248
§ 7. МОДАЛЬ СӨЗДЕР	251
§ 8. ЕЛІКТЕУШТЕР МЕН БЕЙНЕЛЕУШ СӨЗДЕР	265
§ 9. ОДАҒАЙ	266
ӘДЕБИЕТТЕР	273

Оқу басылымы

Момынова Бағдан Қатайқызы
Саткенова Жайна Бағашарқызы

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МОРФОЛОГИЯСЫ

Oқу құралы

Редакторы *K. Сәбит*

Компьютерде беттеген және мұқабасын көркемдеген *A. Қалиева*

Мұқабаны безендіруде қолданылған сайт
<http://screen-wallpapers.ru/wallpapers/view/3594>

ИБ №7520

Басуға 24.09.2014 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$. Көлемі 17,43б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №. Тарапымы 300 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

«ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ» БАСПА ҮЙНІҢ ЖАҢА КІТАПТАРЫ

Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминдеріндеуі. – 2014. – 168 б.
ISBN 978-601-04-0660-5

Монографияда ұлттық терминдер жүйесін жасаудағы көздердің бірі – араб, парсы тілдік бірліктерінің терминжасама қатысты мәселелері қарастырылады. Еңбекті араб-парсы-қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасы курсы, қазақ әдеби тілінің тарихы, терминтану сияқты теориялық курстардан дөріс окуда пайдалануға болады. Еңбек тілші-ғалымдарға, ізденушілер мен студенттерге арналған.

Қарабаева Х.Ә. Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы. – 2-басылым. – 1-2 бөлім. – 2014. – 148 б.

ISBN 978-601-04-0651-3

Оқу құралы тілді үйретудің халықаралық стандарттарына сай белгіленген В2 деңгейі бойынша ЖОО-да қазақ тілін оқып үйренуге арналған.

Оқу құралында қамтылған мәтіндер танымдық-тәлімдік мәнімен ерекшеленеді. Жаттығутапсырмалар мәтіннің лексика-грамматикалық құрылымын менгеруге бағытталған.

Молдабеков Ж. Шешендік: оқу құралы. – 2014. – 380 бет.

ISBN 978-601-04-0655-1

Оқу құралында шешендік сөз өнерінің, өзін танытудың өрнегі, тарихия-идеялық негіздері, оның шығыстық, батыстық, өлкелік, ұлттық түрлері қарастырылған. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі шешендік өнерге арнайы танымдық-философиялық және қолтаңбалы түрғыдан талдау жасалынған. Шешен өнеріндегі тіл, діл, дін арақатынасы, қазақ шешендігіндегі идеялық айтыс-тартыстар, тұлғалық ой жарысы, тілдесудің қисыны, сұхбаттасу және үнқату мәселелері де зерделенген. Шешендік – білім түрі, тәрбие тәсілі, өнер тілі, сондай-ақ адамды тәрбиелеудің құралы, ұлттық мәдениетті жетілдіру жүйесі ретіндегі орны талданған. Сонымен қатар типтік бағдарлама, өзіндік дайындық сұрақтары, әдебиеттен қысқаша үзінділер, тесті сұрақтары ұсынылған.

Антология русскоязычной литературы Казахстана: монография / Б. Джолдасбекова, Н. Томанова, Ж. Баянбаева, А. Азизова, К. Таттимбетова. – 2014. – 272 с.

ISBN 978-601-04-0688-9

В монографии собран и систематизирован материал, позволяющий понять хронологические и качественные границы русскоязычной литературы Казахстана, познакомиться с биографией, периодами творческого пути и поэтикой прозы писателя, определить место писателя в современном литературном процессе Казахстана XX-XXI веков. Одним из важных достоинств «Антологии русскоязычной литературы Казахстана» является насыщенность информацией, необходимой

при изучении литературы Казахстана. Авторским коллективом учтены все требования к подобного рода изданиям, использован энциклопедический, критический, исследовательский материал.

Жанабаев К. поэтическая система произведений жырау XV-XVIII веков: к начальным основаниям художественного перевода. – 2014. – 260 с.

ISBN 978-601-04-0653-7

В монографии прослеживаются закономерности формирования жанра, стиля и поэтической системы лиро-эпических произведений жырау XV-XVIII веков. Эти закономерности предстают как важнейшие начальные основания («первичные трансформации» всех уровней текста) всей художественной системы жырау и имеют ключевое значение как для исследования, так и для поэтического перевода их произведений с казахского языка на русский: точный способ их передачи – актуальная задача современного перевода.